


12014
79 к

Гарем
Н. Сайловай

3



11 2014/79 к

Галым Жайыбай



ТАҢДАМАЛЫ

үшінші том

Эссе, ой-толғамдар, сұхбаттар және өлеңдер

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана - 2014

821.512.122 Жайлабай 2+

УДК 821.512. 122-94

ББК 84 (5 Қаз)-5

Ж 19

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығарып
багдарламасы бойынша жарық көрді

Ж 19 Жайлабай F.

Тандамалы. – Астана: Фолиант, 2014.

ISBN 978-601-7568-45-0

Т.3. Эссе, ой-толғамдар, сұхбаттар және өлеңдер. – 3

ISBN 978-601-7568-48-1

Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының и
Фалым Жайлабайдың бұл кітабына негізінен қаламгердің
жылдары жазған ел, жер тағдыры, экология мәселелері ту
оій-толғамдары, эсселері, мақалалары топтастырылған. П
парасаты, әдебиет өкілдерімен сырласу, руханият тақыры
дағы мақалалар кітаптың екінші бөлімінде. Ал үшінші бөлімде
ақынның кеңестік кезеңде жазылған өлең топтамалары берілген.

УДК 821.512. 122

ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7568-48-1 Т.3

ISBN 978-601-7568-45-0

© Жайлабай F., 2014

© «Фолиант» баспасы,

ҚӨНЕ ҮННИЦ ҚӨМЕЙІНЕН САБАҚТАЛҒАН ЖЫР

НЕМЕСЕ АҚЫН ФАЛЫМ ЖАЙЛЫБАЙ ЖАЙЛЫ СЫР-ШЕРТПЕ

Өлең-жыр деген өз оқырманының жұбанышы, қайғырса қа-
бырғасын бүтіндійтін, қуанса төрт құбыласын теңестіретін
құдірет иесі секілді. Ол да өзінің рухы биік жандарын тапқан
кезде ғана өз дәрежесінде көгеріп-кеқтеп, қоңіл деген құйттай
мәйектің мән-мағынасын аспандатып жіберетіні де содан бо-
лар. Болмаса, адам санасты мен жыр әлемінің арасы домбыра-
ның қос ішегіндей бір-біріне үйлесе кетуі екіталай.

Шынайы жырдың өз өресінен назар салсақ, олар да көдімгі
адам сияқты, кейбір жырлар дара-дара құдай пана бол, өз
оқырмандарына жеке жауап беріп жатады, ал қайсыбіреулері
топтаса үн қатып, бір заманның, яғни бір дәуірдің тыныс-тір-
шілігін түбегейлі айқындаپ, тарихи түп тамырын паши етіп
отырғандай өсер тастайды. Жекелеген жырлардың ой иірімі
мейірімінді қандыра қанаттандыратыны да бар. Мұның екеуі
де ұлы қасиет, бірін алай, бірін бұлай деуге де болмайды. Құда-
йым тек талқан жегендей, ішінде түйір дәні жоқ әләуләйімнен
сақтасын. Бізде ондай жырлардың да неше атасының ұлы бар.
Айтатыны жоқ. Тіпті кейде тұшынып оқитын тіркестерді де
таба алмай қор болатынымыз да рас. Мұндай тіркестерді және
өзінің ұлкен үміт күтіп жүрген жандарыңнан кездестірген-
де, амал жоқ, бас шайқайсың да, осы азamat өзін босқа қинап
жүрген жоқ па деп те ойға шомасың. Осындай күйзелістің



үстінде жүргенде өзіміздің «Қазақ әдебиеті» газетінен ақынның бар айтарын сөз орамының ішіне аса шеберлік сыйыстырып, сірескен бәлелердің салқындық самалын сырьысырып тастанап, өлең-жырдың ішкі мазмұн-мәнді қайма бүздырмastaн, өзінің шынайы да шиratпа сөнімен, әрбір сөз көкірек ашар сабырлы да салмақты өнімен, ет-бауырын жаулап алып, ой суатыңа табиғи тыныспен еніп кететін етіп жазғанына күә болып едім. Енді, міне, биыл тағы да сондай үлкен әсерге күә болдым. Алдыңғысы Өтеген Орал ініміздің жырлары болса, бұл жолы не жазса да жанымен, өзі адастырмай таза арымен жазатын Фалым Жайлышбай ін жырларына қатты риза болдым.

Бұл ақынның ешкімге ұқсамайтын бұл тажап арнас тәнті болғандығында шек жоқ («Қазақ әдебиеті», №16, 26 сәуір, 2012 жыл). Ол өткеннің үнін бүгінгінің жырына айналдырып жүрген ақын ба деп қалдым. Дәл осыған ұқсаған жолды кезінде қазақтың ұлы ақындарының бірі Әбді Тәжібаев ағамыз жазған еді. Ол кісі бірақ халық жырларын бір шумақтағы алдыңғы екі жолын алып, соңғы екі жолын өз ой жүйесінің қаймағын орнатып жазған. Ал біздің Фалым өткеннің ой өресіндегі бір тал алтын тіндей жол мағынасын алып, оны өмір-өлеңінің өрісіне айналдырып, жаңа заман даңғылына уластырғандай жаңалық ашқан. Бұл жырлардың ұлы қасиеті көне үннің күмбірінен, өз көкірегіндегі тарз пақтың тандырлы тағдырыны тас-талқан етіп, халықтың үннің даңғылына ілестіріп, қапырықтан қазбауыр бұлтты дараланың өңіріне, оның жазира самал өтіне бір-ақ алып шықты. Ақынның «Бір тал үкі» атты жырын оқып көрейік:

*Гүл жайнап әнге басса гүл-гүл өрен,
Кешеден қалып кеткен бұл бір өлең,
Басында сол қалқаның бір тал үкі,
Үн етіп жел сипаса үлбіреген.*

*Шемені байланғандай шерге бейне,
Бұл қазақ сезімсізді пенде дей ме?*

«Басында Қамажайдың бір тал үкі...»
Көкеме қосыламын мен де кейде.

*Аумасын бір күнінен бір күн мейлі,
Өн салса, қайран көкем іркілмейді.
«Басында Қамажайдың бір тал үкі...»
Үрия үміті бол үлпілдейді.*

*Белдерден ән үшырган бетегелі,
Бал еді сол бір күндер, шекер еді.
Басқанда «Қамажайга» ара-тұра,
Көкем де көріктей бол кетер еді...*

Бұдан әрі ақынның өз көкесінің ізін басып өскендігін, оның жолындағы небір көтеріңкі көңілдің жолын талай мұнның кескендігін баяндай келіп:

*...Адамның уысында тұрмайды арман,
Әуелеп өткен солай жырдай жалған.
«Басында Қамажайдың бір тал үкі...»
Аман-сау алып қайтқан сүм майданнан.*

*Шырқалса тербелгендей шынар багы,
Аққудың сүңқылдайды сыңарлары.
Қарғам-ай,
бір тал үкі... –
Жарықтықтың
Жарыққа жағып кеткен шырағданы... –*

дейді ақын.

Ақын халықтың «Басында Қамажайдың бір тал үкі» әнінің өресік өз өкесінің әнімен, бар пәледен сақтайтын киелі құдіретке айналдырып жіберген. Былай алып қарағанда, туған жердің құдіретін беретін «Бір уыс топырақ», «Бір жұтым су», «Бір жұтым дем» сияқты құдіретті қуатқа енді, міне, халық әнінің «Бір тал үкісін» алып шыққан. Бұл тек қана бір тал үкі емес, ол

махаббаттың символы, одан қала берді, аталарымыздың әуесінен кейінгі үрпаққа мәңгілік мұрат етіп қалдырыған киелі тынысының сарқылмас қуаты, құты, бағы іспеттес дәрежеге жеткізгені қандай ғажап!

Мен осы өлеңді, тек бұл өлеңді ғана емес, газеттің сол санындағы тұтас шоғырын оқығанда, өзімнің бабаларымның жалғасы, адамзат өмірінің мәңгі өшпейтін өресі екендігімдегі сезініп, сонау қөне дәүірден жалғасып келе жатқан тарихымен нан сыр тартқандай сезім ошағына түстім. Және өз бойымдағы жалыны қайтқан шақтың қуатын қайта сезінгендей болдымын. Яғни, осы сезім адамзат баласын ешқашанда өлтірмейтін өмір жалғасының жалғансызы бейнесін алдыңа тартқандай еді. Бір ғана жогарғы әуен сезінің, тек әкесінің ғана тағдырына араласқаны емес, бұл жерде бүкіл халқымыздың амандығының сақтап жүрген көненің көмейіндегі мәңгі өлтірмейтін құдіретті беріп отыр бұл жерде ақын.

Енді бірде ақын сол құдіреттің ғажайып көркін сезімге ораптады, яғни балға ораған күлшедей көмейіңе сұнгітіп жібереді, яғни бұл ақынның жалпы адамзат баласының амандығын қорғаудың жасаған, жан дүниесінің жарығы мен жылуы, қуанышы мен қуаты, әрбірден соң сонау ата-бабасынан тартқан сарабдалдырының өз бойында ойнаған қан тамыры іспеттес әсерге жеткізгендегі. Болмаса, біз «Аспантау аққуларын» оқыық:

*Көктемнің көз жасындаір іркілмеген,
Кеудемде лықсып жатты біртүрлі өлең.
Аспантау аспанынан аққу көрдім,
Мамығы ақша бүлттай цлпілдеген.*

*Көгерсе көк теңіздей көгілдір маң,
Көгеріп қайтар, бәлки, көңіл қырдан.
Аспантау асқарынан арай көрдім,
Арыңды айдынына шомылдырган.*

*Ақ шуақ апай төсін аймалапты,
Күнін де сағым сүйіп сайга батты.*

❖ ❖ ❖

*Аспантау алқабынан ару көрдім,
Аршын төс, алма мойын, ай қабақты.*

*Ашылған ай нұрымен ерте гүлі,
Өлкө бүл өренінің ер көңілі!
Тәңірі жарылқагыр Тәңіртаяудың
Есейген етегінде ерке елігі, –*

дей келіп, ақын өз жырының соңғы түйінін былай береді:

*...Тәжінен Тәңіртаяуды танып анық,
Жұлдыздай көк төсінде жамырадық.
Аққұдың қауырсынын қалам еттім,
Жанымның жарығына малып алып.*

Ақын бүл жерде құтты мекенінің бір бұрышынан сөзбен сәуле шашып, және сол сөздердің тал бойына сол жердің көркін асыл тастай тізбектеп, өзі де сол табиғатқа сіңіп кеткендей үн қатады. Және оны:

Кеудемде лықсып жатты біртүрлі өлең, –

деп сипаттайды. Мұнда ақын өзінің кеудесіне тосыннан келіп ұя салған табиғаттың құпия сырына қанып сөйлеп, қамыға еске алғандай, бірақ өзінің ашық үнін қарлығыңқы пәлден жоғары ұстап, бүкіл қазақы ой мен қазақы пәлсапаның қадірін асырып, кеңістікке атойлап шығады. Ақынның сол кеңістігіне байыздал қалған оқырман көнілі де тосыннан келгендей бір қуаттың жалында ойнап, бір сәт өз халқының әуелеген әуезі мен көркінен көз тұнатын әлемге рахаттана қарайды. Иә, сол кезде ақын өз оқырманын:

*Көгерсе көк теңіздей көгілдір маң,
Көгеріп қайтар, бәлки, көңіл қырдан, –*

дай отырып, «Аспантау асқарынан арай көрдім, Арыңды айдынына шомылдырған» әлемге бөлеп салады. Бұдан кейін мұндаидай жырды түсіне оқыған жандардың жан-жүргегі қазақ деп соқпағанда қайтсін?

Жалпы, Фалым ақынның осы топтамасының ұлы ұраны өлең төңірегінде және ол жай өлең емес, өзекті әлемнің өз бейнесін айнаңтай беретін тылсым табиғат әлеміне алып бару болса керек. Және осы жырлармен барша Қазақстан табиғаты толықтай бейнеленіп, оған қоса сол табиғаттың төл туындысы – Қазақ деген ұлттың жаратылышына жарасатын құбылыстарды асыл тастай жарқыратып, сан қырынан көрсете білген деуге де болады. Және оның ішке бүккен жан-жүргінің қатпар-қатпар құпия сырын сезім деген әлемімен астастырып, оның ақыл жетпес даналығын паш еткендей ұғымға ұластырады. Енді бір жағынан, осы топтамада кең-байтақ қазақ елінің ақын қай бұрышын жырласа да, соның тек өзіне ғана тән табиғатын ба-рынша толық қамтуға тырысады және онысы өте сәтті шыққан.

Болмаса:

*Тамылжып тұрган таңда атқан
Жұртыңды көрдім, Бұланды.
Жамырап жеткен жан-жақтан
Бұлтыңды көрдім, Бұланды!*

*Арқада, сонау ақ таңда
Алдыманнан өрді көп елік.
Көкшеге бара жатқанда
Көктем бол шықтың көгеріп.*

*Үміттің оты жана ма
Кермарап қырдың көзінде,
Сагыныш түнеп санама,
Саргайып жүрген кезімде... –*

дай келіп, ақын осы өңір жайлыш ойын:



*Көктемнің көріп көк түсін,
Бастап та кеттім бір әнді.
Көңілден ұшқан көп құсым
Көгіңде қалсын, Бұланды! –*

десе, енді бірде:

*Ақырды ақпан тағы,
бөріссыргақ,
Өлеңім, өзегімнің өрісін тап!
Ақ таңда ақбоз мініп арқырасам –
Бөріссыргақ әуені – тегіс ыргақ.*

*Ердім де елесіне осы ақпанның,
Арғымақ ойларыммен қосақталдым.
Ақ боран демін ішке тартқанында,
Ақ әлем, сені көріп босап қалдым.*

*Керуен түзегенде күнге көшиң,
Өлкемнің өле сүйгем қыр, белесін.
Өмірі өлеңімнің өртке оранып,
Көңілі көкөрімнің кірлемесін.*

*Үққаным – әр кеудеде бір қараша,
Бақ түнеп, баршасына нұр тараса...
Ақ боран тозаңымды қагар ма екен
Ақпанда бөріссыргақ сирганаса? –*

дейді.

Тағы бірде ақын:

*Алтайдың Тарбагатай түгірындаій,
Бұлақтың мамырдағы түнігіндаій.
Қара Ертіс, Қайран Ертіс сылаңдаійды,
Сұлудың толқынданған бұрымындаій.*

*Сайраны сары белдін сағымындаій,
Алтайдың алтын құрсақ тамырындаій.
Шыңғыстау шырағданын жақты мәңгі,
Қазақтың жанындағы жарығындаій.*

*Бір салар анашымның киізіндей,
Келеді көңілімнің қүйі қзілмей.
Шығыста қасиетті бәрі-бәрі –
Марқакөл маралының мүйізіндей.*

*Жүгіртпін жүректегі күігімді,
Жырыма іздеп келдім шірімді.
Ақынга төге алмасаң мейіріңді –
«Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді... –*

деп өзінің ақындық назын шырқау биікке көтеріп алатын да
касиеті бар.

Біз жоғарғы оқыған үш жырдың өресінен, біріншіден, бір-
біріне ұқсамайтын үш өлкенің табиғатын көреміз. Екіншіден,
сол өңірдің өзіне ғана тән мінез-көркін тамаша берген ақын
шеберлігіне тәнті боламыз. Үшіншіден, бәріне ортақ алтын
арқауындаі ақын жырының өлең-тұлпар жалынан жасын ой-
натып, тұяғынан от шаштырған әлемін сүйсіне қабылдаймыз.
Және сол ұлы топырактың қасиетін қанатты періштедей үкі-
леп сөйлеуі ақынның қолтығы сөгіле жырлағанын білдірсе
керек – бұл нағыз поэзиямыздың толқынды түрпатын күлте-
лендіре тұтас көрсетуі еді. Сейте отырып, өзінің сүйікті байтақ
елі мен жерінің табиғатына бас ие толғанады. Және ол үйірлі
сөздің үймелеген илеуіне ұрынбай, әрбір шумақ немесе әрбір
жолдарына дейін қан жүгіртіп, қабыргасын қағидамен бекітіп
сөйлегенінің өзі, өзі емес, өзге бір тосын қуатты елестеткендей
болады. Бір сөзбен айтқанда, бұл жерде ақын өзінің бәйгесіне
катаыйсын деп түрғанын сезінгенмен, соңғы мәреге қалай
жетіп келгенін байқамай да қалған сияқты:

...Бесқарагай басынан бесін ауган,
Сені көріп сол кеште есім ауган.
Тағдырыңың, дарига-ай, иесі – жалган,
Елес болып қалады есіл арман.
...Бесқарагай басынан бесін ауган.

Жаным, мейлі, жалганды жалган десін,
Ақ дүниенің аялап арман кешін.
Еркелетіп Ертістің толқындарын,
Бесқарагай басынан ауган бесін.

Ай ауысқан, қалқам-ай,
Күн алмасқан,
Мұңайтады жаныңды мұнарлы аспан.
Бұла түзде бұлдырап бұлан қашқан,
Сен де мені қалдың-ау үзға алмастан!... –

десе, ақын тура өзін айтып отырғандай. Және әрбір жырының тұрақты тұғырындай қайталанып отыратын бір жолы әрқашан да әр жырының тұтқасын ұстап түрғандай өсер тастайды. Көкірекке көне дәуірдің көшін алып келген сол ойларының құдіретті қуаты, бүгінгі заман ақынының мәйекті құтысына құйылған көне дәуірдің ұлагатты сөздері мен олардың айналасында өткен уақығалардың өнегелік өрісі ірге тепкен. Ашығын айтқанда, зерделі жастың жасырын құпиясының кілтін тапқандай емін-еркін сілтеніп жүре беретінін қайтерсін. Қысқасы, ауызға салғанда жұпар шашып, тіл үйіретін үндінің шайындай көкірек күрмеуін демде ашатын қасиеті осы бір ақының жаратылышындағы жақұт жырдың қақпағын ашып жібергендей. Содан да болар, бұл ақының елестей ел кезетін өлең деген пешенесіне жазылған періштесі мұның тіліне бар сақтаған дәмді асын тосып ішкізгендей. Ол кейде Тобылғыжарған боп, кейде Бесқарагай боп, енді бірде Біртал үкі боп немесе Бөрісyrғақ болып, Фалым ақынмен сырласып түрғандай елестейді. Ондай ізденіс кімнег үтылсын.

Ұтылтуы мүмкін де емес. Өйткені оның өзінің де жаратылысы сол гой. Одан қалай қашқақтап кете алады, мүмкін емес. Бәлкім, содан да шығар, бұл ақынның жыр ағымы еріксіз еркін кететіні:

*Көктем дегенің – көгілдір арман,
Көгертер кез бұл көңілді қалған.
Сәуірдің айы сәуле шашарда –
Тобылғыжарған, тобылғыжарған...*

*Қыратқа барсам жолыма жақын,
Бұлаққа барсам толып агатын.
Тобылғыжарған бүршік жармаса –
Тобылғысынды торыгады ақын.*

*Үқтырган ерте туар айларым,
Алагайларын, бұлагайларын.
Жанымда желген желдірмелерім –
Мамырда өрген Құралайларым.*

*Өтпелі дей ме өмірді жалған,
Көгертер көктем көңілді қалған.
Толғатқан жаннның толайым күйі –
Тобылғыжарған, тобылғыжарған...*

Осылай тәгілген сөз ағысы табиғаттың өзі жаратқан тобылғыжарғанмен ұласып барып, өзінің көкірекін жарған жыр жолдарының аяулы арнасын актарыла табады. Бір сәт байқап көрсек, бұл жерде тобылғыжарған ақын жырының арқауына айналса, керісінше, ақынның өзі де сол тобылғыжарғаның арқауына айналып жүре береді. Сонда ғана ол толғатқан жаннның толайым күйі болып шыға келмей ме. Көңіл күй түйсігі тұтасымен дөңгеленіп жырға айналып, адам жанын қозғагандай бір әсер әрі қарай жалғасын тауып жүре береді, яғни:

*Көктемді көр де көшті көр,
Жарқ ете қалған жанары.
Еңкейе біткен ескі жол
Еңіске тартып барады.*

*Жаңбыр мен қары аралас
Өліара кезді көзге ілмей.
Саздауга біткен сары агаш,
Сагынышын да сездірмей.*

*Аспан мен жердің арасы –
Көктемнің түсі көгілдір.
Көзімнің ақ пен қарасы –
Өзекті жанга өмір бұл!*

*Уақытқа айтпай төрелік,
Тербеліп жатыр текті өңір.
Көктеммен бірге көгеріп,
Көгімен бірге көктегір.*

*Мойныма тағар тұмар ма ең.
Мойылдай екен бұл әлем.
Сен салмай кеткен бір ән мен
Мен жазбай кеткен бір өлең... –*

деген әлегиясы адам жанын тербете отырып, мына алдамшы өмірдің бір сәттік рахатын көз алдыңа елестетіп, ақын бір өмірді «Құс қанатының астында қысқарып жатыр күндерім» дегізеді. Адамды қапы қалдырып көз алдыңдан бұл-бұлдай үшқан қысқа ғұмырдың тәттілігі мен ашылығын қоса-қабатынан тербетіп, көгілдір дүниенің құшағына күмп еткізеді. Әрине, бұдан кейін біз жоғарыда айтқан «Бесқарағай», «Бұландының бұлттары», «Бірталұқі», «Бөрісyrғак», «Аспантау аққулары» бірінен соң бірі тізіліп келіп, көз алдымыздан әрқайсысы адамзат пәлсапасының әр түсінан ажарлайтын

көкірек көзінे үялаған поэзия елеміне рахаттанда жузгендей боламыз да Ұлытауымызта бас ұрамыз.

*Ұлытауымның дара шынында
Ұлтыма біткен бар әлем.
Караша айының қарашибығында
«Карғам-айлаған» қара өлең.*

*Сарыарқа жақта сағым биледі,
Желпініп кейде жел ессе.
Жанымның жалқы жалын қўйлері
Дүбірің сениң емес пе?!*

*Аргымағым-ай!
Ар қанаттым-ай,
Аламан көрген ақ таңда.
Жарығы жанда жатталатындаі,
Баяны мәңгі бақ бар ма?*

*Тізгінің тарттым қаракерімнің,
Бір күнім аумай бір күннен.
Қарагым-айлаған» қара өлеңімнің
Кекілін сылап түрмын мен... —*

дегеннен кейін өз-өзіннен «Қайран, өмір...» деген сөзді еріксіз еске аласың. Еске аласын да, өз-өзіннен салмақтанда түсесің. Ол салмақ ойдың салмағы еді. Тусінген адамта шошандаган жәңілтаптық өмірдің кенеттен кенересіне су жүгіріп, кәлләсінен кемел ой үялап, ортасындағы керенаулықты ысырып тастауға мәжбүр болмақ. Бір қызығы, осының бәрі еткен әлемнің, яғни көне әлемнің сағағынан үстап, санасының сәулесінен талшықтап алым, оны өз табиғатымен сыпайы жетелеп, жырға айналдырган ақын құдіреті демеске хакымыз жоқ. Олай болса, әзіл топтамадагы жогарғы айтқан жырлардың әрбірінің жүгі әзір екендігі айдан анық.

Онын үстіне әрбір шумагы мен жолдары жугенге түсіп жүдемей, ақынның зергерлік айтқыштығымен ен даладағы еркіндігімен асауланған ойдың арынын ақырын басып, алтықкан өмірдің тарпаңдығын сипай сұлттай сыландаған түрпатын мұлт кетірмей жібітіп, көкірек күмбезіне көрікті өрнек орнатып, санаңа сап-салқын салмақ тусіре көсілтетів ой-парасаты көрініп түрғаны аяна. Олай болса, біз енді осы ақынның көсілгенде ат туяғынан от шашқандай ойларының енді келіп адамзат баласының екінші ғұмырына айналатын екінші жалғанмен жалғастырган жырларына да дең қояйық. Бұл – ауыл шетіндегі «Ескі қорым». Ол – әрқашан да естен кетпейтін іргелес ауыл. Ол бізге ете ыстық, әрі сондай бойды туршіктіретін сұық өмір. Ол әрі жакын, әрі алыс көрінгенмен, біздің өмірімізден алшак кетуі тіпті де мүмкін емес. Онда біздің ең асыл да ардақты адамдарымыз және көп ұзамай өзіміздің де жаман айтпай жақсы жок деп баратын жеріміз де сол. Сондықтан да оны «Екі дүниен аbat болсын» деген мағынада мақал-мәтелге айналдырып айтатынымыз бар.

Жоғарғы біз айтқан тамаша жырлардың бір үштығы осы ауыл іргесіндегі ескі қорымға барып тірелмеуі мүмкін де емес. Бұл – әрбір ойлы адамның есті тебіренісі. Біздің гажап жырларын оқып отырган ақыннымыз да ақырында осы ауылға соғып етіпти. Былай бағдарлап айттар болсақ, бұган дейін жоғарғы оқыған жырларымыздың бастауы көнеден суыртпақталса, оның аяғы да болуы занды. Яғни, жалған дүние жырларының бір үштығы бізді жетектеп апарып, яғни дайындағы әкеleп сол ауылға соқтыруы да жөнді. Олай болса, бұл жөнінде Фалым ақын не деді екен, бір сөт соған назар аударайык:

*Елден хабар, көп болды, естімедім,
Елең-алаң конілім...
кешкіремін.
Қобыз шалып жатыр ма қоңыр қырда.
Ескі қыстау қасында ескі қорым?*

❖ ❖ ❖

Ақ дүниеге үмтүлдым төзім қашып,
Қызыл-жасыл әлемге кезімде асық.
Қобыз шалған қыраттың етегінде
Ескі қорым...
Көргенім көзімді ашип.

Сан сапарлар жайлы сан толгадым да,
Тіршіліктің буралан жолдарында.
Ұлы сарын көңілде қобыз тартып,
Көшіп жатыр сол ауыл сол қорымга.

Аялаған ақ мекен ұлы арманды,
Саган келсем көз алдым мұнарланды.
Ескі қорым – ескі әні дүниенің
Жалғандығын қайталап тұрада мәңгі, –

дейді ақын.

Жоғарғы жырларды оқытып, әбден дайындал алғаннан кейін ақын өз оқырмандарын өмірдің түйініне бір-ақ түсіреді. Бұл жерде сен шошымайсың, қайта сол қорымнан бір қимастықтың ұштығын көргендей, ол да саған жылышырап тұрғандай сезінесің. Өйткені ол қорым болғанмен, қай жағынан болмасын, қол-аяғыңды байладап тастанайтын өзекті өркешінді бағаландырады. Бағаландырады да сені алхам-шукірлікке келтіреді. Сондықтан да одан сен тым алшақтап кете де алмайсың. Өйткені ол саған дейінгі өмір тарихтың түп қазығы және сенен кейінгі жалғасың да, демек, өзіннің алды-артың да сол, оны өшіріп таставу мүмкін де емес. Содан да ақын бұл елеңін:

Тіршіліктің айта алсам дұрыс әнін,
Қанаттылар тобымен бір үшамын.
Қоңыр қырды тербеген ұлы сарын,
Сенімен де бір күні үгисармын, –

деп түйіндейді.



Қандай астарлы үғымды беріп отыр. Рас, адам баласы қанша жасасын, бәрібір баратын жері сол қорым. Ақынның айтымында да одан алшақ кету өсте болмайтын үғым. Ақынның осы топтамадағы жоғарғы жырларының сарыны осыған кеп тіреледі. Ол тек тіреліп қана қоймайды, уақыт өткен сайын өз ауылның көлемін толықтыра түседі. Ақынның айтымынша: «Үркердей боп қалыпты үлкендерім, Ескі қорым үлкейіп, көз алдымда...» Қандай әдемі айтылған! Қорқытып, үркітіп, қарғыс айтып ақырып-шақыру жоқ. Жайма-шуақ өмір ағысы.

Жалпы, бұл өмірдегі көзге көрініп жатқан жайлардың бәрі де оғаш емес – өмір заңы. Шынымды айтсам, ақынның жоғарғы жырларын оқып келгеннен кейін оның «Ескі қорымы» да маған тосын емес, күнделікті тіршілікте етene араласып жатқан әлемдей, бірақ кешегі өзіммен жүрген бір жандардың көзімізге қайта көрінбейтіні ғана өкінішті. Ол өкініштің де өз қағидасы бар. Оны сол көне қорымнан есілтіп қоятын ақынның «Қобыз шалып жатыр ма қоңыр қырда, Ескі қыстау қасында ескі қорым?» дегенінің өзі ескі досым аман ба деген мағынаны паш етіп тұргандай. Қысқасы, шағын ауылды бөліп-жарудың қажеті жоқ. Жақсы мен жаманы қатар жүрген топырақ ыстық екенін және содан шыққан: «Тіршіліктің айта алсам дұрыс әнін, Қанаттылар тобымен бір үшамын». Осы қос жолдың астарында қаншама мәнді мақсат жатыр. Иә, ақынның бұдан кейін ауылды аңсауының өзі не тұрады. «Ойласам жүрегімнен жыр атқылап, Жанымда мөлдірейді бір ақ бұлақ» деген сағыныш ақынды жайлап алған. Қарап тұрсаң, осы топтаманың тұтас тұлғасы сол шағын ауылды сағынудан шығып жатқан сияқты. Ал кейде бүкіл Қазақстанның жерін аралап келіп, соңғы нүктесін осы ауылда қойғандай әсер тастайды.

Тіпті, әрі-беріден соң, ақын мен өлең егіз қозыдай ойнап-құліп, бір-біріне тіл қатысып, шабыт деген әлемнің шаңырағын шағын пәлсалапының ошагына айналдырып жібергендей. «Ақын едім сор емес, бақ іздеген, Жағып кеттім жаныңда жаны ізгі өлең» немесе: «Көктемнің көз жасындаір іркілмеген, Қеудемде лықсып жатты біртүрлі өлең». Тағы бірде: «Елсізде еңіресе

Кімнан жар, бозаған шамешилі негізінде олік - деген аман теорияның көрінісіндең мен салытасын неғұненділік ойлардағы. Аны заңының соурағаттеу нұдіқшестінің ежелгі заңдылықтастырылғандағы дағындықтардың қартиқташтырылымы. Штаттердің тандауда олардың мемлекеттік мүшкіндер. «Айнымалысындағы дүрттасы, Татысынан іштесілді». Немесе: «Егердің мемлекеттік мүшкіндері, Тірлілік, азын баласын, оғыннадасы». Третінде: «Жылтіріп шуреуеттіңшілтімді, Жырымынан әздең неедімініррімді».

Шынастың таңдаған есептің бірдей жетекі оғысы болғандар. Аныңдің сөзіміздің көркүлгүншілгай несете, ғанының оғысы тәуіттамасының, соңында түрлініңдең жынырын біз деген күп ағадайық. Оғынан «Віраңқ есепті!..»

*Атасадағы олесстің байынналеен,
Небеілімнің соырласстыллағый жеңен.
Несөнен ассын барынды бейбекүндесть,
Несәз шыны даңындағы олесстің саламен.*

*Нийтэлэгчдэгчнын бийгүйгээни,
Нийтэлэгчдэгчнын бийгүйгээни.
Нийтэлэгчдэгчнын бийгүйгээни
Нийтэлэгчдэгчнын бийгүйгээни!!!*

Ильямышевы, жалеяли май. Нечто бессмыслица,
Нечто неизменное вечно и неподвластно погибели.
Кардиналы и папы кардиналы кардиналы
Задумали спасти богоизбранных от смерти!?

*Пиши сен жарылғас ет! Күншегерен,
Мұрсаудағордың ұмтынын аспан шағерем.
...Айдағызылдың ғондырылған қашыма,
Сәнс аяғалдың жасалыбы - боржас тәреке!*

Ла паджтайты.

Алғаннанда бұрын алемді – білігшештің, бұкайл мовы жағдамалының
тәрізін шүкірдеді. Шілдіншідең, Қазақсташ ойнасінің бәршін қасиет-
тілдің түйінінә ерің көркемшілдің көзді тарланып, көңілдіріл майтынса-
тты көркінен жағынан даңға де болғандай. Ұшіншідең, ақын-
шың ашындысын алған шыншештің көкірек жемісінің жері, яғни
жан жарылыштыңынан жағын. Таршіншідең, ақынша Алиханнан
әрі ойнасін тарықтаған олжасы. Бекіншідең, біз жонарғыда айшқан
жаппамалар мен берегелік көндістік шең жалғыз жырмен «әйнеке»
шыншештің үлесен сіргіншің көліктің ишкесін, яғни кеп елеңнің
бір поғынаны, көрінінше, бір елеңнің оғанғандығын даңға де бола-
дады. Өйткенең еркін ақыннан көкірек жемін үшіншің күстай жүргіріп
шыншештің күнесі – күйік алем соғыннан берілген сәйірлік, сәйіттің
тилінің олырғанында күе болғанын. Күе болғаннан да бізде:

*Күйік алем соғыннан бізілінга дін,
Бабаңу соғынн. Бел асант. Бизілдегін.
Ел көшілін атқа атайды атайдыған
Ешіл жырдаңы, дұнар, көзінідаді...—*

Ден бенекслейтін «әйлесінші». Оноң бір шұмалық жырданың сәйі бізілін
бүтінші таңдауды бирінші елдік жағымшынын анылды бір ұында
салғанадай ашынан берілл өшірілан жоң та? Бұлдан не дерінді? Ұзындар санка, ұшындырған наана тибы алманын жаппаман ариалын
ойын ажынын дәлелдейді. Бұл жырларда дейінде жолшар, қайшыр
шұмалықтар жоң, көрінінше, жалғыз тұрғанымен ақырынан айшқалса
да, үнін алғысада жағеңшін ақын көлірінің шері жеттір. Бізде асул
шердің шешімшінегіндер аудару көрік шыншар.

Осы жерде мен азылдаған бір жайылғайта кечейін.

Шілде асул жағын тоғынан ақын бір «Омыс» дағын еке-
мін болады. Сол кітің өшірілген жерде ен көлірлардың біріне асул
аудылдың еспешір азитшагиары келіп «әз таңдағынан». Ол жағынан
құмда ташының ең тәрізделі болғаның, тәрізде өшірілген, ақырынан
айшқан тәтілдің сияғшынаның үнін арадынан бірнеше есілден етіл,
сыргаштың ойынан асул шыншештің балалардың жаппама күзгашына
жепши, солардың көзіндең «айшындың ынтырғылыштасы», аның-



есіктің алдына үймелей үңіліп, құлақ қоя тыңдағанын талай көрген едік. Сол ойын балаларының ішінде өзім де бар болатынмын. Сол құдіретті қайта елестеткендей болдым. Ал мына Фалым інімнің жырлары соншалықты жұмсақ та салмақты айтылғанымен, сонау Өлмесек әкеміздің тәлімді әңгімесіндегі алыс-жақын барша оқырманына жететіндегі боп елестеді. Және оның жететініне де өз басым кәміл сенем. Лайым, осы інімнің өзінің қазақи арнасындағы осы үні ерістей берсінші деп тілеймін. Сонда ғана бүкіл халқымыз өз арнасына қайта түсер, бәлкім! Елеулі ел болармыз.

Сейфолла ОСПАН

ЖЫЛҚЫ ЖӨТЕЛГЕН
ЖЫЛ...



ЖЫЛҚЫ ЖӨТЕЛГЕН ЖЫЛ...

Ауылға барған сайын жаңым жасып, жүрегім жылап қайтады.

— Кісісі қайтқан үйлерге барып, көңіл айтып келейік, ба-
лам, — дейді жасы сексеннен асқан байғұс анам. Жылына
бірер рет айдын көлін аңсаған аққулар сияқты кіндігіміз ке-
сілген мекенге аңсан жететініміз бар. Қарт анамды, ауыл
имамы Қожантай ағаны ертіп, бірінші кезекте қайтқандарды
түгендейміз. Әр үйге бата оқыр жасап, құран бағыштап, тізе
бүгіп, көңіл білдіріп шығудың өзі бір-екі күнге жалғасады.
Елге әр барған сайын солай.

Сарыарқаның сағымды даласындағы Қарағанды, Жезқаз-
ған өңірінің жұрты қан түкіріп, у жұтып отыр. Демікпе, қан
қысымы, жүрек ауруы дейсіз бе, сырқаттың небір түрі көбей-
ген. Психикалық ауытқуларға ұшырағандар да аз кездес-
пейді. Біздің ауыл шөлейтті аймаққа жататын Жаңаарқаның
Бетпаққа қараған пүшпағында. Осы елкеде қыршынынан қиы-
лып, ажал құшып жатқандардың саны жыл өткен сайын кө-
бейіп тұр.

Бұл өңірде құдықтардың сұзы тартылып, аң-құстар қашып,
өсімдіктердің түрлері жоғала бастады. Оның астарына үңіліп,
сарапқа салып, таразылап жатқан пенде жоқтың қасы. Әйтеуір
Арқаның алтын алқасындаі өңір шарасыз бір күй кешіп
тұр. Заманымыздың занғар ақыны Олжас Сүлейменов «Не-
вада – Семей» қозғалысын құрып, ажал аранының аузын әрі
қаратқандай, әлем назарын аударған іс тындырды. Ұлы ақын

ұлы жұмыс жасады. Бірақ қатерлі аймақ Курчатов, Байқоныр, Абыралы, Дегелең ғана емес еді...

Бетпақтың даласында Талдыеспе, Қызылеспе, Мұңлы-Құлы аталатын өңірлерде орыстың 73, 55 сияқты нөмірленген жасырын геологиялық партиялары ұзак жыл жұмыс істеді. Олар елсізге қалашық түргышып, өздерінің жоспарлары іске асқан соң, әлгі құрама үйлерінің бір бұрауына да тиіспей, келген жағына тайып отыратын. «Бұл жерден уран алады екен...» – деген сыйбысты бала күнімізде талай естігеніміз бар. «Біреудің қаңсығы біреуге таңсық» дегендей, әлгі радиация жайлаган «мәскеулік қалашықтардың» үйлерін бұзып, қора-қопсы салып, қыр қазағы мәз болып қалатын.

«Фарыш қырандарының» бәрі біздің маңайға келіп қонып жататынына мақтандып жүруші едік. Құла дүзге құлаған ракета сыннықтарын трактормен сүйреп әкеліп, отын сақтайтын орын жасайтын қолы жеткендер. «Өзі бір отын сақтауға таптырмайтын дүние екен», – деп әкем марқұм да ракета сыннығының үлкен бір бөлігін алты қанат ақбоз үйдің қасына орнықтырған. Сол бөлшектің тетіктерін бұрап талай ойнағанбыз. Малшы ауыл қоныс аударған сайын, атадан қалған мұрадай етіп, әлгі «сынықты» сүйрей көшетін еді біздің үй. Ат құлағында ойнаған ауыл баласы ол кезде радиация деген пәлені қайдан білсін? Радиация мөлшерін өздері білгенімен, Сарыарқаны сынақ аланына айналдырғандар жарияға жар салмайтын.

Бетпақдаланың бір шеті Балқашқа, екінші бір пүшпағы Тұран ойпаты арқылы Арал теңізіне шектесетін кеңістікті алып жатыр. Байқоныр ғарыш айлағы да таяқ тастам жерде. Осы маңайда бірнеше кеніштер жұмыс істеген. Сол кездің өзінде олардағы радиация мөлшердегіден әлдеқайда көп екен. Оған бір ғана мысал, Балқаш қаласының іргесіндегі Ақшатау кентінде 1990 жылы болған зерттеулер ауа мен топырақтағы радиация нормадағыдан 10 есеге дейін артық екенін дәлелдеген. Бұл аймақтағы радиация мөлшері нормадағы 16-30 мкр. сағат орнына 17-160 мкр. сағатқа жеткен.



Одан бергі 17-18 жыл уақытта радиация мөлшерін анықтап, зерттеуді қолға алған үкімет жоқ. «Алла жар болсын» айтып, жанары жәудіреп дәрменсіз жұрт отыр.

Соңғы он шақты жылдың ішінде «Протон» зымырантасыбышы қазақ жеріне алты мәрте құлады. Есендірекен ел тіпті мәселенің мәнісіне бойлап, байыбына да бара алмай қалғандай. Ажал аждаһасын қолдануға тыйым салу мүмкін болмай тұр. 1999 жылы Ресейдің «Протон» зымырантасыбышы Арқа жеріне екі мәрте құлады. Алғашқысында қасиетті Қарқаралыға улы темір тажал бол жауды. Ол 130 километр аумаққа шашылып, жерге 43 тонна гептил сүйиғы сіცіп кеткен, 600 гектар жерді өрт шарпыған, радиация деңгейі сағатына 22 микрорентгенге дейін көтерілген. Сол кезде Алаштың ардақтысы, ғарышкер, батыр Тоқтар Әубәкіров 6 мың шаршы шақырым жер уланғанын, ал оның қалпына келуі үшін 3 мың жыл қажет екенін айттып, дабыл қағып еді...

Сол жылдың қазан айында Жанаарқа ауданының 150 шақырым аумағына шашырай құлаган зымырантасыбыш белшектері елдің құтын тағы да қашырды. Арнайы құрылған комиссия: «60 тонна гептил жерге жетпей, аяға жайылған, зиянсыз...» – деп жұртты жұбатып, адам сенгісіз қорытынды шығарған.

Содан бергі уақытта ауа мен судың бұрынғыдан бетер ластанып, адам өміріне зиян жасап жатқанын өз деңгейінде не билік, не үкімет айтпай келеді.

*...Кигенде алаңсыз кепті,
Қартым-ай,
Ретің синар:
«Гептилді залалсыз депті,
Өкімет білетін шыгар.*

*Қайтейін, асығыс бәрі,
Жөн еді қашық үшқаны.
Ресейдің құламаса екен
Зымырантасығыштары».*

¤ ¤ ¤

Арқам-ай,
Арқага батты,
Ауыл түр шайқала жүдеп.
Құрдасым тартады арақты:
– Уды у қайтараты, – деп...

Бұл – сол жылдары жазған «Сарыарқа. «Протон» құлаған жыл» атты өлеңімнің үзіндісі. Біздің елдің кешегі, бүгінгі суреті. Өмірде шарасыздықтан, дәрменсіздікten өткен сордың жоқтығын қайран қазақ ауылдары енді ұға бастағандай.

Оқімет айтқандай, гептил залалсыз емес. Гептил – 1-класты улы зат, тіршілікке аса қауіпті. Оның токсиндік, мутагендік және ісік ауруларын шақыратын зиянкестігі бар. Гептилден триозол, метилтриозол, тетрозин, нитрозолдиметиламин, метилгидрозин, формальдегид, сингиль қышқылы сияқты токсиндік заттар түзіледі. Бұлар жер қыртыстарында ұзақ сақталады және өсімдіктердің өсу процесін тежейді.

Ал азот тетроксиді – амил туралы Қазақ ұлттық университетінің физикалық-химиялық зерттеу және сараптау орталығы зертханасының менгерушісі Светлана Батырбекованаң айтуынша, амилдің буы ауаға тараған болса, қышқылды жауын болып жерге қайта жауады. Егер гептил адам организміне енсе, 30 секундтың ішінде өкпе, бауыр, мига дейін әсер етеді. Адам организміндегі барлық тканьдар өзгеріске ұшырайды. Орталық зертханасының зерттеуі бойынша, жер қыртысына сіңген гептилдің көлемі тым үлкен болса, жер асты суына қосылып, бағытын горизонт бойынша өзгертуі мүмкін. Бұл жер асты суы арқылы гептил ұзақ қашықтыққа тарап, республиканың мұлде күтпеген аймақтарынан шығуы мүмкін де-ген сөз.

Откен жылдың қыркүйек айының 6-жүлдезында Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылған Ресейдің «Протон-М» зымырантасығышының Жезқазған қаласынан 80 шақырым жерге құлауы елді аз дүрліктірген жоқ. Және бұл жолғы апат Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сол өңірге сапарымен тұспа-тұс келді. Яғни, көктен күл-паршасы шығып жерге құлаған ресейлік зымыран Елбасының жеке өміріне қауіп тәндірген.



– Егер Президенттің сапары барысында ол бағытқа зымыран ұшатын болса, оған дереу тыйым сала алатын құқымыз болуға тиіс, – деді жедел жиын ашқан Премьер Қарім Мәсімов. – Айтудың өзі қорқынышты, «Протон» дәп Мемлекет басшысы іссапарда болған Жезқазғанның іргесіне құлаған. Бұған біз неге жол бердік? 80 шақырым деген ғарыштық биіктікте үш-ақ сантиметр ғанағой.

Премьер Мәсімов дегірі қашып, таусыла сейлеп еді сонда.

Шынында соңғы апаттың салмағы бұрынғыларынан әлдеқайда ауыр сияқты елестеген. Жоғарғы жақ алашапқын болды. Апаттың зардаптарын жою жөніндегі жұмыстар басталғандай еді. Үкіметтік комиссияны сол кездегі Төтенше жағдайлар жөніндегі министр Виктор Храпунов басқарып, іле-шала құзырлы комиссия Жезқазғанға ұшып келген. Оның құрамында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы Талғат Мұсабаев, оның орынбасары Еркін Шаймағанбетов, Ұлттық қауіпсіздік комитеті экономикалық қауіпсіздік департаменті бастығының бірінші орынбасары Марат Әділханов бастаған, тағы басқа бірнеше беделді ведомстволардың басшылары болған.

Ресейдің «Протон-М» зымырантасығышы Байқоңыр ғарыш айлағынан қыркүйектің 6-сы күні 04 сағат 43 минутта «Джей Си Сат-11» ғарыштық аппараты арқылы ұшырылғаннан кейін іле-шала, яғни 135 секундта апатқа ұшыраған. Сол мезгілде зымырантасығыштың багында 649 тонна гептилдің 218 тоннасы қалуы керек екен. Осы удың қоршаған ортаға, адамға зиянын сараптау мақсатында дереккөздері Ресей мен Қазақстан жағынан бірігіп, 300-ге тарта маманың жұмысқа кіріскеңінен ел-жүртты хабардар еткен. Әр жерден 96 сына-ма алынып, Мәскеу, Алматы зертханаларына жөнелтілген. Зымырантасығыштың негізгі үлкен бөлігінің құлаған жерінде аумағы 44 метр, терендігі 18-20 метрдей үлкен қазаншұңқыр пайда болған. Қөргендердің айтуынша, бұл жер Қаракеңгір, Сарыкеңгір өзендері, Ескұла су көзі, Қеңгір су қоймасынан қашық емес...

Әйтеуір содан бері де бірнеше айдың жүзі ауды. Бәрі баяғыша. Жоғары жаққа қараған алаң да алаң, алаң жүрт...



Ұкіметаралық комиссияның жұмысы сиыркүйімшактанып барып біткендей. «Протон» құлап, көктен у жауғанда еліміздің эколог мамандары Қазақстан жағына кемі 36 миллиард теңге шығын келді деп бағалаған. Кейін екі ел арасында құрылған ұкіметаралық комиссия 7 миллиард 404 миллион теңгені алақан жайғызып, «аһ» ұрғызып әрен бергелі отыр. Ұкіметаралық комиссияның бірлескен хаттамасына қаңтардың 8-жүлдізында қол қойылып кеткен. Енірегендеге етегің толса да енді бәрі кеш. Құжаттың аты құжат, мөрдің аты мәр.

Комиссия қорытындысымен Мәжіліс депутаттарын хабардар еткен Төтенше жағдайлар вице-министрі Валерий Петров: «Зымыранның құлауынан қатты бүлініп, ауылшаруашылық мақсатта пайдаланылатын жерлер қатарынан шығып қалған 342 гектар жер үшін Ресей 7 миллион теңге төлеуге үйғарды», – деді. Осы мәселедегі бағыттардың бәрінде еліміздің есесі кетіп отырғаны анық. Ұкіметаралық комиссия мүшелері де, мәмілекерлер де қалың елдің көңілінен шыға алмады. Ресей тарапы қазақ даласына келген экологиялық зардалтарды 178 млн. 435 мың теңгеге, ауыл шаруашылығы өндірісі тартқан шығынды 20 млн. 230 мың теңгеге бағалаған.

Қайыршыға қара бакыр ұстатқандай күй кештірерін білгенде, Ұкіметаралық комиссияның не кажеті бар еді? Қалың қазақтың қабыргасын сөккен қайғылы апаттың орыс тарапы үшін жайғана оқиға саналғаны ма?

Әрине, Парламентте бас көтеріп, қарсылық білдіргендер болмай қалған жоқ. Қатты ашынған қалаулылар Ресейдің гептилмен ұшатын барлық зымырандарының қазақ жерінен ұшудына тыйым салу керектігі жөнінде ұсыныс айтты.

Бізде кейбір апатты жағдайларды жылы жауып қою фактілері де кездеседі. Депутат Ержан Раҳметов 2007 жылдың көктемінде Шығыс Қазақстанның Құршім, Марқакөл аудандарында түрғындардың басына зымыран бөлшектері құлағанын айтты. Ел апат жағдайын бағамдай алмағандықтан жабулы қазан жабулы күйінде қалған. Бұл оқиға жайында Төтенше жағдайлар вице-министрі хабарсызбыз дегендеге рай танытты.

– Сексенінші жылдардың соңынан бастап Сарыарқаның сауырынан киіктер жоғалып кетті. Қызылшака болып табы-

шілмен қырылтып жатқанын көзімізben көргеніміз бар, – дейді Мәжіліс депутаты, Мемлекеттік сыйлықтың інегері, жазушы Алдан Смайлов.

Меніңше, киік қырғынының басы ағамыз айтқан уақыттан ертерек басталған. 1981 жылдың шілдесінде Торғай облысында Жанкелдин ауданында іссапарда болған жазушылар Ақселеу Сейдімбек, Амантай Сатаев, Сейіт Кенжеахметов ағаларымыз «Сарыторғай» совхозының жерін аралап келе жатып, бір сүмдүк оқиғаның үстінен түсіпте.

– Құм беткейде сұлап, мың-мыңдалап қырылтып жатыр екен жарықтықтар. Дала қан сасиды. Шынжыртабан тракторлар ақбекеннің өлексересін құм астына жасырып әлек, – деп еске алып еді марқұм Амантай аға. Қаламгерлер қанды қырғынының себебін іздеп, сұрау салмаған жері жоқ, бірақ бәрі нәтижесіз болған. Сол кездегі Торғай облыстық атқару комитетінің төрагасы Е. Зарицкийдің өзі олардың бүл мәселе төңірегіндегі сауалдарына жақ ашпаған. Ал бүл сүмдүкты көрген ағалар көңілінде «Әй, тегін емес, радиацияның пәлесі шыгар...» деген қазақы жорамал қалған. Одан әрі сез шықса Мәскеудің көтере алмай қалуы мүмкін кез еді ол.

Қалай дегенде де болжам көп, сез көп. Жанары сол ақбекеннің жанарында жәудіреп, өкіметтен қайран қутіп қазактың қалын елі, қайран жұрты отыр. Жалғыз киік емес, көптеген аң-құстардың, өсімдіктердің түрлері жоғалып кеткенін көнекөздер жырдай ғып айтады.

Ендігі жерде Ресейдің зар қақсатып берген азгантай тын tetherені жыртығымызға жамау болмасы белгілі. Орыстың зымырантасығыштары құлаған аймақтардағы радиация көлемі шұғыл анықталуы керек. Ел экологиясы жөніндегі кешенді заң қабылдан, оны жұмыс істеткізетін механизмдерді ойластыру – кезек күттірмейтін міндет. Түрлі болжам мен долбардан гөрі ғылыми негізі бар зерттеулер жасап, іске шұғыл кіріспесе болмайды.

Қайталап айтарымыз – қазақтың даласы Ресейдің сынақ алаңы емес. Алла жар болсын!

«Қазақ әдебиеті» газеті.
2008 жыл

АНДАРДЫҢ АРУЫ ЕДІ АҚБӨКЕНДЕР

Ақбөкенді қазақ «киік» деп те атайды. Сахараға сән беріп, жанары жаудыrap, мың-мындал өретін еді жануар. Көшпелі елдің терісін киім, етін азық, мүйізін пұл еткен ырысы болатын. Сұлу аңды «киелі жануар» деп бабаларымыз тегін қастерледі дейсіз бе? Алаштың ардақты ақыны Сөкен аға:

*Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім,
Өзге аңға жануарды тең көрмедім.
Көздері жаудіреген ақбөкенді
Адамның баласынан кем көрмедім, –*

деп жырлауынан да көп нәрсе аңғаруға болады. Сұлулыққа ің-көр сырбаз ақынның назарын «сары даланың ботакөзі» өзіне аударып, өлең болып құйылуында да зандылық бар.

Бұдан жүздеген жыл бұрын-ақ киіктегі қазақтың шалқар даласын, Еділ өзенінің тәменгі бойын мекендереп келді. Өткен ғасырда да бөкендер еті мен мүйізі үшін көп ауланған.

1858 жылы ресейлік аңшылар біздің жерімізден Қытайға 41720 пар киік мүйізін жинап өткізген. Бұл мүйіздерді қытайлықтар дәрі-дәрмеккө айналдырып, әлемдік саудада айы онын туды. Киікті киелі де қасиетті аң санаған қазақтар мүйізден жасалған дәріні өкпе қабыну, жүрек ауруы, құяң сияқты дертерге шипа есебінде қолданған. Мал еті ауырлау тиетін науқастар қорытылуы жеңіл деп киік етін жеген. Киіктің түяғын күйдіріп, оның күлін түрлі жарага жағып, халықтық ем-дом жасаған. Ал ақбөкеннің қанын жылы күйінде сусамыр ауруына шалдыққандар ішсе, пайдалы боларын да халқымыз білген.

Бір кездері бөкендер Орталық және Батыс Еуропаның көптеген елдерінде болды. Қазір киік табындары аз да болса Монголия мен Қытай жерінде кездеседі. Соңғы екі-үш ға-

сырда Қазақстанның шөлді және шөлейтті аймақтарында андардың айнамкөзі мың-мындал өргені өтірік емес. Олар Қарағанды, Қызылорда, Шымкент пен Жамбыл облыстарына ортақ Бетпақтың бедерсіз беткейінде, Торғайдың жазық жазирыасында, Орал өңірінде көбірек кездесетін. Қазақтың салыныштай сарғайған сары даласында жалтармай жол кесетін жайсаңмының өзі еді ғой киіктөр!

Ақбекен шөлге төзімді жануар. Бекен текелерінің салмағы 45-55 келіге жетеді, олардың 20-25 сантиметрлік мүйізі бар, ал ешкілерінің салмағы 35-40 келіге дейін тартады. Тұмсығы дөңестеу, сирағы қамшы сабында жіңішке, қысқа қызығылт жұнді бұл жануарлардың ерекшелігі – құрамында улы заттары мен тұздары бар шөптерді азық ете береді. Фалымдар оның азығының құрамында 13 процент улы есімдіктер болатынын анықтаған. Мұндай есімдіктерге шөлейт аймақтарда жиі кездесетін жыланқияқ, шытыр, қызылқұйрық, тағы басқалары жатады. Ал бұл аңының сүйсініп қоректенетін азықтары – жусан, киікоты, қына, бидайық, изен. Қуаңшылық жылдары жайылымдық іздел, алыс жерлерді кезіп кетеді. Киік – шөл далаға қалыптасқан аң. Олар сағатына 70-80 шақырымдық жылдамдықпен қозгалады.

Ақбекен, қарақұйрық сияқты жабайы андардың төлдейтін уақыты мамыр айы болғандықтан, бұл мерзімді біздің халық «құралай айы» дейді. Осы кезде өмірге келген киіктің төлін «құралай» деп атайды.

Халқымыз ертеде киелі андардың төлдеуіне ерекше мән берген. Ақсақалдар осы кезеңде аңшы жастардың қақпан құрып, садақ асынып аңға шығуына тыйым салған. Жаңа туған киік баласының әсемдігі мен нәзіктігін қазақ сұлулықтың символы деп танып, қызы балаға Құралай есімін берген.

Әрің Сарыарқа, берің Шу өңіріне кеңінен тараған «Құралай сұлу» аңызын осы жерде айтпай кетуге болмас.

Құралай қызы өзі айттырылған бай баласына шығудан бастартып, сүйген жігітімен Сарыарқадан қашып, Шу бойына келеді. Су жағасына барып, жуынбақ болған сұлуды қамыс арасынан шыға келген жолбарыс жарып өлтіреді. Қапыда қалған

как искандарлардың көмүрлөгөн, салын Шың меншитиң оң жана наңдашының көзінде аныттан жерлеїді. Ежелгінен қалған түсінек жілдің алғашқы айындағы көзінде аныттан жерлеїді. Күрделій «Аудио-Лаудио» компаниясының түсінек шарттылығынан көзінде аныттан жерлеїді. Шың меншитиң оң жана наңдашының көзінде аныттан жерлеїді. Оның көзінде аныттан жерлеїді.

Акбөкендердің табиғаттың болижаның, сезімталдағы сімталада. 1974 жылдың есеп бойынша, Қазақстанда 1 милион 200 мың шамалының ақбөкен болған. Ең көптер лактациян негзде олардың саны ежелгі деңгейде болған. Бүкіл табиғандарда 150-200 мыңда деңгейі жетеді. Акбөкеннің күрделілігі біліктілік соң, етесінің ортімен норантасеңдерде, шипшорттар мен отынның иштеді. Жалымдар 1970 жылдардан бастында Қаржум мекен Арысқум синдиңгі сопирлерде жыл сайын 350-400 мың ақбөкендердің настырайтынның анындаған.

Күннөөрдің нәнгемде бір орнынан екінші орнынға аудықтуын нөрхен нағымбұтауда дұраттің оған мәнін жақтастыры. Дағланы пубірлеу-нең, солымдағы саяхаттаға нәзареттеген күнде жақтандай асердатасын.

...Табиғаттың еркесі, нұна түрдің көріні, қавыл жағыныңын «желісін» атаған нағызгерлікі – албайекендегердің тұндырымдарының. Філологиялық 10-15 жылдан ішкі речінде олардың бірнеше тұрғындағы мәндердің зерттейтушілігінде олардың тәсілдері, аудиа да, сурет да (шілдесінде таңырдан) тәжілдеп болып тұнған жағдайтарақ болтраниско.

Меніңшіл, шеңшүй күннөн зияялашып да басы бүлдін да ерте-
рек болаттап танысмынға. Күнгөтерге «тәжірибелі жаңағыштар» жа-
нардың күрделіліктерінде жаңағыштардың жаңағандаран енгізүрттің да
таратырыммен ойнатанылады.

Негісес еңіметті тұсында етті үшін ақбөнеңгерді арнайы аудайтын шаруашылыктар шындағастырылған. 1955-1980 жылдардың арасында орта септемврь айының 1-мәйданынан бөлек етті дайындаудың көлемі 10 майдағанға деңгээлде шарттынан аттынан сұранамған болып оттарған. Ресми түрде жүргіз

жаранды. 1970-1980 жылдарда ғарыштың ең деңгээлдегі республикалық бойынша жылдында 200-250 мыш айбөлөштөрдүн иштесінде. Жаңылар ЖКМ Академиясынан Советті 1971 жылы 23 наураштаада (№6557) «Акбөлекенді етілеш болса аулауды күштейту шаралдары» туралы арнаулаты жаулап берілген. Онда жылдында 300 мыш айбөлөштөрдүн иштесінде 150 тонна ет алуга болатынын айттылған. Охыңа қаудаудың көмінде жер-жерде кешенді аж шаруашылыкты үйрептестердегі бастауы. Мұндай үйримдер сол жылдардың Ырғызың бөз «Посыпашың» күрсімдегі, Бетшактың шаһнәде де жиумыс істеген болатын. Рәйтілі неміс ғалымы, биолог Б. Гризлиң бүшіндерек мәдениеттің жары «Қазак жеріндегі гажайылшы» деген таңдамын ерактараш.

Өткен жаздың маусымында Бетшакдаладыры Сарығор алды менен бастап Кеңжебай-Самый, Мұшын-Кұлыш, Бестау, Талғасшы мен Қызылесше дең аталатын еңбек жашаңды срағаным бар. Сагымды сары даға сарттайтып қарсы алды. Өнің жүдеу тарта бастағандай, ата-бабаларының базарына айналып, айтынынан акку үтшіп, қаз қоңғағын Бозекел, Шеңгірек мен Жыңғылдықадаң табанында су қалыптар, шаңы шыккен көреа айнатып кетіпти. Сол машайдың аудасы да көрмек тати ма, қалай? Бетшактың жонын ерлі-берлі кескен күндерде байылғаным, ана бір жылдары үйрімен мыла-мындағы ертік кийктерді жер жүткандай. Кеңіл теріндегі көркем аң көздөн гайдан болған.

— Үш-төрт жылтын жүзді болды, кийктер көзге түспейді. Аңдардын перінтеңі гой, байгүстардың көрмегекі жок, — деген ауыр күреінлі Жаңаарқа ауданы «АКЕндіс» акционерлік қоғамының президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген күзметкері Нұргали Кенжетаев. — Сен оны айтасын, есімдік пеш шоңтің де бірнеше түрі жоғалып кетті. Қасқырлар үйр-үйрімен малға тиіп құтырып тұр. Осы коркаптардың еді коркұ-уркуді білмей бара жатыр ма деген қадамын.

Республика бойынша мал шаруашылығының атакты көшбасшыларының бірі Нұрагаш ағамен тұған дағының тағдыры туралы біраз пікірлесіп, шер тарқатысқан едік. Сол көзде сөзден соң, араға коп уақыт салмай, Нұрагаш да бакылаңқа ат-

тәңкәлдік салынуда. Барыс оғын жүргөт панзырьги да, асыстай ажырат : дүниелік мемлекеттің жауруға берілген.

Жалпыны, бұл өмірде қалыптың ізінен, жүрек деңгелене алғасын ажырат ажырат күштүү фикстүрлер өттө көз. Оңдандан жылдар бойын же бір «зиниссердің» ижесін көргөн бұл дағы. Бештақтың даласының көз көлгөн жерінен рисеттердің сыйынын көздестірудеги ғынышылғас.

Бештақтада — бір шемі Әнапқа, екінші бір шумшының Үзбекстан ойнасты арқылы Арил менізіне шексажеттің көңілкітілігінің жаһын. Бийкөңілкітілік шабаны да тиң, тастама жерде. Әрі оның шаңайда бірнеше көңілкіттердің жұлдызы болған. Стардама тұрғыннан шаңайдерден әлдеңдейдің тәсіл. Азы менделеңдердегінде «Лениншіл жас» шаңайшының 1990 жылдың 7 сарындағы сипаттағы журналист Максатбек Рыскуловтев, ессеүліс: «Шаш! Нересебар, мә?» деп аталатын нағлемді мисала жариялады да бізде көстергененбіз. Мұны жайын жарысаныз — әтбейсандер! Қызынаң түнгінен зауалдана шықсан тарханнан аңғарты. Бишилкінде үзін, жыныстағынан дақылдік сәсисалы табиғаттың гете-гёльдікін бұзап шығынған екеп соқта. Зәйтіндер де, жынылдың үздік жағдайының аңдар мен кәдімдіктер деңгелейтін сол бірлікке жілдікінде сүйінди.

Егердіңес Әртап елдең алыс-берісін барлаңызға: ғасалтап сенескіннің жылордрын күрь, моссаныншы жылордрыңын бінесін әзбек-сағарларға ажыратада көздей. Егер мүнінне сауда жасаушылар жүнсіл аюннордры незійт, үйде стап шай! Бір-шішінен миңдеңендей, әрзыхайтының биңнегін көз-сөз алғасындастық, көзенкөзің көздеңдік және Әртап асырынан жасағынан дағындағандағы сезленің айдағының мәндерінекесіндең көзіндең көзін, табын үлінейн тәнне көрек, жының көзін ғана следай күзалин, көндідатада күндеңдін сөздін. Өздері де, өзарынаннан күнілін, мойынндары шығын жартын. Бийк мәденийін көздің күрттінен айналады. Сөйтіп, айналады екі-үшті жылордрын үшінде табындар тенесейіз көлдін. Ғаслағыштыңнан айяркынан қалыптың ошкін-татақ құзы тартылып, шөбі үлгінен көнбакшадағынан оғанні. Сол бір жылдардың күніндең көзін төртінен дағы тұтасстай қозапкананың айналадын нөктідең білгендідік. Бийктердің күрттінегүзү тарзінен оғаннан көзіндең көзіндең.



Ет мем берілген айтқаралға, албекендердің иш мүмкіншіліктерінің
жетекшілік саудада 250 доллар шамасында екен. Нешел де мастерлер
иезді көргаудың кешенді шараларының шұтылған түрде жасамаса
 болмайды.

Расырдың басында да киіктегің күршіш кету қауши туған. 1919 жылы «Албекен атуды әзігіру турады» арнасы Зан
жабылданған. Албекендердің көргау жөннендеңі камкоралың 15-
20 жылдан соң-ак ез шегіндеңін берді. Кыркүйешінің жылдары
зерттеңді, бул түрі көптеген алмактарда көрін беріл, бұрынғы мем-
бердегін далаңында орала бастады. Осылай етуіненің жылдар-
да оның саны бұдан жоғары жыл бұрынғы мемшерге, яғни бір
миллионға жетті.

Расыр басында албекендерге геңгін қатер тағы да қайта ай-
налыш соғып отыр. Киіктегі күнкүару шараларының бүгіз баста-
маса, ертең кеш болуы мумым. Өзіміздің жерімізде тіршілік
еткен ая мен күстүн жүзделгөн түрлөрі мүлде жойылып кетті.
Бұрын Казакстан жерінде тіршілік еткен жабайы сиыр, жол-
барыс, терістік бұғысы, құлдаң мен таршанды кездестіру әте
жоғын. Сөздай-ак, қаралыптың, барыс, қарақал, гепард, қызыл
жасын, құндыз, нокиназ, ұлар, бірқазаш, акку сияқты аң-
құстардыңда табиғаттың «Кызыл кітапханың» қызыл парагына
жазылғаны қашан.

Енді киіктегі де «Кызыл кітапқа» ене ме?..

«Казакстан» журналы.

1999 жыл



АЖАЛ АЖДАҢАСЫ

Бұл – жазирасында тұлпар жортып, қырларынан қыран үшкән қасиетті жер еді. Бұл аймақта қызғалдақтар құлпырып, ақбөкендер жол кесетін...

Бала қунімізде ақсақалдар мен бәйбішелердің аузынан «Ахай, Семей!» деп басталатын қөнілді өнді сан мәрте естідік. Естідік те, елдігіміздің еншісі, бақытымыздың бесігі секілді аймаққа ынтық болып өстік.

Шыңғыстау – халқымыздың ұлы тұлғалары Абай мен Шөкірімнің, Мұхтар Әуезовтің туған топырағы. Олар қазақ халқының ғана емес, Ататүрік баласының қасиетіне айналған ұлдар. Енді біздің буынның еншісіне «Ахай, Семей!» деп шалқытпай, көкейімізге көбік кептеліп, «Қайран, Семей...» деп кібіжіктеуді жазса не шара?..

...Семейде 1953 жылғы тамыздың 29-жүлдызында болған тұңғыш сутегі бомбасының сынағын көзімен көргендердің дені өлдеқашан-ақ о дүниелік болып кеткен. Осы сынақтарда бұрынғы Кенес үкіметі ондаған қаракөздерді «тәжірибе көжегіне» айналдырғанын енді-енді ғана біле бастадық. Шетелдік бір маман осы полигон жөнінде: «Бұл – тұтастай алғандағы Чернобыль мен Хиросима», – деп пікір айтты. Ашық аспан астындағы алып лабораторияга айналған осы аймақ бұл күнде бейдауа, талма, сусамыр, қояншық секілді небір елде жоқ сырқаты бар тұрғындардың мекеніне айналды.

Қатерлі аймақ Семейдің онтустігіне қарай 120 шақырым жерден басталып, жалпы көлемі 18,500 шаршы шақырым аумақты алып жатыр. 1991 жылдың тамызында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Семей ядролық полигонын жою жөніндегі құжатқа қол қойды. Шын мәнінде, сынақ 1989 жылдың 13 қазанында «Невада – Семей» экологиялық қозғалысы, оның басшысы – белгілі ақын Олжас Сүлейменовтің

еңбегінің нәтижесінде тоқтатылған болатын. Жабылғанга дейін полигон бес техникалық аймаққа бөлінетін. Олар – екі атом реакторы, екі полигон және ядролық қару қоймасы. Кеңестер Одағы соңғы 40 жыл ішінде 714 ядролық синақ жасаса, оның 467-сі Семей полигонының үлесіне тиген. Мұнда ядролық қарудың барлық түрлері: атом, сутегі, нейтрон бомбалары синақтан өткен. 1949-1963 жылдар аралығында әуе жарылыстары, содан соң жер асты жарылыстары синақтары жүргізілген. Әлем дәрігерлері халықаралық үйіміздегі сарапшылары осы жарылыстардың барлығының қуаты Хирошимага тасталған бомбаның қуатынан 2500 есе артық екенін дәлелдейді.

Радиоактивті үшқындарды жазық даланың қарлы бүрқасындары облыс көлемінен шалғай жерлерге де таратуда. Бұл облыстан тысқары аудандардағы 500 мыңдан астам адам жарылыстан зардап шеккен болып есептеледі. Қазақстанның Семей, Қарағанды және Павлодар облыстарын осы қатарға жатқызуға болады.

1949-1963 жылдар аралығында әскерлер мен ғалым-физиктер бұл өлкенің радиациялық деңгейін өлшеу жұмыстарын жүргізді. Бұл жұмыстар негізінен 300-500 метр биіктікте, самолетке орнатылған арнайы тұтікшелер арқылы жүзеге асырылатын.

«Шын мәніндегі кеңістіктері радиоактивті тозаң жерден 0,5-2 метр аралығында болады. Ал адамдар осы ауамен тыныстайды», – дейді Семей маңындағы орналасқан Қазақ онкология және радиология институтының маман-дәрігерлері.

Жарылыс зардаптарынан адам өлімі жыл өткен сайын көбейе түсуде. Әсіресе балалар арасында түрлі дертке шалдыққандар көп. «Невада – Семей» қозғалысының деректеріне сүйенсек, 1990 жылы осы аймақтағы әрбір 1000 тұрғынның 204-і онкологиялық сырқаттың әр түрімен ауырады. Демікшеге шалдыққандар, ақыл-есі ауысқандар – Семей синағының нәтижесі. 1990 жылдары мұнда өмірге келген әр 1000 нәрестенің 43-і шетінеп кеткен.



Сондықтан да көптеген балалар мен жасөспірімдер өздеріне қол жұмсауға барады. Мұндай арам өлім мұсылман халықтарының табиғатына жат нәрсе еді. Бұл күнде республиканың барлық территориясы Арал теңізінен Қытай шекарасына дейін радиоактивті қалдықтар қоқысына айналған.

Адамзат өміріне 40 жыл бойы қасірет «сыйлаған» ядролық полигон Семей өңіріндегі Сарыжал елді мекенінің тұрғындарын күні бүгінге дейін тұншықтырып отырғанын көпшілік қауым өлі де біле бермейді. Себебі оның тіршілік атаулыға келтірер залалдары мен зардалтарын жариялауға кезінде Қазақстанды 70 жыл бойы билеген, қылышынан қан сорғалаған өкімшіл ресейлік империя тыйым салып келді. Жергілікті тұрғындардың улы радиация кесірінен тұқымдарымен тұздай құрып бара жатқандарын ашына да зарлана тілдеріне тиек етіп, жоғарғы жақтағы қолымен көк, табанымен жер тіреп тұрған билік пен бүйрық иелеріне жолдаған арыз-шағымдары уақытында ешкімді де селт еткізбеді. Мәскеудің мөуелі бағының саясЫнда салқын самал жұтып, май шайнап, кілегей ту-кіріп отырған иігі жақсылар қасірет тырнағына ілігушілерге миықтарынан күле қарап, түркі тектес ҳалықтартағдырына қол қусырып, көз жұмып қарап отыра берді. Тіпті қазақстандықтар болашағының тамырына балта шабылып жатқанына дүние жүзі жұртшылығы қатты алаңдап, сонау қияндағы Америка, Дания, ФРГ, Жапония сияқты басқа да көптеген ірі-ірі шет мемлекеттердің ғалымдары арнайы экспедициялық сапармен келіп, зерделей зерттеп, терендей тексеріп, соңғы 1991-1993 жылдардың өзінде Сарыжал өңіріндегі «Шурек», «Атымтай» атом көлдері мен Атымтай жазығындағы радиация фоны 3000-нан 10000 микрорентгенге жеткенін дәлелдеп бергенде де «өлмесеңдер өмірем қабындар» дегенді ашық аңғартты. Ажал аждаһасында аузын ашқан, тірі организм тұлдырын жеңі құрттай кеулеген бұл радиация көрсеткіші, шындық алдына жүргінер болсақ, 1945 жылғы Жапонияның Хиросима, Нагасаки қалаларынан кейінгі ең жоғары деңгейдегі залал еді.

Әділдікten аттап, көз алдындағыны көпе-көрнеу көлегей-леген сайқал саясаттың қолшоқпарларының жымқырма әре-



кеттерінің тағы бірі – олардың Семейдің полигон аймағы ре-тінде белгілі болуы 1949 жылдан басталады деп, беттері бұлк етпей жүртшылық санасына өтірік сіңірулері еді. Кезінде өз шаңырағын өзі күйреткен Кеңестер Одағының архивтік құпия құжаттарында әскери басшылар бұл алып аждаға аймағының картасын 1947 жылы жасап, қебайтіп бастырып, оған Семей, Павлодар, Қарағанды облыстары бойынша 18 мың шаршы ки-лометр жерді енгізгені қазір дәлелденіп отыр. Адамды ажал ау-зына байлаپ берудің осыдан асқан сорақы «ұлгісі» болар ма?!

Ядролық атом жарылысы бара-бара, болашақ үрпақтар үшін «көрген түстей сағымға» айналуы мүмкін. Бірақ оның жү-ректерге салған жарасы, тіршілік атаулыға тартқызған тау-қыметі мен қисапсыз қырғыны еш уақытта да ұмытыла қоймас. Сарыжал өңіріндегі осындағы көріністерді саналы ғұмырында өз көзімен көріп, өз басынан өткеріп келе жатқан сол елді мекеннің заманауи тұрғыны, 75 жастағы қарт Қабден Есенғариннің зар-запасына да бір сәт құлақ түріп көрелік. Ол – кезінде Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан, еңбек демалысындағы әскери адам. Тұған жерінің төсінде болып жатқан ядролық жарылыстардың халыққа қандай зиян келтіріп, қандай азап арқалататынын зерттеуге ерекше ден қойған. Сөйте жүріп талай құпия жайларды көзімен көріп, қайсыбір жасырын құжаттарды қолына түсірген.

«...Біз – сарыжалдықтар, атомның адам баласына, таби-гатқа, жалпы тіршілік атаулыға қасірет пен қайғы экеле-тінін өмір тәжірибесінен өткізген дүние жүзіндегі жа-пондықтардан кейінгі екінші халықпаз, – деп жазады ол «Қазақ әдебиеті» газетіне (№3, 21 қаңтар, 1994 ж.) жариялаган «Полигон және мен» атты мақаласында. – Жүртшылыққа мәлім, 1953 жылы 12 тамызда термоядролық сутегі бомбасы Семей полигонында сынақтан өткізілді. Бом-баның кіндік атасы, академик А.Д. Захаров оны ойлан таба-рын тапса да, кейін өкінішін жүрттап жасыра алмай: «Один мегатонный взрыв – это тысячи безвестных «тихих жертв», – де-ген болатын. Мәскеу мықтыларының сол жылдары осы «чнсіз құрбандыққа» шалғаны сарыжалдықтар еді.

Кабден қарыншының бұлдаң артын айтқандаштарды да шаңырақ де-
ректер жүзіндеге орбады. Бірде олар – жашының төртін адам Са-
рыжан ауылдың мәдений төрағағасы Дәүлекбек Жабекеевтің
отылының бассына жиналған. Орталарындағы екінші бейттандылғы
адамның бірі – Алиматы жаңшешеліштік жаңының бастығын, мемлекетта
тылымының изаудидатты Бакыт Атапабаров, екіншісі – дәрігер
Сайым Балмұқанов екен. Атапабаров шамелептің чөтесінен көйті-
тады. «Біздің сіздерге есекеріттей көтүте артында жиежеді. Сырлы-
жан халысы ядромында гауаш қартерінде ушыпраш отыр. Шанды бірраз
жынынан соң халық жазылғаның дегитке үшпірділді. Еншіре
жолмен сабындар іштеп көмі, жаңарылмажаң болып шуады. Соңдай-шаш
қазірден бастап басқа жерге тоғынғы аударуқшырылдың көрек», –
дейді.

Расында да, сол кезде мемлекеттік күштің болып саналғаның тоғынғон сыртын аудандардың сезімін аныктайту - Атапабаров пен Балмұхановтың көзін ертіндері еді. Сөздеги кейінде аудандар, облысы тарапашынаң «қызын и жагалылар» келіш, үлесін тыңындаш, шеңберу жүргірінде жағдайстеді. Ж. Шісембаевтаң «жыныслар» ерекше



нысанаға алынады. Сол құғындау Қабденнің ядролық жарылыштарды ерекше ден қойып, мұқият қадағалауына ықыласын арттырады. Себебі «ойран» жасаушылардың бірі – полковник А.Д. Жариков соңғы жылдағы естелігінде 1954 жылы бір атом бомбасының Сарыжалда жарылмай қалғандығы туралы жазған болатын. Онысы рас еді. Қаратышқан қыстағынан 3-4 шақырым жерде қатар-қатар қазылған 5 орга заряд қойып атқан кезде, ортаңғы ордағы жартылай ғана от алып, қалған төрт шұңқырдағы зарядтар жарылмай қалған. Мұны Қабден сол кезде-ақ анықтаған болатын. Олар қазір де сол жерлерде шамамен 50-100 метрдей терендікте жатыр.

Тағы бір айтар жай, 1963 жылға дейінгі жарылыш ошақтары онша терең бүргыланбайтын. Тек 1964 жылдан бастап шұңқырлар 400-500 метрге терендетіледі.

1963 жылы көкек айының ішінде Қабден Есенгарин рұқсат қағаз алып, Дегелен қауының Ұялы деп аталатын сайна орналасқан, әскерилер «Г» деп атайдын белімшеге барады. Ол кезде Дегелен қауы ешкім баруға болмайтын құпия өңір болатын. Қабденді белімшесіне бастығы, майор Иванюк қарсы алады. Тау қойнауында құніне бірнеше рет жасалатын жарылыштан аспанға будақтаған көк түтін Дегеленді әлденеше қунге көзден таса қылыш жатқан кез. Сол сөт тағы бір жарылыш жасалады. Соны пайдаланып Иванюкten: «Штабтың дәл іргесінен жасалған жарылыш ауаға әсер етпей ме?» – деп сұрайды. Ол оған күдіктене бір қарайды да: «Бұл жерде уранмен жарылыш жасауға болмайды. Жарылышты динамит, ең күштегенде, тротилл қолдану арқылы жасау керек. Ал мына алдында тұрған тас «маялар» – түгелдей уран үйінділері. Егер уранды уранмен жарса, миллион градустан астам қызыға шыдамай тау жыныстары реакцияға ұшырап, тіршілікке зиянды химиялық элементтер шығарады. Оған шахта ішінен тарайтын метан газының «уын» қосыңыз. Бұл – өте қауіпті», – деп түсіндіреді. Міне, полигон халыққа қандай «сый-сияпат» тарту еткенін байқап отырған боларсыздар.

1963-1970 жылдар аралығында бұрынғы Қеңестер Одағы ядролық полигондарда сынақ жүргізбеу туралы мораторий

жариялатп, үндеу қабыллады. Бірақ бұл дүние жүзі халықтарын алдау болып шықты. Сол атапмыш уақыт ішінде бейбіт мақсатта деп жер бетінде 27 рет ашық жарылыс жасалса, соның 6 жарылысы Сарыжал жерінде жүргізілді. 1964-65 жылдарда Чурек, Тайлан, Мәстен қыстақтары аралығынан екі атом көлі, Шаған, Аңысу өзендерінің түйісінен ұзындығы – 14, көлденеңі – 9 шақырым «Атымтай» атом көлі жасалды. Өскерилер бұл көлді «Балапан» көлі деп те атайды. Оның зардабының соншама күштілігін білген өскери әкімшілік көл жағалауына бір жыл бойы күшті күзет қойды. Соған қарамастан Қабден түн жамылып, қасына облыстық санэпидстанцияның сол кездегі радиологі А.П. Уваровты ертіп алғып, жасырынып барып, көлдің радиациясын өлшеп қайтты. Сондай зерттеу нәтижесінде адам бойындағы радиация дозасын дәрі арқылы денеден шығаруға болатын әдіс ойлап табады. Қабденнің ондай жетістіктерін раставтың 1989 жылы 12 қыркүйекте тексеруден өткен №Е-754 құжаты бар.

Міне, осылай Қазақстан халқының ажал аждаһасына айналған Сарыжал елді мекені 1990 жылға дейін құпия сақталып келді. «Халқым» деп қан жылаған Қабден Есенғарин сынды ел азamatтарының арқасында мұндағы сойқанды қасірет шетелдіктердің құлағына шалынып, солардың үрейлі айқайларының нәтижесінде әлем жұртшылығының назарын аудара бастады. Германияның «Шпигель» журналы 1992 жылы шыққан бір нөмірінде Сарыжал жеріндегі полигон құпиясының біраз мәселелерін ашып жазған. Сонда жарылыстың кіндік орталығындағы Сарыжал, Сарапан, Шынжы жерлерінде 100 килотонналық бомба жарылғанда жер қозғалысы 5,5- 6,5 балл деңгейінде болатыны көрсетілген.

Сондай-ақ, жапониялық киношылар тобындағы Кэидзи Накадзава, Масаюки Хаяси, Хироси Сакано, тағы басқалар Сарыжал жеріндегі атом көлдерін, «Атымтай» жазығындағы №1331 скважинаны киноға түсіріп қана қоймай, жарылыс орындарын тексеру, зерттеу жұмыстарын да жүргізе келіп: «Мынау аждаһадай аузын ашқан нағыз ажал аймағы екен», – дегендері бар.



Қазір еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қолдап, халқымыздың сүйікті ақын ұлы Олжас Сүлейменовтің іс-әрекет жасауының нәтижесінде жарылыс тоқтатылды. Бірақ көрсеткен зардабы, тартқызған залалы әлі де кетер емес.

Ендеше, бұдан былайғы уақытта қазақ халқын Құдай қолдап, Алла жарылқасын! Әмин!

АТТЫДАН ЖАЯУ ЖҮРІП КЕГІН АЛҒАН

Халқымыздың өнер тарихына мәңгі өлмес атын жазып қалдырган, шыңжыр балақ, шұбар төс заманың бетінеге арызызының басып, тағдырының тарғыл түсті талапайларына мойымаган, тұа өмірдің өгей баласы сияқты теңсіздіктің тезіне түскен, өз сөзімен айтсақ: «Әділеттің жүргізіп, жауыздықты жерлесем», – деп жұрат еткен, сөздің семсерін сертке ұстаган азамат ақын, өмірлі өнерпаз, күрескер тұлға – Жаяу Мұса Байжанұлы.

Оның гүмір жолы тайгақты да тартысты. Заманының зарын, қарашаның халін естисің туындыларынан. Мұса жайлыш кесімдерді өзінің құрдасы, ғұлама Шоқаннан асырып кім айта алар дейсің? «Оның көк етікті көпке үқсамайтын мінезі бар. «Жаным – арымың садағасы» деп ант етіп, оны өзіне бойтұмар еткен ердің әлі де алысқа ұшар, ұзаққа сілтер түркы бар. Қозінде от, жүргегінде жалын, өңінде қайрат-жігер табы жатыр. Мойымаган, жасымаган. Баян басына шыққан жас емендей ешкімге шілмеген. Алдау мен арбауды қорлыққа санаған на мыскер».

Аттының арын синаған заман Жаяудың жанын шығара алмаган. Әділет ізден, зорлық-зомбылыққа қарсы күресіп өткен оның шығармаларында өмірінің өткелі, күрсінісі мен мұңы, бақыты мен соры бар. Сарыбелдің сауыры, Баянның бауырында жүріп-ақ Жаяу Мұсаның көңілінің кептері алыс-алыс көкжиектерді шолған. Сол күндердің күнесінде тұрган ұлы есімнің ұлагат сыйлар өнері жыр болып төгіліп, сыр болып өріліп, ән болып қалықтап, шабыт бол шарықтап, гасырлар керуенімен келер күндерге көш түзеген.

Жаяу Мұса – тұлға. Жаяу Мұса – тағдыр.

Өлең емізіп, өнер сауғызған өлкे өз өренін өзекке тепсе өзегінді өксік шалмас па? Сол өксік серт болып серпіліп, дерт



болжып шертіліп, намысыңың наизағайын ойнатар. Шырмалуы көп шыргалаңан шырай іздер шақ емес ол. Есер обырдың ессіз әрекеті естіні есейтпей қойсын ба? Бір мүшелге толартолмастан елден безіп, Омбы мен Қызылжарды кезіп, тыншу алмас дүниенің тылсымдарын сезіп қайтуы ғұмырының келесі кезегінің беташар сапары іспеттес.

Жаяу Мұса – мұнар күнде мұз жастанып, қар кешіп арпалысып өткен арыс ақын.

*Уш жүзге маглұм болған атым Мұса,
Жігіттер, шешен болсаң маган үқса.
Сыртымнан мені қазақ қашқын дейді,
Көрер ем қашқындықты құнім туса.*

Осы шумақтың өн бойында қатыгез тағдырға деген қайсарлық та, жасымайтын жігер де, ақындық адудын мінез де бар.

Жаяу Мұса топас тобырдың торына шырмалып, торғайдай шырылдап 12 жылға Тобылға жер ауып айдалып кете барады. Одан әрі солдат тірлігін кешіп сапқа тұрады. Жат жердің дәмтүзы бұйырып, өмір көріп, өнер шындаиды.

*Тобылға он екі жыл мен айдалдым,
Артымда, елім-жүртүм, бәрің қалдың.
Жазығым еш адамга жоқ болса да,
Нақақтан жазаландым, көп сандалдым, –*

деп шерлі көңілдің қылын шертер кезі де осы тұс.

Жаяу Мұсаның қурескерлігі – әлеуметтік жағынан алғанда, саяси саналы қурес. Оның наразылығының негізі Шорман әулетіне кектенуден туған деген түсінік жаңсақ пікірге әкеліп үрындыратындан. Жайдың отындаі лапылдап, сұңқардай саңқылдаған ақын көзқарасынан туған қүрестің Сүйіндік атамның сүйкімді бұтақтары Айдабол-Қаржастың арасындағы дау-дамай, ессіз егестен гөрі де ауқымды, арналы екендігіне көз жеткізу қыын емес. Ол зорлықшыл заманның запыран құсарын сезген де, обыр ойлы озбырлыққа өлмес өнердің өшпес рухы, өртолқынымен қарсы тұрған.



Жаяу Мұса жайлы сөз болғанда елдің есіне бірден түсіп, жадында жаңғырапы – атақты «Ақ сиса» өні. Бұл өннің шығу тарихы жөнінде бізге жеткен деректерде домбыра, сырнай, скрипканы кезек тартып, берісі Омбы мен Қызылжардан әңгіме тиегін ағытатын көкірегі сара, ойы дара Байжанның Мұсасының елге қадірінің артуы Шорман түқымына ұнамайды. Шорманнның Мұстафасы бір күні Мұсаның жалғыз атын тартып алып, жүгенін қолына ұстасып, ерін арқалатып жібереді. Осы жерде академик Ахмет Жұбановтың Жаяу Мұса жөніндегі мақаласында: «...Бұған дейін ұлken аға әншілердің репертуарынан орыс, қазақ, татар әндерінен домбырасына, сырнайына, скрипкасына қосып орындал, езі ән шығаруға өлі ерте деп келген Мұса тап осы арада жаңа бір жігерге мінеді. Өзінің халық аузында күрестің гимні болып кеткен атақты «Ақ сиса» өнін шығарады.

*Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса?
Шорманнның Мұстафасы атымды алып,
Атаным сол себепті Жаяу Мұса.*

*Жаныма батқандықтан ашинамын,
Мен неге жаяумын деп басыламын?
Малым жоқ Шорман айдан алатын,
Қылышын Мұстафаның паши қыламын... –*

деп, жоғарыда айтылғандай, Шорманнның қара күшіне өнердің тотықпас, женілмес күшін қарсы қояды. Жаяу Мұсаның бұл өлеңі Шормандарды, феодалдықты мәңгілік бетіне күйе жағып масқаралап кетті және орындаған сайын зорлықшыларға бір үкім құрылыш түрады.

«Ақ сисаның» өлеңі осындағы болғанда, өні оған сай. Ол бұрын-соңды қазақ халқының музыкасында болмаған үлгі, басталғаннан Мұстафаны «жағадан алғандай» күшті, серпінді, дауыстың жоғарғы регистрінен алып кеткен дыбыс, сол сатыдан түспей, өршеленіп, екіленіп, автордың рухани



күшінің анау-мынау «белдеу күштен» басым екенілгін көрсетеді. Сол екпінімен, сол жігермен ән аяғына дейіш барады. Қайырмасының өзі де «гәгә-ти, гәук-ки» деп, сөзсіз келседе, ашу, кейіс дыбысындай, қышырланып, үдей түсіп, тек аяғында «айтарымды айттым!» деп құйқылжып барып бітеді», – деуінен көп сырды аңғаруға болады». Демек, «Ақ сиса» – Жаяу Мұсаның елге атын кең жайған, қазактың кен сахарасына лезде тараган ән.

«Ақ сисадан» басқа Жаяу Мұсаның «Сұрша қызы», «Хаулау», «Көгершін», «Сүйіндік», «Баянауыл», «Гаунар қызы», «Толғау», «Шормановқа» сияқты ақын-сазгердің атын Алашқа әйгілеген тамаша әндері бар. Жаяу Мұса әндерін Борис Ерзакович, Газиза Жұбанова зерделеп, зерттеп, симфониялық шығармалар жазды. Белгілі әнер зерттеушісі Илья Жақанов ағамыз оның әндері жайлы толғамды ой, тың пікірлерін айтыпта, жазып та келеді. Жазушы Зейтін Ақышев Мұса Байжанұлы өміріне байланысты көлемді роман мен пьеса жазғаны казак қоғамының көзіқарақты оқырманына аян.

«Ол – өзіндік әнер тілімен қосылған кең арна... Мұсаның музыкантық әнерінің басқалардан ерекшелігі – казақ топырағында бұрын өрістемеген күлкі-ойнақы элементтердің көріне бастауы. Айта берсөніз, оның кейбір музыкалық шағын шығармалары биге шақырып түрғандай естіледі. Ол мозурка ырғағынан да түсінік алған адам деп ойланбай, батыл айтуга болады», – деп ой түйеді академик, әнер зерттеушісі Ахмет Жұбанов.

Мұса туралы жазған әнер зерттеушісі А. Затаевич оның оз тұсындағы халық композиторларына қарағанда жан-жактылығына баса назар аударады. Оның әндерінде орыс, татар музыкасының ырғақ, элементтерінің болуын, казақ өн сөздігіне басқа елдердің интонациясын қосқанын біздің әнер зерттеушілеріміз де жоққа шығармайды. Бұл Мұсаның музикаспабының сан түрінде ойнап, өлем мен Батыс классикасынан хабары барын танытса, екіншіден, орыс пен татар саздарын көкірегіне құйып берген түрлі «санарларының» жемісі деуге болар.



Ән мен жырдың орласы Баянауланың алтын бесігі жандай жағдайда да оны сазға тербетті, шуакқа шомылдырыды. Осы өнірдегі ән мен өншіліктің жалғасын тауып келе жатқан үлкен дәстүрі Мұсаны айналып кетуі мүмкін емес еді. Біржан сал мен Ақан серінің, Құлтума мен Жарылғапбердінің нәзік ірімдері, асқақ нақыштары зердесіне қонақтап, көніл көліне қонып жатса, сезімін ән оятпай қайтеді? «Гауһар қызы» сияқты қазак ән өнерінің шедевріне айналған әндер соның жемісі шыгар. Мұса өмірін зерттеушілер оның Петерборға Кострома, Ярославль арқылы барғанын, одан Польшада, Литвада, одан Владимир қаласында болғанын, Черняев отрядының құрамындағы кездерін ақынның өз қолжазбасын алға тартып дәлелдейді.

Оның «Құлбай бай», «Шолпан» сияқты ойнақы да жеңіл әндері сарказмта, қалжың мен мысқылға толы. Жаяудың күлкісінен күрсініс туады.

*Құлбай байдың тусагы,
Откір екен пышагы.
Өзі оңбаган болса да,
Қызының жақсы қүшагы, – .*

деп өзінің алатын жары Сапарды байдың сезімсіз тірлігінен оқшауладап алғысы келеді де, ән қайырмасында өзіне ғана тән екпінмен ойнақтатып, қүйқылжытып:

*Әй, Құлбай бай, Құлбай бай!
Әнім менің красивай,
Қыпшақский жәрменәйке-ай, –*

деп өзінің жүрген журісі қалың қыпشاқ ішінде жәрменкедей екенін айтады.

Осы дәстүрде орындалатын әннің бірі «Шолпанда»:

*Таң алдында Шолпан туса,
Тартқан сымдай белін буса.
Неше алуан ән шырқайды
Сол сипатты Жаяу Мұса, –*

деп сыйылтканда, бір қараганда татардың женіл өуеніне үқсанымен, мұнда әлемнің әсемдігін, жаратылыстың жарығын, табиғаттың тылсымын аңсаған көңілдің аңсары, ынтызар журектің дірлі бар.

Жалпы, Жаяу Мұса – сан қырлы талант иесі, сол кездегі қазақ қауымынан шыққан қайраткер дәрежесіне көтерілген тұлға. Ол – көкірек көзі ерте ашылған, заманының қан тамырын тап баса алған ойлы адам. Оның «Олжабай батыр» дастанынан бастап, Пушкинге, Гогольге, Глинкаға, Кутузовқа арналған өлеңдерінен ақынның интеллектуалдық бай мұрасын тану қыын емес. «Баянауыл дуанында», «Жұлдыз» атты өлеңдері, «Данышпан қызы» дастаны – көркемдік көрігінен шыққандай дүниелер.

Өзі де құс салып, ит жүгіртіп аң қаққан Мұсаның жырларының бір парасы осы кәсіпке арналады. Осы санатта «Жақсы мылтық», «Қаршыға», «Буркіт», «Қақпан» секілді өлеңдерін атап айту абзал.

Оның кез келген шығармасы өмірінің дерекнамасы сияқты. Мәселен, «Жорға қоңыр», «Жетісу» әндері Жаяу Мұсаның Жетісу өніріндегі Үйсін, Дулат, Жалайыр арасында, Қаратал, Қексу бойында өткен күндерінің естелігі іспетті.

Жаяу Мұса – әлі де зерделеуді қажет ететін халқымыздың біртуар ұлы. Бүгінгі үрпақ Қайрат Байбосынов сияқты же-келеген орындаушылардың жекелеген әндерінен басқа, ғұмырбаяндық қысқа деректен басқа ақын ғұмырының сан салалы тармақтарына бойлай бермейді.

Жаяу Мұсаның Абай, Шоқан, Сұлтанмахмұт, Иса, Тәттімбеттермен кездесуі жөніндегі айтылып келе жатқан деректер ете жұтаң.

«...Жаяу Мұса әндері ауыздан-ауызға тарапты, Абай ауылана да жеткен. Әндердің өзгеше құрылымына, болмысина, саздылығына тәнті болған ақын оны Мақай деген кісі арқылы сәлем жолдап, Шыңғыстауға шақыртып алады. Айналасындағы ақын, жыршы өнерпаздармен бірге Жаяу Мұсаның әндерін, өлеңдерін Абай ықыласпен тыңдаған. Музыкалық-эстетикалық талғамы қалыптасқан ақыннан ол Батыс елде-

рикиң азет-түркі, енері, жалындарының тұрмыс-стрипілігі жа-
бында сұрап біледі. Абайдың ақыл-парасатына риза болған
Жазу Мұса:

*Күнжанбайшылды Ыбырай.
Өнерің жиңр зылыныраш.
Бар ашының шағынышын сиратынын.
Бойжесімдің жиңештің тиңрін-аш.
Бар жаңысынан бар жаңысан
Түрләйдің ежелгің үрненібай.* —

дем есінің ақыншынан ақыл-жөннес күтегінің білдіреді».

Бул дерек «Абай» энциклопедиясында Э. Телғозшевтың авторлығымен берілгенші.

Зейнім Ақыншевтің «Жазу Мұса» романында шешшесі өлтін Мұсаның оның үшін жақсылықтағынан аудылтын бетіне алтын калыпты, олардың ері Көлімбеков мен Сұбыльдан бір-ақ шынжаданы суриттепсе, академик Ахмет Шұбашов ез зерттеушіде Мұсаның жалынның атын атасы Накымш аудында көлгөнде «жек-лау» болсын дегін бағытты, баласының сарылана күткенін айттылады. Мұса гү-
мәннәрмәнненде Шороман тәжірретті, жер мәселелеріне байланысты да, генерал-губернаторға, оғандағы шағындарынан жақынды ашылғанда байыншылай түсненің деректерін емде.

Карта сөздің хас шебері, сыйлық шайтанын орын жеткізгөтін жау-
шын азаматы Қалғұдан Исламбектың аудынан мында бар есігінен
жайында құлжылым шалғасы барға «Сөз жаң, Шороманың Мұста-
фағының мез Жазу Мұса әртүрлідің тарихы болған». Ел әмбебіде
жыннанадай да бір ешкіне бар. Шороман еп аралаш жүргөс, Ай-
дағынан шының Малдоғызы Байжан деген көдейдің бір үлкенші
аты Мұса, екіншісінің аты Мұстаға ежелгің біліш, жалты ашту-
ланады. Џекеүі де Шороманың ез үлдірьенің есілдері ной. Байжан сол елжениң аса абырайтын адамы Шороманмен дәүнгөт
таластира алмаса да үрнегінің сөзінде көзін түштесін деген де
шындар. «Жаң, бұлтап болмайды, — деген Шороман, — бұлтап бұлтпін
жүненің аты Жазу Мұса, көптіней, есілдің жалыннан Мұстаға
бөлісін»..

Бұл енді елден естіген әңгіме. «Мұсаға Жаяу деген атты Шорманның өзі қосып берген, Мұстафа оның жалғызы атын тартып алып не қылсын...» дейді біреулер. Бұл сездің ақыратын бір Құдай білер, ал менің айтпағым, 1840 жылдардың екінші жартысында Баянауыл түгелдей Орыс казачествоның запас жеріне айналды. Шоң сол аймақтың алғашқы аға сұлтаны болды, содан кейін Шорман болды аға сұлтан. Орыстар ағаштан үй салып, бүкіл жерді босатып алды, қазақ қыстаудың бәрін қырға шығарды. Сабындықөлдің жағасындағы қазіргі «Факель» санаторийі тұрған жерді қазақтар бұрын «Қызылағаш» деп атайдын. Сол жердегі бүгінгі «Рыбный ключтің» бұрынғы аты «Шорманбұлак». Шорманның Мұсасы Ақкелінге қала салғым келеді деп губернаторға хат жазады. Баянауыл сілемдерін даламен айналып өтетін Ащысу өзені бар. Сол жерге үлкен қорық жасалады. Архивте материал жатыр. Шорманның Мұстафасының губернаторға жазған хаты. Онда ағам Мұса үй салып жатқан жерге мен де үй салғым келеді дедінген. Ақкелінде оған дейін бос жер болмайтын, онда Айдаболдың Малқозысы тұрған. Мына әрекеттің бәрі соларды ығыстырудың амалы. Малқозы жақтан күресуге Жаяу Мұса шықкан. Бұл – жер үшін күрес. Губернатор шешімін бір рет бұздырған Жаяу Мұса. «Жаяу жүріп аттыдан кегін алған» деген халық қарасындағы сөз сол кезде айтылса керек. Орыстың саясаты – қазақтың отырықшы елге айналдыру. Шорман балалары бас болып, тізім жасап, ол тізімге 39 адам қол қойып, губернаторға тағы да шағымданады. Ақкелінге қала саламыз деп. Осылай қазіргі Ақкелін пайда болады».

Калмұқан аға тағы да бір қызық деректің тиегін ағытты: «...Имантайдың Қанышы 1919-1921 жылдар аралығында Баянауылдағы жастар комитетінің төрағасы болғаны белгілі. Сонда татар көпесінің кызы Менжамал Тамашевамен қарым-қатынаста болып, оны халық үйіне жеткізіп береді. Оның ішінде кара пианино да бар екен. Жаяу Мұса халық үйіне бірде бас сүкканды, әлгі аспалты көреді. Бөлмеде орыс қыздары «Интернационалды» шырқап, хордың дайындығына кіріскең кезі еді.



— Жарықтық мына күймеге Қазанда қолым тиіп еді, көрейінші, — деп отыра қалады да, түймелерін саусағымен тұртедастайды. Сөлден кейін сазды өуен өнге ілесе жөнеледі. Күп киген қазақ қартына орыс-татар қыздары таңғалысып қарап қалған еді».

Бұл өңгімені Қалағаң осы оқиғаның күесі болған сол кездегі Қаныш Сәтбаевтың орынбасары, Баянауылдың ардагер ұстазы Пәкен Жұсіпбаев марқұмның өз аузынан естіпті.

Қалай дегендеге де Жаяу Мұса – тағдырлы тұлға. Оның есімі Баянның шың-құздарын жаңғыртып, Алаштың аспандагы әніне айналған. Заман өзгерді, адам өзгерді. Тарихқа деген көзқарас та өзгеруі тиіс. Жаяу Мұса жайлы шығармалардың дені бұл уақытқа дейін біржакты пікірмен, қызыл империяның қас-қабағын бағып жазылып келгені рас.

Енді өткенді басқаша зерделер шақ туды. Қазақ сахара-сына аты кеткен Шорман түқымы жайлы да салиқалы пікір қалыптасуы керек. Олар да бір елдің бағына біткен, ырысы мен құты болған есімдер.

Оз елімізді айтпағанда, Қазан, Омбы, Санкт-Петербург қала-ларындағы мұрағаттарда жатқан Жаяу Мұса өміріне байланысты материалдарды мұқият байыптап, жаңа уақыттың жаңа сезін айттар кез жетті.

Қайраткер ақын, сазгер, әнші, өнерпаз өрен, арыс азамат Жаяу Мұса бабамыз үрпақтарының рухын аспандатып Ақшоқыда жатыр.

*Тоқсан төртте жасым бар,
Енді жүрек басылар.
Мен жүргелі жатырмын,
Қоштасайық, халқым-ау!
Қуанышым – заман кең болды,
Содан орын қазыңдар, –*

деген батыр баба аманатын орындаған үрпақ ақын аруағын да аялайды. Жаяу Мұса – осы елдің шырқар әні, шырқау биігі.



Биылгы тамыздың тамылжыган бір күндерін Жасыбайдың жигасында, Сабындының сагасында Баянның үл-қыздарымен бірге өткізгенім бар. Алдында гана Елбасы келіп, ұлылардың бесігіне бас ішп, бата алып кеткен. Ел еңсе көтере бастаган. Баянауылдың әкімі Қорабай Шәкіров ағамыз ел үшін туган ердің өзі ме деп қалдым. Абызша толғап, ақынша толғанғанына қызыга қарадым.

— Жақында Жаяу Мұса бабамыздың тоғы өтеді, — деді ол. — Енді сол шараның дайындығына кірісеміз.

Ел жадында жаңғырап ерлер туган өлкені тек Қорабай Шәкірұлы сияқты азаматтар басқару керек сияқты елестеді маган.

Осы сапар Жаяу Мұса бабамыздың басында болып, Жаяу Мұса ауылданан дәм татып едім. Сол ауылдан қимастық сезіммен аттандым.

«Қазақ әдебиеті» газеті.
2005 жыл

СЕРЛЕРДІҢ СЕРІСІ – СЕГІЗ СЕРІ

*Кылыштын кыныбылан алтынбажан,
Алтынжын таразыга салынбаған.
Ашамайты Егердің ер үлгіміни,
Бейнабір жаңған өрттегі жатындаған, –*

деп жыл жаржансын жөндейреткен Сегіз сері тұрисы үршакташ-
үрпакқа жалғасып, бүгінге жәш-харуенін түнел жетін отыр.
Жылдар жылжып, айлар алмасса да шын асылдағы болашай-
ды екен. Серіз сері тәңірегінде толастамай жеме жаңған абы-
райсyz айттыс, жандығас дау жаңындықтар жүдештеді. Басқа жүргіт-
жонын бардай, барын вордай етіп жеткіндә, біз барығынаны
жок тұлута ғурелжнеміз.

Сегіз сері бабамыз жайлы оның тұстастарын, одан кейін
емір сурғен сал-сері, ақын-жыраудардың үсказ түшіні, жыныра-
қоспараты кемде-кем. Мысалы, Біржан сал «Елге сәлем» деген
өлеңінде:

*Сегіздей асыл адам жаралмайды,
Халқына болып откен тыым жағдайлы.
Керейден жаңа мың пісіл үл таптаада,
Ешбірі Сегіз сері бола алмайды.*

*Жалғында жиғратына жімдер жеткен,
Негіп жиғсы бізден біржын етіп жеткесін.
Адамның ачылдыры соңдай болар,
Дүниеден Сегіз Сері,
Низіз да откен, –*

деп жырласа, Машіур Жусуп Еспеев:

❖ ❖ ❖

Өнерге құлаш үрып бала жастан,
Тарихын бұл үш жүздің етіп дастан.
Баласы Толыбай сыншы Кожаберген
Бой үрган ерлік іске әуел бастан.

Үрпагы оның батыр Сегіз өтті,
Нияздай асыл ерді қасына ертті.
Қолына қобыз алып өр шабытпен,
Мура гып шежіре жыр тастап кетті, –

деп Сегіз сері есімін жалпақ жүртқа жария етеді.

Ал әйгілі Жаяу Мұса Байжанұлы «Ер Сегіз» атты көлемді дерлік дастан жазып:

Жігіттер, өнер құсан Сегізге үқса,
Шәкірті ем Сегіз сері, атым Мұса.
Қазақтың ел қорғаны – мақтаныш қой
Үш жүзден Ер Сегіздей көп үл туса, –

деп асқақ әуенмен жырға қосып, серінің қасиеттерін жан-жақты баяндаған.

Ақтандерді жырау Жұмықұлы болса «Сегіз сері» дастанын жазып:

Үш Алшынга мәшінр еді
Батыр Сегіз ерлігі.
Қашқын болып жүрсе де,
Болман еді кемдігі.

Біз боламыз Кіши жүз,
Сегіздің тегі Орта жүз.
Орта жүз – аға жұртынан,
Жақсылар шыққан жарқын жүз.

Сегіз келді Керейден,
Қазақта болған мерейден.

❖ ❖ ❖

*Келе сала қол жиды,
Босамай қолы кернейдеп, —*

деп өлеңіне Сегіз серінің батырлығы мен азаматтығын, сазгерлігі мен салдығын, ақындық өресін өзек етеді.

Сегіз сері Баһрамұлына арналған осындай әйгілі сал-сері, ақын-жыраулардың қолда бар арнау жыр-дастандары мен жоқтау өлеңдерінің езі қырықтан асады.

Сегіз сері бабамыз – артына бай мұра қалдырған күрескөр ақын, дарынды сазгер, асқан әнші.

Сегіздің шәкірттерінің бірі Жаманқұл Дәндібайұлының: «Ұстазымның елу бес әнін елге таратып, қырық бес күйін тартып жүрдім, қырық қиссасын әнмен айтып, жүзден астам дастаны халыққа тараپ кетті», – дегенін немесе Қуат ақынның:

*Жүзден аса қиссаны,
Көптеген ән-күй, өлеңді
Аз өмірде шыгарған
Ұстазым Сегіз өнерлі, —*

дегенін оқығанда, асыра сілтеушілік бар шығар деп күдіктенушілер табылып қалуы заңды. Бірақ Баһрамұлының өзінің ғана емес, төңірегіндегі замандастары мен шәкірттерінің көркем туындыларын зерделей түссек таңдануға, күдіктенуге негіз жоқ. Сегіздің сексен кісіге бүйірмажан өнері мен ерлігін, туа біткен, арнасы кең дария-дарының мойындаған, өзінен жасы үлкен Жанақ, Қобылан, Асанбай, Есет Қараұлы, Жанқисса, Сақау Қуат сияқты ылдидан шапса, төсте озған жүйріктердің арнаған шығармалары бар. Ал Сегіздің құрдастары мен шәкірттері Байкөкше, Нияз сері, Жәмшібай, Жаяу Мұса, Біржан сал, Нұржан, Қуат, тағы басқа ақындар мен сал-серілер оның таланттың ғана айтып қоймайды, оның шығармаларының атын атап, түсін түстеп береді.

Сегіз сері қамшының сабындағы қысқа ғұмырында атысшабыс, арпалыс жағдайында жүріп, осынша рухани бай мұра қалдырғаны туралы әдебиетші ғалымдардың еңбектері бір

тәбе. Сегіздің өмірі мен қызметін, өлеңдері мен жырларын, толғаулары мен термелерін, діни қиссалары мен дастандарын терең әрі жан-жақты зерттей отырып, құнды еңбек жазған Төлеш Сүлейменов пен Нәбиден Әбуталиевтің кітаптарын ерекше атаған жөн. Сегіз сері жайлы кезінде F. Мұсірепов, Ә. Марғұлан, А. Нұсіпбеков бастаған ұлтымыздың зиялды азаматтары 200-ден аса зерттеу мақалалар жазғаны белгілі.

Мұның бәрін шола айтып жатқанымыз – Сегіз сері жайлы ақиқаты аз, арды аттаған дүмбіlez әңгімелердің алдын алу, тұа біткен таланты мен асқан дарындылығы арқасында бір жарым ғасыр бойы қазақ жұртын ән мен жырга бөлеп келе жатқан сал-серілердің атасы Сегіз серінің талас тудырмайтын шығармалары мен өміrbаяннын маглұмат беру.

Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов 1818 жылы Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Жамбыл ауданында, Гүлтөбе-Маманай деген жерде туған (Бүгінгі Майбалық-Жекекөл ауылдарының арасында). Руы Керей, Керей ішінде Көшебе. Белді атанаң үрпағы. Үш жұзге атағы шыққан Толыбай сыншының 24 баласы болады. Ең кенжесі – Қожаберген жырау. Ал сыншының сегізінші баласы – Қарабас тархан. Одан жеті бала туған, үлкені – Асқап. Асқаптың екі баласының үлкені – Көшек, Көшектен 12 бала болған – сегізінші – Шақшақ, Сегіз серінің атасы (был үзінді Сегіз сері шежіресінен алынды). Сегіз сері 8 жасқа келгенде шешесі Жамал қайтыс болады. Оның қырқы өтісімен әкесі Баһрам дүние салады. Бұл 1826 жылы – ит жылы болатын. Сегіз атасы Шақшақ пен әкесінің інісі Жанат серінің тәрбиесіне көшеді.

Сегіз сері жастайынан өнерге үйір, білімге құштар, зерек болады. Атасы Шақшақ қазақша-орысша оқуға береді. Ақын ес біле ауылда Мөңке, Бегім молладан хадимше хат таниды. Содан кейін келешекті әріден болжайтын, көзі ашық Шақшақ би немересінің орысша білім алғанын қалайды. Татар арасында патша үкіметінен бой тасалап жүрген Иван Михайлович Прохоров деген сауатты азаматты елге әкеліп, отыз шақты баланы, ішпінде Сегіз де бар, орысша оқытады. Сегіз осы Прохоровтан оқығанын есейген соң еске алып, бір өлеңінде:

*Орысша білім ал деп атам Шақшақ,
Оқытты 4 жылдай үстаз жалдала,* –

дегендегі үстазы – осы Иван Михайлович.

Одан кейін Болатынай, Қызылжар медреселерінде оқып білімін тереңдетеді. Қызылжар медресесінде оқып жүргенде ақын-сері орыс тілінен басқа араб, парсы-шагатай, көне түрік тілдерін меңгереді, шығыс әдебиеті классиктерінің шығармаларымен танысады.

Сегіз серінің ақындыққа, әншілікке баулыған осы медресе үстаздары Иманғабит сері мен өз ағасы Көрпеш еді. Бұл екеуде Бұхараның жоғары дәрежелі медресесін бітірген, заманындағы ғұламағалым, екеуде ақын, әнші болған азаматтар екен.

Немересінен көп үміт күткен атасы Шақшақ Сегізді Омбы қаласындағы әскери училищеге оқуға береді. Училищені бітіріп, кіші офицерлік шен алған Сегізге патша әкімдері жазалаушы отрядқа жолдама береді. Бірақ патшаның отаршылдық саясатына қарсы болған Сегіз отрядқа барудан бас тартады. Қаша соғысып, Кіші жұз асып кетеді. Бұл туралы белгілі ақын Нұржан Наушабаев «Сегіз сері» атты дастанында:

*Омбыға білім ізден Сегіз барған,
Фылымды менгеруге талаптанған.
Алты жыл әпесерлік оқу оқып,
Оны да дер кезінде тамамдаған.*

*Қолбасышылық оқуды бітіргенмен,
Патшаның қызыметін атқармаган.
Әпесер патша ағзамга болмаган соң,
Жандарал Ер Сегізді құдалаған,* –

деп жазады.

Рас, оның училищеде оқығандығы туралы құжат Омбы архивінде жоқ. Сегіз сері туралы ғана емес, сол жылдардың құжаттары 1840 жылғы екі бірдей апattan аман қалмаған. Бірінде қалың өрткө үшыраса, екінші жолы су тасқыны көп-теген архив бумаларын құртып жіберген.

«Горчаковқа», «Патша өкімдеріне», «Қыз сипаты», т.б. шығармаларында, дастанында губернатор қудалады дегені шындық. Өйткені Петр Дмитриевич Горчаковтың 1836 жылы қаңтар айында Батыс Сібір генерал-губернаторы болып тағайындалғаны, 1937 жылды губернияның орталығын Омбы қаласына көшпіргені, оның башқұрт халқының және Кенесары Қасымов бастаған үлт-азаттық көтерілісін басуға отряд жібергені тарихи шындық.

Ал Серіз серінің жазалаушы отрядқа бармай, құфынға ұшырауын ақын өзінің шығармаларында тәптіштеп-ақ жазады. Мысалы, «Горчаковқа» деген өлецінде:

*Сен айтты деп, Горчаков,
Халқымды мен жылатпан...
Бар айыбым, Горчаков,
Тіліңді сениң алмадым.
Жазалаушы ескерге
Сардар болып қалмадым, –*

дейді.

Патша үкіметінің отаршылық саясатына қарсы болып, озбырлық істеріне қатысадан бас тартқаны үшін қудалауға түсken сері губернатордың жеңдеттерімен қаша соғысып, Кіші жүз асып кетуін «Қыз сипаты» дастанында баяндаған:

*Улықтың егескен соң зорыменен,
Солдаттың согыспақ бол тобыменен.
Қоштастым аттанарда өлең, арнап,
Алты жыл білім алған Омбыменен...*

*Қадірлі Сарыарқадан таппай тұрақ,
Қоштасып туган жерден кеттік жырақ.
Жагалбайлы, Жаппасқа аялдамай,
Үргезізга бет түзедік жылдамырақ.*

Өз елінде патша үкіметінен қудалау көрген Серіз серінің Кіші жүздің Ысық елінің батыры Қалдыбай аулына келуі, оның

жалғыз қызы Файни сұлуға ғашық болуы, қыздың қайғылы қазасы жоғарыда айтылған «Қыз сипаты» поэмасында бар. Ақын-сазгердің халық арасына кең тараған «Файни» өнінің де дүниеге келуі осы уақиғаға байланысты.

Сегіздің әр өлеңінің шығу тарихы бар. Мысалы, «Ақбұлақ» өлеңі. Сегіз сері Ойыл өзенінің сағасы Қыл өзеніне құятын Караган өзенінің бір саласы Ақбұлақ бойындағы тоғай ішінде үй салып, сонда кейде қыстап қалып жүреді. Ақынның 1838 жылы еліне аттанардағы Ақбұлақ өзенімен қоштасуы осы өлеңге өзек болған.

Ақын неге Кіші жүзге бет алды, онтүстікке неге кетпеген деп сұрақ қоятындары да бар. Оның себебі біреу – Сегіздің атасы Шақшактың шешесі Ақбота – Сырым Датұлының туған апасы. Сарыарқадан сая таппай сенделген серінің Кіші жүз түгіл, Кавказ төнірегін арапап. Иран, Ауғанстан елдеріне баратыны да осы жылдар. Бір таңғаларлығы, ақын қай елге барғанын, кімдермен кездескенін, өзі күә болған уақиғалардың бәрін үқыпты тарихшыдай өлеңдеріне арқау еткен. Сегіздің өлең-өндөрі өзінің ғана емес, өзі өмір сүрген заманның тарихы.

Сегіз серінің Кіші жүз елінде Исатай, Махамбеттермен кездесуі ақын өміріндегі үлкен тарихи уақиға болды. Ақынның патша үкіметінде деген наразылығы артып, Исатай-Махамбет көтерілісін барынша колдаганын, тілектес адамдарының бірі болғанын өзінің өлеңдерінде де ашық айтады:

*Дам-түзүң қазағымның жүрмін ақтап,
Исатай, Махамбеттің ісін жақтап.*

Сегіз сері Исатай-Махамбет көтерілісі жайлы «Исатай-Махамбет», «Ер Исатай» атты дастандарын, Исатайға, Махамбетке арнаган жоқтау өлеңдерін жазған.

Орта жүздің беделді би, бектерінің араласуымен тек төрт жылдан кейін, 1838 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Сегіз серіге кемпірім жасайды, ақын елге оралады.

Еліне келісіммен тұбі Баганалы Найман, Елғұн деген байдың қызы Үрысбике сұлуға үйленеді. Бакытты отбасынан бірттегі үршак өрбілген. Олар: Мұстафа, Мұсабек, Мұсаібын,

Мұсажан, Мұсахан, Мұсағұл, Есболған деген ұлдары және Бибізада деген қызы болған.

Сегіз сері Шақшақов 1854 жылы Дос көлінің маңындағы жайлауда қайтыс болады.

Ақын-сазгердің Сегіз сері атануының да сырды бар. Ол сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі болған. Біріншіден, туған елінің тағдыры мен болашағына қара бастың қамы мен мұддесін жығып бергені үшін патша үкіметінен құдалау көрген үлтжанды азамат. Қалған өнерлері де бір төбе, жауырыны жерге тимеген балуан, құйысқаны қанды аңшы, құралайды көзге атқан мерген, бармағынан бал тамған шебер, зергерлігі тағы бар. Домбыраны, қобызды сарнатқан күйіші, аспандағы аққуға үн қосқан өнші, өлеңмен өрнек тоқыған арқалы ақын. Оның нөзік махабbat лирикасы, өміршіл кең тынысты эпикалық дастан-жырлары жазу-сызуы кемдеу қазақ даласының түкпір-түкпіріне ауызша тарап кеткен. Оны өзі де білген, басқалары да айтқан. Мысалы, өзі:

Әйгілі болды жұртқа өнеріміз,
Артып жүр жас болсақ та беделіміз.
Жанқүйер дос-жарандар көп болған соң,
Жайылды елден-елге өнеріміз, –

десе, шекірттерінің бірі Дәндібайұлы Жаманқұл ақын:

Елу бес әнін Сегіздің
Елге өзім тараттым.
Қырық бес күйін Сегіздің
Тартып бердім әр жерде.
Тарап кетті халқына
Жүзден аса дастаны.

Әрине, әсірелеу де бар шығар, сонда да қазір бүкіл Қазақстанның түкпір-түкпірінен өткен ғасырдың орта кезінен бері жинаған дүниелердің өзі қаншама.

Сегіз сері – алдымен лирик ақын. Тек қана әнін де өзі шығарған махабbat тақырыбына арналған өлеңдері отыздан аса-

ды, оның ішінде: «Гаунар тас», «Қарғаш», «Ақбулақ», «Әйкенай», «Қаракөз», «Файни», «Назқоңыр», «Жылъыой», т.б.

Алланың берген зор талантын қызғанған біреулер Сегіз серінің жүрген жерінде қыздарға ғашық бола береді деген уәжді алға тартады. Өзі сал-сері болса, суырыпсалма ақын, жеңтаңдай өнші болса, жақсыны көрмек үшін дегендей, сұлу қызы, көркем келіншектерді көргенде неге бұғып қалады? Шабытты сезім оятады, ақын нәзік жанды, өте сезімтал келеді. Сондықтан си-рек кездесетін сұлулықты, әдемілікті асыл, нәзік сөздермен өрнектеп, әдемі, сазды өнмен түйіндесе несі айып?

Біз жоғарыда Сегіз серінің азаматтығы туралы айтып кеткен едік. Шындығында, ақын көп өлеңдерінде, дастандарында, толғауларында туған еліне, Отанына деген ыстық сезімін білдіріп отырады. «Қашқын келбеті», «Қызы сипаты» дастандарында, «Жорықта», «Туған ел», т.б. өлең-термелерінде елінді сүюмен бірге, халқыңа адаптация болады. Ата салтымен атқа мін, Отаныңды қорға деп ерлікке шақыратын өлең жолдары көп кездеседі.

*Халқына азап көрсеткен
Жауга аттанбай ер болмас.
Ат қойып қарсы дүшпанга,
Камалга шаппау жөн болмас.*

(«Ай жарығы таң болмас»).

Ақын елді, жастарды ерлікке ғана емес, ынтымақтастыққа, бірлікке шақырады:

*Бөлінбе, қазақ, жік-жікке,
Бөлінсең, қазақ, жік-жікке,
Шіл bogындаи бытырап,
Шыға алмассың биікке.
Не жетсін, жүртүм, бірлікке,
Мән берген жөн ерлікке.
Өнер қуып кәсіп ет,
Салына бермей өрлікке.*

(«Бірлік, өнер, кәсіп»).

Мысалы, «Тұған елім» деген өлеңінде:

*...Тұған ел, ыстық болдың мұнша неге,
Білмеймін, осылай ма әр пендеге?
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейсін,
Көңіліме қағылыпсың болып шеге.*

Ал Сегіздің бүгінгі күні тапшы болып бара жатқан адамгершілік, имандылық қасиеттерімізді насхаттау, жастарға ақыл-кеңес беру мақсатында жазылған шығармалары да аз емес. «Не пайда?» деген толғауында:

*Жауынгер жігіт сол болар,
Қамалдан тізгін тартпаса.
Талапты жігіт сол болар,
Міндептін елге артпаса.
Адал жанның белгісі –
Сыртқа сырды шашпаса,
Сабырлы жанның белгісі –
Шарадан асып таспаса.*

(«Не пайда? »)

*Иілмей тас болғаннан сынган артық,
Басына пәле келсе тынган артық.
Мінгенише жамандармен алтын таққа,
Ерлермен бірге тұскен зындан артық.*

(«Нақыл сөздері»)

Сегіз серінің өмірі мен шығармашылығы терен зерттелді деп айта алмаймыз. Дегенмен, ол жайында оң пікір айтушылар: Фабит Мұсірепов («Ұлпан» повесінде, қойын дәпптерінде), Әлкей Марғұлан («Әнді ерттең, күйді мінген кеменгерлер»), Тұрсынбек Кәкішев, Мырзабек Дүйсенов, М. Жармұхаммедов, тағы басқа әдебиетші-ғалымдар, әдебиет зерттеушілері екі жүздей зерттеу мақалаларын жазды. Сонымен қатар, Сегіз сері туралы арнайы екі әдеби зерттеу еңбегі жарық көрді (Т.

Сүлейменов. «Сегіз Сері», «Өнер» баспасы, 1991 жыл; Н. Әбұталиев. «Сегіз сері», «Жалын» баспасы, 1991 жыл).

Бұның барлығы үлкен игілікті істің беташары ғана. Сегіздің шығармалары, өсіреле дастан, қиссалары арнайы зерттеуді қажет етеді.

Заманымыздың заңғар жазушысы Фабит Мұсіреповтің «Ұлпанында» мынандай жолдар бар: «Ақын Шәрке сал, соқыр Торжан ақын, Нияз сері, Сапарғали ақын, тағы 3-4 жаңа перілер. Бәрі де атақтының атақтысы Сегіз сері ақынның мұрагерлері. Бұл елде «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу», «Қызы Жібек», «Ер Тарғын» жырларын Сегіз серінікі деп санайды. Сегіз сері өз жаңынан шығарған ба, ол арасы дүдемал. Ал «Қарғаш», «Гаунар тас», «Әйкен-ай» әндерін Сегіз сері шығарғанын тіпті дауға салмайды, түгел мойындан қойған (F. Mұsіrепов. «Ұлпан», 1975. – 164-бет). Сегіз сері болған ба, болмаған адам ба деп күдікtenушілерге енді қандай дәлел керек? 1500 жылдығын өткен жылы атап өткен «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» поэмасының бір нұсқасын Сегіз сері жазғанына тіпті де дау жоқ. «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» жырының 20 шақты нұсқасы болғанын «Қазақ қауымы» деген еңбегінде Сәбит Мұқанов та жазған (С. Мұқанов. «Қазақ қауымы», 1995. – 148-бет).

Сегіз серінің тарихи тұлға екенін, аса дарынды әнші екенин куәландыратын – оның талантты шекірттері. Сегіз қайтыс болғанда 40 ақын қайғырып, қоштасу өлең-жырларын арнаған екен. Оның ішінде халқын әнге бөлеген Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Нұржан Наушабаев, Шәже, Орынбай, Арыстанбай, т.б. ақын, сал-серілер бар. Атақты Біржан сал:

*Үстазым Сегіз сері, Нияз сері,
Олардан үлгі алған мен Біржан сері, –*

деп жазса, Нұржан Наушабаев «Сегіз сері» атты дастанында:

*Үрпаққа жақсы дәстүр бастап кеткен,
Артына өшпес жырлар тастап кеткен.
Үш жүзге батырлықпен аты әйгілі,
Керейде Сегіз сері болып өткен, –*



деп жазған. Сегіз серінің сазгерлігі, өншілігі, күйшілігі туралы әңгіме бөлек.

Жұртшылықты мазалайтын тағы бір сауалға тоқтала кеткенді жөн көрдік. Қазақша, орысша сауаты мол Сегіз сері бағамыз өлеңдерін ауызша ғана айтып, жазба түрінде қалдырмаған ба деп сұрақ қоятындар бар. Біздің пікірімізше, ішінде өнерлі жастардың тобы – ақыны да, өншісі де, балуаны да, ұлттық спорт шеберлері де, әзілкештері де бар сал-серілер ауыл-ауылды аралап, елге өз өнерлерін көрсетіп, өнге белеп жүргенде шығармаларын жазып отыруға жағдай іздемесе көрек. Дегенмен, Сегіз серінің артында қағазға түскен мол дүниенің қалғанын көнекөз қариялардан естігеніміз бар.

Тіпті бертін, 1998 жылы Сегіздің мұрасын зерттеп жүрген 5-6 адамнан құралған топ Жамбыл, Тимирязев ауданын ара-лағанымыз бар. Сонда Айымжан ауылсында Сегіз серінің төртінші үрпағы Шайхули ақсақалмен кездескен болатынбыз.

Ол кісінің айтуы бойынша, Сегіздің қолжазба еңбектері, қобызы, домбырасы 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін сақталыпты. 1922 жылы сәуір айында қызылдарға ат бердің деп ақтар ауылды өртеген екен. Үймен бірге үш сәби: Мендіқожа, Мендіхан, Мендібай да, Сегіздің қолжазбасы мен өн-күй аспаптары да бірге өртеніп кеткен көрінеді. Бұл қайғылы уақығаны ауылдың ақсақалдары қазір де айтып отырады.

Откен жылы Қызылжардағы жергілікті баспадан Сегіз серінің 2 томдық шығармалар жинағы азғантай таралыммен басылып шықты. Бұл ақ ниет, игілікті шараға Солтүстік Қазақстан облысы өкімінің орынбасары, ұлтжанды азамат Қуат Есімханов бастаған ел азаматтары, филология ғылыминың докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев бастаған ғалымдар бір кісідей атсалысты. Шығармаларын баспаға дайындал, түсініктеме жазған – Социал Жұмабаев.

Қазақстан Республикасының Көлік және телекоммуникация министрі, ұлт рухына қызмет етуге дайын ардақты азамат Қажымұрат Нағымановтың қамқорлығымен республика мәдениетінде жазылған – Социал Жұмабаев.

Мұның бәрін Сегіз сері мұрасын көздің қарашығындағы сақтау үшін жасалған иғі қадам деп түсінген жөн. Сегіз сері – алыстаған сайын айқын көрінетін таулар сияқты қазақ жұртымен бірге жасай беретін есім.

ДНЕПРДІҢ ТЕРБЕТІП ТОЛҚЫНДАРЫ...

Мамырдың 18-28 жүлдіздары аралығында Украина да
халықаралық Т. Шевченко мерекесі болып өтті

Тарасты жұрты тәңіріндегі танып, киесіндегі қастерлейді екен. Мың жылдан аса тарихы бар ежелгі Киев қаласына жеткен сәтте-ақ ұлы Кобзарьға деген елінің махаббатын сезіндім.

Алыс-жақын елдерден ат арытып келген әдебиет пен өнер өкілдерін қабылдаған Украина Жазушылар одағының төрағасы Юрий Мушкетик мерекенің мән-жайымен таныстыруды.

— Тарас — біздің арымыз бер абырайымыз, — деді ол. Шындық пен бостандықтың жыршысын жыл сайын мамыр айында еске түсіру дәстүрге айналған. Бұл — елдің елдігін танытып, рухын көтеру үшін керек шара. «Өлгенде мені жерлеңдер Днепрдің жағалауына» деп өситет айтқан ақберен ақын бұл күнде ұлтының рухани әкесіне айналып, замана заңғарынан қарап тұр. Мамырдың 22-жүлдізы — Тарас мұрдесін Петербордан жеткізіп, үрпақтарының Шеркеш тауына жерлекен күні. Ол жер бұл күнде Тарас тауы деп аталады. Мерекенің ашылу салтанаты осы күнге орайлас келуіне көніл бөліп келеміз. Тарас тойы онынши рет өткізіліп отыр. Биылғы мерекенің негізгі иесі — елдің онтустігіндегі Херсон облысы. Жыл сайын тойдың ауқымы да кеңейіп келеді.

Иә, бұл жолы Тарас тойына Америка, Канада, Румыния, Польша, Ресей, Беларусь, Молдова бастаған жиыны он сегіз мемлекеттен қонақтар келіпті.

*Айқасып жүріп ақыры
Еркіндік алған дос халық;
Атымды атап ақырын,
Жүріңдер мені еске алып, —*

деп Тарас өлеңге қосқан дос халықтар өкілдері ұлы ақын, ұлы суретшінің аруағына бас ие келгені анық.

«Өзіңе тағдыр дәм-тұзын татуды бүйіртып, халқымның меймандос көнілін тани білген, жырына да, суретіңе де арқау еткен қазақ елінің сәлемін алып келіп тұрмын, қасиетті Тарас!» деймін мен іштей.

Мамырдың 18-жүлдызында Киевтегі Т. Шевченко ескерткішіне гүл шоқтарын қойдық. Осы жерде Украина Президенті Л. Кучма мен елдің Премьер-министрі П. Лазаренконың халықаралық мерекеге қатысушыларға арналған құттықтауы оқылды.

Сол күні кешкілік украин әдебиеті мен өнерінің өкілдері, қонақтар теплоходқа мініп, Киев – Херсон бағытымен жолға шықты. Мамырдың күні де халықтың көніліндегі жадыраңқы. Жағалаудағы жап-жасыл орман Днепрде тербелген теплоходқа сәт тілеп тұрғандай.

Келесі күні Канев қаласына келдік. Тарас тауы мемлекеттік музей-қорыққа айналған. Мұнда халық жұмыр жердің әр түкпірінен ағылып жатады екен. Тарас зиратының басында ақын рухына тағзым етіп, гүлдер қойдық. Тарас тауы украин ұл-қызының қасиетіне айналғанына көз жетті. Бұл жерде бірнеше мың адам жиналыпты. Жұздері бал-бұл жайнаған бұлдіршіндерден бастап, ақ басты қариялар да жүр. Ұлы Кобзарь тойы халық тойына айналған. Мұнда жас суретшілер көрмесін тамашалап, Тарас музейін араладық. Ақын өміріне байланысты экспонаттардың ішінде қазақтың алты қанат ақбоз үйі бір залды алып тұр екен. Желбауы бүтін, жиһазы түгел. Қатты толқыдым.

Музейдің үлкен залында әдеби-музыкалық кеш болды. Алғашқылардың қатарында кезек маған да тиді. Орысшаға аударылған екі өлеңімді (аудармашы – ақын Бақытжан Тобаяқов), қазақ тілінде бір өлеңімді оқыдым. Жұрт жылы қабылдады. Украин елінің халық әртістері А. Соловнякко, М. Стефюк бастаған өнерпаздар өнер көрсетті. Кеш соңынан жергілікті жұрт өкілдері қоршап алды, елдің хал-жайын сұрады. Жалпы, украиндықтардың қазақ халқына, жеріне деген құрметі мен ықыласы ерекше екен.

— Одақ ыдырағалы барыс-келіс сиреп кетті. Он тоғыз жыл Қостанай облысының Мендігара ауданында тұрып едім. Көнілім Қазақстан десе алабұртып тұрады. Сізді көріп толқып кеттім, — деп көзіне жас алды қарт ана Нина Величко. — Сағынып жүрмін, балаларымның туып-өскен жері ғой.

— Сау болыңдар, қазақтарым! Сендер ғажап халықсындар. Қарағандыда тұргам. Қөшіп келгеніме төрт жыл болды. Туған-туыстар сонда, уақыт тауып үйге жүр, айналайын! Қуырдақ жеп, жақсылап бір шай ішейік, — дейді жасы жетпісті алқымдаған ақсақал Роман Зимовец.

Сапар өрі қарай жалғасты. Теплоход іші Қоянды жәрменекесіне айналып кеткендей. Өнер ұжымдарының концерттері, авторлық кештер, суретшілердің көрмесі – бәрі-бәрі бірін-бірі жалғастырып, толықтырып дегендей, өзгеше бояу, өзгеше салтанатымен жаңына нұр құяды.

Жалпы, Украина – бақытты ел. Елдегі 53 миллион халықтың 38 миллионға жуығы украин ұлтының өкілдері. Зиялдыры да, жастары да, шаруасы да тек ана тілінде сөйлеседі. Қәшелерде орыс тіліндегі жарнамалар некен-саяқ. Соңғы алты-жеті жылдың ішінде украин қаламгерлері елдің рухани ұстазына айналып үлгерген сыңайлыш. Екінің бірінің айтары – халқының ертеңі, елінің қамы, тілі мен ділінің болашағы. Ақын-жазушыларында жаңару, түлеу бар. Саясатқа сергек. Олардың даусы ел Президентіне де, үкімет басындағыларға да жетіп жататынын аңғардым. Жалпы, халықтың ұлттық рухы жоғары.

Каневтен соң «Маршал Кошевой» кемесі Черкасск, Светловодск, Кременчуг, Днепропетровск, Днепродзержинск қалаларын басып өтіп Запорожьеге келді. Мұнда да мерекелік дайындық шаралары жоғары деңгейде өткенге үқсайды. Нантұз ұсынып қарсы алған жергілікті жұрттың қөңіл қуйі шат. Сол күні М. Глинка атындағы концерт залында мереке қонақтарымен кездесу кеші өтті. Хортица аралындағы Запорожье казактарының Ұлттық қорық-музейін тамашаладық. Казак ансамблі өнер көрсетіп, ат спортының небір ұлгілерін алдымызға тартты. Осы жерде олар мерекеге қатысушы 250 қонаққа дастархан жайды.

Мамырдың 22-жүлдөзы. Қонақтарды тойдың негізгі иелері херсондықтар қарсы алды. Мерекелік бағдарламаны қолымызға алғанда оның мазмұндылығына, жан-жақтылығына таңғалдық. Түске дейін арнайы топтарға бекітілген көліктермен қаланы аралап, сурет көрмелерінде болып, кездесулерге қатыстық. Қонақтарды облыс әкімі М. Карасик қабылдады.

Халықаралық Т. Шевченко мерекесінің салтанатты ашылуы кешкі сағат бесте Днепр жағалауындағы «Даңқ» паркінде басталды. Құттықтау сөз Ресей, Қазақстан, Беларусь елдерінің екілдеріне ғана тиді.

Мен украин жұртын ұлы мерекесімен құттықтап: «Тарас – ең бірінші біздің қазақ халқының ұлы, сосын сіздердікі», – дедім. Херсондықтарға Қазақстан Жазушылар одагының ескерткіш сыйлығы – Қожа Ахмет Иасауи кескіні бейнеленген кілемше мен «Қазақстан» фотоальбомын табыс еттім. Бұл үлкен мереке қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар тойына ұласатынын жеткіздім.

Салтанатты ашылудың соны үш сағаттық театрландырылған көрініс пен өнер шеберлерінің концертіне ұласты.

Украинамен біздің мәдени байланыстарымыз тығыз. Әсіресе қаламгерлер арасында жақсы қарым-қатынас орнап, достық көңіл қалыптасқан. Бізде Т. Шевченконы айтпағанның өзінде, И. Котлеревский, И. Франко, Л. Украинко секілді классиктерден бастап, Иван Драч, Пабло Мовчан, Степан Пушкик сияқты бүгінгі украин ақын-жазушыларының есімі жақсы таныс. Ондаған қаламгерлер шығармалары қазақ тіліне аударылған.

Украин достар да Абайдан Аманханға дейінгі біздің әдебиеттіміздің тынысынан хабардар екен.

Келесі күні мерекеге қатысушылар 20 маршрут бойынша облыстың 18 ауданы мен қала мекемелеріне арнайы көліктермен топ-топқа белініп аттанып кетті.

Құрамында украин ақыны Людмила Тарасенко, беларус ақыны Олесь Писменников, суретші Виктор Гук және мен бар, біздің топ Иванов ауданына жол тарттық. Ол облыс орталығынан 180 шақырым жерде орналасқан ең шалғай аудандарының бірі екен. Шаруашылықтармен қоса есептеген-

де, ауданның 27 мың халқы бар. Науқан кезі болғанмен, аудан орталығындағы Мәдениет үйіне жұрт көп жиналды. Жергілікті өнерпаздар өнер көрсетті. Одан соң Мичурин атындағы колхозда болдық. Халықтың шаруақорлығына назар ауды.

— Биыл жауын-шашын сиректеу. Техника жүріп тұр, ел еңбектеніп жатыр. Мынадай жері бар жүрттың ешкімге қол жаюға қақысы жоқ, — дейді колхоз басшысы Н. Василенко. Бұл елде негізінен ұжымдық шаруашылық қалпы сақталған.

Мерекенің салтанатты жабылуы Тягинь аралында болды. Жалпыхалықтың мереке деген осындай-ақ болар. Ондаған мың халық жиналып, осы жерде ән қалықтады. Украина бауырлардың көңілі көл-кесір екен. Тарас есімі украина жүрттының рухына айналып, аспанда қалықтап тұрғандай. Ән өуелеп, би дәңгелеп, рахат бір сөт кешкен мезгіл болды.

Той эстафетасын херсондықтар Луганск облысының өкілдеріне табыс етті. Жиналған жұрт кешкілік тойдан тарап жатты.

Мені де беттен сүйіп, бауырына басқан жұрт аз болған жоқ. Еліме деген көл-кесір ықыласты көргенде жанарым жасаурап, жүрегім жырлады:

*Украина!
Айналайын ардақ ел,
Көңілімде көктем болып қалған ел.
Днепрдің толқынында тербетіп,
Ақындарын алақанга салған ел.*

*Ей, замана!
Адамзатқа бер тыным.
Бауырым бүтін, сөгілмесін қолтығым.
Тарас елі Тарас үшін сүйгенде –
Ұлы өзеннің толқынындаі толқыдыым.*

*Украина!
Қайғы-мұңды кешкен ел.
Орманындаі қауулап сосын өскен ел.*

...Жүртқа тастап көрген емес «тамырын»
Қыр қазагы, оңды-солды көшикен ел.

Аққу арман арда халқым арлы, асқақ,
Ей, бауырым, сен де мендей жолдас тап.
...Тарас болсаң дәм-тұзымды ұсынам,
Қайғы кешсөң Қайсенов болып қол бастап.

Тарас десе,
Көк пен жердің арасы,
Тағым етер байтақ қазақ даласы.
...Украина Тарасымен бақытты,
Үрпагымен бақытты екен Тарасы!

Херсоннан Киевке бет алдық. Қайтар жолда Тарас тауына соғып, тағы бір тағым еттік. Қоңілі көктем, жаны жаз жүрт екен мынау!

Сапар аяқталуға жақындаған сайын мені біздегі өткізіліп жүрген мерекелердің өлі де бір қайнауы ішінде екені толғандырды. Биылғы Тарас тойына бесіктегі баладан, еңкейген қартқа дейін миллиондаған халық тартылды. Үлкендері шығармашылық түрғыдан сырласуға, жастары өзін жүртқа көрсетуге мүмкіндік алды. Шапан-шақпытқа таласып шапыраштанған пенде жоқ.

Шіркін, Жидебайдағы Абай жатқан жер қазақ баласының сыйынып барап рухани Меккесіне айналар күн қашан туар екен?!

Қоштасар кез келді.

– Қасым батырға, Хамит ақынға сөлем айт! – деді жанары жасаурап қарт қаламгер Данила Бакуменко.

– Ұлықбек менің өзіне арналған өлеңімді біле ме екен? – дейді ақын, Украина Жазушылар одағы өдеби қорының директоры, Шевченко мерекесін үйымдастыру комитетінің төрағасы Микола Шевченко.

– Иранбекке дүғай сөлем! – дейді херсондық ақын Анатолий Кичинский мен лучанскілік ақын Иван Низовий.



— Сендер санасы сау халықсындар! Қалғи көрмендер, — дейді халық суретшісі Василь Гурин.

Көріскенше, Тарас елі!

Сендер мені ұлы өзендеріңің толқынында ғана емес, аялы алақандарында да әлділей білдіндер.

Қош, қасиетті Днепр!

1998 жыл

ҮРДІННІҢ КӨРДІМ ҮР КҮНІН...

Иордания Корольдігін жергілікті жүрт Үрдін деп атайды. Қараша мен мамыр аралығында болмаса, алты ай жаз мұнда жауын-шашын деген болмайды екен. Сахараның шөліне үйренген арабтардың түрмис-тынысында ежелден бастау алған үрдіс, дәстүрлердің молдығын Амман әуежайына табан тіремей жатып-ақ аңгарған болдым. Стамбұлдан көтерілген үшақ Үрдін астанасына дейін екі жарым сағат үшін, жергілікті үақытпен кешкі бесте әуежайга қонды.

Осында қарсы алған Қазақстанның Аммандағы құрметті консулы Абдуллаһ әл-Киссуани амандық-саулық сұрасып, енді екі сағаттан соң Жераш шаһарында өнер фестивалінің ашылу салтанаты болатынан хабардар етті.

— Ассалаумағалейкүм, бармысың, бауырым? Қазақстан, ел-жүрт аман ба? Өзің келеді деген хабарды естіген соң, Үрдіндегі үш үй қазақ елеңдеп отырмыз. Мынау менің қызыым Сәмә, алтыншы оқиды, осындағы Салық Қазақ деген ағаң мен боламын.

Қағілездеу келген жігіт ағасының қимылы да, сөзі де ширақ.

— Қасында боламын, кеткеніңше тәржімашы міндетін өзім атқарамын, — деп қояды ағамыз. Ол жол бойы өз тағдырынан хабардар етті. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғында басы ауған жаққа босып кеткен елдің көшінде Салықтың әкелері де бар екен.

— Адайдың ішінде Жеменейміз, — дейді ағамыз.

Түрік, Ауған, Иран айналып, дүниенің сайынан сая таппай босқан бұл өulet алпысыншы жылдары Сирияға көш басын түзеген екен. Онда жете алмай, осы Үрдінде орнығып қалғанына да қырық жылдың жүзі ауыпты. Әкелері Омекең өмірден озарда үрім-бұтағының барлығының фамилиясы бұдан былай Қазақ болсын деп аманат етіп кетіпті.

— Елден хабар сирек. Тоқсан бесте өкемді алып Қазақстанға, атамекеніміз Маңғыстау өніріне барып қайттым. Осы сапар ұлы Абайдың тойына тұспа-тұс келіп, соған қатысу бақытына ие болдық. Мысырда елші болып тұрғанда Болатхан Тайжан бауырымызға аралас-құралас едік... Тағдыр ғой, кіндік қаңымыз жат жерде тамса да ел деп соғады бұл жүрек. Сүйегі – Алтын Жаппас, Сүйеп деген ақсақал бар еді осында. Екі баласы да араб қызына үйленген. «Тұқымым таусылды ғой...» деп жылап кетті байғұс.

Салық Қазақ сарғайған екен, сағынған екен. Үш ұл, үш қызы бар. Ұлкендерінің бәрі Түркияда тұрады. Ағасын әуежайдан күткен Сәмә қызы – ағылшын, араб, түрік тілдерінде еркін сөйлейтін Сампоз Қазақ есімді оқу озаты.

...Халықаралық Жераш өнер фестивалі елде биыл жиырма үшінші рет өткізіліп отыр. Бұл шаһар – біздің дәуірімізге дейін 160 жылдар мұғдарындағы көшпенді арабтардың Набат тайпасы, одан сәл беріректегі Рим империясынан бастау алатын тарихы бар көненің көзіндегі мекен. Ежелден қалған ескерткіш жәдігерлер көп. Арабтар – өткеніне өбектеп қарайтын халық.

Шілденің 21-жүлдызында кешкі жеті жарымда фестиваль алауын елді қырық жылдан артық басқарған король Хусейнің зайыбы Ханшайым Мәлике-Нұрдың өзі тұтатты.

Тастан қашалған, кемі он мың адам сыйтын ашық сарай адамға толы. Көрермендер алыс-жақыннан ағылыш келгенге үқсайды. Биылғы өнер мерекесінің жөні ерекше, аясы кен. Себебі мұнда Ирак, Ливия, Румыния, Египет, Сирия, Франция, Палестина, Чехия, Жапония, Қазақстан секілді жиынын отыз төрт іргелі мемлекеттен өнер жүлдыздары, ән-би ұжымдары, ақындар мен суретшілер шақырылған. Жарты айдан астам уақытқа созылған өнер бәйгесінің беташары Үрдіннің әйгілі әстрада жүлдызы Диана Каразонның концертімен ашылды. Жераш аспанында төрткүл дүниеден жиналған өнерпаздар ән шалқытып, әуен тербетті.

Фестиваль директоры Жаржас Самауи беташар сөзінде әлемді өнер атаулы ғана ізгілікке бастайтынын айта келіп,

адамзат баласы осындай ізгі шараларға ғана ынтық болса екен деген ой меңзеді.

Күнде кешкі сағат жетіде мереке бағдарламасы бойынша түрлі шаралар бірнеше жерде қатар басталады. Арабтардың бойына біткен сабыр, рақым сияқты қасиеттерден болса көрек, үйымдастыру жұмыстары ын-шыңсыз, рет-ретімен. Әр елден келген отыз жеті шайыр түрлі пікір алысулар, кездесулер, конференцияларға қатыстық.

Кешкілікте күн сайын үш акынның біріккен кеші болады. Ондай кештер бірде мын орындық Поэзия сарайында, бірде Ханшайым Мәлике-Нұрдың үлкен сарайында өтеді.

Арабтар өлеңнің әуені мен әуезіне сонша көңіл бөледі екен. Беріліп тыңдайды. Абай хакім айтатын «үәзінге өлшеп тізілген» деген жыр жолдарында аңғарылатында, араби - аруз-арақ поэзиясының табиғатына тән фонетикалық ерекшеліктерден туындаған өлең елшемі, бұл үрдіс біздің бүтінгі жазба өлеңімізде көнінен тараган. Халқы бір миллионнан солған асатын Амманда Поэзия сарайы аталатын жыр жайының болуының езі елдің өлең әлеміне деген құрметінің каншалыкты дәрежеле екенін айқын көрсетсе керек.

Шілденің 27-жүлдызындағы жыр кешінің алғашкы көзегі маган тиді. Өзіме берілген 40 минутта жиырмага тарта өлеңімді оқыдым. Консул Абдуллаһ мырза баласы Мұхаммед екеудің залдағы көрмерменің бәрінің алдына жырларымның төржімесін койып шығыпты. Жүрт үлкен ықыласпен тыңдады. Египет ақыны Ахмад Шайауи, Араб Эмиратының шайыр қызы Жамаана Саадак үшеумізін бірігіл әткізген кешімілі жогары бағалады жиынған жүрг.

— Поэзияда улт та, тіл де болмайды, оның үлтты да, тілі де — поэзия. Сенің жырларыңды жатқа оқығаның жанымызды тербетті, бауырым, — деп қуттыхтады бәрінші болып Мәскеудегі Кинематография институтының түлегі, үрдіндік талантты қаламгер Яспир Кубайлат. Мерекені үйымдастырушылардың бірі Ҳаафиз Алиаан да казак елі, қазак өнері туралы алі де аз белгітінін айтып, қолымды қысты. Осы мерекеге шакырылыш, тамыздың алтыншы жүлдызында Жерапшатағы үлкен сахнада

өнер көрсетуге тиіс Қазақстан Президенті оркестрінің түрлі себеппен жете алмай қалғанына өкініш білдірді Хаафіз мырза.

Қазақстанның Аммандағы құрметті консулы Абдуллаһ – елдегі аса бақуатты адамның бірі. Өзі ғалым, өзі жазушы. Қазақ елінің экономикасы мен мәдениеті жайлы кейінгі жылдары екі кітап жазған. Осы өнер мерекесіне қазақ өнерпаздарын шақыру жөнінде мәселе көтерген. Үрдіннің жоғары оқу орындарында қазақ жастарын оқыту жөнінде келісімдерге қол жеткізген. Бұғаңға қазақ жырының талантты өкілдерінің жолма-жол аудармасы өзір болса, жыр жинағын араб тілінде жариялатуды өз мойнына алатын ойын білдірді Абдуллаһ мырза. Осы шаруаны үйімдастыруды қолға алуға уәде еттім.

Келесі күні елдегі ежелгі тарихы бар мекен Рум жазығы, Бадра тауын бетке алып, үш жұз шақырымдық межелі жерге бет түзедік. Күн күйіп тұр. Шайырлар мінген автобус іші салқын. Маған Иордан университетінің дін факультетінде оқытын қырғыз баласы Ибраһим Асанұлы аудармашы болып ере шықты.

Жол бойы елді мекендер, құм көшкен мекиен шөл. Жантак, көде секілді шөптер сирек-сирек қана ұшырасады. Шаруа бақын көшпелі бәдәуилер шатырда тұрып жатыр, сахараның шұбырған түйелері меніреу шөлдің тілінде тірлік кешетін сияқты. Екі күн бойы дала кезіп, елдің тарихи мекендеріне тағым еткен ақындар Амманға шабыттанып, арқаланып оралдық.

Араб тілі – семит тобына кіретін тілдердің ішіндегі ең көп тарағаны. Бұл тілде сөйлеушілер 100 миллион адам шамасында. Олар: Мысыр, Сирия, Кувейт, Үрдін, Ливия, Тунис, Алжир, Марокко, Ирак, Судан, Иемен, Бахрейн сияқты жерлерде мекендейді. Араб тілінде шетжүрттық сөздер өте аз қолданылады. Ұлы Абайдың жас кезінен араб тіліне дең қойып, қазақ өлеңіне «ғаруз» өлшемін енгізуі кездейсоқтық емес. Себебі әлемде араб тілі Шығыс кілті ретінде бағаланады.

Үрдін мемлекетінде бес миллионға жуық халық бар, жерінің 80 пайызы шөлейтті аймақта жатады. Халық санының жартысына жуығы 15 жасқа дейінгі балалар.

Елді король басқарады. Бүгінгі мемлекет тізгінің ұстап отырған король екінші Абдулла Хусейннің баласы. Жұрттың өмірге деген сенімі нық, иманы кәміл. Үрдінде заң қатал. Ұрлық-қарлық жоқ. Тұнгі Амман базарларында ашық жатқан сатушысыз дүкендерді көріп таңғалады екенсін. Мұнда арақ ішіп, көшеде мас болып жүру мүмкін емес көрінеді. Ел патшасына сенеді, оның сыртынан ғайбат айтуға жол бермейді. Араб мемлекеттерінің ішінде үрдіндіктердің оқу-ғылымға ерекше ден қоятынын аңғардым, мұндағы көпшілік исламды өлемді кесаптардан қорғайтын күш ретінде бағалайды.

...Қайтар уақыт жақындағанда Салық Қазақ қой сойып, ешкі сүтінен жасалған қымызын сапырып қонақ етті. Сол үйге тайлы-тұяғымен жиналған Үрдіндегі үш үй қазақ мен сыйлаған Айгүл Үлкенбаеваның орындауындағы күйлерді тындалап, көздеріне жас алысты, бәріміз де қимас бір сәттерді бастан кешірдік.

Мұндағы қазақтардың бәрі де іс адамдары. Салық аға мен Зейнеш жеңгейдің тігін цехи, Бердәulet баласы Мақсұт есімді бауырымыздың үлкен дүкені бар. Мақсұт інім көзі ашық, бірнеше тілге жүйрік, көшелі азамат екен. Осында туған, араб мектебін бітірген, түркиялық қазақ қызына үйленген, екі баласы бар.

Қазақстанда болып көрмепті, жоғары білім алған, саясаттан да хабары мол, нәсіп болса, ата жүртқа ораларына сенімді.

— Хош келдіңіз, аға, бір жасап қалдық қой. Қазақстан тәуелсіздігін алғанда ақсарбас айтып, той жасағанбыз. Қатынас сирек, соның жиілегені жөн. Осыдан екі-үш жыл бұрын Қазақстан футболшылары Үрдінге келіп жолдастық кездесу өткізді. Құн ыстық, жігіттер шөлдеп қалады ғой деп су суанымды даярлап, жүрегімді қолыма ұстап, жаттығу болып жатқан жеріне жетейін. Нанасыз ба, сол топтың ішінен «Ассалау...» деп амандасуға жарайтын бірде-бір қазақ баласын таптай салым суға кетті, үйге шақырам деген арманым адыра қалды, ойындарына баруға да зауқым соқпады, — деп бір мұның жайып салғандай болды Мақсұт інім әңгіме арасында...



...Амман әуежайынан авиарайнер елге қарай бет алғанда терезеден жерге қарадым. Сап-сары құм сағыныштың самалын соқтырып сусып бара жатыр. Соның ішінде араб жұрты ұжмақ орнатуға кіріскендей. Бұл ел маған қанағат пен рақымның, сабыр мен ардың мекеніндей болып елестейді енді, жүректі жыр жолдары тербейді.

*Үрдіннің көрдім үр күнін,
Жанымның аштым бір гүлін...*

*«Қазақ әдебиеті» газеті.
2004 жыл*

«ӘДЕБИЕТ – АРДЫҢ ЕМЕС, АҚШАСЫ БАРДЫҢ ІСІНЕ АЙНАЛЫП КЕТПЕСЕ ЕКЕН...»

– Өткенде Сіздің әдеби орта туралы пікіріңізді оқығаным бар. Орнықты ой айттысыз. Магжан «Толқынды толқын құады» дейді, сондықтан әңгімемізді қазақ жырының қазіргі хал-ахуалы, ғасыр айрығындағы қаламдағы ағайынның жай-күйі туралы айтудан бастасақ.

– Сөз күйігі қашанда жүрекке түседі. Қалам – қылыштан да өткір құрал. Алыстан ізdemей-ақ, Бұқардың Абылайға, Сүйінбайдың Тезек төреге, Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқанын зерделесек те жарап. Қай халықтың да әдебиетінің тууы, өсуі, өркендеуі үлкен құбылыс. «Үлкен мәдениеті бар халық – үлкен халық» дейді Нобель сыйлығының лауреаты, философ Альберт Щвейцер. «Гомер ақын Эллада қауымын ат-тас тәрбиелейді» дейтін Платон сөзі – әдебиеттің эстетикалық қуатын көрсететін баға. Әдебиет беделі – ұлт беделі. Дүниеде сөзден мәңгілік ештеңе жоқ. Ол ғасырдан-ғасырға жалғасып, жылдардың жемаясымен желіп мәңгілік жасай береді.

Адамзат өркениетін дамытуға үлкен үлес косып, жұрттан бұрын тас қашап, сөнді сарайлар тұрғыза алған бабаларымыз даму көшінде кенжелеп қалған. Тарихтың тас кітабы со-лай дейді. Қорқыттардан бастау алып, Абай мен Шоқандарға дейінгі көрікті керуен болған төлтума мәдениетіміз бен әде-биетіміз, халық ауыз әдебиеті атты айдынға бастар арналар – халықтың өзін-өзі тануының қайнар көзі.

Соның бір тармағы – жыраулық поэзия. Ол сөз өнері ғана емес, қазақ жұртын мәңгі тербетер бесік, намысынды жаңыр тасқайрак.

арымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар
Арқа мен қосым қалар деп,
Адамзат ердің баласы
Жабыққаның білдірмес
Жамандар мазақ қылар деп.

Сонау XV ғасырда жырлаған Қазтуғандар сөзі көнеріп, жырының рухы төменшіктең көріп пе? Олардың алдаспан жырлары бізге де, бізден кейінгілерге де тұнық тұма, мәлдір бастау болып қала береді.

Сөз жоқ, біздің үлт үшін жаңа поэзия Абайдан басталады. Фирдоуси, Низами, Гейне, Пушкин сияқты ол да ақындық өнерді шыңға шығарды. Абай поэзиясы – қазақ топырағында өресі биік, ойы заңғар, рухы асқақ, көркемдігі керім қалпымен қалатын ғажайып өлем. Мұраты ұлы қаламгерден ұлы шығармалар туатыны анық. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп ақындық кредосын алға тартқан Абай:

Сылдырап өңкей келісім,
Тас бұлақтың суындей.
Кірлеген жүрек өзі үшін
Тұра алмас өсте жуынбай, –

дейді. Мың құбылған болуулар арқылы рухымыздың тазалығын, жанымыздың жарасымын жырдан табамыз. Өмірімізге үндестік іздейміз. Таңғы шыққа шомылған құстардың дауысындей, алқынған ақ бұлақтың арынындей, шолпының сыңғырындей бір әдемі күй жан дүниенде баурайды. Өлең құдіреті деген осы. «Лирика – поэзияның поэзиясы» деген Берлинскийдің тұжырымы бар. Соны Абайша айтсақ: «сыңғырлап өңкей келісім»...

Мұны айтып жатқаным – тақырга тал өспейді, жоқ бар болмайды. Б. Пастернак айтады «Ақын – ұжымдық құбылыс, ол дара болмысымен бір ортада өсіп шығады. Пушкин секілді ақындар аренага шығуы үшін көптеген ақындар «көпір» бол-

ды. Пушкиннің есіп-жетілуі үшін Туманский, Дельвиг, Богданович, Козлов сияқты ақындар керек болды» деп. Осы пікір Абайдан соңғы қазақ ақындарының қай-қайсысына да ортақ. Мағжан, Сөкен, Илиястардың соңын ала Қасым жыр көгіндегі қалықтады. Қазақ өлеңіне «өртке тиген дауылдай» асқақ дауыс, қайсар рух өкелді. «Ақынмын деп айқайлап жүргендердің Әммесінен Қасымның десі басым» деп Мұқағали жырлағандай, өзінен кейінгі Сыrbай бастаған ақындарға керемет әсер етті ол.

Мұқағали ағамыздың ақындық қуатын көзі тірісінде ешкім бағаламады деген жаңсақ пікір. Оның үлкен ақын екенін әдеби орта мойындаған, жыр жинақтары қолдан-қолға көшкен. Ал ресми орындардың дер кезінде марапаттамауы, тағдырының түйткіл түстары басқа әңгіме. Ал оның түстастары Сағи, Жұмекен, Тұманбай, Қадыр – қазақ өлеңіне олжа салған жүлдзызы жарық есімдер. Бұлар да бір-бірінің биікке шығуына себеп болған ақындар. Осы жылдың басында Қалаубек Тұрсынқұлов, Мұхтар Шаханов агаларыммен бірге Стамбулда өткен түркі дүниесі әдбиетінің өзекті мәселелеріне қатысты үлкен жиынға қатыстым. Сонда заңғар жазушы Шыңғыс Айтматов «Өлеңнің құдіреті сол, бес-алты шумаққа үлкен эпопеяға өзек бола алатын бір халықтың тағдыры мен зар-мұңын сыйғызып жібере алатындығында» деген еді. Сонда менің ойыма Қеңшілік ағамның «Боз биесі», Темірханның «Ұста дүкені», Несілбектің «Есіл де есіл, есіл құні», Есенғалидың «Қара бауыр қасқалдағы», Ұлықбектің «Намаздыгерде, қолатта» секілді өлеңдері түсті...

– Сонда қазақ өлеңінің бүгіні нұрлы, болашагы жарқын демексіз бе? Мысалы, Сіз өзіңіздің, түстастарыныздың, сізден кейінгі буынның поэзиясы оқырманга жетеді деп ойлайсыз ба? Он үш миллион халқы бар үлтқа жыр кітаптарыныздың бар-жоғы 500-1000 данамен таралуын немен түсіндіресіз?

– Думан, тап осы сауалдарды мен кей-кейде өз-өзімे қоямын. Жиырмасынши ғасырдағы тоталитарлық жүйенің өктемдігі 200-ден астам үлтты бір-біріне мидай араластырып жіберді. Нәтижесінде жүз шақты үлт пен үліс мәңгілікке

жойылып тынды. Төлтума мәдениет жоғалып, рухани болмыс көмескі тартты. Қазақ даласында жарты ғасырға тарта атом сынағы жасалды, 20-30-жылдардағы «қызыл қырғыннан» 3 миллион қазақ қырылып кетті. Талай рет шаңырағымыз шайқалып, уығымыз майысса да, бабалар рухы адалбақан болды. Сол рух, сол аруақ бізге әлі де жар болып келеді.

Гоголь мен Пушкиннің тұсында Белинский де «Бізде әдебиет жоқ» деген. Құдайға шүкір, қазақ поэзиясы – XXI ғасыр табалдырығын нық аттап тұрған өнер атаулының падишасы. Ұлттық сананың санырауланған кезіне де саңылау түсіре алатын осы өлең.

Сүйікті ақыны жоқтың рухани жақыны жоқ. Рухани жарымжандықтан сезім жұтаңдығы басталады. Даңғой Дантеске анасы өлең сөздің құдіретін үқтыра алмай қойыпты. Dana Аристотель Филипп патшаның баласы Александр Македонский-ге жыр тілін түсіндіре алмай қиналған. Поэзияның құдіреті адамдық асыл сезімнің тууына, ізгілік, шуақ, нұр атаулының салтанат құруына қызмет жасауында. Қылмыскерлер арасында өлеуметтік талдау жасаушылар олардың көпшілігі өмірінде өлең оқымағанын айтады.

Ақындық – тағдыр. Ол – Алланың сыйы. Замандардың доғыр дырауы да үнемі ақынның басына тиген. Алаштың рухы болып қайнаған қара қазанның суы сарқылған жоқ. Бүгінгі жыр жазып жүрген жігіттер мен қыздар – сол қасиетті судың бір-бір тамшысы. Поэзия парасатын әр ақын өзі қорғап, өз сезімінің шаранасын өзі әлділей алуы керек.

«Мен» ғұмырбаяндық триптихін жазған халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағауин ағам «Осы кітапты жазудағы негізгі мақсат – Алла-тағалам мұнан өрі азды-көпті ғұмыр сыйласа, қаламымды қатқыл, санамды ашық қылсын деген тілек нәтижесі. Адам алдындағы емес, өруақ, Құдай алдындағы есеп» депті. Қалам ұстаған әр ақын-жазушы жауапкершілік жүгін тап осылай сезінсе, шіркін!

Қазақ өлеңі қайда барады деп сауал қою қателік. Өлең – өмірдің өзі. Ұлт аманда қазақтың қара өлеңінің көші көрікті болады.

Исраил, Нұрлан, Жүрсін, Рафаэль, Иранбек, Жұматай, Құләштардан басталып, Серік Ақсұңқарұлы, Аманханмен бітеп тін біздің алдымызыдағы буынға қарағанда, біздің толқынның тағдыры сәл бөлек. Себебі біз әдебиет деген қасиетті орда есігін имене ашқанымызыда қоғамда аласапыран басталып кетті. Біздің орда бұзар отызымыз қоғамдық формациялардың ауысуымен, ғасыр мен ғасырдың алмасуымен тұспа-тұс келді. Біз Жазушылар одағы арқылы пәтер алғанымыз жок, мемлекеттік тапсырыспен кітап шығармадық, жағдайымызды айтып, емен есіктерді торымадық. Біздің толқын өз жарасын өзі жалаған бөрінің бөлтіріктері сияқты немесе айдынның тереңінен шымырлап шығып, тынып ағатын ағыстарға ұқсайды. Бұл – ізеті жогалмаған жарасымды буын. Бүгінгі қазақ жырының неғізгі салмағын көтеретін буын осы. Тыныштықбек, Әбубекір, Әділғазы, Қасымхан, Нұрлан, Гүлнэр, Шемшия, Бауыржан, Светқали, Шаһизада, Оңайгүл, Қайрат, Сабыр, Қазыбек, Қедірбек... Бұлардың бәрі де өз айтары бар, жүртінің сезін үстай алар ақындар. Осылардың оқырманы жоқ деп айта аласың ба? Аламанның алдыңғы легінен қара үзіп көрінген жүйріктердің қамау терінің алынған тұсы бүгін.

Бізден кейінгі жас деп жүрген Әмірхан (Балқыбек), Маралтай, Жарастар да отыздың орманына еніп кетті. Олардың қатарларының да, олардың сонындағы Танакөз, Дәурен, Әлібек, Жанаарбек, Нәзира, Роза, Алмас, Рұстемдердің де шарқ ұрып ізденіп жүрген, дарапанып, сараланып көріне бастаған шағы. Қазақ жырының ертеңіне күмән келтіргісі келетіндер «Жас ақындар» антологиясын оқысын.

Солай, Думан, менің ойымша, кітабымыз 500 дана бола ма, 5 дана бола ма, шын ақынға оқырман табылады.

– *Галеке, шын ақын дейсіз, білсеңіз айтыңызшы, жалған ақындар қандай болады? Сосын әдебиетке, әдеби ортага жасалып отырган қамқорлық жайында не айтар едіңіз?*

– «Ақынға табынбаған адам – ақылға табынбаған адам» дейді А. Блок. Украин халқы Тарас Шевченкоға тәңіріндей табынады. Каневтсі Тарас тауына барыш, ақын рухына мінәжат етушілерді өз көзіммен көріп қайран қалдым. Бізге де Жиде-

байды жырдың Меккесіне айналдырап уақыт жетті. Біздің халық – ақынын сыйлаған халық, сөздің мәйегі мен сиқырын түсінетін халық. Қазақ – есіл сөзін езге қор қылмаған ел. «Ерінбеген – етікші, ұялмаған – өлеңші» дегендей, сөздің асылы мен жасығын айырап құлақ бар елміз.

...Қойып кеттім тереңге,
Партбилетім төбемде.
Өзім өліп кетсем де,
Партбилетті берем бе?! –

деген сияқты ақын ағаларымыздың «қып-қызыл» жырларына халық ана бір кездің өзінде де сенбеген.

Жалған сезімнен жалаң жыр туады. Жалған жырды жалған ақындар жасайды. Бүгінде өлеңшілер көбейіп түрған заман. Баспаларға ақша аударып, небір өсиетнама, ғақлия, арнауларды қатырма қағаздармен қатырып шығарып, жалын күдірейтіп жүрген «ақынсымақтар» ауыл-ауылда, қала-қалада диуанадай кезіп, жауыннан соңғы саңырауқұлақтай көбейіп барады. Аузынан «жыны» шашырап кездесу өткізіп, ат-шапан дәметіп, елдің есін шығаратынын қайтерсің. Осындағы «ауылдық», «аудандық» дәрежедегі ақындардың алды Жазушылар одағының есігін күзетіп, мүшелікке қабылданып, ақын екенін «зандастырып» алмақ айлаға көшкен. Ал наншайын базардан айырып жүрген, болмаса күлдің үстінде күліс ойнап отырган «анау» үшін Абай да ақын, арзан жолмен атын шығармақ қуаяқ та ақын. Осындайда ойлайсың «Әдебиет – ардың ісіне емес, ақшасы бардың ісіне айналып кетпесе екен» деп. Баспалардың пайда тапқаны жақсы-ақ, бірақ жарық көретін кітаптардың сапасын анықтایтын, «шөпті де, шөңгені де» өлең етуге жол бермейтін шара ойластыру керек.

Өлең – ақынның өзі. Ол – жұмбағы шешүсіз тылсым әлем. Ол дәріханада алуан қосындыдан жасап беретін дәрі емес. Өткенде Дүкен Мәсімханның Сіздің газеттен «Алматының ақындары» деп атап, «Астана мен тәуелсіздікті неге жырламайсындар, коммунистерді өлең еткенде таңдайларың тақылдаپ еді» деп

жер-жебірімізге жетіп ұрысқан «өлеңін» оқып ренжіп қалдым...

Жазушыларға, әдеби ортаға қамқорлық жайлы сұрап қалдың. Үкіметтен Иманғали Тасмағамбетов келіп, «Төуелсіздіктің 10 жылдығы қарсаңында тәуір дүниелеріңіз болса шығарып берейін» деген. Үәдесінде тұрды. Бірнеше ақын-жазушылардың кітаптары бүгін-ертең жарық көрмек. Жазушы байғұстың да он жылдан бері көрген жарығы осы. Президенттік стипендиялар беріліп келеді. Кейде нағыз мұқтаждар осындай көмектерден қалып қояды.

«Ораза, намаз тоқтықта» дегендей, сананы тұрмыс билейді. Ақын-жазушы үшін шығармашылық отбасын асырар табыс көзі болудан қалды. Еңбегінің қайтарымы жоқ. Әдебиетте нағыз жанкештілер қалған күн бүгін. Қөп ақындар өлең орбитасынан көрінбей кетті. Жазып жүргендерінің де ішінде тек нарық рухын сындыра алмағандары қалды. Мысалы, талантты ақын Жәркен Бөдеш қазақ қауымдастығынан алатын жеті мың теңгесімен отбасын асырап отыр. Жоғары оқуорның бітірген екі ұлы жұмыссыз. Әлі күнге сырты қатырма бір жинағы шықпапты. Басқалар сияқты мерейтойларын да еткізбеді, қайдан өткіzsін, ауылы арғы бетте, Жайырда.

Сонда да:

Арғы тауға асумын,
Бергі тауға белеспін.
Жарымаған уызға
Жарты қазақ емеспін, –

деп асқақ жыр жазады. Шаңырағын өлеңнің отымен жылытып отырған Жәркен ағамның Тарбағатайдың арқары сияқты мүшəйра сайын сахнаға ойқастап шығуы зандылық. Тіпті, көрек десен, қажеттілік.

Ақындық – тағдыр дедік. Рим ақыны Петроний «Талант пен жоқтық егіз» депті. Шекесі шылқып тұрған қаламгер жоқ. Ақын біткен қолдау мен көмекке зәру. Сонда да қамқорлықты қаламдастар бір-біріне жасайды. Бір-бірін күнделесін, бақастық

жасасын, меніңше, ақынға ақыннан жақын ешкім жоқ. Тіпті қабіріңің басында жылап тұрып топырақ салатын да солар.

Жақында Свет Оразаев деген ақын өмірден өтті. Ол кісінің тағдыры жайлы «Қазақ әдебиеті» газетінде жақсы мақала жарияланды. Жетісу өлкесінің азаматы еді. Түрмеден шығып, Ақадырдан түсіп қалады. Сондағы Өмір Қеріпов, Төрекhan Майбасов сияқты қаламгерлер қамқорлық жасаумен болды. Басына белгі қойып, бетін жасырған да солар. Азаматым, ақынның деп алақанға салып, Арқадағы ағайын арулап қойды.

Несін айтайын, Думан, жақсылықты да, қолдауды да қаламдас, әріптестер бір-бірінен көреді.

Өз басым базар көрмесе де базары тарқамаған Жаңаарқада өстім. Бір-біреуі бір-бір әнциклопедияға бергісіз қариялардың алдында отырып, әңгімесін тыңдаған күндерді сағына-мын. Жеті жасымнан шабандоз болып, аламанға шауып едім. Сол киіз туырлықты ақ орда, жазира жон, хас жүйрік, жусанның ісі түсіме жиі енеді. Ал балаларым үшін оның бәрі ертегі... Меніңше, үлтүңңың өткені мен бүгінін білмей қалам ұстая деген бос өуре.

— *Ғалым аға, әңгілемемізді Сіздің жаңа бір өлеңіңізben түйін-десек деп отырмыны.*

— Жақсы. Мынау соңғы жазған өлеңім еді. Аты – Құсканаты.

Дүр дүние – әр пендеге нақ сонар,
Тауы – мұнар,
Аспаны – бұлт,
Бағы – ырыс.
Құсканаты – ар боп жауған ақша қар,
Көктемдердің көзіндегі сағыныш.

Біздің сапар Сарыбелден басталған,
Мен де өлемін армандарым өлген күн.
Күздің түні алқарапек аспаннан
Құсқанаты – ақжолағын көргенмін.

Талайыма тылсымдарды кез қылдың.
Ылди көрдім,

Жазық көрдім,
Өр көрдім.
Ақ боранды ақпанында мезгілдің
Ақ дүниеге ақын болып келгенмін.

Ойларымның орда бұзар берені,
Тіршіліктің тоқсан тарам толғағы.
...Көктемдерім көктеп қоя береді,
Құсқанаты жауып өтсе болғаны.

– Раҳмет, агай! Жаңа жырларыңыз көбейе берсін!

Думан РАМАЗАН.
«Қазақ әдебиеті» газеті,
2001 жыл

АЛМАТЫДАН СӨЙЛЕП ТҮРМЫЗ!

Бүгін *Фалымдар* үйінде қазақтың рухани қарашаңырағының бірі Қазақ радиосына 85 жыл толуына орай салтанатты жиын өтпек. Бұл торқалы той әр шаңырақты таңмен таласа тәуелсіз Қазақ елінің Әншураннымен оятқан, шартараптан жинаған жаңалығымен, әуезді әндерімен сусындатқан үжымның гана емес, миллиондаган көзіқарақты, көкірегі ояу тыңдармандардың да тойы. Әсіресе бүгінгі орта, ага буынның өкілдері қазіргідей теледидар арналары дәуірлемей, газет-журналдардың шалгай аудан, ауылдарга аяғы жетпей түрган шагында, сол кездегі «б сомдық» радиоқабылдагыштың дәурені жүріп, оның сиқырлы даусына арбалып, жан серігіне айналғанын қазір ешкім жоққа шығара алмайды.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей, осындағы қарбалас сәтте осы үжымның қазанында қайнап, отында ойнаған әріптестерімізді мерейтойларымен құттықтай отырып, Қазақ радиосының *Бас редакторы*, белгілі ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері *Фалым ЖАЙЛЫБАЙ-ДЫ* әңгімеге тартқан едік.

— *Фалым, тарих жылнамасы* үшін 85 жыл қас қагым сәт болғанымен, Қазақ радиосы үшін әжептәүір уақыт қой. Кез келген дүниенің бастауы, өсу-даму кезеңдері болады десек, әңгіме-дүкенімізді аз-кем тарихтан сабактасаңыз...

— Біздегі радио тарихын зерттеуші ғалымдардың дерегі болынша, 1921 жылы Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 29 қыркүйектегі қаулысымен Орынбордағы радиостансадан күніне 1600 сөзден тұратын хабарлар дайындауға шешім қабылданған. Міне, сол алғашқы кездегі төрт сағаттық әфириден бастау алған, бүгінде 85 жылдық тарихы бар Қазақ радиосы қазақ жүртімен, қазақ қоғамымен бірге жасасып

келеді. Біздің еліміз осы уақыт ішінде қаншама соқтықпалау, соқпақты тар жол, тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіздікке кол жеткізіп жатса, Қазақ радиосында сол жұрттың жүргегінің дүрсілі, көңілінің күйі бар. Мысалы, мұнда он мындағы кешегі ұлы тұлғаларымыздың дауыстары сақталған, тіпті Алтын қорда Дина Нұрпейісова бастаған өнерпаздардың шерткен күйлері, сондай-ақ тарихқа айналып кеткен агаларымыз бер апаларымыздың дауыстары сақталған. Бұл деген – үлкен рухани байлық. Жалпы радио – халыққа тез, жылдам тарайтын, жедел жететін ақпарат түрі. Өсіреле қазақ жұрттына, ауылға теледидардың күні кеше ғана келгенін ескерсек, сонда Қазақ радиосы қаншама үрпақты тәрбиеледі десеңізші!

– 85 жылдық тарихи күнді, айтулы кезеңді қарсы алу бақытына ие болған бүгінгі шыгармашылық үжым жайында не айтқан болар едіңіз?.. Оның үстінде басшылықта өзгерістер болғанынан хабардар жүртшишылықтың жаңалық күтері заңдылық деп ойлаймын...

– Қазақ радиосының бүгінгі үлкен ұжымы, оның бағдарламалары хақында шағын сұхбатта айтып беру мүмкін емес. Тарих беттерін параптар болсақ, мұнда бүгінде қаншама қаламы қарымды журналистер, кәсіби шебер режиссерлер, әуезді дауысты дикторлар қызмет істегені, ондағы ардагерлер қолтаңбасы сайрап жатыр. Ендеше, біз де уақыт талабына сай бүгінгі бағытта ұлттың рухына жақын жұмыстар істегіміз келеді. Кейінгі кезде дүниеге келген ең үлкен жобамыз – «Менің Қазақстаным» бағдарламасының аясында «Атамекен аспаны» атты радиофестиваль өткізіп жатырмыз. Оның мақсаты – бір облыс аймағының экономикасы, руханияты, мәдениеті, әлеуметтік саласы, тарихи шежіресі жайлы материалдар топтамасын дайындау. Ол екі сағаттан аптасына алты сағат жүреді. Қазақ радиосының Маңғыстау, Жамбыл, Қызылорда, Алматы облыстарындағы күндері салтанатты жағдайда өтті. Сол фестиваль барысында Қазақ радиосының халыққа қаншалықтық қастерлі, қаншалықты киелі екеніне күә болып қайттық. Біз бұл жобаны жалғастыра береміз.

Радио – кез келген қазақтың кішкене баласынан қария-

сына дейін шығатын мінбері. Сондықтан бізде 120-ның үстінде хабар болса, оның 60-қа жуығы төрт-бес айдың көлемінде жаңадан ашылып отыр. Таңтеренгі «Жаңа күн», экологиялық «Бозқараған», оралмандарға арналған «Көзайым», жастардың ашық пікірталасын қамтитын 45 минуттік «Аламан» клубы, әсіресе Жастар редакциясы дайындаған халықаралық «Балдәурен» радиофестивалін қоғамдағы үлкен мәдени оқиға деп санаймын. Себебі фестиваль аясындағы бір ай көлемінде Ресей, Қытай, Монголия елдерінен 40-қа жуық тапсырыс алдық. Мұндағы мақсатымыз – жастардың өнерге деген талғамын тәрбиелеу, сондай-ақ үлттық музикалық саясатты үстану. Музикалық бөлімді басқаруға белгілі сазгер, танымал өнер иесі Бейбіт Оралұлы келді. Өйткені, «шөп те өлең, шөңге де өлең» демекші, эфирге өулекі, жеңіл дүниелер көптеп шығып кетті. Қазақ радиосының директоры Жүрсін Ерман жетекшілік ететін, құрамында Тұманбай Молдағалиев, Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева, Қайрат Байбосынов, т.б. жыныра шақты қазақ өнерінің қаймақтарынан құралған талғамға сай Көркемдік кеңес құрылды. Ол ай сайын отырыстарын еткізіп, өндерді қабылдайды. Оның сыртында экономикалық, заңнамалық тақырыптарға, қоғамдағы біршама мәселелерді қамтитындей хабарлар жобасын да жасадық. Қазақ радиосы 101 FM аранымен тәуелгіне 24 сағат хабар таратса, «Шалқар» радиосы 18 сағат, жалпы қосындысы 42 сағат бойы эфирде халыққа қызмет көрсетеміз. Ендеше, мұның бәрі мәндай термен, үлкен ізденіспен келетін дүниелер. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда кейінгі уақытта қазақ журналистикасында аты жүртқа танымал көп жастарды қызметке қабылдадық. Соған қуанамыз. Бір ескерері, басшылық өзгеріп, жұмысқа кіріскеңде 20-ның үстінде жұмыс орындары бос тұрды. Міне, сол 10-15 күннің ішінде бір орынға 10 адамнан сұрыпталып, ең талантты жастар қабылданды.

– Сол жастарыңыздың аяқ алысы қалай? Қандай жаңалықтар әкелді?..

– Беталысы жаман емес. Мысалы, «Балдәурси» радиофестивалін жүргізуғе Нұрсөule Мамытхан деген жас журналист

соншама ындағатпен кірісті. Жастар редакциясының басшылығына белгілі қаламгер Құлтөлеу Мұқаш, руханият саласына танымал сыншы Амангелді Қеңшілікұлы, музикалық редакцияға ҚазҰУ-да радиожурналистикадан кандидаттық диссертация қорғаған Жидегул Әбдіжәділқызы, Бақберген Тағылдиев, Бейбіт Сарыбай, Элеонора Яхия, Роза Әлқожа, тағы басқа ертеңгі күні радиожурналистикаға, қазақ қоғамына бір ауыз сөз, өзіндік пікір айта алғышын жастар легі келді. Міне, біздер осы құрамда әлі де болса хабарларымызды жақсартап түсіп, тәуелсіздіктің осы түсінде Қазақ радиосының үнін жарқынырақ, сенімдірек шығарсақ дейміз.

— Қазақша радио хабарларының жалпы бағдарламаның қанша пайызының ие?

— Бүгінгі күнгі туған тіліміздегі хабарлар дені 85 пайызға жуық. «Достық» айдарымен татар, үйғыр, неміс тіліндегі дәстүрлі бағдарламаларды да дайындеймыз.

— Бүгінде жалпы Еуропада, басқа елдерде радиодагы тікелей эфирді халықпен арақатынасты қишелітудің үлкен мүмкіндік көзі деп санайды. Өйткені оған кішкене баладан қарптарға дейін қатыса алады. Бізде де солай. Осы бағытта қандай жаңалықтарының бар?

— Бұған байланысты бірнеше тікелей эфир аштық. Оның сағаттары да аз емес. Тікелей эфирдің өзіндік қыындықтары болатындықтан, оны соншалықты көбейтеміз деп айта алмаймыз. Мәселен, сіз бір тақырыпты діттеп тікелей эфирге шықсаныз, тындаушылар түрлі арзанқол сауалдар, болмаса саясатқа қатысты сауалдар қойып, басқа мәселелерді қаузап кетеді. Ал таңтерең адам үйқысынан оянғанда, сағат 7-9 аралығында берілетін тікелей эфир — «Жаңа күн» бағдарламасы көптеген жағымды жаңа нәрселер өкелді. Ана жолы «Таңғы қоңырау» деген жаңа айдарымызда Тоқтар Әубекіров ағамыздың туған күнінде тікелей эфирден үйіне телефон шалып, Қазақ радиосының миллиондаған тыңдармандары атынан мерейтойымен құттықтадық. Гарышкер ағамыз соншалықты разы болды, ол тындаушылардың да көңіл күйіне өсер етті. Жақында радиога Жұмат Шаниннің немересі Райхан келіп,

керемет қызықты өңгімелер айтты. Өткенде Жұсіпбек Аймауытов ағамыздың баласы келіпті. Іле-шала «Ұлылардың үрпағы» деген айдар ашып, ол кісіні де сөйледтік. «Сіз қайда жүрсіз?», «Таңғы тілек», сондай-ақ құттықтаулар беріп жатамыз. Міне, осындай түрлі бағытта ізденістер жасап жатырмыз. Жастардың түнгі толқында тікелей әфирдегі бағдарламалары бар. Сонда күніне 2,5-3 сағатқа жуық тікелей әфир хабарлары отеді екен. Ол аздық етпейді. Әрине, тікелей әфирді жүргізуде журналистік тәжірибе, көсіби біліктілік керек-ақ.

— *Фалым, біздің жас кезімізде оқыған хабарларын құлаққа жағымды, әуезді дауыстарымен түрлендіріп жіберетін Әнуарбек аға Байжанбаев, Сауық Жақанова апамызга қызығатынымыз соншалықты, сол кіслерді өмірде көруді армандағытын едік. Дауыстың сиқыры бар деген рас шыгар...*

— Әрине. Мәселен, сол кездегі Қазақ радиосын кім басқарып отырғаны ешкімнің есінде қалмауы мүмкін, бірақ Әнуарбек ағаның, Сауық апамыздың есте қалары хақ. Біздер дикторлардың конкурсын өткізіп, даусы әуезді, үні жағымды комментаторларды тәрбиелеп жатырмыз. Сауық сияқты апаларымыз бастаған ардагерлеріміз дикторлармен қатар, әфирге шығатын жүргізуші-редакторларға үш айлық курстың бірінші кезеңін өткізді. Нәтижесі көңіл қуантады.

— *Ал жетпей жатқан, кемшиң түсін жатқан жерлеріміз дегенге не айтар едіңіз?*

— Әрине, жетпей жатқан жақтарымыз барышылық. Бұрынғы хабарлармен қоса, әфирге жаңадан дайындалып жатқан жобалардың бәрін айдарынан жел ескең, болмаса бәрі керемет хабарлар деуге болмас. Әлі күнге үйренетін, жасалуы керек дүниелер барышылық. Мәселен, жалпы қоғамдағы құндылықтарды көрсететін, болмаса үлкен проблемалық мәселелер көтеретін бағдарламалар дайындасақ дейміз. Өткенде Баянауылдағы Ұлттық парктің мәселесін көтерсек, бұл жолы Аралды көрсетсек деген ойдамыз. Жақында біздің музыкалық редакция Ахмет Жұбановтың тартқан күйлерін тауып әкелді. Ол да ізденіс. Қазір «Қазақстан өнімі» атты жаңа жоба жасау үстіндеміз. Ол өндіріс ошақтарының, көсіп-

орындардың жай-күйін жан-жақты айтар хабар болмақ. Сондай-ақ, «Астана» студиясы да түрлі тартымды дүниелермен шығып тұрады. Олар жақын күндері күніне сағат 9 бен 10-ның аралығында «Мен – қазақпын!» деген бағдарлама ұсынбақ. Радио тындарманын талғамайды. Ол – бұлдіршіннен бастап қарияға дейінгі, болмаса ауылдағы қарапайым еңбек адамынан бастап қоғам қайраткеріне дейінгі аралықты қамтитын аудитория. Сондықтан әркімге керекті хабарлар дайындал, сол бағытта ізденісті жұмыс атқарсақ, онда біздің алға қойған мақсаттарымыздың орындалғаны.

– *Бала кезімізде, шалгай ауылда тұрсақ та, әр үйде кішкене радио сайрап тұрушы еді. Қазіргі жағдай қалай? Мұны айтып отыреғаным, дәл бұғын ондай үрдіс байқалмайтын секілді.*

– Рас, баяғыдай емес, радиожелінің жетер жері кеміген. Кептеген облыстарда радио нұктелері істен шығып тұр. Біз осы бағытта ықпал етуге жұмыс жүргізу деміз. Ол негізінен «Қазтелекомның» жұмысы көрінеді. Оны анықтап, зерттеп жатырмыз, соншама қымбат дүние де емес екен. Тиісті жерлерге хат жазылыш жатыр. Сөтін салса, біраз өзгерістер болып қалар.

– *Өңгімеңізге рахмет! Қазақ радиосының ұжымына ізденіс, шыгармашылық табыс тілеймін!*

Өңгімелескен
Гүлзейнеп СӘДІРҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан»

«ТОҚЫРАУ ТОҚМЕЙІЛСУДЕН БАСТАЛАДЫ»

Әлемдік өркениет кеңістігіне иек артқан елдің тыныс-тіршілігін оның жаңа заманғы ақпараттық құралдарының даму деңгейі арқылы да біле беруге болатын сияқты. Біздің танымал қаламгер, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Фалым Жайлышбаймен өткен сұхбатымыз да, негізінен, осы бағытта сабактасты.

— *Фалеке, қазіргі қазақ баспасөзінің жагдайын қалай бағалар едіңіз?*

— Бұл өзі құрделі сұрақ қой. Кейінгі он шақты жыл айналасында ұлттық ақпарат айдынының технологиялық жағынан адам танымастай дамығаны белгілі. Содан ба, әлде заманың күрт өзгеруіне байланысты ма, бертінде елдің бүкіл өткен жолын мансұқ еткендей, төл тарихқа топырақ шашқандай өдетке де бой алдырып қалатынымыз жасырын емес. Ал ақиқатқа жүгінсек, баяғы кеңестік дәүірдегі жетпіс жылды қаншалықты тоталитарлық жүйе кезеңі дегенімізben, сол кездегі саусақпен санаарлықтай ғана қазақ басылымдарының өзі ұлт үйітқысы ретінде үлкен міндеттер атқарғандай көрінеді. Осындайда Мұхтар Мағауиннің «Қазақстан Жазушылар одағы кеңестік дәүірде ұлттық партия міндетін атқарды» деген сөзі еске түседі. Расында да, сол тұстардағы «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» сияқты басылымдарды параптап отырсаңыз, осылардың халықтың жан дүниесін, сонау белгілі жүйеге деген көзқарасын, тіпті ішкі қарсылықтарын түрлі формамен көрсете алғанына көз жеткізер едіңіз. Әрине, бұл ретте «тоқырау заманы» аталған әлгі керітартпалай кезеңді аңсау туралы ой тумас. Я болмаса ғасырға жуық уақыт салтанат құрған коммунистік идеологияны ақтауға ниеттенбейтініміз де өз-өзінен түсінікті ғой. Бұл ретте сөз көркем әдебиетте, яки жур-

налистикада болсын, кезінде халыққа қалтқысыз қызмет еткен сол баяғы дәстүрлі басылымдар өрісінің тым тарылып кеткені жөнінде қозғалып отыр. Бұған керісінше, қаптаған көше басылымдары немесе «саржағал» газет-журналдар «дәурені» жүріп түр. Ондағы халықтың табиғатына қарсы, жалпы ұлттың парасат-пайымын, елдік бітім-болмысты бұзатындей түрлі порнография, атыс-шабыс насиҳатталатын дүниелерден аяқ алып жүре алмайтын халге жеттік. Жұмысқа келе жатсаң да, автобус, пойызбен жолға шықсаң да көретінің – сол! Міне, осы келенціздік, әсіресе, сөулелі көкжиектерге енді ғана көз тіккен біздей балғын елдің жас үрпағының санасын улай түсе ме деген қауіп билейді кейде.

– *Бұл енді мемлекеттік деңгейде реттелуге тиісті шаруа шыгар.*

– Иә, мұны кәдімгідей Баспасөз туралы заң аясында тәртіпке келтірмесе болмайды. Және бұл бәлен уақыт күтетін де нәрсе емес деп ойлаймын.

Оқініштісі, пайда түсіруден өзгені мақсат тұтпайтын сол жеңіл басылымдардыбылай қойып, халықтың мұн-мұқтажына қарайлласады дейтін байсалды баспасөздің өзінде биік елдік мұраттардан гөрі белгілі бір жеке адамдардың бас пайдасы тәңірегіндегі айтыс-тартыстар бой көрсетіп жатады. Ұлттың үйісуына ықпал етуге немесе халықтың кемел келешегі жолында қызмет етуге ұмтылады дейтін газет-журнал беттерінде түрлі кәсіби журналистік жанрдағы дүниелердің тым аздау болуы да көңіл қуантатын нәрсе емес.

Дегенмен, бертіндегі азғантай болса да кәдімгі шындықтың шырайын кіргізіп айта алатындей, еткен тарихымызды, арғы-бергімізді қозғайтындей толғамды, проблемалық ірі мәселелерді көтеретін дүниелерді көргенде қуанып, арқаң кеңіп, қанаттана түскендей күйге бәленесің. Қазақтың жанына, табиғатына жақын нәрселерге тұшынбағанда қайтесің, расында?! Сондайда биік елдік мұраттарға бағытталған тақырыптар аясын мейлінше кеңейтіе беру туралы толғанасың. Мәселен, мені экология мәселесі жи мазалайды. Кейде Батыс мемлекеттерінде шығатын немесе Жапон елінде жарық көрген

журналдардағы біздің ел экологиясына қатысты кейбір зерттеу мақалаларға қарап отырып, тамсанбасқа лаж қалмайды. Ал «2030» деген үлкен бағдарламамызды құрып алған, дамыған елу елдің қатарына кіреміз деп отырған біздің өзіміз болсақ, тұран жеріміздің экологиялық ахуалын сонау 1989 жылдан бері өз дәрежесінде зерттеп көрмеген де еkenбіз! Белгілі аймақтарымыздың радиация деңгейі өлі де анықталмапты.

Сонау бір жылдары осы тұрғыда өзімнің де дабыл көтеріп, «Кіші Чернобыль» деп мақала жазғаным бар еді. Сонда анықтағанымдай, тоқсаныншы жылдардың басында Қарағанды облысындағы Ақжал, Ақшатау сияқты кеніштердің радиация көлемі күллі өлемді шулатқан Чернобыльдікінен екі еседей көп болып шыққан. Одан бергі жерде бірнеше рет орыстың зымырантасығыштары біздің сол даға құлады. Соның салдарынан ондағы шөптің, андардың бірнеше түрі жойылып кетті. Оған қоса адамдардың жан дүниесінде түрлі өзгерістер пайда болды. Мұндағы айтпағым, Табиғат-ана деп жатамыз, мәселен, осының бір-біріне тығыз байланысына бағытталған кәдімгі терең журналистік зерттеу жасап, ұлттың үлкен болашағына пайдасы тиетіндегі ауқымды дүниелерге ден қойсақ деген тілегім бар. Марк Твен «Журналист – жеткілікті болмаса да, дүниедегінің бәрін білетін адам» депті. Біздің кейбір журналистеріміз болса көп жағдайда үстірт, бірыңғай сарынға түсіп кетіп жатады. Мысалы, көшеде тәнін саудалап тұрған қазақ қызы туралы жазатын болса, сол тақырыптың жан ауыртатын қатпар-қатпар әлеуметтік астарларына үціліп жатпасстан, «Ешқашан біздің тарихымызда болмаған, ұлтымызға мұлде жат жезөкшелік, зинақорлық деген бұл пәле қайдан келді? Бұл не сүмдүсі?!» дегендей, күніренумен немесе елге ақыл айтумен шектеледі де қояды.

Әрине, бұл бір қарағанда дұрыс тағой. Дегенмен, қалам ұстаған әрбір журналист, мейлі, жазушы болсын, ұлт тағдырына қатысты кез келген құбылыстың түп-тамырын шүкшия зерттеп, оны үлкен мәселе қылышп көтеріп, белгілі іске зор біліммен, жан шырылдата тәбіренер ыстық жүрекпен, қысқасы, үлкен дайындықпен келуі керек сияқты. Сондай-ақ, «өтпелі кезеңнің қыындықтары» дегендей тіркеске де өлі жүгініп келеміз.

Сол «өтпелі кезең» енді қаншаға созылмақшы? Меніңше, етек-женімізді жинап, халықтың кемел келешегіне бастайтын нақты міндеттерге бел шеше кірісетін кезеңге баяғыда-ақ жеткен сияқтымыз.

— «Жаһандану» дегенді де «әне келеді, міне келеді» деп еki сөзіміздің біріне қосамыз. Сол өзі баяғыда кіріп алған жоқ па арамызыға?

— Кіргенде қандай! Ол «мырзаңыз» да әлдеқашаннан-ақ тайраңдап төрімізде жүр. Сондықтан да шығар, көпшілік жастарымыз өмір салтының қай жағынан болсын Батыс тіршілігіне мұлде бейімделіп алған. Қазақ ешқашан орыс, француз, ағылшын немесе неміс бола алмайды дегенімізben де, жаһандану ықпалымен үлттың кейбір қасиеттері жоғалып кету қаупі бұрынғыдан да күшіе түскендей.

— Мәселен, басқасын былай қоя тұрып, осы журналистика жағынан да өзімізге тән бояу-реңкімізді жогалта бастаган жоқпыз ба? Айталық, қазақ аудиториясы бөлек. Біз ақын-жанды, әсершілдеу халықтың. Ойдың бейнелі, образды жеткізілуін ұнатамыз. Айттықа, ән-жырга құмар елміз. Ал ақпарат тілі саналатын тақ-түқ телеграфтық тәсілдің өзі-ақ азайтпай ма қазақ оқырманын?

— Сөзіңнің жаны бар. Жиырмасыншы ғасырдың соңына қарай үлттық журналистика баяғы кеңес дәуіріндегіше сөз сапыру әдетінен арыла бастап еді. Оны жақсылық дегенімізben, қазақтың қазақтығы оның жан-журегінің, сезімінің ерекшелігінде. Болмысы мен табиғатының айрықшалығында. Әлемді қабылдаудағы өзгешелігінде. Олай болса, қазақ тілінде қалам тербейтін әрбір журналист үлттық аудиторияның сондай қасиеттерін жіті ескеріп, әрдайым оның «өз тілінде» сөйлеуді үйренуі шарт. Әйтпесе осы бір кейінгі кезеңдерде, расында да, тілдің де шұрайы кетіп, қасаңданып, жасандылыққа ұрынып кеткендей көрінеді. Ал журналистің кез келген жайтты қазақтың жанына, жүргегіне кестелі, бейнелі жеткізе білуі – үлкен өнер. Қозғалып отырған нәрсе мейлі адам немесе заман туралы болсын, барлық жағдайлардың бәрін жан-жақты ескеріп, істің тереңіне бойлауға ұмтылу керек. Жалпы,

ақпарат айдынында ма, өмірдің өзге саласында ма, болмысқа біткен қасиеттеріміз жойылып кете берсе не болғаны? Енде-ше, қаламгерлердің сөз саптау мәселесі тіптен де жеңіл-желпі қарай салатын нәрсе емес. Дегенмен, ақпараттың да өз тілі бар. Журналистиканы көркем әдебиетпен шатыстырмаган жөн. Бұл «ақпарат тілі сылдырып су болсын» деген де сөз емес, өрине...

– Қалай дегенмен, қазіргі жүргі оқуды азайтты. *Кітап, газет-журналдың орнын электронды ақпарат құралдарының басып бара жатқаны белгілі. Келешекте баспасөз жойылып кетпей ме деген ой тумай ма осындайда?*

– Бұған келісуге де болады. Өзі кейде қарап отырып, «осынау қазақ деген ғажайып халықтың тіл шүрайы бұзылмай, елдік қасиеттері жарасып, ең бір қаймақтай ұйып отырған соңғы кезеңдерін көріп қалған қырық пен елудің арасындағы мына біздің буын ба екен?» деп те ойлап қоясын. Себебі кейінгі жас толқынның қалыптасу кезеңі мынау аумалы-төкпелі нарық заманына, «жабайы капитализм» дәуіріне тұспа-тұс келіп қалды да, бұлар көптеген қасиеттерімізден сусындей алмай, талай үлттық құндылықтарымызды шын мәнінде көре алмай қалған сияқтанады.

Мен бұл жерде құндылықтар деп өсіресе сонау 1970 жылдардың аяғы мен 1980 жылдардың ортасына дейін айрандай ұйып отырған әрбір қазақ ауылын айтып отырмын. Сол кездегі ақсақал – ақсақал, бәйбіше – бәйбіше, аға – аға, іні – іні болғандай көрінеді маған. Оларға ешқандай есепсіз бірінің қуанышына бірі қуану, ауылға түскен кішкентай қайғыны да бірлесе көтеру мінезі тән еді. Тіпті, сол тұстарда руга, жүзге бөліну секілді әдеттер де жоқ болатын.

Есіме түседі, баяғыда біздің ауылда Алматы зооветеринарлық институтында оқитын жалғыз бала болды. Ол каникулға келген кезде күллі ауыл майы мен құртын соның аузына тоса-тын. Қемпір-шал «пәленшениң баласы Алматыда оқып жатыр» деп пенсиясынан да қарайласуға даяр тұратын. Өйткені ол – ауыл мақтанышы гой! Міне, ондай қасиет азайған қазір ауылда. Сөйтіп, компьютер дәуірі деген тез аралап кетті де, кейінгі жастар, шынында да, сол электронды ақпарат құралдарының

ішінде туғандай өсер қалдырады. Бұлар солайша бұлбұлдың үнін, тұлпардың дүбірін естімей, жусанның ісін білмей, киіз үй көрмей қалғандықтан ба, біртүрлі тасбауырлау болып кеткендей көрінеді.

Әрине, мұны жаңа заманды жазғыру тұрғысында айтып отырған жоқпын. Сейте тұра ұлттық қасиеттерден ажыраудың үлкен кемшілік екені де айдан анық. Мысалы, өз басым көркем әдебиетпен, өзіміздің кәдімгі қара өлеңнен, болмаса фольклордан, азыз-дастандарымыздан сусындал өспеген жастың ертендері керемет бір қаламгер ретінде қалыптасып кететініне сенбеймін. Поэзия, проза жанрындағы классиктеріміздің еңбектерінен нәр алмай, ұлттың өмірін, халық жүргінің луپілін сезінбеген қаламгерлерді де қарық қылады деп ойламаймын. Қазір эфирлеріміз бен баспасөз бетінде көрініс беріп жататын сөз қолданудағы салдыр-салақтық та сондай кемшіліктерден туындаиды. Түрлі жаргондарды, диалект сөздерді орынсыз қолданатын кейбір жас тілшілерді неге жөнге салмайсындар деп хабарласып жататын ұлтжанды аға-апаларымыздың жан-жүргін түсінуге болады.

— Осы ретте сөз бостандығы деген жайтқа тоқтала кетсек. Ол өзі бар ма бізде?

— Сөз бостандығы бар, әрине. Бірақ сөз бостандығы, демократия деген, менің ұғымымда, аузына келгенді айтып, біреуді құстаналау емес. Оның да шегі, орны болады. Біреудің балағына жармасып, біреуді жағадан алып, ата-тегін түгендел, болмаса жазған дүниесін түкке тұрмайтындағы етіп тастау деген зиялышықтың белгісі емес. Қөзіқарақты оқырман жақсы біледі, мысалы, жалғыз Мұхтар Мағауиннің төңірегінде не айтылмады? Ал шырылдан жүріп қазақтың тарихын, ұлттың ауыз әдебиетін бәлен ғасырға шегеріп берген осындағы көзі тірі класик жазушыларымызға кез келген шала сауатты журналистің «өнеге үйретуге» моральдық құқы бар деп ойламаймын. Болмаса, адамзаттық деңгейдегі үлкен тұлға Олжас Сүлейменовке де қарабайыр қаламгерлердің соқтыға беруі орынды іс емес.

2001 жылы Түрік мемлекетінде өткен «Құмқапа» жыр фестиваліне қатысқаным еске түседі. Сонда түріктің Қаракөзі,

өзірбайжанның Анары, қырғыздың Шыңғыс Айтматовы бастаған ірі жазушылар Олжастың дуалы сөзіне айрандай үйінген көріп, тебіренген едім. Фасырда бір туатын Олжастай тұлғалар көбірек болса, қазактың маңдайына біткен құт емес пе?! Ал сөз бостандығының жәні осы екен деп, осындаі аяулыларымыздың жаңын жарап жатсақ, болмаса қиынсыздан-қисынсыз ел ағаларының ісіне килігіп, қастерлі мемлекеттік деңгейдегі міндеттерге бөгет болсақ жараса ма?

— Бұгінде «бәсекеге қабілеттілік» деген түсінік пайдада болды. Бұл жағынан қазақ баспасөзінің беталысы қалай деп есептейсіз?

— Бұл белгілі бір басылымның кәсіби деңгейіне байланысты нәрсе болар. Егер нақты бір газет немесе журналистік дәрежеде жүрттың ойынан шығатын, елдің өртеңіне пайдасы тиетін дүниелер жасаса, бәсекеге қабілеттілік деген сол шығар деп ойлаймын.

— Қазіргі жас журналистердің кәсіби деңгейі деген мәселеге қалай қарайсыз?

— Әлгінде бұл мәселеге аздал соқтық-ау деймін. Жалпы алғанда, жас қаламгерлердің кәсіби деңгейін нашар деуге болмайды. Себебі мына бізге, біздің алдымыздығы ағаларымызға қарағанда, олар алатын ақпарат көздері ондаған, жүздеген есе көбейіп кетті. Кез келген тақырыпты компьютерден сұрырып алады да бұрқыратып жаза береді. Ал белгілі ақпаратты қорытып, керегінше шеберлікпен іске жарату – басқа мәселе.

Одан соң журналистика бухгалтерияның немесе құрылышының жұмысы емес. Бұл – құнде-күнде, сәт сайын, сағат сайын ізденіп, үйреніп, оқуды талап ететін аса қызын да қастерлі мамандық. Және өте қызықты да кәсіп болуы керек. Олай дейтінім, байқауымша, кейінде журналистика саласына өзге жоғары оқу орындарын тәмамдаған жастар легі көптеп тартыла бастағандай. Әйтсе де, кәсіби шеберлікті игеру жағынан белгілі деңгейге жеткен жастардың тоқмейілсімегені дұрыс. Тоқырау сондайдан басталады.

— Жас мемлекетте жалғыз журналист мамандар ғана емес, өзге де көптеген мамандық иелерінің кәсіби шеберлігі

жагынан тоқырауы ел болып діттеген Үлттық мұдде мәселесін де тежемей ме?

– Иә, дұрыс айтасың. Біздің әрқайсысымыздың алдымызда әрдайым сол ұлы Үлттық мұдде мәселесі тұрады.

Маган Есенбай Дүйсенбаев деген белгілі ақын ағамыз келіп кетті. Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы мақала жазғанын айтқан. «Мен Сұлтанмахмұтты енді түсіндім. Ол тұра бүгінгі күннің ақыны екен. Қалаға бейберекет көшкен қазақтың түбі жұмыссыздыққа ұрынатынын, нарықтық қатынастар тұра біздегідей халге түсіретінін, орысша көп оқығандардың ішінен космополиттер шығатынын – бәрін-бәрін қолмен қойғандай жазыпты. Жастайынан-ақ елдің кемел келешегін көксепті» дейді.

Сұлтанмахмұт та, Алаш көсемдері болсын, ұлттымыздың арғы-бергідегі барлық зиялыштар ұстанған негізгі әңгімеміз де оған соқпай кете алмайды. Жаңа сөз басында айтып кеттім, біз ешқашан басқа ұлт бола алмаймыз. Сондықтан анда-мұнда былқылдал, еліктеу-солықтауды доғарып, барлық біліміміз берілгенде, әлемінде тәжірибелідің өзіндеңде жарқын болашағы жолына жұмылдыруымыз қажет. Бір өкінішті жайт, кез келген мінберден, жай тойлардан бастап анау Парламент мінберіне дейін, тіпті Елбасының алдында өтетін үлкен жиындарда тек Ана тілі мәртебесін көтеру қажет деп шырылдаған Мұхтар Шаханов ағамызды да көзі ашықсымақ біреулер күстаналап жатады.

Сонда немене, қазақтың тілі тек Мұхтар Шахановқа ғана керек нәрсе ме? Оның ұлт патриоты ретіндегі жан дауысын ұғатын кез жеткен шығар. Демек, қазақ журналистикасында да бұл күні ең бірінші орынға шығатын мәселе Үлттық мұдде болуға тиіс. Расын айтқанда, біз әлі де толықтай еңде түзеп кеттік деп айта алмаймыз ғой. Тәуелсіздігіміздің өзін Құдайдың сыйы деп қабылдау керек. Ол анау ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан бастап, кешегі Желтоқсанға дейінгі аралықта ғасырлар бойы небір зұлматтарды бастан кешірген ата-бабаларымыздың арман-тілегі, боздақтардың төгілген қаны мен көз жасы арқылы келген нәрсе ғой. Енді

осы Тәуелсіздікті түндігі мен желбауы желпілдеп тұрған жапандағы жалғыз үйше қалдырмай, ақ киізімізді өзіміз басып, уық-шаңырағымызды өзіміз жасап, бәрін дұрыстап, үлкен бір қасиетті Ақ ордаға айналуымыз керек. Сол секілді оның ішіне небір сұқтанған көздер, болмаса жымысқы ойлар кірмеуі керек. Осы жағдайлардың бәрін елге жеткізу бүгінгі, өсіресе, қазақтілді журналистиканың үлесіндегі нәрсе.

Журналистің кез келген нәрсеге жаны ауруы тиіс. Тастанды балаға үқсап, берекесі кеткен ауылға, жойылып бара жатқан үлттық қасиеттерімізге, тілімізге, ділімізге, басқа да көптеген түйткілді жайтарға ең алдымен тікелей журналистер араласуы қажет. Мысалы, бала сату деген қазақта болған ба? Біздің халық – небір аласапыран замандарда бірінің баласын бірі емізіп, өмірдің көш-керуеніне тырмыса ілесіп, осы уақытқа жеткен халық. Енді жаһандану деген «жалмауыз» сондай басқа ешбір халықта жоқ қасиеттерімізге нұқсан келтірмеуге тиісті. Үлттық мінез-құлқымызды көз қарашығындаі сақтауымыз керек. Бұл бағытта қаламгер ағайындарға жүктелетін міндет те салмақты болмақ.

*Әңгімелескен Құлтөлеу МҰҚАШ.
«Журналист» газеті,
2007 жыл*

ӘДЕБИЕТ ЕШҚАШАН БІРЕУДІҢ ТАЛАП ҚОЙЫП, ТАПСЫРМА БЕРУІМЕН ЖАСАЛМАЙДЫ

— «Әдебиет — ардың ісі» деген қагиданы берік үстануға талынып жүретін қаламгерлер қауымы бүгінгі кезеңде от пен судың ортасында қалған сияқты. Бүгінгі жазушының артынан халық ермейді, билікке сөзі өтпейді. Жалпы алғанда, халықтың да көркем әдебиетке деген ынта-ықыласы төмендеді. Осы бір құбылыстарды рухани дагдарыспен байланыстыру қисынды ма?

— Қай халық үшін де болсын қаламгер қашанда сол елдің жаны мен арының барометрі іспеттес. Кезіндегі кенес заманында ақын-жазушыларды, жалпы өнер адамдарын сол уақыттың жыршысы ретінде қабылдап, сол идеология майданының жауынгері деп таныдық. Бүгінде бәрі басқаша сипат алды. Қоғамдық формациялар өзгерді, құндылықтардың орны алмасты. Қалың қазақ ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіне қол жеткізді. Қызыл құрсаудан сыйылып шығып, азат ойды ту етуге үмтүлғанымызбен, жекелеген қаламгерлер үшін де, жалпы ұлт үшін де қазіргі кезеңнің өзіндік қындықтары жетерлік. Ғасырдан-ғасырға аттаған осынау өтпелі кезеңде қаламгер атаулы да не істерлерін білмей, тосылып қалғандай күй кешуде. Ал рухани дағдарыс орын алса, оған қаламгерлер, өнер адамдары немесе басқа да шығармашылық иелері ғана кінәлі емес. Оған руханияттың өркендеуіне өз деңгейінде қолдау көрсете алмаған қоғам жауапты.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары, әсіресе, шығармашылық адамдары көдімгідей тоқырауды бастан кешірді.

Қалай десек те, бір қоғамнан бір қоғамға өтіп кету аса жеңіл дүние емес. Осы түрғыдан алғанда, қазақ қаламгерлерінің, әсіресе аға буын ақын-жазушылардың бүл өзгерістерге ішкі

психологиялық дайындықтары болмады. Осы кезенде жалпы жүрттың басым бөлігі дайын жемге үйренген қолдың құстары секілді қанатын кеңге жайып, бірден самғап кете алмады. Осы ретте кейбір алдыңғы буын агаларымызда әлі күнге дейін кеңестік жүйенің игіліктерін аңсайтын пиғылдар бар екені рас. Олар жеңісі мен жемісі мол болғанымен, сол бір солақай қызыл саясаттың арғы жағында ұлтымыздың қатысты небір қитурқы әрекеттердің бұғып жатқандығын елегісі келмейтін сыңайлы. Болмаса, ол қоғам қаншама нақақ қантөгістерден, сүркія зұлымдықтардан құралғаны жасырын емес қой.

Әрине, бүгінгі қоғамның да ауыртпалығы аз емес. Ал осының ақ-қарасын айырып, жақсы мен жаманың ара жігін ажыратып, бүгінгі заманың сезін айтатын – қаламгерлер. Алайда осының бәрінің төрөшісі – мәртебелі уақыт қана. Әйтсе де зиялды деп жүрген тұлғаларымыздың өздері кейбір сәттерде қарақан басы үшін «мықтыларға» оң иығын беріп, шен-шекпенділердің маңайына үйіріліп жүретіні қалыпты жағдайға айналғандай. Аузы дуалы дейтін үлкендерден ірі сез күтетініміз рас. Өкінішке қарай, жеме-жемге келгенде, шешуші сәтте көп жағдайда олай болмай жатады. Осыдан келіп бәрінен биік тұруға тиіс ұлттың сезін айттылмай қалып жатады.

– *Кейінгі жылдары сыншы, әдебиетшілер, әсіресе билік тарапынан қаламгер қауымына «бүгінгі заман туралы шыгармалар жазылмай жатыр, жаңа дүниелер тумай жатыр» дегенге саятын көптеген сындар айттылуда. Шынымен де солай ма?*

– Қазіргі кезде бізде ірі-ірі шынайы шығармалар жазылмай жатыр дегенге келіспеймін. Әр қаламгер өзі өмір сүрген қоғам жайына үңіледі емес пе? Мысалы, Мұхтар Мағаун ағамыздың «Жармақ» романы қалың оқырмандар арасында кәдімгідей резонанс туғызды. Тынымбай Нұрмамбетовтің әңгімелері мен драмалық туындылары да жүртшылыққа салмақты ой тастап келеді. Ал қаншама ақындарымыздың Тәуелсіздікті жырлаған, елдің жаны мен жүрегіне үңілген керемет өлеңдері бар. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиетінің туы тұғырынан түсті деп айтуға келмейді.



Сонау ерте замандарды алып қарасақ та, тіпті Абай ғұмыр кешкен ортаны алып қарасақ та, қандай да бір қызын-қыстау кезеңдерде ақын-жырау, сал-серілер елдің сөзін сөйлеп, елдің мұнын жоқтаған, сол заманды жырлаған. Ақиқат пен шындықты айтуда үмтүлған. Бірақ мұның бәрін түрлі текетірес пен тартыстар тудырған.

— Сонда әдебиет әлдекімдердің қожайындық жасауына көнбейді демексіз гой. Бұл жағдайда әлгі «сыншылардың» уәжі орынсыз ба?

— Жалпы, әдебиеттің өзі – мәңгілік майдан. Әдебиет ешқашан біреудің талап қойып, тапсырма беруімен жасалмайды. Ол – жеке шығармашыл тұлғалардың жасайтын дүниесі, таланттардың жүйелі ақыл-ойларының жемісі. Бір сейлем жазу үшін, бір шумақ өлең тудыру үшін санаға қанша салмақ түседі?! Ақын мен жазушыға тапсырыспен сарт еткізіп сурет түсіріп, алдыңызға әкелетін фотограф ретінде қарауға болмайды. Әрине, фотограф та – белгілі бір деңгейде өнер иесі. Алайда оған «Бәйтеректі» немесе Астананың жалпы көрінісін түсіріп кел, алаңдар мен жиындардан фоторепортаж жаса дегендей, көп жағдайда арнайы талап қойылып, тапсырма беріледі. Ал әдебиеттің өкілін олай құрсаулауға келмейді. Әдебиет белгілі бір саяси ойындардың ыңғайына келтіріліп, күшпен жасалатын болса, ол өміршең болмақ емес. Ал қаламын еркін ойдың сиясына малып, үлттың сезін айтып та, жазып та жүрген жанкешті жазушыларды, сөзсіз, әдебиеттің нағыз майталмандары деуге болады. Дейтүрғанмен де бүгінгідей ақпараттық-технологиялық қоғамда қаламгер қауымына деген біртүрлі көзқарас пайда бола бастады. Әсіресе жастар кітаптан ғері интернетке ерекше иек арта бастады. Бірақ, осыған қарамастан, түсінген адамға қазақ әдебиеті өзге озық елдердің әдебиетінен анағұрлым қуатты, терең әрі мағыналы.

— Қалай десек те, бүгінгі жазушы мен оқырман арасындағы байланыс үзіліп қалғандай...

— Рас, бұрынғыдай емес, бүгінде қаламгер мен оқырманың арасы алшақтап кетті. Елмен байланыс үзілді. Қазіргі

қарбаласқа толы ақпараттық заманда нағыз әдебиет шетке қарай ысырылып барады. Оның есесіне ортанқол бірдемелер оқырманды жаулап ала бастады. Жастардың да әдебиетке, жалпы рухани дүниелерге қарай ұмтылышы тым төмен.

Біздің бала күнімізде, ауыл мектебінде оқып жүрген кезімізде елді аралап ақын-жазушылар жиі келетін. Аты-жөндерін сырттан естіп, кітаптан ғана шығармаларын оқитын талант иелерімен ауыл клубында әсерлі кездесулер үйімдас-тырылатын. Соларға қызыға қарайтынбыз. Қазақтың қабырғалы қаламгерлері Оралхан Бекеев, Жарасқан Әбдірашевтер тіпті мен Арқа жақта, Бетпақдалада жылқы бағып жүрген жерімнен «іздел келген» сәттері де болған.

Жарасқан ағамыз ол кезде «Жұлдыз» журналының поэзия бөлімін басқарады екен. Ел аралап келгенде аудандық газеттен өлеңімді оқып, риза болған екен. Ол кезде жақсы жырға құмартып жүрген он алты жастағы бозбала едім. Сондай ағаларым Алматыдан алыста жүрген мениң бір топ өлеңдерімді алғып кетіп, «Жұлдыздың» 1975 жылғы 11-санында жариялatty. Мұндай қамқорлық маған, әрине, қанат бітірді, ынталандырып, жігерлендірді. Ал қазіргі уақытта осындағы қамқорлық пен әдебиетке деген махабbat жоғалып бара жатыр.

Заман озған сайын адамдардың әдебиетке деген көзқарастары да өзгеше сипат ала бастады. «Ораза, намаз – тоқтықта» демекіші, өтпелі кезеңге тап болған қоғам 90-жылдардың басында әдебиет оқымақ түгіл, жанбағыстың соңына түсіп, бала-шага қамымен кетті. Қаншама қандастарымыз ала дорба арқалап, арба сүйреуден аспай қалды. Көптеген қалам иелері де осы тұста әдебиеттен алысталап кетті. Кезінде қаламды қару етіп, қатар жүрген біраз ақын-жазушы қыз-жігіттер қазір мүлде керінбей кетті. Қырықтың қырқасынан асып, елуді еңсеріп үлгерген біздің қатарымыздың өзінде осы әдебиетте маған тек жанкештілер ғана қалған сияқты.

– Біздің ақын-жазушыларға шетелдегідей «әдеби агенттер» қажет деп есептейсіз бе? Жазушы жазады, басқалары оның кітабын шыгарумен, оны таратумен айналысады. Жақ-

сы емес пе? Бұл танымалдылықты арттыра түседі, басқалай, ақшалай пайдасы да аз емес...

– Иә, соңғы уақыттарда қаламгерлердің жарнамасымен айналысадын «әдеби агент» мәселесі жиңі айтыла бастады. Мениңше, бұл үрдіс біздің әдеби ортаға келіңкіремейтін сияқты. Жарнама жасау үшін, алдымен, кең ауқымды аудитория көрек. «Әдеби агенттер» үстаяу үшін жазушының өзі ауқатты болуы керек. Оның үстіне бізде қазақ тілді әдебиетті оқытындар ете аз, халқымыздың саны да соншалықты көп емес. Мысалы, әншілер продюсерлермен бірлесіп жұмыс істейді. Бірақ дәл бүгінгі уақытта эстрада өтімді болып тұр. Ал әдебиет жеңілтектікті көтермейді. Ақпараттық қоғамның талғамын қанағаттандыра берсе – әдебиет әдебиет болудан қалады. Керісінше, әдебиет адамдардың талғамын тәрбиелейді емес пе? Кеңес өкіметі тұсында ақын-жазушылар өнер адамдарының ішінде ең көп қаламақы алатын, жағдайлары да біршама жақсы, ең беделділердің алды болатын. Қазіргі өлшеммен алып қарағанда, бізде жазушылық – ең бір пайдасы жоқ, қайтарымсыз кәсіп ретінде қарастырылады.

Осыдан біраз жыл бұрын «әлемде ең көп оқылатын жазушы» деп португалиялық қаламгер Паоло Коэльо Қазақстанда да жан-жақтан дәріптеліп, жарнамаланып жатты. Мен оның шығармаларымен жақсы таныспын. Аңыздарға құралған ондай дүниелерді біздің кез келген жазушы да жаза алады. Сонда шетелдің озық әдебиеті деп тамсанып жүргеніміз осы ма? Мениңше, мұндай дүниелер – қазіргі заманғы менеджменттің, пиар-акциялардың жасанды жемісі. Мұндағы басты мақсат – атынды шығару және рухани дүниеден гөрі материалдық жағдайды жақсарту ғана. Бұл да болса жарнаманы жалаулатқан «әдеби агенттердің» жұмысының нәтижесі. Мәселе санда емес, сапа мен мазмұнда болса керек. Бүгінгі қазақ әдебиетіне насихат жетіспейді. Өзгеге оқыту үшін ең бірінші өзіміз оқуымыз керек. Оның үстіне біздегі әдеби орта батыстық үлгідегі пиар менеджментке дайын емес. Әлемді мойыннату жаляң жарнамамен ғана жүзеге аспайды. Бұл – уақыттың еншісіндегі нәрсе.

— Бүгінде кез келген адам жазушыларға мін тағуга даляр тұрады. Оларға тағылған мін Жазушылар одагына да тиіп кетіп жатады. Сондай-ақ әдеби ортасың өзінде «әдебиет тоқырап түр, ешкім кітап оқымайды» дегендей пікірлер айтылып қалып жатады...

— Бар проблеманы әдеби қауымның өзіне ысырып қоюға болмайды. Үлттың әдебиетін дамытып, рухын ояту үшін үлкен бір кешенді бағдарлама, идеологиялық бағыт керек. Билік тарапынан шығармашылық адамдарына қолдау көрсетілуге тиіс. Бұл жалғыз Жазушылар одағының ғана айналысатын шаруасы емес. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне билік те, халық та атсалысуы қажет. Төл әдебиетіміздің қарашаңырағына айналған Жазушылар одағы өз мүшелерінің мұддесін қорғамай қалған кезі жоқ. Бірақ қайсыбір ағайындар Жазушылар одағын әлеуметтік қорғау мекемесіндегі көреді. Соған қарамастан, қоғамдық үйым бола тұра, біз шама-шарқымыз келгенше әрбір қalamгердің жағдайын жасауға тырысамыз. Ұлкен-ұлкен мерейтойлардан бастап, жаңа кітаптардың тусаукесерлері, шағын әдеби кештер мен басқосуларға дейін өткізіп келеміз. Бұдан да көп дүние тындыруға болар, бірақ бәрі тағы да қаржыға келіп тіреледі.

Алыс шетелдерді алмай-ақ қояйық, біздің елдегідей Жазушылар одағы ТМД мемлекеттерінің бірінде жоқ. Оны көріп те, біліп те жүрміз. Біз өз одағымызды сақтағ қала білдік және сақтағ қана қоймай, нақты іс-шаралар атқара алатын, өз сезін тиісті жерлерге өткізе алатын, қажет тұста елдің сезін сөйлей алатын потенциалды қоғамдық үйимға айналдыра білдік. Бұл жерде одақтың басқарма тәрағасы Нұрлан Оразалиннің еңбегін ескермей кетпеске болmas, Украина, Қыргызстан, Өзбекстан елдерінің шығармашылық одақтары қазір қиын жағдайда отыр. Ресейдің өзінде бір одақ алты-жетіге бөлініп, мәмілелеге келе алмай жүр. Құдайға шүкір, біз сан сақта бөлініп, бетіміз-бен кетпедік. Әрине, белгілі бір деңгейде пікір қайшылықтары мен түрлі көзқарастар текетіресі болып жататын шығар. Бұл — зандаулық. Алайда қазақ қalamгерлерінің ұлт пен оның әдебиетіне келгенде мұдделері бір екеніне шұбә келтіруге болmas.

— Соңғы жылдары жарық көрген бір шоғыр жас қалам иелерінің жаңа кітаптарына әлі күнгө дейін толыққанды зерттеу жүргізіліп, зерделі сын жазылмай жүр...

— Дәл қазір әдеби сынға білек сыйбанып кірісіп жүрген сыншы-әдебиетшілер жоқтың қасы. Бұгінде ең жас сыншы деңген Амангелді Кеңшілікүлының өзі қырықтан асып кетті. Оның үстіне бүгінгі жастар сынды қабылдай алмайды. Олар көп жағдайда мақтау күтеді. Әдетте әдебиетте әр буын бірін-бірі тәрбиелейді. Мысалы, кешегі Кеңшілік, Дәуітәлі, Жарасқандар, бүгінгі Иран-Файып, Нұрлан Оразалин, Құләш Ахметовалар үлкен бір таланттар шоғырын құрды. Бүгінде жастары елуден асқан біздің буын осы шоғырдың алдын кесіп өткен емеспіз. Кейде мен «Біз осы қазіргі жастарды тым көтермелеп, тым еркелетіп жіберген жоқпыш ба?» деп те ойлаймын. Бұлай болуы да керек шығар. Бүгінгі еркін қоғамда кітап шығару да, баспасөзде көрініп, кеш өткізу де, танымал болу да жастар үшін аса бір қыын дүние болмай қалды ғой...

— Сіз Жогарғы партия мектебінде, қазіргі КИМЭП-те оқыдыңыз. Неге саясатқа кеміп қалмадыңыз?

— Қай заманда болсын ақын-жазушылардың елге танылуы, өз орнын табуы өте қыын процесс. Біздің өзіміз ертеректе әдеби ортадан жырақ, елде жүрдік. Алматыға келіп, бірден орнығу онай болмады. Жасым отызға жақындаған сол кездерде оқу іздеп, ауылдағы үй-жайды тастап, бала-шагаммен қаланың әр бұрышында пәтер жалдал құн кештік.

Көшемін ертең, босатам Қоляның үйін,
Бұл көшу маған, әрине, болады қыын.
«Турчатник» жақта тұрақтап үйренген едім,
Тоңады миым, санамда соғады құйын... —

деп келетін өлеңдерім сол бір қыын тұстарда қағазға түсіп еді. Саяси білім алғып жүріп әдебиетке араластым. Қалауым сол болды. Өлеңге жан-тәнімізben берілдік. Сол кезде Тәуелсіздіктің бастауындағы алғашқы жыр мүшәйраларының жүлделерін алған едік. Ол тұста қазақ қоғамы нағыз



экономикалық, рухани дағдарысты бастан кешіру үстінде еді.
Бірақ сонда да әдебиет жасалды. Әлі де жасалуда. Әдебиет
ол – мәңгілік процесс.

Әңгімелескен Алмат ИСАДІЛ.

«Алаш айнасы» газеті,

2010 жыл, 27 ақпан

ҚӨКТЕМНЕҢ ҚӨКТЕМ ІЗДЕГЕН ЕЛДІҢ ҰЛЫ

Қазақтың аса ірі ғұлама галымы Әлкей Марғұлан: «Ақын сөзі түркі тілдес халықтардың ұғымындағы ағыс, ағын, өзен ағыны дегеннен шықса керек. Сібір халықтары болсын, Орта Азия халықтарында болсын, осы ұғым ортақ магынага ие», – деп жазады. Марғұлан бұл атақты иеленген жан ертеден-ақ халық арасында ерекше қасиет, құдіретке ие сәуегей, әулие бақсылармен ишкітас деп ойын түйіндейді. Ғұлама галымның осы ойына сүйене қарасақ, қазіргі қогамдағы ақын-жазушылардың алар орны да анықталатындей. Қогамдық қайшылықтар мен күрделі саяси-әлеуметтік құбылыстармен көрнектелген бүгінгі кеңістіктеге қаламгер қауым арқалар жүк жеңіл емес. «Дүние – үлкен көл, замана – соққан жел» өзіндік әлем құрса, ақын қауым сол әлемнен қатар арналанар үлкен ағын, шалқар дария деуге сыйады.

Осы орайда қазақтың белгілі ақыны, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Қазақстан тәуелсіздігінің бір жылдығына және Сабит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойна арналған республикалық ақындар мцишійрасында бас жүлдегер иеленген, 2001 жылды Түркияда өткен түркі тілдес ақындардың халықаралық фестивалінің «Ақшам жүлдізы» арнайы сыйлығының иегері, бірнеше жыр жинағының авторы, «Жүлдіз» журналының поэзия бөлімінің менгерушісі, жерлесіміз Фалым ЖАЙЛЫБАЙМЕҢ әңгіме-сұхбат құрган едік.

– *Фалым ага, елге келген қадамыңыз құтты болсын!*

Әуелгі саудалды Ақындық табигаты, Ақын әлемі хақында үштасам деймін. Сіздің Ақындық әлемінізben ертеректе жарық көрген «Жанымның жапырақтары» атты тырнақалдыңыз арқылы, 90-жылдары шыққан «Жүргегімнің жүлдыш-

зы», өткен жылы оқырман қолына тиген «Құсқанаты» арқылы таныспыз. Оның сыртында республикалық басылым беттерінде қазақтың үлкен ақындары Сіздің поэзияңыз жөнінде «Құсқанатындағы құсни жырлар» деп, «Қазақ өлеңіндегі шертпек күй» деп жазып, бага беріп келеді.

– Рахмет. Ақындық дегенің Алланың сыйы. Жалпы, өлең – ғайып нәрсе. Солай солай екен деп, ақын «Бергеніңе шүкір» айтып, тоқмейілсіп жүрмегені абзал. Поэзия өлеміне енген жан әрдайым өзін-өзі бәйгеге қосылар жүйріктей іштей жаратуы керек, үнемі ізденіспен, оқумен шындала беруі керек. Сосын ақынға орта керек. Орыстың үлкен сыншысы Белинский айтыпты «Ақындық дегеніміз – ұжымдық құбылыш» деп. Ақынды орта қалыптастырады. Жақсы өлең ой боліскенде, іштей жақсы бәсекелестік болғанда туады. Мәселен, Пушкиннің маңында Туманский, Богданович сынды серкелер болған. Олар Пушкиннен бір де кем емес еді. Абайдың ақындық айналасын қараңыз. Осы түрғыда қарасаңыз, ақынды замана, уақыт тудырады.

Мениң жеке тәжірибеме келер болсақ, менде орта болмады. Мектеп тәмамдаған соң ауылда қалдық. Шопан болдым, жыл-қышы болдым. Өлеңді он үш, он төрт жасымда жаза бастадым. Сол кездері аудандық, облыстық басылымдарға жарияланған бастадым. Жалпы, ақын жазған соң жарияланып тұруы керек. Міндетті түрде. Талай жақсы ақындарды білемін, дер кезінде жарияланбаған соң, өзін-өзі жоғалтып алды, өз ішінде булығып қалып қойған жан іштей өзін-өзі мүжіп, өшіріп алады дарынын.

1975 жылы мектеп бітірген соң «Женісте» (Ақынның тұган жері – Жаңаарқа ауданының «Женіс» совхозы – С.С.) шопандар бригадасында қой бағып жүргенмін. Бір күні қазақтың үлкен ақындарының бірі Жарасқан Әбдірәшев іздең келіп тұр. Ауданға келгенде жергілікті газеттен өлеңдерімді оқып, арнайы жүздесуге келген екен. Ол кезде марқұм 27-28-дегі жас жігіт. Сол жолы өлеңдерімді алып кетіп, «Жұлдызға» жарияладап жіберді. Ал өмірімде алғаш

көрген «тірі» ақынның – Сайлаухан Нәкенов. Насихаты кем болғанымен, көлденең жүрт «жезқазғандық ақын» деп танығанымен, Сайлаухан Нәкенов – Сағи, Тұманбайлардыңды түп-тұнық, тұңғирық лирик. Кәдімгі сөз қасиетін, сезім сыңғырын бере алатын мықты ақын деп білемін. Жалпы, әр ақын – жеке бір әлем болады. Кез келген ақын жайлы кесіл-пішіп бір ғана пікірді ұстануға болмас. Сол секілді өлеңге «Ол мынадай болуы керек, мынадай болуы керек» деп рецепт ұсынуға да болмайды. Түркі тілдес бауырлар халықтардың қазақ поэзиясы жайлы бағалары өте жоғары. «Қазақтың бір өлеңі бір роман-эпопеяның жүгін көтере алар деңгейде» деп біледі...

– Алматыға қалай бардыңыз?

– Алматыға қалай бардыңыз дегенің – поэзияға қалай келдіңіз дегенің болар. Иә, 1989 жылы Алматыға барғам. Ол кез жас отыздан асқан, жастықтың желігі басылыңқыраған, етек-жеңімізді жиып, үйлі-баранды болған шағым-ды. Әрине, бұған дейін «Жігер» фестиваліне барғанмын. Ақындардың көбімен таныспын. «Жігерге» барғанда жақсы көзге түсіп, Жұмекен Нәжімеденов ағамызы алғысөз жазып, «Қазақ әдебиетіне» топтама өлеңдерім жарияланды. Алғаш Алматыға партия мектебіне оқуға барғанмын. Онда да әкім болайыншы-ау, бастық болайыншы-ау деп емес, Алматыға жеткім келді. Орта іздедім. Өзу баста түрмис жағдайында қындық көрдік. Соның бәріне шыдал, жақсы агаларым мен жолдастарым арқасында сол жақта қалып қойдық. Ақындық тағдырыма ризамын. Достарым – қазақтың белгілі ақындары Ұлықбек, Жәркен, агаларым Қадыр, Тұманбайлармен етene араласып, сыйласып бірге келеміз.

Алматы маған Ақындардың астанасы секілді болады да тұрады. Жазушылар одагына кірсең де, Алатауға қарасаң да бір ерекше сезімге еніп, айналанда ақындардың аламаны өтіп жатқандай күйге бөленесің...

Біздің толқын – қазір жасы қырықтың үстіне шыққан бұның қазақ поэзиясының үлкен жүгін көтеріп келеді. Бірақ біз



поэзияға енді араласқанда қын бір жағдайға түсіп қалдық. Нарық келді дегендей, формация өзгерді дегендей. Елдің әдебиетке, өнерге, жалпы рухани құндылықтарға көзқарасы өзгере бастаған кез еді ол. Ол кезде кітап шығару қын болып кетті. Тұрмыстың түйткілдері қапталдасып, жан-жақтан кимелеп кетті. Соны жеңіп келді біздің буын...

— *Сіздің шыгарма шыныңызben оқырман ретінде таныс болғандықтан сұрагым келеді: жинақтарыңыздан, жалпы мерзімді басылым беттерінен поэма сынды көлемді туындыларыңызды байқамадың...*

— Оның рас. Бұдан бұрын шыққан жинақтарда еш поэмам жарияланған жоқ. Кітаптардың көлемі көтермеді. Бірақ поэмаларым бар. Ертеден жазып келемін. «Алапестер ауылы» атты драмалық поэмам бар. Қоғам, уақыт туралы. «Киік көзіндегі жазу» атты поэма жаздым. Кез келген көлемді шыгарма сынды поэма да көп ізденіс талап етеді. «Киік көзіндегі жазуға» баар жолда көп іздендім. Киіктер туралы зерттеу мақалаларды, кітаптарды оқыдым. Өзім де сериялы мақалалар жаздым.

Киік – Қазақстанда, Монголияда, Қытайда ғана өмір сүретін жануар. Өзге жануарлар сияқты емес, бірінің төлін бірі емізіп кете беретін жануар ғой. Қазақ табиғатына келеді деуге болады. Сосын біздің елдегі экологиялық ахуалдар бар, қоғамдағы келенсіздіктер бар, барлығы осы поэманың тууына әсер етті.

Поэма тек киік туралы емес, киік тұлғасы шартты түрде алынды. Арқаның даласында кеше киік қандай көп еді. Жасымыздан көріп өстік. Ауылда, табиғаттың ен ортасында, сұлулықты кешіп жүріп есейдік. Менің өлеңдерімे осы қазақылық, қара өлең табиғаты тән...

— *Осы орайда жас ақындар жайлы, қазіргі қазақ поэзиясының аяқ алысы, жаңашылдық пен дәстүр туралы ой түйе кетсеңіз...*

— Мана айттық қой, қазақ өлеңі қазір өлемдік деңгейге көтеріліп, есіп кеткен деп. Қазір небір ғаламат ақындар бар. Жастар арасында да өлең өлкесіне өзіндік үнімен, жақ-

сы қалыптен қосылған Астанадағы Тоқтарбек Хамзин, көкшетаулық Алмас Теміrbай, семейлік Жанат Әскербекқызын атауға болады. Дәстүр мен жаңашылдық дегенде қазақы қара өлең мен қазіргі толқын көп ұрынып жүрген түсініксіздік, күрделілік туралы айтуға болады. Егер қазақ өлеңінің идеялық, тіпті идеологиялық асқары Абай деп алсақ, Абаймен бірге дәстүрлі қазақтың қара өлеңін алсақ, нағыз біз ұстанар Темірқазық осылар болуы керек. Өлең оқырман үшін жазылады ғой. Тек әдебиетші үшін жазылса, түр мен мазмұнда неше түрлі жаңалықтар ашуға болады. Бірақ қарапайым оқырманды ойлау керек өуелі. Өлең түсінікті болуы керек.

Абай айтқан «Тілге женіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» дегеннің үдесінен шыға білсе де қазіргі ақын аз шаруа тындырмас еді. Кез келген формада өлең жазуға болады. Бірақ өуелі өз жаныңа жақын сезімдерді, өзінді қалай алдайсың? Қазір, «Ерінбеген етікші болады» дегендей, ұялмай, өлермен өлеңші болып жүргендер жетерлік. Біреулер зейнетке шыққан соң өлең жазатын болды. Біреулер сол арқылы түрмистық жағдайын түзеп алғысы келеді. Ондайлардың жолы болғыш келеді. Жарайды, қызғанбадық солардан өлеңді. Тағы бір ұнатпайтыным, қазіргі ақындар ойлайды «Мен өлең жазамын, маған ел қызмет жасауы керек» деп. Мұлде олай емес, ақын өлең жазса, ол оның тағдыры. Ол ақын болса, еліне қызмет жасауы керек. Жалпы, ақын атаулы ең өуелі адалдықтың, пәктіктің белгісі, ұлғісі болуы керек. Кеңестік кезеңде қалыптасқан түсінік қой, ақын деген бұзықтау болуы керек, аздаپ ішіп жүруі керек деген. Олай емес менің түсінігімде, ақын ең өуелі ардың жоқтаушысы, керемет киенің иесі болып қабылдануы керек. Ақын деген әдемі болуы керек. Сөз бен істің бірлігі керек...

— Сіздің өлеңдеріңізді оқып отырсақ, мәселен:

«Дүр-дүние – әр пендеге нақ сонар,
Тауы – мұнар,
Аспаны – бұлт,

Багы – ырыс.

*Құсқанаты – Ар боп жауган ақша қар,
Көктемдердің көзіндегі сагыныш»;*

«Біздің сапар Сарыбелден басталған...»

немесе:

*«Есіл агады,
Есіл агады...» –*

деп келетін цикл өлеңдеріңізден, өзге де жырларыңыздан мәңгі қозғалыстың, ұлы қоштің сарыны сезілетіндей. Бір жерден оқыған едім, «Жиырмасыны шасыр соңына таманғы қазақ поэзиясының бір бөлімі сапарнама жырлары, алыс-жақын шетелдер туралы көркем дүниелер тізбегімен ашылады» деп. Сонын тағы бір өлеңіңізде жазасыз:

*«Құдай сақтады, құдай сақтады,
Ажалым жетсе өлер ем...» –*

деп. Осы өлеңнің өне бойынан бір шешім алдында түрган жаның, бір өткелден өтіп кеткен жанның тебіренісі сезілетін секілді.

– Қазақ табиғатына сіңген көшпенділік өлемінің журнағы біздің әрқайсымыздың бойымызда бар гой. Мен өз басым ел көрген, жер көргенді, сапарға шыққанды жақсы көремін. Қызмет бабы солай болды. 2001 жылы Түркияда «Шайырлар ақшамы» фестивалінде болдым, одан ілкіде Украина да болған едім. Мұның бәрі адамға әсер етеді. Жыр болып жарып шығады. Ақын өмірдің қайнаған ортасында болып, тірліктің түрлі түйткілдерін көруі керек...

Жалпы әр өлеңнің жазылу тарихы болады гой. Жаңа соңғы айтқан өлең жазыларда қалада көлік қағып кете жаздаған еді. Қым-куыт қайнап, ағып жатқан қала көшесі гой. Содан туған сезімнің толқынысы гой. Немесе «Қап арқалап

бара жатыр қыз бала» деген өлеңді алайық. Осыдан үш-төрт жыл бұрын кешеде көрдім, жап-жас қазақ қызы қап арқалап бара жатыр. Ақын деген суретші ғой. Сол қызды жасандырып, түрлі деңгейде болып жататын сұлулық байқауларына апарыңызбы, мысалға. Ал ана бала арын саудаламас үшін қап арқалап базарға бара жатыр. Қарапайым өмір шындығы, астарында тұтас бір үлттың мұны мен зары жатыр тұншығып. Өлең туды солай. Жалпы өлең, жаңа айтқандай, түр, қалып арқылы қолдан жасалмауы керек, өлең тууы керек...

– *Жақын құндері Жезқазғанда жыр кешіңіз өтеді екен. Бұган шейін туган жерінізде болсын, Алматыда болсын, жеке шығармашылық кештеріңіз өткенін естімеген едік...*

– Рас, мен шығармашылық кештерді көп өткізген жоқ-пын. Әредік студенттермен кездесулер болғар, кітапханаларда оқырмандармен жүздесулер болғач шығар. Ал Жезқазғанда алғаш рет өтпекші.

Жезқазған мен үшін тек асты кениш, үлкен өндірісті қала емес, адамдары да ақ жүректі, қазақы қаймағы бұзылмаған, жомарт, әдемі қала, үлкен мәдениет, өнер ордасы. Мұнда мениң жастығымның жалынды құндері өтті, көптеген дос-жар жақын адамдар бар. Осыдан екі-үш жыл бұрын жезқазғандық азаматтар шақырып еді, шығармашылық кешінді өткізелік деп, соның реті енді түсіл түрған тәрізді.

Кожа Хафиздің жазатыны бар ғой «Ақынын әкімі іздесе жолы болар, Әкімін ақыны іздесе соры болар» деген мазмұнда, сол айтқандай, Жезқазғанның әкімі Жұмамәди Ибаділдин ағамыз өнердің жанашыры деп білемін. Жергілікті ақындардың, мысалы, Қуаныш Ахметовтің, Фазиз Ештанаевтың, Сайлаухан Нәкенов, Батыrbек Мырзабеков, Төкен Әлжантегінің кітаптарын шығаруға көп көмектесті. Өзі де арғы-бергі өткенді екшеп, жинастырып жүретін, білімді, аяулы азамат. Міне, сол ағамыз бар, Жазқазған қалалық мәдениет бөлімінің менгерушісі, үлкен ақын Зулпа Чумакова, Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ректоры, ақын, ғалым, қазақтың үлкен зиялды азаматы Жұмағали

Наурызбай ағамыздың қолқа салуымен, көмек-қолдауымен шығармашылық кешті өткізуге бекіндік. Оның сыртында, белгілі қоғам қайраткері, менің досым Әлихан Бейменов басқаратын «Зерде» қоғамдық қорының демеушілігімен осы кешті жақсы бір жайсан, жайдары қалыпта өткізек деген ниет бар. Кешке қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов ағамыз, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Ақиқат» журналының бас редакторы Темірхан Медетбек және өзге де қазақтың белгілі ақын-жазушылары, әншілері, өнер жүлдемдері қатысады...

— Адамга тұган жер қашанда ыстық қой. Арқаның белі Жаңаарқада туып, үлкен жыр әлеміне қанат қақтыныз. Осы сапарда өзіңізben тілеуі бір жұбайыныз, балаларыныз, ағайынызыз да бірге келеді деуге сияды гой?..

— Әрине, тұған ауыл, тума-бауыр әрқашан да жүрекке жақын, жаңыңа аяулы болады. Әкей елге сыйлы жан болды. Үыздай үйін отбасыдан 11 бала шықтық. Шешей ауылда. Жаңаарқа жері – өте киелі жер, онда тұған әр ұлан елінің ертеңі үшін ер көтерер үлкен жауапкершілікті көтеруге дайын туады дей аламын. Тынышбай Рахимовтың бір өлеңі бар той «Ерте ғашық болдым да, ерте үйлендім» деп келетін. Сол секілді мен ерте үй болдым. Жұбайым Бибіғайша Алматыдағы М. Мақатаев атындағы гимназияда директордың орынбасары болып қызмет істейді. Үш баламыз бар. Үлкеніміз – Азамат, әке-шешенің қолында өскен, қазір қызметте, кейінгі бір қызы, бір ұлымыз – Саламат пен Айдана мектепте оқиды. Тәуба деп, ел аман болсын, жер аман болсын деп ғұмыр кешіп келеміз...

...Қолымда ағамның «Құсқанаты» жинағы. Өткен жылды арнаіры ізден тауып алғанмын. Ағамнан қолтаңба, естелік лебіз жазуын өтіндім әңгіме тарқарда. «Өмірің өлеңіңдей, Өлеңің өміріңдей болсын! Агаң Фалым» деп жазыпты.

Бір-ақ ауыз тілектен саналы жан гүмірының өлшемі етердей, тірлігіне Темірқазық етіп тұтардай салмақты аңгардым. Аңгардым да Фалым ағамның, қазақтың Фалымының бір шумақ өлеңін таңдайга бастым, тамсанып:

*Наурыз келді!
Тұзелер ендігі күнім,
Көңіл біткеннің аян гой кеңдігі бүгін.
Ұскіріктеге де үмітін ұқылеп ұстар –
Көктемнен көктем іздеген елдің ұлымын...*

*Серік САҒЫНТАЙ.
«Орталық Қазақстан» газеті,
11 наурыз, 2003 жыл*

ТАЛАНТ –
ТАҒДЫРЫҢНЫҢ
ТАМЫРЫ



ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

Қазақ өдебиетінің көрнекті өкілі, классик ақынымыз Қасым Аманжоловтың дүниеге келгеніне биыл ғасыр толып отыр. Бұл ғасыр – Қасымның ғасыры, қазақ жырының жиырмасыншы жүзжылдықта жаңа реңк алған бір дәуірін өз қолымен сомдаған атақты ақынымыздың ғасыры. Қасымның жыры мен сырсы, ғұмыры, өнері, майдан кешкен талайлы тағдыры, жетімдік қамытын мойнына ілген балалығы мен азаматтық асқақтығының бәрі-бәрі тұтасып, ғасыр өріне келіп тұр. Қасымның дүниеден озғанына да жарты ғасырдан асып кетті.

Қазақ жырының ақ нөсер жауыны, ақ түтек дауылы, «найзагайлы қара бұлттан от алған» дауылдай өртке тиген өлеңдімен өмірінен өлең жасап берген Қасым рухы, Қасым жыры бүгін бізben Қарқаралының қария тауларын, қазактың Қара орман жұртын тербелетіл тұр.

Қасымның ақындық болмысын, жүргегінің лұпілін, сезімінің сыңғырын тану үшін оның өлеңбаянына айналған өмірбаянына үңілмес болмайды.

*Қалсам бір қаусап мен өліп,
Достарым, аңсан өкінбе.
Найзагайлы қара бұлт болып,
Жаңбыр бол жауып өтті де.*

Қазақ жырындағы санаулы саңлақтар санатында дара даусы, өршіл үні, қайталанбас қолтаңбасы бар Қасым Аман-

жоловтың соңында қастерлі мұрасы қалды. Оның өлеңдері мен поэмалары, сонеттері мен романстары, аудармалары мен мақалалары Ұақыт атты құдіреттің көзімен қарағанда өзінің таланты мен дарын қуатын алдаспандай жарқыратып, тарихтың аласапырандарында идеологиялық тізгін шығармашылдық нарықтауға тосқауыл болғанын да аңғару қыын емес. Ақын ғұмыры буырқанған бұлқыныстардан, қарама-қайшылықтан, бақ пен сордан, ақ пен қарадан тұрады. Оның ғұмыры – қасірет пен қасиетке толы ғұмыр.

Ұлттық поэзиямыздың Абайдан кейінгі алқынған ақ бұлақтары Ілияс, Мағжан, Сәкендерді жүйесіз жүйе жүндей түтіп, тулақтай қадірін қалдырмай тарих сахнасынан көздерін «жойған» тұста Қасым-жырдың жасындај жарқ етуі қасиетті қара өлең рухының жан дауасы еді.

*Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден.
Жетімдік тағдыр жетті ептеп,
Кабагын жаба түксиген.*

*Өмірден үміт жоқ өзге,
Далаңың тердім тезегін.
Әкем бол таптың сол кездे,
Советтік менің өз елім!*

*Галстук қызыл мойнымда,
Мектепке қарай жүгірдім.
Қолымды түңгыш қойдым да,
Бетін бір аштым білімнің.*

*Сапқа да түрдым, ту алдым,
Келді деп менің кезегім.
Әкемдей сонда қуандың,
Советтік менің өз елім!*

*...Бұлбұлым сайра кеудемде,
Бұлбұлым – менің жүргегім.*

*Көңілдің күйі келгенде,
Ағыл да тегіл жыр едім.*

*Ағыттым ойдан ел үшін
Өлеңнің ерке өзенін.
Ақының болдым сен үшін,
Советтік менің өз елім!*

Меніңше, Қасым-өлең – Ана-жұрттың құрсағынан ғасырда бір туатын ғаламат. Ақын жырында Шығыс пен Батыс шайырларының қаламынан тұған інжу-маржандардың жарқылы, жыраулық поэзияның рухы бар. Отанды да, ортаны да ақын тандамайды.

Ендеше, «Советтік менің өз елім!» деп ақынның асқақ пәфоспен үн қатуын XXI ғасыр үрпақтары да алаңсыз қабылдар. Хал-қадерінше ішкі ірімдеріне сұнгір.

Тұған даласын тап Қасымдай егіліп, төгіліп, еміреніп жырлаған ақындар кемде-кем.

*...Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін!
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолга ту алған.
Бұл далага жылап келіп уанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам.
Бұл далада өскен жаңда жоқ арман!*

Осы жолдарды Қасым жайлы толғанысында мысалға алған академик Серік Қирабаев: «Бұл – бүгінгі айтылатын Егемендіктің сөзі екен; Қасымның оны уақытынан бұрын айта білгені де дау тудырмайды», – деп шешімді де кесімді бағасын айтады.

Жер бетінде шарлаған ізі қалған ақынның қазақтың орманы мен даласын, тауы мен көлін, жазыралы байтағын жыр еткенде аруақтанып, рухтанып кететінін, оның болашағына сеніп, барына балаша қуанатының байқайсың.

◦ ◦ ◦ ◦ ◦

*Шаганның бойы көк шалғын,
Шалқамнан жатқам шаңқай тұс.
Гүл болып менің құшагым,
Кеудеме қонған бұлбұл құс;*

немесе:

*Келдім сені сагынып,
Алтын үям – Алматым.
Кең көшеңде басар нық
Мен бір ақын солдатың!*

Сенімді өлең жолдары – туған елге деген махабbat сезімдері, алғаусыз ақын көңілдің арай-нұры.

Біздіңше, ХХ ғасырдағы қазақ жырын Қасымға дейінгі және Қасымнан кейінгі кезең деп бөліп айтуға өбден болады. Қараңғы түннің қойнауын найзағай жарқылымен тілгілеген құдіретті жырлар арқылы ол өз дәрісханасының жүлдышы шәкірттерін молайтты. Ол мектептің аты – Қасым мектебі еді. Бұл жөнінде қазақтың абыз ақындарының бірі Әбділда Тәжібаев былай дейді:

*Жүргегің мен жүргегімді бір сана,
Айтарым көп, айтқызыбай-ақ біл, сана.*

Әрбір өнердің өзіндік мәдениеті бар. Сол мәдениет поэзияға да тән. Қасымның осы шеберлігін оның қазақ поэзиясына берген мәдениеті деп тануымыз керек. Қасыммен осынша шұтылдануымыздың бір себебі: ол өзінің жаңа серпінімен кең тынысты жырлар туғызып ғана қоймай, өзгелерге де ерекше ықпал жасады.

Осы күнгі сүйікті ақындарымызға айналған Faғу Қайырбеков, Ізтай Мәмбетов, Аманжол Шамкенов, Тұманбай Молдағалиев, Еркеш Ибраһим, Тілеген Шонашпов, тағы басқалар ең әуелі Қасымға шәкірт болып бастағандарын жасырмаса керек. Қөпке дейін Сыrbай Мәуленов те шабыт туралы ойлар-

ды Қасымша қайталап жүрді. Өз стилі бар, өзіндік орныққан жолы бар кекселеріміздің өзінде де Қасым интонациялары, тіпті оның даяр тенеу сөздіктері де кездесіп қалып отырады.

Әбділда ақынның өзінің замандасты, тіпті өзінен бірер жас кішілігі бар Қасымға қаратса осы бір жүрекжарды лебізін Қасым мектебінің қалыптасуына берілген баға, мойындау деп қабылдауының керек.

Замананың занғар ақыны Мұқағали Мақатаев Қасым ағасын сонша қастерлейді:

*...Жеді... тынды... керемет дерттер төніп,
Кең кеудеде кетті гой қектер сөніп.
Қасым деген қалғыған Жанартау гой,
Жанартау гой... жанды да кетті өртеніп.*

*«Бір күй бар домбырамда» – иесі Қасым.
Қасым солай болмаса, неси Қасым?!
Жыр бәйгеге аттанған адам болса,
Сөредегі Қасымын есіне алсын.*

Ұлы ақынның аруағын аялай отырып, жүрек сөзін айтады. Қазақтың тағы бір тұғырлы ақыны Жұмекен Нәжімеденов:

*...Мезгілім аз қайтпаган, жасымаган,
Ал түңілген кездерім басым одан.
Мазалама Пушкинди, менің үшін
Жетіп жатыр өзімнің Қасым ағам... –*

деп асқақтатады.

Бұл ақындардың қай-қайсы да ұлттымыздың жүлдышы шашырлары, Қасым мектебінің дәріскерлері.

Бүгінгі ұрпақтың негізгі ұстанар бағыты ақынның кісілік келбеті мен асқақ жырларынан қалыптасқан ақындық тұлғасы болуы керек. Өкінішке қарай, қай ортада болмасын, Қасым жайлы айтылар сөздің бір ұшы ақынның баспанасыздығы жайлы әңгімеге барып тіреледі. Ақын жайлы «мифке» айналып

кеткен осынау беделсіз әңгімеге жұрттың өнер адамдарының талайлы тағдыры жайлы алыпқашпа жел сөздерден қуралған түсінігін қоссақ, қазақтың көптеген тарлан тұлғаларын кемсітуге апарып соғатын бір бықсық пиғылды анғарамыз. «Ақын деген – сәл қиялилау, өзге жұрттан пенделік несібесі кемшін, тірлік соқпағының соқтықпалы қияметті тұстары молдау адам» деген түсініктен арылатын уақыт жетті. Мұндай идеологиялық нәрі жоқ әңгімелерден үлттық тұлға, қазіргі кезеңде жетісінкіремей турған үлттық азамат, мемлекетшіл һәм мемлекеттік тұлға қалыптастыра алмасымыз анық. Ал Қасым жырларынан осы іздеген жоғымызды таба аламыз.

*...Бір еді тағдырымыз екеуміздің,
Қанғырган қаңбагындаи құба тұздің.
Жалбырап жұртқа шыққан жауқазын ек,
Көзіне ерте ұрынған долы күздің.*

*Ол он бір, мен алтыда қалдық жетім,
Айта алмай әке кетті өситетін.
Дарига-ай, ең соңғы рет не ойлады екен,
Біздер жоқ қабіріне бас иетін.*

*Пәле қу, із аңдыған қызыл түмсық,
Басында жетімдердің барлық қырсық.
Жаулығын теріс байлай ана кетті,
Сыртта жел, үйде біздер қалдық сынсып...*

*«Үш шошақ», «Қызыл көшен», «Қара кемер»,
Тас болып көкірегіме байланған шер.
Баяғы Қасым, Тайжан хикаясын
Заманга өткен-кеткен айтып берер.*

*Аққан су Ақтайлақтан ақтарыла,
Жагада екі жетім жатпады ма?
Қосылып біздің жарлы үнімізге
Сырлы өзен сырнайлы күй тартпады ма?*

Қарадоқ, Қүйген бекет, Талдың бойы,
Кең жайлай ата-баба өткен тойы.
Тудай бол желбіреген аспанында
Аманжол үрпагының абыройы.

Орманы, сол аймақтың бетегесі,
Аң мен құс, көл еркесі, жер төресі.
Айта алмай ойдағысын арманда бол,
Тыңдаган зарымызды ерте-кеши.

Қара тұн, қасқырлы сай, қалың орман,
Ығында жын тұнеген ескі қорған.
Құлазып жаңғырыққан ескі қыстау,
Қарлығаш үа салып, байғыз қонған.

Жолаушы дұға оқып жаяулайтын,
Қалжырап келе жатқан ұзақ жолдан.
Дозақтай түсі суық бейіттер де
Біздерге әке үйіндей мекен болған.

Бейуақта не бейіттен, не қорғаннан
Біздерді көрген адам естен танған.
«Ойпырмай, Тайжанбысың, сайтанбысың?»
Деген сөз ел аузында содан қалған... -

деп өз өмірінен өлең жасап берген Қасым сол дәуірдің нағыз тағдырлы-талайлы перзенті еді. Біз бұл туралы ағалар естелігі мен көптеген деректерден жиі оқып келеміз. Бірақ, дейтурғанмен, Қасымды енді жетімдік тағдырынан арылтып, баспаңасыздығын да, тірлігінде көлденең кездескен көп кедергімен күресіп, шамырқанған ашушаң адам қалпында елестетуді дотаруымыз керек төрізді.

Қасым – қазақтың өзі, сол қысталанаң дәуірдегі әр қазақтың қасиеті Қасымның ғұмырынан, жырынан аңқып түр. Қасымның басынан өткен ауыр тағдыр әр қазақтың басынан өткен жоқ, өтсе де, ердің ері, азаматтың азаматы ғана шыдас берер

сынды көтерер біргей ерлерінің басынан өтті. Сол тұрғыдан қарағанда, Қасым тіршілігінде ұлттың намысы мен арын, тағдышын, өнерін арқалаған ақын еді. Енді арада ғасыр өткенде Қасым өр қазақтың жүрегінде азаттық пен қазақ қасиетінің жыршысы, арман-мұраттардың жаршысы ретінде қайта тууы керек. Өр қазақтың жүрегі Қасым жырына баспана болуы кепрек.

Қазақтың ұлттық әдебиетінің сан ғасырлық салқар көшін саралап қарап отырсақ, сонау Құлтегін, Қорқыт дәуірлерінен бастап-ақ, сөз ұстаган ақын-жырауының асқақ тұлғасы еркін қалыптасқан. Қорқыт ата сегіз ханға уәзір болған, сөзіне жарты жалғанның жұраты иланған әулие еді ғой, Асан Қайғы мен Майқы би, Ақтамберді, Бұқар бабаларымыз сөзіне бұқара халық қана емес, хан-сұлтан бас иген қадірлі ақындарымыз еді ғой. Абай заманында да, сал-серілер дәуірінде қазақтың басынан жеке мемлекеттігі кеткен соң ұлттық мұңымыз бен өнеріміз, салт-дәстүріміз, қазақтың өз ортасындағы, атырабындағы адам келбетін қалыптаған өзгеше жыр үлгілері дүниеге келді. Ал Қасым туған дәуір де қазақтың басынан жеке мемлекеттік мәртебе алыс болған, мемлекетшілдік рух, ұлттық идея аласталған аласапыран заман еді ғой. Соған қарамастан, Қасым және сол дәуірдегі қазақ жырының қаншама жампоздары ұлттық поэзияның туын асқақ ұстай білді.

Қазақтың қай дәуірде болмасын, ақыны – ержүрек батыр, батыры – ақберен ақын болғаны тарихтан белгілі. Ал Қасым басынан өткерген өрт-дауылды ғұмыр кешегі ер етігімен қан кешіп, ат ауыздығымен су ішкен қазақтың рыцарлық дәуірінің жиырмасыншы ғасырдағы қайталанған көшірмесі іспетті. Қасымның майдан жайлы жазған, соғыс тақырыбын толғаған алапат жырлары кешегі Ақтамберді одаларының жаңаша ырғағы тәрізді, Қасымның соғыста құрбан болған Абдолла досын жырға қосуы Махамбеттің Исатайды жырлағаны тәрізді! Өзі жауажүрек батыр, рухы асқақ ақын, сал-серілігі бір төбе Қасым – қазақ ұлттық ақындарының жиырмасыншы ғасырдағы жаңаша келбет иеленген жиынтық образы десек, артық емес! Оның жауынгерлік жырлары жыраулар

поэзиясының занды жалғасы, рухани үрпағы, оның азаматтық поэзиясы – Шортанбай, Мұрат, Абай салған ақындық жолдың соны соқпақ, дара даңғылдарға үласуы, оның лирикасы – Мағжан мен Ілияс, Сұлтанмахмұт, Бейімбеттің топырағынан нәр-қуат алған поэзия десек те жаңылыспасымыз анық. Сөзімізге дәлел іздесеніз, қазақ поэзиясының әр дәуірдегі төлтума жауһарларын Қасым поэзиясымен үштастыра отырып оқып көріңіз. Он бесінші ғасырдағы қазақ жырынан жиырмасыншы ғасырдағы Қасым өлеңдерінің рухын аңғарасыз, он тоғызыншы ғасырдағы дәуірнамалық жәдігерлеріміздің Қасым жырлары арқылы жаңаша өрнектелуін тану, табу аса қын емес.

Қасым жайлыш аға буын жазып кеткен естеліктерді, ғалымдардың сыни пікірлерін саралап отырып, ақын шығармашылығының қазақ поэзиясына әкелген соны құбылыстарын жеке-жеке талдауға мол мүмкіндік бар дей аламыз. Мәселен, Қасым жырларының рухани қуаты, сол дәуір түрғысымен салғастырғалы қарагандағы тосын образдар галереясы, ерекше мінез, жаңа буындық-мәтіндік қалыптар, Қасым аудармаларындағы шығыстық нәзира дәстүрі де әлі толыққанды зерттелмей тың жатқан тақырып.

Қасымның жазған дүниелерін саралаған ғалымдардың ізденистерін екшіей отырып, әрі ақынның өз жырларын, замандастары тізген естеліктерді қарап отырып, Қасымның сол дәуірде жазғаны бір бөлек те, жаза алмай кеткен – денсаулық күйімен, соғыс қасірет-қияметімен, идеология қақпақылымен жаза алмай кеткен дүниелері қаншама деуге болатын тәрізді.

Бұл – Қасым ізін жалғауға талпынған қазақтың әр ақыны үшін ашық алаң, көкжиегі кең кеңістік емес пе! Мәселен, ақынның «Өзім туралы» атты ғұмырнамалық дүниесі – аяқталмаған үлкен шығарманың бізге жеткен үшқыны ғана! Үзінді іспетті қалпының өзінде әнімен қосыла өріліп, естіген, оқыған жанның жадына тасқа қашалғандай сіңіп кететін, ізін қалдырып кететін осынау классикалық дүние толығымен қолымызға тигенде, заман мұрасына айналғанда қалай болар еді? Әлемнің көзіқарақты салауатты ғалымдары

мен ізденімпаз, білмекке құштар әр түрғыны үшін Милос Венерасының иығы тұсынан қырқылған қолы туралы азыз қандай жұмбақ тылсым болса, Қасым жырының жалғасы да қалам ұстаған қазақ үшін бір құдіретті құпия болары сөзсіз. Шынтуайтында, Милос Венерасының қырқылған он жақ қолы қалай сомдалған екен, ол қолына не ұстап тұрды екен – «Өзім туралы» жырдың соңында ақын не айтпақ болды екен?! Не болмаса, ақынның бала кезгі досы Мекебай Жазыбаевтың естелігінде айтатын ақын арманы туралы не білеміз?!

Ғұмырының соңында Көкшетауда, Бурабайдың жағалауында кемдікүн сырласып, кешегі өткен балалақ шақтың жырын-сырын айтып, тауса алмай кеткен Қасым досына «Қарқаралының қазағы» атты роман жазуға әзірленіп жургенін айтып еді ғой. Ол романның «Бостандық», «Большевик Садық», «Төбелес», «Дүйсеннің өлімі», «Ақмолада» «Кім екенімді ертең түсте білесің», «Өтеубайды қасқыр талауы», «Ақыжан бүркітші» сынды бөлімдері болатынын, әр образдың ерекшелігін сипаттап айтқан естелікті әр естіген сайын көкірегімде өкініш пен арман бас көтереді. «Қарқаралының қазағы» атты Қасымның жазылмай қалған, жаза алмай кеткен туындысын қазіргі қазақ жазушысының бірі ақынның аруағына арнап жазып шықса, артық болмас еді! Ақын рухына өлмес ескерткіш болар еді.

Қасым туралы аз жазылған жоқ. Оның өскен ортасы мен адами келбеті, жырларының туу тарихы, жазған дүниелерінің алғышарттары туралы едөүір естелік, сараптама мақалалар бар. Қазір Қасымның көзін көрген, соңына ерген, сөзін, жырын жаттаған замандастары жоқтың қасы. Бүгінгі үрпаққа сол дәуірден сыр шертетін естеліктерді қайыра ұсынып, ақынның азаматтық келбетін қалыптастыратын дүниелер жасау – ортақ парызымыз. Бұл үшін біз ақын жырларын терещ ғылыми зерттеуге салып, ғалым көзімен, философия көзімен жаңа заман, үлттық таным тезімен саралауымыз керек.

Қасымтануға жаңа заман, жаңа үрпақ көзімен қарар кез келді. Ақын мұрасы – қазақ жұртына ортақ.

Осы тұста қадап айтатын бір дүние – ақын шығармаларының ғылыми тексін жасау арқылы бір жүйеге түсіріп, қолжазбасы-



мен салыстыра келе, оның толыққанды академиялық жинағын сауатты түрде, түсініктемелерін бере отырып, жұртқа ұсынар кез жетті.

Осыдан тұра он жыл бұрын Faфаңның «Алыс та жақын жағалаулар» атты әдеби портреттер кітабы жарық көрген болатын. Сол кітапта ақын ағамыздың Қасым жайлы ерте-ректе жазылған естелігі жарияланған. Faфаң былай дейді: «Қасым туралы осынау жылдарда жазылған қаншама мақалалар, зерттеу, монографиялық енбектер, замандастар айтқан естеліктер, оның ішінде өзімнің жазған, әр кезең, әр тұстағы толықтырылыш отырган пайымдауларымның ішінен – қысқасы, бәрі-бәрісінен мен әлгі қөкейімде көптен айтылыш келген ұғымның, түйін-қорытындының атын, есімін еш кездестірген емеспін. Яғни, бұл ұғым, бұл пайымдау көдімгі туып, ержетіп, есіп-өнетін адам тірлігінің жолындағы уақыт кешіп барып, та-нылатын ұғым, түсінік, концепция екен. Енді бүгін соның атын айтсам – ол «Қасым Аманжолов – қазақтың ұлттық ақыны» деген ұғым екен».

Faфаң, Ұлы Faфаң – Қасымның жырын жалғап, сырыйна ортақ болған Faфаң бұлай деп тегін айтпаса керек. Қасым жырларындағы ұлттық сарынды кез келген өлеңінен кездестіруге болады. Қай уақытта болмасын, «ұлттық» деген анықтама жазушы-акын қауымның тақырыбы мен мәтіндік сез қолданысынан ғана емес, шығармашылығының ішкі қуатынан, астарынан, сезімдік әуенінен аңғарылатыны анық. Тағы да сол Faфаң: «Ұлттық ақын болу үшін, бәлкім, бір кезде «ұлтшыл» атанғаны немесе ұлт туралы аса көп жазғандығы дәлел бола алмас. Виссарион Белинский «Пушкин – орыстың ұлттық ақыны» дегенде, оның «орыс» сезін қайта-қайта айту үшін емес, орыс рухын, орыс жаны мен көңілін, халық ре-тіндегі тарихи даму баспалдақтарын, балаң кезі мен дана кезін, тілі мен ділін, мінездегі жайсандық пен осалдығын – қысқасы, орыстың ұлттық қасиетін қамтитын, өзгеде жоқ, өзінен бұрынғыда да, кейінде де жоқ, тек Пушкинде ғана бар данышпандықты бір жерге тоғыстыруында» деп айтқан», – дейді. Қасым туралы да, оның ұлттық сарындағы жырлары ту-

расында осылай деуге болады. Тіпті, жаңа заман әдебиеттануғыныңда кеңестік дәүірдегі ақындардың ұлттық сарында жазған жырларын жаңаша талдау керек болса, ол талдаудың бел ортасында Қасым шығармашылығы тұратыны анық.

Қасым жырларындағы сонылық сарынның бір саласы ақынның Мағжан жырларымен ұндастігіне келіп тірелетіндей. Мәселен, 1940 жылдың «Сұлтанмахмұт туралы балладасының» өзінен Мағжан жырларына тән мистикалық леп еседі:

...*Фажайып, күн күркіреп, етті жалт-жұлт,*
Қабырдың бет тақтайы сынды сарт-сүрт.
От шашып екі көзден, «Тоқтаңдар» деп,
Бейіттен шыға келді Сұлтанмахмұт.

Екеуі тұра қалды есі кетіп,
Мұздай бол тұла бойы, дір-дір етіп.
Корыққаның екеуінің білгеннен соң,
Сұлтекең амандасты жайлап жетіп:

...«*Өлгем жоқ, иланыңдар, шынымды айтам,*
Өлді деп айта берсін кейбір сайтан.
Жұр, баста, Жазушылар союзынан
Мүшелік билетімді алып қайтам.

Сен, жігіт, өсек айтып жүргенше құр,
Моламды мен қайтқанша құзете түр», –
Деді де қолтықтап ап жас ақынды,
Сұлтекең жүріп кетті шырқатып жыр.

Қасым жырлары – тұтас бір дәуірдің үні деген сөз артық болмасы анық. Себебі Қасым сол дәуірде алапат соғысты қазақ топырағында жеріне жеткізе жырлаған еді. Кешегі жаугершілік дәуірден қазақ қанына сіңген ерлік рухын отызыншы жылдардың ақсүйек аштық, қызыл қырғыны жойып тастағанымен, соғыс жылдары тағы да сол идеологияның өз бастауымен ата-бабалар ерлігін дәріптеу қайыра қолға алынған



болатын. Осы кезеңде кешегі эпостық рухты, батырлық жырлар сарынын Қасым жаңа дәуір поэзиясы биғіне шығарды. Бұл тақырыпта Қасым тек өз атынан емес, тұтас қазақ жауынгері, қазақ азаматы, қазақ патриоты атынан жырлаған болатын.

* * *

Қасымның туған жері туралы, өскен ортасы туралы қазірі әдеби-ғылыми айналымда біршама деректер бар. Ақын шығармаларында жазылған сағыныш сазды ой орамдарымен бірге сол жырлары мен туындыларын талдаған қауым біршама мәліметтер үсінады. «Советтік мениң өз елім» атты классикалық өлеңін оқи отырып, Қасымның жасынан жетімдік көрген тағдырын танисыз. Жалпы, Қасымның күллі өмірбаяны оның жырларында таңбаланып-ақ тұр...

Осыдан бірер жыл бұрын Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына, ондағы Қасым ауылына, Қасым туған тоғыраққа, қара құдығына, Қөшен тауының бектеріндегі қоржын там басына барып қайтқан едім. Қоңыр күздің салқын райына қарамастан, Қасымның шөлін басқан қара құдықтан бір-бір шелек алышп, басымызға құйып едік. Ақынның арлы рухы жүккесін деп, Қасым жырының қасиетіне қанықпақ ниетпен. Қызыл тасын қына мүжіген Қасым туған қоржын тамның жұрты жатыр жермен-жексен бол. Өзге елде болса, әлдеқашан қабырғасын қайыра көтеріп, ақын туған үй деп мәртебелі маңыз беріп, ел-жүрт, алыс-жақыннан келген қонақ, қыдырымпазтурист атаулы ат басын тіреп келер үлгілі орынға айналар маеді?!

Ал кешегі-бүгінгі естеліктерде, өзге де жазбаларда Қасымның кедей ортадан шыққаны туралы жиі айттылады. Шынымен де солай ма? Ел ішпіндегі көнекөз қариялар Қасымның әкесі Рахымжанның сері адам болғанын, ортасының көркі болышп, жүрген маңын ән-жырға, әңгімелеге қандырып жүргенін айтады. Рахымжанның серілігі сондай, мінген атын жібек арқанмен шідерлепті! Кешегі кеңестік көзқарас ауанымен кедейлікті мақтан көрген ұлыс серілікті де сол қатарға жатқыза салған

той. Рахымжанның ескі жұртына қарап тұрып, Қасым өuletі анау айтқандай сіңірі шыққан кедей деуге болмайды-ау. Есігінен төріне дейін едәуір жер, тамның қыр желкесінде жерге кірермен болған қабырганың қызыл тасына арқар мүйізін кіргізе жымдастырып, қалап тастапты. Рахымжан сері ел арапалап келгенде, осы мүйізге атын байлайды екен-міс...

Ал сол Қасымның әкесі, атасы Рахымжан мен Аманжол жерленген, бала Қасым, жетім Қасым, өгей әке, өктем туыстап қағажу көрген Қасым тұн ішінде жылап барып тунеп қалып жүрген бейіт қазір жермен-жексен боп, топырағын жусан басқан төмпешікке айналып барады. Басында белгі де жоқ. Енді бірер жылда жып-жылмағайланып, тау бектеріндегі бедерлі бүйрattың бірі боп шыға келері анық...

Қасымның жер бетін шарлаған ізі қалған қысқа да мәнді ғұмырында Қарқаралы өңіріне, туған топырағына қайта айналып келген-келмегендігі туралы да әлі деректер аз. Қасымның бала кезінде ме, әлде кейіндері ме, Қарқаралыда Қасым тұрды деген үй бар. Үй қабыргасында «Бұл үйде Қасым Аманжолов тұрған» деген белгі де орналастырылған. Бір қызығы – Қасым нақты үйлескерткіш-тақта ілінген үйде тұрмаған, осы үйге жапсарлас шағын ғана үйде болған екен...

Жалпы, Қасым ақын ғұмырбаянына үçілсөніз, әлі де айғақтай, анықтай түсуді қажет етер тұстарға кезігесіз. Мәселен, өмірбаяндық анықтамаларда «1931 жылы Қасым Ленинград қаласындағы орман шаруашылығы институтына түседі. Бірақ денсаулығының сырберуіне байланысты бір жылдай ғана оқып, елге қайтып, Орал қаласындағы «Екпінді құрылыш» газетіне жұмысқа орналасады» дедінген. Шын мәнінде, Қасым Ленинградта оқыған ба? Оқыса неге шығармаларында Леинградтағы ғұмырынан із қалмаған? Оған Есмағамбет Ысмайылов бастаған ғалымдардың, Тәкен Әлімқұлов пен Әбділда, Сырбай бастаған ақын-жазушылардың зерттеу мақалаларынан, туған-туысқандарының, қызы Дариғаның естелігінен жауап іздел таба алмадық.

Ал Қасымның өмірінің ең бір жемісті де әдемі кезеңі са-налатын Оралдағы ғұмыры оның өлеңбаянында тайға таңба басқандай талантты жырларымен таңбаланып тұр.



Ал Семейге – балалар үйіне аттанған Қасымның жолы қайта айналып Қарағанды, Қарқаралы өңіріне түскен бе?

Осы секілді сауалдардың жауабы көкейде. Қасымтану бағыты айқындар мәселе көп. Ең бірінші, жүйелі түрде қасымтанумен шұғылданатын орталық керек шығар, бәлки.

Ақынның биылғы 100 жылдық мерейтойы қарсаңында қасиетті Қарағанды өңірі біршама жұмыстар тындырыды. Облыс әкімі Серік Нығметұлы Ахметов бас болып, азаматтар бір жеңнен қол шығарды. Бірнеше кітаптарды айтпағанда, Қарағандыдағы Қасым ескерткішін, Жезқазган шаһарына қойылған бюст, Қасым аллеясы, «Қасым» журналының дүниеге келуі ұлы ақынды ұлықтаудың жарқын көріністері емес не?!

*Бір жер бар Қазақстан даласында,
Құрбыжан, апарайын, барасың ба?
Арқага Алатаудан ақиықтай
Бір үшсам, болат топшым, таласың ба?!*

*Ол жердің тоңы алтын, түгі торқа,
Қанша алсаң қазынасы түспес орта.
Өшпейтін өміріңе от береді
Жігіті Қараганды, салсаң қолқа.*

*Қараши Қараганды күмбезіне,
Бойлаган мұнарасы күн көзіне;
Құрбыжан, қасиетті ол бір қазына,
Қуантып, тартпас, сірә, кімді өзіне, –*

деп жырлаған Қасым ақын аруағына тағзым ете отырып, осы ыстығы мен сұығының ортасында жүрген ел азаматтарының баршасына Алланың нұры жаусын демекпін!

Жыл аралатып келетін әр мерейтой сайын біз – аталар арманың, ісін жалғауды мұрат түтқан үрпақ кешегі өткен әр қаламгер мұраларын сараптап, сарабап отыруға пейілдіміз. Кейде қызды-қыздымен бір тұлға төңірегінен жаңалық ашуға

құштарлық танытып, бірнеше өнер иесі екендігін анықтап жатамыз. Қасым туралы да сан қырлы дарын иесі ретінде көптеген дүние айтуға болады ғой. Мәселен, Қасымның ақындығына оның аудармалары, драматургиясы, прозасы, сазгерлігін қосып, өзгеше тұлғалық қалып жасауға өбден болады. Бұл анықтауыштың қай-қайсы да Қасым үшін артық болмасы сөзсіз. Бірақ бүгінгі қазақ танымының басты мұраттарының бірі – Қасымның ұлттық ақын екендігін насихаттау дер едім. Бұл – ғасырлар торабындағы қазақ түйсігі мен танымы үшін ұлттық ақын, ұлттық тұлға, ұлт азаматы атты темірқазық бағыт болуға өбден сыйымды шаруа. Себебі Қасым жырынан өз дәуірімен бірге, арғы-бергі тарихтағы қазақ арманы, ұлт мұддесі, азаматтық рух үн қатады. Қасымның жыры да, сырға да қазаққа ортақ, қазаққа етене, сөйте тұра өлемдік ой өрісімен қапталдас, орайлас бола алады.

«Қасым солай болмаса, несі Қасым?!» – деп Мұқаң жырлағандай, Қасым тойы мен Мұқағали тойы ел Тәуелсіздігінің жиырма жылдығымен тұспа-тұс келуі тегін болмаса керек! Себебі әр ақын – ел мұратының туын ұстаушы, ел жоғын жоқтап, барын жалпақ ғаламға жария етуші, абыройы мен арының айнасы!

Той құтты болсын!

Қасым жыры қазақ аспанының арайын ашсын!

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІ ҚАЙДА БАРАДЫ?

(1997 жылғы әдеби жыл қорытындысында
жасалған баяндама)

Сөзіміздің бісмілләсін Абайға жүгініп бастасақ. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы». Өлең өлкесі өнердің мәңгі жасыл көктеміндей. Оның сыршыл пернесі қозғамайтын сыр, сырнайлы үні жетпейтін көкірек жоқ. Өлең тілі – баршага ортақ тіл. Жақсы жыр жүргегіне жарқын сәуле құяды.

Қазақ өлеңінің бір жылды туралы санаулы уақытта пікір айтып шығу, жыр әлеміндегі жетістік пен кемшілікті тамыршыдай тап басу міндетінің жауапкершілігі аз емес. Тұрмысымызға да, рухани өмірімізге де нарық нақты еніп үлгерді. Уақыт пен кеңістік арасындағы күреске толы күркіреген тіршілікте қазіргі қазақ өлең-жырының хал-ахуалы қалай?

«Барлық сыншылардың ішіндегі ең қаталы, ең ұлысы, ең данышпаны, ең кінәсізі – уақыт», – дейді орыстың бір ойшылы. Дұрысында, талантты ешқандай сыншы қолдан жасай алмайды. Пушкинді де Белинский жасаған жоқ. Кешеге дейін «сын – партияның өткір қаруы» деп, кездігімізді жарқ-жүрқ еткізген кездер болғанын осында отырған ағаларымыз жақсы біледі. Айтактап қосқан тазының түлкі алмайтын заманы туды. Өлексені өрге сүйреп, туа бітті классик жасай алмайтынымызға көз жетті.

Ендеشه, өтірік мақтау мен өтірік даттау кімге қажет? Ол талантқа емес, дәлдүріш халтурщикке қажет. Дәлдүріштерді дәріпtep, індегін дертке шалдыққан сын пікір таланттың жолын қызып, әдебиетті аздырады.

Заман өзгерді, адам өзгерді дейміз. Бүгінгі аға буын ақындарымыз «тоқырау» деп аталып жүрген уақытқа аса өкпелі емес. Қатырма кітаптары көп тиражben жарияланып, қала-

шакының салын алғатын анын деген аттың есі абырой асуына
шынтарғандақ көб болған.

Бүгін ұқыт басқа, талап та басқа. Жуан жіңішкериш, жі-
шілше үзілдердегі болыш турған қараевек шақта шоззияға қоя-
тын талап тиши белек. Тосыннан келген топаш суындағы мезгіл
жің-жінді де аш-таң етті.

Дәүір ділоремей қазақ, елеңін де ез елегінен откізе бастанды.
Жарыншылдық тоныш айналдырыш көтеш айқайшыл елең өрге-
шынға атмайды. Ұакыт уайтында сез етіш қанша «ағ» үрсак та,
шының еңер тұмайды. Олай болса, бүтін сез мынаны жаға. мынаны
жаяба деген отырған ешкім жақ. Кешес әкіметтің көзінде шыншылдық
шынжырланаши, акыншыл ауызындағы құлдың деш азұнын айға
блекет ақындар шеғе үнгіс?

Олжас жынысы жаралынған жылар күтаптарының оғыш шын-
шында елең көшіндең көміштіктердің осы түстенің іздеуді
жем сипадады. Ақшарыттар ағынын өзін-өйнеппесізді түстен тас-
тап, азаттың беріліп, егеменіңіншідегі сезіндер түста екеңгіреш
қалған жокшыз ба?

Мөнің көз алдында күйрасқыттар шаржесінде ұшак, жылдыр жол-
дан жем жас үйреспетек жынырдаш аңдар р елеккегейді. Жомбарыс,
арнистаң, қасқындардың бүтәндең босатының жибересе, таңылышын
едіне түсірғанни бірақ ұакыт еттің шыншыл. Себебі қаржылар қас-
кындарының, жолбарыс жолбарындастыны ұмыттың қалған, әбден
қолна үйренин.

Кіндең өлеміндең көздейді да сөзен сөл үткесстену же деңгейш.
Шілдесір әдебиеттің қалғантың шынырагы шоғырлана бір бейітшылық
бір. Шіріншілдің тәркімдегі қатты әдебиеттің шынырагы шоғырлана
жеке көзжетінен жеке оның көшіш, күншіктеріс қамында кіріккендей. Шілді
бір том имені, қалай, қайтты жағынаның білікшій дам болту-
да. Себебі бұл заңданда дегенең олардың дайындаудың жоғ болат-
тын. «Рұдайдан жомпарияның салынымын тілеш, жонырынды
бүркіншілдер, кәбілештің шаруашына баянышпассаң болғаны. Оғиз
де ғимбейді, арба да сыйбайдиди....» Осы бір жағрынаның психология-
шыл білдің көзтеген ақындардың шынаның сипасында жынырдан орнап
қалғанын.

Осынын бәрін шақшадай бастан, жұлдырыктай жүректен еткізу жөніл іс емес. Жүрістен жаңытыстық. Баскаша соқшак табу үшін барлау керек. Соныдан із кескен аңшының кам-карекеті қажет. Біздің поэзиямында қазір осы процесс журіл жатыр. Ізденістің қия-ғулларынан отпей, өркениетті орелі өлеңге көл жеткізу кын. Тар шенберді талқан еткенде гана талант өзінше табындырады. Бүгін біздің әдебиеттің сыншылар казак өлемін әлемдік деңгейде көргісі келетінін жасырмайды. Ол үшін же істеу керек? Төрткүл дүниемен байланысы бар егемен елдің ақыны да елем әдебиеті біздің қайсымында терге шың, дер екен? Ол үшін «Есім салған ескі жолмен» журе беру азылғы етегін шыгар. Талаңтка тағылым да, таным да ке-рек. Суреткөр атаулы атын жеңжиектерге көз жібермейдінше, тытырышқа тіреле беруі заңдылық. Вул аудандан шықшашан балага дүниенің шет-шеттегі гаусылмайтындаі көрінеттініне укусас дүние.

Таным таразысына салсақ, әлемдік поэзия тарихында жа-на бетбұрыстар жасаған ақындардың қай-қайсы да, еш ал-зымен, әшшишкөшешілділік белгімей, терең арудапшының иесі болған. Мысалын. Вайрон, Блок, Пушкин, Неруда, Гекстернек, Брюсов, Ахматова және басқалардың шығармашылығына зерттең көйшесінде, және грек, ежелгі Шығыс мифологиясы мен философиясында бастам. өздеріне дейінгі ақыл-ойдан ішкү-маржаштардың жеткі мәндерденін аңғарасын. Эдете, бізге ке-бакта жүріш шараптамаңын откес сияқты елеуеттің Сергей Есенин өмірін зориттеушілер онда. Еуропа әдебиеттің білгірі болғанын дәлелдейш отыр.

Сондайқтаң ақындылдың алғышарты ойнан дейінгі көзінде тілшілік асқаралы асулаरынан оту екенін біздің қадамгерлер түсінүй көрек. Қазақ үшін сол асуудың ең биіргі Абай болып қала береді. Озінде дейінгілердің білу ойнан де сын көзбен көрділдік үйрептеді. Түсініл қаратауда Абайдың оқымағаны, покымағаны жок. Ол Шығыстың ғана емес, әлем мифологиясының жақасы билгеш.

Көңіларасы, айттары, әзірлігі жоғық ақыннан шығын тұшынды тұмайды. Сондайқтаң интеллидект расыры болады деп жүргі-

ген XXI ғасырға қазақ өлеңін апаратын қазақ ақыны соны соқпақтарға, иглікті ізденістерге, түрлі эксперименттерге баратын кез келді. Өлемнің жарық күнінен нәр алған ұлттық поэзиямыздың құнарлы топырақта жайқалған гүлдерін қазақ баласы көретін күн тууға тиіс.

Осы шолуды дайындау үстінде өткен жылы түрлі баспалардан шыққан үлкенді-кішілі ақындардың 30-дан астам жыр жинақтарын оқып шығуға тура келді. Кітап шығару сапасы қашшалықты артса, өлең сапасы соншалықты төмөндеген. Аты да, заты да белгісіз ақындар көп. Ақшасы барлар Абайды да танымайтында ма, қалай? Жер-жерде жеке меншік баспалар көбейіп кеткен. Пысықай, дәлдүріш бір-бір баспаның бас директоры. Ал дәлдүріш дәлдүріштің күшіктеуіне жағдай жасауы занды құбылыс. Осы жерден проблема туады. Жашушылар одағының өзі болып, оның облыстағы бөлімшелері болып, арамшөптей қаулаған осы кеселге тосқауыл қоятын жағдайларды қарастыру керек. Болмаса, ақындық атты ардақты үғымнан да, өлеңнен де қадір-қасиет қашатын түрі бар. Қатын-баласын асырау қамында жүрген базаршы балаға Абай да – ақын, «Ажалдан хабар келмесе, Ленин бабам қайда өлмесе» деп термелейтін Аяз Бетбаев та – ақын. Аруағыңнан айналайын Абай ақсақалдан гөрі көзі тірі өзіміздің Аязекеңдердің насиҳаты күшті болып тұр. Бұлай кете берсе ақшасы жоқтың ақынмын деп айтуға құқы да болмай қалатын түрі бар.

Газет-журнал беттерінде, жыр жинақтарында жарияланған үлкенді-кішілі ақындардың көбіне ортақ кемшілік – өлеңдерде публицистикалық сарынның басымдығы. Газет мақаласы көтерер проблемадан өлең жасағанмен, поэзия тумайды. Ана тілі, Арап тағдыры, Жетім бұрыш, Ақмола – Астанам сияқты тақырыптардағы жырлар тым көп екен. Соның дені жайдақ, баяндау түрінде жазылған, өлең құдіретін сезінбейсіз. Осындай жалпы тақырыпқа жазылған өлеңдердің жалаң абстракцияға ұрындырыарын түсінгеніміз дұрыс.

Үйқасқа түскен публицистика өлеңнің қадір-қасиетін көтіреді, көркемдігін төмөндөтеді. Сырт қарасаң өлті өлеңдердің буын саны түгел, үйқасы тастай. Үнілсеніз, өлең шалажансар,



рух жоқ. Ал рухсыз жыр жүрекке жетпейді. Қолына қалам ұстаған ақын мәртебелі Поэзияның міндегі-абыройын жете сезінгендеге ғана өлең байғұстың обал-сауабы жөнінде әңгіме қозғауға болады. Қөркемдік үрдіс кез келгенге қолын соза қоймайды.

Осы проблемалардың бәрі жиынтықталғанда жүртшылықтың өлең-жырға деген назарсыздығын, селқостығын туғызады. Ал ақын үшін қажетсіздікті сезінуден артық трагедия жоқ. Оқырманы жоқ ақын ақын емес. Шын ақын – өз халқының шаттығы мен қуанышы, шері мен көз жасы. Ақынның ақындығы да, азаматтығы да азабы мол ауыр жол – поэзия парасаты арқылы сынға түспек.

Әлгінде оқырман туралы айтып кеттік. Қазақ өлеңі оқырманының дені ауылда. Қазақ ауылының бүгінгі ахуалы ауыр. Қазақ ақыны зиялды азамат ретінде сол қыны жағдайда отырған ауылдарға барып, ел-жүртпен араласатын кез келді. Өлең құдіреті небір қының-қыстауларда сыналған.

Үлкен ақындарға арналған Поэзия күндерін халықтық мереke деңгейіне көтеруді ойластыру керек. Абай, Жамбыл, Магжан, Илияс, Қасым, Мұқағали күндері бір-біріне жалғасып өтіп жатса, елдің де рухы көтеріліп қалмай ма? Tipi ақынның да ел алдына шығуына, жүрт көзіне көрінуіне жағдай жасау қажет шығар. Қазір бізде өтіп жүрген жыр жарысы – мүшәйралардың өзі арнау өлеңдердің аламанына айналып, оның қорытындылары өсектің өртін гүлетіп түр. Бұл мерекені өткізу дің де жан-жақты формасын қарастыру қажет. Қазақ жырының көсегесін көгерту үшін жоғарыда айтылғандарға үқсас мәселелер шешімін құттуде. Өлең-жырға, жалпы әдебиетке саясат сарайларының да мойын бұрап кезі алыс емес сияқты.

Өткен жылды оқырманға жыр жинағын ұсынған ақындардың үлкені – Дихан баба Әбілев екен. Оның таңдамалысын қолымызға алып тұрып, тоқсаннан тәбәрік деп түсіндік. Жүрттина алпыстан аса жыр кітабын сыйлаған ақын ағамыздың тындырымдылығы, еңбекқорлығы – үлгі алар қасиеттер.

Сексеннің сеңгіріне шығып, арғымағын арытпай, бақытты қалпында бақылыққа көшкен Алаштың аға ақыны Хамит аға Ергалиев жаңа жырлардан тұратын «Ұлттым дедім – ұлғайдым» деп аталатын жинағын біздерге аманат етіпті. Көпті көрген көнекөз осы кітапта туған елінің егемендігі мен бүгінгі заман тынысын мадақ тұта жырлайды.

*Шын болса тұрганымыз тік өскелі,
Жендетті жерлеп өмір түгескені.
Қасиетті жагалауга жеткізетін
Қайықтың қолымызда түр ескегі, –*

Депті Хамаң соңғы бір өлеңінде. Хамаң кітабы – аманат кітап, Хамаң сөзі – өситет сөз. Баршаңызы Хамаңша ұлттым деп ұлғаюға жазсын.

Поэзия махаббаттан басталып, парасаттылықпен аяқталады. Ақындық талантпен қоса, ақындық парасаттылық қатар жүреді. Егер біз ақын ғұмыры жырынан басталады десек, өлең ғұмыры да ақын өмірінен бастау алатын сияқты.

Қазақ өлеңінің тұма бұлағы – Тұманбай Молдағалиев өткен жылды «Шартарап» баспасынан шыққан жаңа жинағын «Бір асудан асқанда» деп атапты. Ақынның бүтін өмірі – оның тұтас шығармашылығының лейтмотиві. Себебі өмірінің күйініш, сүйінішін, ез жүргегінің құпиясын сенімді түрде айта алмаған ақын басқа жүректің қалтарысын ашуға шамасы келмейді. Тұманбай ақын өлеңдеріне сыршылдық пен шыншылдық тән.

*Бармаган әлі қала көп,
Жүрсөңші дейді жол мынау.
Қайта гүлдеуге шама жоқ,
Айта білмеу де қорлық-ау, –*

Дейді Тұмағаң бір өлеңінде. Дұрысында, Т. Молдағалиев – айта билетін ақын.

*Асыл мекен, ақын мекен,
Жақсылығың жақын ба екен.*

*Көк сагымнан көйлек күіп,
Көктеп келе жатыр ма екен? –*

деп ақтарылады ақын бір жырында тағы да көңілінің құсы құйқылжып. Үлкен ақыннан жұрт үлкен жауапкершілік күтеді. Өзін-өзі қайталап қоятын, жайдақтыққа барып қалатын тұстарды ақын аға өлеңдерінен көргім келмейді... «Бір асудан асқандада» Тұманбай аға жеткізбейтін жастықты, өткізбейтін өзенді, алдан күткен кезеңді арманына арқау етіпті.

Қазақ жыры мүмкіндігінің арнасын кеңейтіп, өрісін өсіруғе көп тер төккен ақын, ұлттық өлеңіміздің бағаналы бәйтеректерінің бірі – Қадыр Мырза-Әли. Ол – ойдың ақыны, поэзиясы тұтас қалпында жұртының махаббатына ие болған. Қадыр ақын шығармашылығында динамикалық тұтастық бар. Жеке тақырыптардың өзіндегі логикалық байланыс, жол мен жол, шумақ пен шумак бірігіп, тұтас бір механизм жасауы, сол арқылы өмірдің ағы мен қарасына ақындық көзben үңілуі, айтар ойын шегелей айтуды арқылы оқырманды ойлануға мәжбур етуі – ақын атын, оның поэзиясын өзгелерден даралап тұратын қасиет дер едім.

Откен жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Қадыр Мырза-Әлидің «Заман-ай» атты бірнеше дастандардан тұратын жинағын ақынның тұтас шығармашылығының заңды жалғасы деп түйдім. Бүгінгі заман ағымын ақындық көзben көре отырып, өмір ағысы, әлеуметтік сан қылыштар, жастық пен махабbat, замандастың жан дүниесіндегі өзгерістер жаһындағы пайымдаулар өз оқушысына жетері сөзсіз.

*Қызды көрсе жынышп Құн күледі.
Асылады мойынга тұң білегі.
Сұлу дейміз!
Сұлулық арулардың
Бақыты ма?
Соры ма,
Кім біледі?! –*

дейді Қадекең «Махаббат» дастанында. Бұл кітапта Қадыр ақынға ғана тән өлең жолдарына ол көтерілген биіктен қаралым. Оның жырларының өн бойынан көрінетін азаматтық позициясының табандылығына, қарапайым да шымыр шумақтардың арқалаған жүгіне қуандым.

Күдайлышын айтсам, осы жинаққа енген «Парламент» дастаны Қадыр ақын потенциалын көрсете алмайтын, мүмкіндігінен төмен дүние екен. Баяндауы басым, айтары газет мақаласына өзек боларлық қана мәселе.

Дастанда бірнеше депутатқа мадақ жыр арналыпты.

*Тұсінісу – ел-жүргітқа сол жарасқан,
Ұғыспаган халықты қара басқан!
Қол көтерем құдіксіз жоба заңға
Өзі Султан Артаев араласқан! –*

десе, Ерік Асанбаевқа арнаған өлецінде:

*Шығаратын орынсыз жоқ дауысы,
Алды ма екен саулығын көп тауысып...
Назарбаев ұсыныс жасады да,
Вицелікке лып етіп кетті ауысып, –*

дейді. Осы тәрізді шумақтарды Қадыр ағам жазғанына қиналдым...

Ақын Қекімбек Салықов ағамыздың «Жазушы» баспасынан шыққан «Қекжиекке тартқан көш» жинағына соңғы жылдары жазған өлеңдері мен сонеттері, «Отырар сазы» атты лирикалық поэмасы енгізіліпті. Ол өз шығармаларында замана, табиғат, достық, адамгершілік туралы сыр шертіп, махаббат сияқты асыл сезімнің мәңгіліктігін жырлайды. Әсіресе ақынның төрттағандары мен «Отырар сазы» лирикалық поэмасы оқырман назарын аудараптық дүниелер.

«Жалын» баспасынан шыққан Аманжол Шамкеновтің «Өмір толқыны», «Жазушы» баспасынан жарияланған Саттар Сейітқазиннің «Сексен көл» жинақтары ақындардың жетпіс



жылдық мерейтойларына орай шығарылған екен. Екі жинақта да замана өзгерістері, аға буын өнегесі жыр тілінде сөйлейді. Екі ақын да оқырманға өз шама-шарқындағы дүниелерді ұсынуға тырысқан.

Откен жылдың ең таңдаулы жыр жинақтары санатында үш-төрт ақынның кітаптарына ерекше пейіл білдіргім келеді. Ақын Нұрлан Оразалин аз жазса да саз жазады, екпін ырғағы жігерлі, ойы анық, динамикасы тегеурінді, ырғағы жігерлі. «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Құралайдың салқыны» атты жыр жинағы осы сөзімізге кепіл болады. Бұл – ақынның соңғы он жылға жуық еңбегінің жемісі.

«Фарыш мінезді жырлар» деп кітаптың алғысөзін жазған заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов: «Ақын қуанса шын қуанып, мұңайса шын мұңаяды. Оның бір жырдан екінші бір жырға көшіп отыратын лирикалық кейіпкерінің жан дүниесіндегі толғаныстар адамзат кеңістігіне көтеріледі. Ол аспанмен тілдессе де, жермен сырласса да, бір қызығы, сені ең жақын, ет бауыр туысыңмен сөйлестіргендей, тілдестіргендей ерекше бір халге бөлдейді», – деп жүрекжарды сөзін айтыпты. Ақын көңілі аласапыран. Сезімнің серісі дегенімізбен, шын ақын – үлкен парасаттың иесі. «Құралайдың салқыны» – Нұрлан ақынның тың өрісі, белес-белі. Суреткер шеберлігі шындықты сырға, сырды жырға айналдырып, әдемі бір гармония құрайды.

...Маган артық байлықтың жоқ керегі,
Аман болсын жырымның көк терегі.
Жырым барда жарық бар, маҳаббат бар,
Өмір өзі қалғанын өткөреді,
Аман болсын өлеңнің көк терегі... –

деп жан сырын оқырманның талғам таразысына салып түрған ақын сендіре сөйлейді, ақтарыла айтады. Ол «Қаламұштың тамырына тығылып, жүрегін жұлқыған Тәңір сөзін» жеткізуге асығады. Тәңір сөзін өлең тілінде сөйлетуді бақыт санайды.

Жалында!
Жүрек атты көк беренім,
Жалынсыз бықсығанды жек көремін.
Озсам да, озбасам да, дәл осылай
Мен қалган өмірімді өткеремін, –

дейді ақын енді бір өлеңінде. Жыр жинағында бір идеяға бағындырылған өлеңдер көп екен. Нұрлан өлеңдері – метафоралық тың бояуларға бай, образға оранған жинақы да байсалды мінезді өлеңдер.

Осы жинақтағы «Қарақазан ғасыр» драмалық дастаны – көк аспан, қара жер арасындағы уақыт атты кеңістік үшін қасқым сәт – айналасы 30-40 жыл ішіндегі бір әулеттің қасірет-мұңын көрсету арқылы замана запырандарына қарғыс айтқан қабырғалы дүние. Ана мен ұлдың диалогы арқылы берілетін бөлімдерден бастап оқырман сезімін шарпылыстырып, бірде күйіндіріп, бірде мұнайтады. Ақын кейде абыз болып толғап, рух болып тіл қатады. Дастандағы Ана мен Берік бала да, Едіге қарт пен Иіс кемпір де қимас бір адамыңа айналып жүре бергендей өсерде қаласың. Әділетсіздік атаулыға тас лақтырғың келеді, қорқау қоғамға кінә артасың.

Сол сезім Нұрлан поэзиясының жанкүйеріне айналдырып жібергенін өзің де байқамай қаласың.

Нәзік назымен, сұлу сазымен ерекшеленетін ақын Құләш Ахметованаң «Күн шыққанда құліп оян» атты жыр жинағы «Ана тілі» баспасынан жарық көріпті. Ақын жырлары – шуакты да мейірбан, биязы жырлар.

...Сагынғанда сүйкімді түс көремін,
Күліп түрган көңілден күш көремін.
Улken күнгө цлес қой – әрбір адам
Бір-біріне сыйласа кішкене күн! –

деп ақын ізгілікке үндейді.

Адалдық пен ізгілік – Құләш өлеңдерінің қан тамырын соқтырып тұрған қасиеттер. Бес бөлімнен тұратын көлемді жинақта сан алуан тақырыптағы жырлар бар. Соның дені



тіршілік өлемінен үйлесім тауып тұрған жаунардай мөлдіреген жырлар.

*Мениң өлең өмірім –
Мениң мәңгі үлесім
Бірсек мұң, бірсек үн...
Қуанышым, махаббатым, қызығым,
Қылдай үміт, қымбат тілім, күресім, –*

деп Құләш ақын ақындық өнер алдындағы жауапкершілігін өмірінен бөліп қарамайды.

«Жазушы» баспасынан көлемі он баспа табақ болып жарық көрген ақын Қасымхан Бегмановтың «Бесіктен бейітке дейін» атты жыр жинағы қасиетті қазақы бесік пен қасіретті бейіттің екі арасын философиялық ойлармен астарлаған нөзік нақышты лиризмі арқылы оқырман жүрегін баурап алады.

*Бәйіт арна, құрбандық шал, дүзга қыл,
Дүзга қыл да жүргегіңмен жыла бір.
Қабірлерге қамқор ана секілді
Аруагымды қымтап жатқан мына қыр;*

немесе:

*Қабар ит не құлыш жоқ есігімде,
Жұмысым жоқ біреудің жесірінде.
Бейітке адам жасайды дайындығын
Сонау сәби кезінде, бесігінде...*

Өзіне ғана тән өрнегі қалыптасқан, болмысқа бағдар жасау арқылы есейген Қасымханның бұл жинағындағы ойлы да мұнды өлеңдердің табигаты үнады. Бұл ақынның өлеңдері – алыпқашпа, асау мінезді емес, өз арнасынан ауытқымай, сабырын сақтап, байсалды ағатын өлеңдер.

*Сонау көктем аңсатты гой, аңсатты,
Жүректен жыр, көнілден күй қанша ақты.*

Сенсіз өткен тойлар мені мұңайтып,
Сенсіз өткен жылдар мені шаршатты.

Әдемі шумақ. Ақынның сыры мен мұңы сенің де сезім пернелерінді басатыны шындық. «Бесіктен бейітке дейін» жинағындағы өлең-дастандардың қай-қайсы да жаныңа шуак, нұр сыйлайтын дүниелер.

Көре, біле, сезе тұра үндемей қалу – қылмыс. Жаманды жақсы деу – көргенсіздік. Талай тұлпарларымыздың түбіне жеткен де осы бір назарсыздық па деймін. Қазақ өлеңіне де ақ пен қараны безбенге салар уақыт жеткен сияқты.

Ақын Тынышбай Рақымның өткен жылды «Атамұра» баспасынан шыққан «Дүлдүл көңіл» жинағы – көлемі де, көтерген көркемдік ой-жүгі де уақыт ыргағымен үндес дүние. «Дүлдүл көңілдің» тізгіншіліктері:

*«Қадамыңа, – деші, дос, – жыр гүлдегір»,
Екі айналып келмейді бұл күнгі өмір...
Не айтар еken дегендей, құлақ түріп,
Елеңдейді еліне дүлдүл көңіл, –*

деп басталып, кітап жабылар тұстағы «Сауырсипарында»:

*Дүлдүл шабыт, тек алға үмтыла ғөр,
Шабысты да, намысты түр сынап ел.
Аруақтар қолдасын жебеп сени,
Мертікпей жет мәреңе, Жыр – Құлагер! –*

деп аяқталуында қазақы болмыс, ұлттық мінез жатыр емес пе! Жалпы, кең ауқымды айтсақ, ақынның азаматтық ой қақпасы «Халқым туралы толғаумен» еріс ашып, «XXI ғасырға хатпен» бақытты болашағына қанат қаққандай өсер береді.

Өткен жылғы таңдаулы жыр кітаптарының қатарында Қарағанды облыстық баспаханасынан шыққан Тұрсын Жұмаштың «Періште» деп аталатын жыр жинағын атағым келеді. Тұрсын ақын – оқырманға жете қоймаған, әдеби ортаға беймәлім есім. Тек 1992 жылды «Жас қазақ» газетінде оның



Есенғали Раушановтың алғысөзімен жарияланған топтамасына елеңдесіп қалған едік. Сондағы «Мен де бір тұлпарыңмын тағдыры бар, Дағаның кеңдігінен байқалмаған» деген жолдар есте қалыпты. Сол Тұрсын:

*Мына мені бір күні еске түсіріп,
Жылайсыңдар тағдырымды түсініп.
Бұл фәніден шындық іздел жүргенде,
Алып кетті қанатына құс іліп! –*

деп өлеңдетіпті де, осыдан екі жыл бұрын, 36 жасында мәңгілік мекеніне сапар шегілті. Оның өмірді керемет сүйген үлкен да-рын иесі екеніне өлмес жырлары дәлел. Тұрсын газет-журнал редакциялары мен баспаларды жағалап көрген жоқ. Қерек десеңіз, Алматыға да Құдай жалғыз рет жолын түсірмепті. Жауыр торысымен қой соңында тепеңдеп журсе де Тұрсын ақын әлемге өзінің кіндік мекені Балқантаудың биігінен қарап үлгеріпті. Оның өлеңдерінде даланың кеңдігі, бұлақтың, күлкісі, жусанның иісі бар.

*Өмір жақсы, өйткені күн бар мұнда,
Ажал оғын атады кім дарынга?
...Ұшып кетті дүр етіп көгершіндер,
Қаргаларды үркітіп тұрганымда, –*

дейді Тұрсын. Қарапайым да терең иірімді, мінезді жырлар.

Тұрсын Жұмаш ақынның өлеңдерінің аз тиражбен болса да оқырман қолына тилюіне күш салған қарағандылық журналист Айтбай Сөүлетбектегі мен талантты ақын Серік Ақсұңқарұлының азаматтығына бас иіп, алғыс айтқан жөн.

*...Бұлақтарға қызығып тасып аққан,
Табанына таулардың тасы батқан.
Қазыбек би ауылында бір ақын бар,
Сені ойлаумен күн-түні басы қатқан.*

*Қалып қоймай ауылда, от басында,
Ол да бір күн жетеді, тоқтасын ба.*

Бір-ақ шумақ өлеңі қалады оның
Балқантаудың ойылып көк тасында...

Осындай қанатты жырлар талдауды қажет ете қоймас. Біздің қолымызға түскен шап-шағын «Періште» жыр жинағы арқылы менің құрдасым Тұрсын Жұмаш ақынның өлмейтін екінші ғұмыры басталғанына сенгім келеді.

Азаматтық жүргегімен адамзат қайғысына қарғыс айтып, «Шешендер» дастанын жазған ақын Рафаэль Ниязбеков кейінгі жылдары өнімді еңбек етіп жүр. Оның Шешенстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атануы, осы елдің жоғары наградасы «Ұлт намысы» орденімен маралатталуы баршамыз үшін мәртебе болуға тиіс. Өткен жылы ол «Мерей» баспасынан «Тамұқ отына жанбаған» деп аталатын кітабын шығарыпты. Мұнда бірнеше өлеңдермен қоса, қоғам қайраткері Асанбай Асқаровтың өмірінің тауқыметті жылдары туралы дастан бар. Осы поэмада ақын өз кейілкерінің фонында өткен кезеңдегі келенсіздіктерді ашуға үмтүлған.

Енді бір дауыстары дараланып, бір-бірінен қара үзіп кет-песе де, өлең өлкесінде есімдері таныс бірнеше ақындардың еңбектеріне тоқталмақпын.

Ханбибі Есенқараева – өзгелерге қарағанда ойы анық, қанатты қатайып, қалыптасқан ақын. Ол өлең объектісін алыстан іздемейді. Өзінің ортасы, заман өзгерістері, махабbat, табигат сияқты тақырыптарды өлеңіне арқау етеді. Ханбибинің «Жазушы» баспасынан шыққан «Махаббатым мәңгілік» жинағында да сөтті өлеңдер көп. «Иттер немесе қайрымдылық туралы», «Бақ пен қызыры», «Тобық» атты жырлар баллада жүгін көтеріп тұрған айтары бар дүниелер екен.

Жинақтағы «Солженицынның саясаты», «Қыз Жібек» сөн ательєсінің презентация кеші» сияқты өлеңдер тым жадағай.

*Сергектікпен сеземін үнді,
Мен – жүргегін қайғы тілгендікі,
Мен – «шындық» бол үргендікі,
Мен – масадан атып жүргендікі! –*



сияқты, дүдемал да ұғуға ауыр тіркестердің Ханбибі жинағында кездесіп қалатыны өкінішті. Жинақтағы арнау өлеңдердің көлтігі де байқалып қалады.

Әдеби ортадан алыста жүрсе де өлең сүйер қауымға есімі жақсы таныс ақынның бірі – Ақылбек Шаяхмет. Откен жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жұлдызды дәуір» өлеңдер жинағы ел тағдыры, табиғат пен махаббат тақырыбына жазылған жырлардан тұрады.

*Жан досым жиегінен Тырнакөлдің,
Жыландаі жылжып аққан жылга көрдім, –*

деп басталатын «Тырнакөл» атты өлең жақсы әсер қалдырды. Осы санатта «Найзакескен», «Қароба» сияқты жырларды тәп-тәуір теңеулермен бейнелеп сөйлеуге үмтыйлатын ақынның жинағында дүдемал жолдар, сәтсіз шумақтар көп.

Ақылбек жырларында тың теңеулер мен образды ойлар си-рек. Өлеңдерін түйіндеуіндегі орашолақтықтар баршылық екен. Ақылбектің ел, тіл, жер тағдыры жайлы мақалаларында өткір ойлар айтып жүргенін білеміз. Сол ойлар кейде өлеңге айналып кете ме деймін. Жыр түйінін «Жұлдызды дәуір жасасын», «Жығылмасын Тәуелсіздік жалауы», «Шашу болып шашылсын қазағымның теңгесі», «Өнері озған өзге елмен терезесі тең болсын!» «Тіл табу керек адамдар, табысу керек бар елдер!» деп ұрандалап бітіргенмен өрелі тұа қоюы қын.

Сәрсенбі Дәуітұлының «Сарыбел сазы» атты көлемді жыр жинағы «Жалын» баспасынан жарыққа шығыпты. «Көкжиекті орап алған көк сағым, көк бояудан құралғандай тіршілік» не-месе:

*Толқын-дауыл сапырылып шайқайды,
Көбік-қоян үрке-үрке тарқайды.
Кешке дейін суда жүзген күн ару,
Бімырт түсे көкжиекке жантайды, –*

деген сияқты тәп-тәуір теңеулермен бейнелеп сөйлеуге үмтыйлатын ақынның осы жинағында дүдемал жолдар, сәтсіз шу-



мақтар көп. Ақынның «Қайдасың, қара көзім?» аталатын шағын өлеңінен үзінді оқып көрейік:

*Қызыл күрең ерінің төніп тұрмын бал тамған,
Жүргегіңе қалай гана орнады еken салқын қан?
Кірпігіңді құміспенен шылайсың ғой бір сығып,
Ашу буып отырушы ең өз-өзінен тұншығып.*

Осы шумақтағы төрт жол төрт жаққа қарап түр. Қызыл күрең, бал тамған ерін – жібі түзу тіркес емес. Сол ерінге Сәрсекендің лирикалық «мені» неге тәнуге тиіс? Жүргегіңе салқын қан орнады... Қан құйылды, қан ақты, тіпті қан сүйилді дегенді естіп едік, жүрекке салқын қан орнады дегенді ұға алмай тұрмын. Кірпігін «Кұміспен бір сығып, ашу буып» өз-өзінен тұншығып отырған қара көзге не үшін күйіп-жануға тиіспіз? Бұл – сөз берілген сөз, жол мен жолдың арасында ешбір логикалық байланысы жоқ шумақ.

Осы өлең: «Қайғы мен шер қайыстырып басатындей тау болып», – деп аяқталады екен. Алдыңғы шумақтағы «ашу буып, тұншығып» отырған көкбет қызды жау қолы қағып кетсе қағып кетсін, ер адамға дір-дір етіп қайғыра беру жараспайды. Одан басқа не дейін.

Жоғарыдағы аталғандарға ұқсас кемшіліктер көп ақынға ортақ. Шәймерген Әлдібекұлының «Хан Тәңірі», Аманкелді Жылқышиевтың «Таң самалы», Мейірбек Ақынбековтің «Із» атты жинақтарында ізденіс жоқ. Бұл ақындарда білгіштік, ақыл айтқыштық басым. Сырты сұлу, іші жүдеу өлеңдің табиғаты тартпайды. Ішкі иірім мен сыртқы түр астаспаса, өлең шықпауы заңдылық.

Оңтүстік Қазақстан облыстық баспаханасынан шыққан Әбілда Аймақтың «Жүргегімде махаббат», «Өлке» баспасынан шыққан Марфуға Бектемірованың «Айдыным менің» өлеңдер жинақтары – адамның ішкі дүние сырын жырлайтын нәзік нақышы бар дүниелер.

Өмір өзегіне тың үйлесім, өзгеше ырғак ізденеп жүрген бірнеше жастардың тұңғыштары жарық көріпті. «Нұр» баспа-



сынан шыққан «Аққудың қауырсыны» атты жинақтың авторы – жамбылдық жас ақын Төреғали Тәшенов. Ол тіл узыны еміп есken, қасиетті өлең алдындағы жауапкершілігін сезіне алатын жігіт екен.

«Экономика» баспасынан Темірақын Жақып «Нарық на-тюроморттары» атты өлеңдер жинағын шығарыпты, ол – тіл қадірін сезінетін, ақырын жүріп, анық басатын азамат.

*Салбыраңқы бұтаққа жабысып an,
Селтең қақпа сен босқа сауга сұрап.
Самал айдал әкетер сәлден кейін,
Сары күз сені аяmas, сары жапырақ... –*

деп сыр түйіп, өлең аяғын философиялық астармен бітіреді. Темірақынның осы бағытта жазылған өлеңдері біршама.

Темірақын жырларындағы кемшілік – өлецмен ақыл айтып кетуге бейімділігі. «Тәртіп орнат тезірек, тапаншалы мықтылар!», «Қол шығарып бір жеңнен, бір жағадан шықсын бас», «Татуға тентек судан тыйым салам!» – Темкең оқырманға ұрсып қояды. «Ересектерге арналған экономикалық әліппе» деген белімді жинаққа енгізбесе де болар еді. «Қытай поэзиясының ізімен», «Мұқағали мақамымен», «Жарасқанша» деп тақырып қойып өлең жазып жүрген Темірақынның өзін тезірек табуына тілекеспін. Оған оның мүмкіндігі бар.

Сорос-Қазақстан дебют бәйгесін женіп алған жас ақындар жинағын «Жібек жолы» баспасы жарыққа шығарыпты. Батырболат Айтболатұлы, Бақытжан Алдияров, Айбатыр Сейтак, Нұрлыбек Сафин сияқты жастардың қай-қайсы да өлең сөзге анық таласы бар ақындар. Олардың жырлары қазақ жырына жаңа толқынның келе жатқанын дәлелдейді.

Өткен жылдың жыр жинақтары жайлыш шолу қазақ өлеңінің болмыс-бағдарын толық ашып бере алмайды.

Фариза, Марфуга, Сәкен, Қанипа, Есенбай, Дүйсенбек, Тұрсынзада, қатарлы ақындар Поэзияны өз көңілдерінің патшалығы санап, Тәңір сыйы – өлеңдерін жазып келеді.

Темірхан, Жарасқан, Иранбек, Исраил, Серік, Жұрсін, Жәркен, Несілбек, Дәуітәлі, Шемішбай, Ұлықбек, Есенғали,



Аманхан, Мейірхан бастаған тынымсыз толқын – бүгін қазақ өлеңіндегі өз орындарын алып ұлгерген ақындар. Ал олардың еңбектерінің бағалануы жайлыштыру мәселесі.

Осы шоғырдағы Несілбек, Дәүітәлі сияқты ақындардың жаңа жыр жинақтарының шықпағанына он жылға жақындасты. Ойланарлық мәселе.

Кітап демекші, Алматыдағы Әбубекір Қайран, Қарағандыдағы Серік Ақсұңқарұлы, Жамбылдағы Қуандық Шолақ, Семейдегі Тыныштықбек Әбдікәкімов, Қызылордадағы Шаһинзада Әбдікәрімов, Жезқазғандагы Сайлаухан Нәкенов сияқты талантты ақындардың жыр жинақтарын мемлекеттік тапсырыс арқылы шығарып беруді Жазушылар одағы қолға алмаса, қиын болып тұр, «Таланттарға көмектесу керек, талантсыздар өзі-ақ жол табады» демеуші ме еді.

Алды қырыққа иек артып, соны ойлы отыздың орманын кезіп жүрген – Мәди, Әбубекір, Әділгазы, Гүлнэр, Бауыржан, Шемшия, Нұрлан, Қазыбек, Светқали, Амантай, Оңайғұл, Сабыр, Қайрат, Баян, Ертай, Гүлзакира, Болат, Қедірбек... Олардан сәл жастау Роза Қараева, Маралтай, Әмірхан сияқты ақындар болашаққа бағдар, болмысқа болжам жасап жүр. Бұл топтың өз білгін алып, сөз түйінін айтар кезі жақын.

Бүгінгі қазақ сынында бір ауыз сөз болса, алдымен осыларға айтылсын. Көрер көз болса, алдымен осыларды көрсін. Бұлар – өлеңді наң табу немесе атақ алу деп ойламайтын ақындар. Алдыңғы апа-ағалары сияқты баспаның да, баспананың да, басқаның да қызығын көре алмай, біздің қатарымыз өлең өлкесіне келгенде дүние тарылыш жүре берді. «Жетім қозы тасбауыр» демекші, шамырқанған шабыт пен ширыққан сезімнен туатын өлеңдерді осы толқыннан күту керек.

Атап өтуге лайықты тағы бір үлкен еңбек – өткен жылы қазақтың қара өлеңінің 30 баспа табақ болып «Жалын» баспасынан шығуы. Асыл қазынамыз қара жердей моцгі, қара жолдай даңғыл, қара таудай байырғы, қара ормандай қалың қазақтың қара өлеңін толықтырып, оқырман қолына тигіз-



ген – Оразақын Асқардың елеулі еңбегі. Бұл әр қазақтың қастерлеп үстар қасиетті кітабы болуға тиіс.

Мерзімдік басылымдарда да жақсы жырларымен көрінген ақындар бар. Олардың бәріне тоқталу мүмкін емес.

Ұлттық поэзиямыздың ежелгі дәстүрлерін жалғап, жыр жа-зып жүрген Жәркен Бөдешұлының көктем жайлы өлеңінен бір шумақ оқып берейік:

*Бұл да бір гүл көктемнің күші деп біл,
Көкек те әүпілдейді іші кепкір.
Тойынган қар сұынан сәүірік бұлт
Аспанның ар жағынан кісінеп тұр.*

Көркемдік көрігінен шыққандай, суреті әдемі, қазақы үгымға женіл, өн бойында көктем рухы бар жыр. Ең бастысы, қай деңгейдегі оқырманға да түсінікті.

*Неге керек,
Кімге керек өлген ой,
Былай түршы өрекпімей, өрлемей!
Маңайлама, тас бол жүрген сезімдер,
Шайпау шабыт, шатынама, сен де қой, –*

деп шамырқана жырлайды ақын Әбубекір Қайран. Дұрысында, өлген ой мен мас сезім маңайлалағасын өлең тумайды.

Ақын – халық байлығы. Ал халық ақыннан өресі биік өлең күтеді. Қазақ жырының керуені көшке айналып, жаңа ғасырды бетке алған тұста әр ақынның іштей «айта алмасам маған серт» дейтін күні туып тұр.



СӘКЕН ЖҮНІСОВ ЖЫЛЫ

Биыл – Сәкен серінің жылы.

Иә, «Өшпейтін іздер», «Алғашқы вагон», «Жапандағы жалғыз үй», «Аманай мен Заманай», «Ақан сері» сияқты көркемдік деңгейі жоғары, өлмес шығармалар жазып, ерекше болмыс-бітімі арқылы өзі де «Сәкен сері» атанған, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, аса көрнекті драматург Сәкен Жұнісовтің туғанына 80 жыл толады.

Шынын айтқанда, біз, Қазақстан Жазушылар одағы, осынау қабырғалы қаламгерді еске алу шаралары туған топырағында лайықты аталып өтуіне тікелей ықпал етуін сұрап, Ақмола облысының әкімі Қосман Айтмұхаметов пен Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовке хат жазған едік.

Енді сол ресми орындардан жауап қеліп үлгергенше Сәкен сері мерейтойына орай жыл бойы жалғасатын дүбірлі шаралардың алғашқысын ешбір дабырасызың-ақ Республикалық кітап мұражайының бастап кеткені қуантады. Сондықтан біз ең алдымен осынау мекеменің басшысы Жүрсін Молдашұлына шексіз алғыс айтқымыз келеді. Еңбектеріңіз жансын! Осындай игілікті істерге мұрындық болып, әрдайым биіктерден көріне беріңіздер!

Талант жолы – қашанда ауыр жол. Қарап отырсақ, атақты жазушы Сәкен Жұнісов те бірден Сәкен Жұнісов болып қалыптаса қалмаған екен.

Жоғарыда аталған белгілі туындыларымен қатар, автордың ғаламат драматургтік қырын айшықтап, республикалық және облыстық театрларда табиспен сахналанған «Ажар мен ажал», «Тұтқындар», «Жаралы гүлдер», «Әр үйдің еркесі», «Кроссворд немесе масханадағы маскарад», «Қызыым, саған айтам», «Қысылғаннан қыз болдық», «Сабалақ Абылай» сынды атақты пьесаларынан бұрын Сәкенің ең алғаш баспа бетін

көрген тырнақалды әңгімесінің қатты сынға ұшырағанын көпшіліктің біле қоймауы мүмкін. Сонда: «Қап, мынау дұрыс болмады-ау! Енді баламның беті қайтып, қаламды тастап кететін болды-ау!» – деп анасы Мағрипа апай қатты уайымдаған екен. Тіпті, жылапты о кісі. Сонда болашақ үлкен қаламгердің әкесі Нұрмақ аға: «Бірден ешкім дайын жазушы бола қалмайды. Танымал қалам иесі болу үшін талай таяқ жеп, ұзақ шындалу керек. Бұл – сынның басы ғана. Сондықтан да сен бұлай жылауынды дөғар. Сәкенді алда өлі қаншама қызындықтар күтіп тұр!» – деген екен.

Расында да, алған бетінен қайтпайтын қайсар жас әлгі қатаң сынға ешбір мойынапты. Қайта, өршелене түсіп, жаңа әңгімелерін үсті-үстіне жаза түседі.

Білуіміше, Сәкен – екі әжесінің ортасында өте ерке болып есken бала. Және айрықша құймакұлақ, зеректігімен де ерекшеленсе керек. Кейінірек балбөбек балғын кездегі көргентүйгендері ақ қағазға әңгіме болып түсіп жатады. Солардың бірі – «Әжем мен емші және дәрігер» шығармасы. Бұдан басқа, Сәкеннің жасөспірімдерге арналған «Кімнің мекені жақсы?», «Сақау бәтеңке», «Өшпейтін іздер», «Сонарда» аталатын бірқатар әңгіме кітаптары жарық көрді. Сөйтіп, біртінде үлкен шығармаларға аудысады.

Әділетсіз сынға ерте ұшыраған Сәкен Жұнісов тоталитарлық жүйенің солақай саясатымен де жастай арпалысқанын көреміз. Қазақ еліндегі тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны басталғанда, Сәкен жиырма ғана жаста еді. Осы өрекеттің қасиетті жерді үлкен эрозияға ұшыратуы бір басқа, коммунистік партияның қазақ даласын біртінде жаппай орыстандыру саясатын көздейтінін ерте аңғарған жас жазушы бұл науқанға деген наразылығын жасырмайды. Тіпті, кейбір жергілікті басшылардың шовинистік пигылдарына тікелей қарсылық көрсетеді. Мысалы, бірде елді мекеннің партком хатшысы мұғалім болып жұмыс істейтін Сәкенге көпшілік алдында тың игеру істерінің елге тигізер пайдасы туралы сөз сөйлеуді тапсырған екен. Сонда мінберге шықкан жас жігіт: «Жок, бұл – мұлде қате шаруа. Бұл – түбінде қазақ халқын

күйрететін іс. Мен Хрущев саясатына мұлде қарсымын!» – деп залдан шығып кетіпті. Сөйтіп, оның бірталай қуғынга түскені, атышулы 1937 жылы емес, сол бертінгі 1954 жылы-ақ «халық жауы» болып кете жаздағаны өз-өзінен түсінікті шығар.

Кейін осы тұстағы жазушының жан күйзелісі «Жапандагы жалғыз үй» романынан көрініс табады. Сөкен, мәселен, осы шығармадағы Қарасай образына сол кездегі қоғамның әлгіндей солақайлықтарын сыйғызған. Өкімет қазақтың қара же-рін орынсыз пайдаланып, халыққа талай зардал тиғізгенін шеберлікпен жеткізген.

Жас Сөкеннің үлкен бір бақыты – оның кейін Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, ұлы Мұхтар Әуезовten сабак ала-тыны. Кейін алғыр шекірт ретінде Мұхаңың алғашқы аспиранты атанады. Сол университет қабыргасында жүріп газет-журналдарға белсене араласып, мақалалары мен әңгімелері жиі шығып тұрады.

Бұдан соң Сөкенге заңғар суреткер Фабит Мұсіреповтің де бірталай ықпалы тиеді. Бір күні «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасын жазған Фабит Мұсіреповпен сөйлесіп отырып, Ақан сері туралы кітап жазуды ойластырып жүргенін айтып қалады. Мұны естігенде, Габең бұл бастамаға қатты риза болып, ниетін қолдап, ақыл-кеңесін берген екен. Сөкенің кейін: «Габеңнен сол кезде рұқсат сұрап, әрі батасын алғандай болдым», – дегені есімізде.

Жалпы, кейін «Ақан сері» дилогиясы шыққаннан кейін қатты риза болып, жазушыға алғаш «Сөкен сері» деп ат қойған да осы Габең екен...

Сөкен Жұнісов – Ақан серінің көркем бейнесін жасап, сол арқылы қазақ елінің үлкен трагедиясын қатар көрсете білген қаламгер. Сондай-ақ, қазақ даласына есімі аңыз болып тараған Ақан серіні әнші, ақын ғана емес, халық қамын ойлаған күрескегер ретінде танытқан да осы суреткер.

Сөкен Жұнісов «Ақан серінің» үшінші кітабын да жазуды ойластырған көрінеді. Сол кітапта серіні Меккеге апарғысы келген. Бірақ, неге екені белгісіз, кейін бұл ойынан айнып қалған. Сондай-ақ, Сөкен Абылай ханға арнап роман жазғысы келгенінен де хабардармыз. Бірақ оған үлгермеді...



Сәкен Жұнісовтің «Заманай мен Аманай» повестері, «Жапандагы жалғыз үй» романы, «Ақан сері» дилогиясы қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған құнды шығармалардың қатарында. Жалпы, аты аталған үш шығармада да қазақ даласының трагедиясы жатыр.

Міне, Сәкен үлттың ерекше сүйген аса дарынды, биік тұлғалы азамат еді. Осындай суреткермен кезінде замандас қана емес, пікірлес, талай дәмдес болғанымызды мақтан етеміз.

Тағы қайталап айтайық, биыл – сол Сәкен серінің жылы. Дегенмен, Сәкен Жұнісов шығармашылығының ғұмыры бір жылмен ғана елшенбейтіні түсінікті. Оның туындылары қазақ халқы барда мәнгі жасай береді.

БОЗАНДАФЫ БОЗТОРГАЙ

(*Көрнекті ақын Есенбай Дүйсенбайұлы шыгармашылығы хақында*)

Қасиетті қара өлең. Жүрекке жарық, сезімге сәуле түсірер тылсымы көп құдірет. Поэзия – ақынның жаны, тамырында бүлкілдеген қаны. Оның құпия құбылыстарын, беймәлім бұрылыстарын, шыңыраудан шымырлап шыққан зәмзәмдей мөлдірлігінің сырын да еш сыншы тап басып айтып бере алмайды. Поэзияның берік ұстанар догмасы да жоқ. Оның теориясы да өмірдің диалектикасы секілді өзгеріп отырады. Өзгермейтіні – өлең атаулыдағы жүректің соғысы, жанның жарқылы, сезімнің сәулесі.

Қазақтың қанатты ақыны Есенбай Дүйсенбайұлы жырларайн оқыған сайын оның алғаусыз әк сөйлер адалдығына, өлеңдерінің бай палитрасына, шынайы полотноларына, жан құбылыстары мен арналы ағыстарына тәнті боласың. Оның өлеңдері сабырлы да сырбаз табиғатымен ішкі іірімдерінді тербелтіп, жан толқындарынды арнасынан асырып кететін құдіретке ие. Есенбай жырының киесі де иесі – бозала таң мен бозторғай. Оның көкірегінде осы екі қасиет бір нышанды, ол – ақындық әлемнің ғана емес, өмірдің жаратылыс күйі.

*Алаңсыз дәурен аспаны жүлдyz, құс толы,
Жалт ете қалды сынаптай кейде сырғанап.
Жатыр әйел,
Гинекология столы...
Үятсыз тұн терезеден түр қарап.*

«Бір үмітті, бір өмірді толғатып, жапырақтай бозарып» жатқан әйел – Ананың азапты бақытына сенің де жаның күйеді. Есенбай ақын ол әйел «жан әлемінің жарық сәулесін



толғатып жатыр» деген адамзаттық ой айтады да, шарана-гұмырдың шыр етіп дүние есігін ашқан шағында:

*Кенелте, міне, жарылқау үшін ағынан,
Келіп те жетті тықсыра қуып тұнекті.
Бір өмір сонда
Әйелдің аяқ жағынан
Бозала таңда бозторгай болып шыр етті, –*

деп салмақты ой түйеді. Шын ақын ешкімнің еншісіне алаңдамай дара туады, бөлек отау сайлайды. Осы жерде Есенбай ақынның бозала таңы да, бозторғай да періште бейне киелі ұғымға айналады. Ақын көкірегіндегі киелі ұғымның тотемі – бозала таң мен бозторғай. Бұдан әрі бұл егіз ұғым ақынның өзіне, қара орман жұртқа айтар сөзіне, шығармасының тұтас литмотивіне айналып жүре береді. Тіпті, ақынның лирикалық мені де осы ұғымдармен үндесіп кеткен.

*...Өзіңсіз күндер озар ма,
Отырмын таңнан ой толгай.
Таңымның аты – Бозала,
Торғайдың аты – Бозторгай, –*

деп жырлаған ақын енді бірде:

*...Құландаі қаққа қанған құла дүзде,
Құмардан шығамыз ба мына біз де?
Бозторгай бозаңдағы – бұлбұл емес,
Бозжорғам – дүлдүл емес бұл әзірге, –*

деп тебіренеді. Қалай айтса да ақын сөзіне сенесің. Есенбай жырларының табиғаты да өскен ел, өлең төсегіне тартып тұруы заңдылық. Тіпті, ақындық деген беймәлім әлемнің өзі маған кейде шуаққа шомылып, мейірімге қанып өскен жаны жарық жандардың жайлауы секілді елестейді. Жанарында жарық нұрлар самсаған сәулеге іңкәр ақынның алар нотасы, шырқар диапазоны да тек далаға жарасқандай.

Ақтөбенің алыс құмындағы Қалдайбек ауылы бала ақынның қиялын қалықтатып, санасына сәуле, жанына жалқын құйған. Жетімдік пен жесірлік, тасмандай тағдырмен тайталағас, бақ пен сордың итжығысы, жұбату мен жұбану, дүрмек дүниенің алдындағы дәрменсіздік – бәрі-бәрі, сайшып келгенде, адамның сезімін тәрбиелейді, көзқарасын қалыптастырады. Қалыптастырып қана қоймай, сол елге деген махаббат отын лаулатады. Сонау алыста қалған қимас шақтарға, мейірім мен пейілге деген сағынышында саялап бір ғажап күйді тағы кешесің.

*Екі-ақ үй екінші ауыл елдей мекен,
Ертесем желмаямды, желмей жетем.
Әлде мен етегі елпі, жеңіл желпі
Жылдарга қайта оралғым келмей ме екен?*

*...Ұлы ағыс толқындарын ұластырып,
Жылдарды домалатты қыр астырып.
Сырмінез сол ауылга соқпай кеттім,
Сыртынан амандығын сұрастырып...*

Бұл – ақынның ертеректе жазған «Ескі жұрт» өлеңінен үзінді. Өлеңнің ішіне еніп, Есенбай ағамен бірге сол ауылға тартып кеткің келеді. Тіпті, оның Қалдайбекте қалып кеткен балалық шағы сенің көз алдыңдан үзік-үзік киноленталардай өте бастайды. Сосын өз ауылың ойына түседі. Оның да кейбір жер-су атында өзгешелігі болмаса, тыныс-тірлігі, жүрегінің соғысы Есенбай ақынның ауылынан аумай қалғанына таңырқайсың өз-өзіңден. Ақын табиғатымен туысып бара жатқаныңды өзің де байқамай қаласың. Талантты ақынның құдіреті де айқай-шусызыз, даңғаза дүрмексіз сезімінің шамын жағып қойып, сыр айттып, жүректерді жауулап алғанында болса керек.

Ақ желкенді ақындық өлемнің иірімдері де тынымсыз. Ол үшін бозала таң мен бозторғай өлең – өмірінің өлшемі, осы қасиетті ұғымдарды ақын бір сәулемен көреді. Есенбай



шығармашылығындағы бозторғай құс – әлегиялыш елес емес, қасиет пен киенің нышаны.

*..Алты қырдан аққу-қаз сан жырлаган,
Арқасынан күн аунап, таң зырлаган.
Айдын дүние,
Ақ түтек ағыс берши,
Тайыз сулар құмарды қандырмаган! –*

дейді ақын «Ақ желкенді ағыстар» топтамасының бастауында. Расында, Есенбай Дүйсенбайұлы – поэзия аталатын асау ағыстың толқындарымен тайталасып, желкенің жеңе көтерген ақын. Оның жырларындағы Жарқамыс та, Жем өзені де өлең сүйер қазақ баласы үшін аялы да аяулы мекендерге айналады. Ол – адалдықтың жыршысы. Өмірде өзі қандай қарапайым болса, оның жырлары мен-мен деп кеуде қақпай-ақ, нәзік те сыршыл болмысымен төрге озғалы қашан. Сонда да кеңестік қоғам интернатының қаршадайдан қара нанын жеп өскен ақын:

*...Уақытымның уайымымен сырласпын,
Мүңым менің – қайғысы емес бір бастың.
Ақын Абайды ашындыраған қогамның
Қайғысымен құрдаспын.*

*Қызыл тілге ерік берсем – қызынып,
Ынжықтанып түрмашы едім ызылып...
Қазтуғандар қатарында бармын ба,
Қалдым ба әлде сзылып?!*

«Қазақтықтан кеткен жұртқа қадірсіз қайран өлеңнің» ертеңіне алаң ақын «Туган күнгі толғаныс» жырында осылайша сыр ақтарады. Алаң жұртқа ақынның алаң көңлі алаң. Есенбай ақын ешқашан талант құнын түсіріп, ақындық қадірін кемітіп көрмепті. Оның жырлары өмір мен болмыстың дәнекершісіндей.

...Сұлұлық, саган құштармын,
Сүйгендей іңкәр қалқаны.
Атса екен Қазақстанның
Арайлы күн бол әр таңы.

...Боз күсы болып бір белдің,
Мен сені. Өмір, қоргаймын.
Діріліменен гүлдердің,
Шырылыменен торғайдың! –

дейді ақжарма ақын. Етте, жерге деген махаббаттан осындай арайлы жолдар туады. Ол жырлар бозала таңың түсіндей ададдығымен көңілінің шамын жарқыратып жағып қояды сенің де.

Ұлы Абай құдіретті жырды «сыңғырлап өңкей келісім» деп таныса, ұлы Пушкин «Ақынның сезі – оның ісінің нәтижесі» дегенді айтады. Иманы қаміл, ары таза адамның ғана ақындық атты киелі күсты аялауға хұқы бардай көрінеді маған.

Есенбай ақынның әлеуметтік, азamatтық тақырыпта жазылған жырлары да аз емес. Ол жырлар – ақын жүргегінің терең сузгісінен етіп, наымыс пен рухтың қайрагына жаңылған жырлар. «Қазакты қаралаушылар» деп аталатын өлеңде:

—Кез болды ма жай жатар,
Кең дүние – қайда тар:
Бір жагында – самурың
Бір жагында – айдаңар.

Жымшип кім, кекеп кім...
Өтті айқасып не тектің!
Абылай хан әлі отыр
Ортасында екі оттың...

Бұл – елінің ертецине алаң ақынның жан шырылы. Тәуелсіздігіміздің баяндылығын Жаратқаннан жалбарына тілейтін жүректің сезі.



Ақынның «Құл Қожа Ахмет Иассауи рухымен сырласу» топтамасы – формалық ізденистері бөлек, тыңға түрен салғандай әсер етер туындылар. Есенбай ақын сабырының сабасын сарқымай-ақ, жүректі жарып шыққан өлең сезін қазқтың қара орман жұртына елші етеді. Осы тұста Алаштың ардақтысы Жұсіпбек Аймауытовтың «Магжанның ақындығы туралы» пікіріндегі: «Нагыз ақын – әлеуметінің тіл камшысы, сайламаса да табиғатымен сайланып шыққан уәкілі, мұнын, зарын айтқызыатын емшісі. Өз әүлетін, өз табын ілгері сүйреуге, көтермелеуге, демеуге күшті ақындардың әсері тиген, әлі де тимекші...» – деген орамды ойлары ойға оралады.

Есенбай жырларының кең көсілер еркін тынысы оның «Шүлак, Қызылбұлак, бұлак, бұлак...», «Сызу», «Кайта бастау», «Дос сыры» секілді дастандарында да айқын көрініс талкан. Оларды зерделеп оқи отырып, өмірі мен өлеңі тұтас ақынның үлттың ұлағатты жыршысына айналып кеткеніне көз жеткізу киын емес.

...Бозторгайыл, бейнетқорым, зиятым,
Кеңесім бар құлагыңа құятын:
Жетімдердің маңдайынан сипа да,
Желіккенің оятып жүр құятын.

Оят, оят!
Қойма тыныш, ырқына,
Бір кісідей бірлік тіле жүрттыңа.
Шығып ал да көк аспанга шанышылып,
Шыр-пыр болып шындық әнін шырқыра!

«Кайта бастау» поэмасының түйінді сезі секілді осы екі шумақ Есенбай Дүйсенбайұлы ақындығының берік үстанар қатиғасы мен серті іспетті. Бар өлеңін тұтастай оқып шыққанда да Есағанның барлық өлеңбаяны ақын жүректің бір сөттегі толғаныс деміндей әсерге бөлейді. Оның шыгармашылығына бекзат болмыс, табиғи тұтастық тән.

Есенбай – «Жазуны», «Жалын», «Ана тілі» секілді баспа-ларда жауапты қызметтер атқара жүріп, касиетті қазақ жырьы-



на олжасала келген ақын. Тұңғыш жыр жинағы «Жазушы» баспасынан 1971 жылы «Бозала таң мен бозторғай» деген атпен жарияланды. Қазақ өлеңіне бозандағы бозторғай сазы мен бозала таңның бояуларын әкелген, үлттық бояуы қанық поэзия мен төкпе жыр дәстүрін жете менгерген шынайылығымен ерекшеленетін «Ұлан-ғайыр», «Ашық аспан», «Ақ желкенді ағыстар», «Таң торғайы» бастаған ондаған жыр жинағымен оқырманын қуантты. Откен жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Есенбай Дүйсенбайұлының екі томдық таңдамалы жыр жинағы өлең сүйер қауымның іздеп жүріп оқитын қазынасына айналды. Ақын аударма саласында да жемісті еңбек етіп, екі томдық орыс поэзиясы антологиясын, М. Горькийдің «Әдебиет туралы», Палестина ақыны Әл-Хамисси лирикасын қазақ тіліне аударуға атсалысты. Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінің көркем аудармасын қазақ тіліне тәржімелеп, жеке кітап етіп бастырды.

Қазақстан Жазушылар одағы Ілияс Жансүгіров атындағы сыйлығының лауреаты, Ұлы Абайдың 150 жылдығы құрметіне өткізілген республикалық жазба ақындар мүшəйрасының бас жүлдегері, қазақтың талантты ақыны Есенбай Дүйсенбайұлы жетпіс асуға бекзат болмысымен, қарапайым қалпымен, шабытының шашасына шаң жүқтыврмай жетіп отыр.

Қарға бойлы Қазтуған бітімді Алаштың ақыны Есенбай ағаның өзі ертеректе:

...Біздікі не екен – өлең бе
Өзекті өртер тұнімен?!
Қаңқылдан тағы төбемде
Қанатын қаққан дүнием! –

деп жазған екен.

Сіздікі – Өлең, Есаға!

Жарық жалғанның бозала таңымен таласып жырлаған бозторғайыңдың даусы талмасын деген тілек қоссам деп едім.

СЕКСЕНГЕ СЕГІЗ САУАЛ

НЕМЕСЕ ТАС БОРАН АСТЫНДА ҚАЛҒАН ЖАЗУШЫ

Майдангер-жазушы Қалмұқан Исабай ағамыз – туындыларының дәнін өмірдің өзегінен алтын қаламгер. Бірде архивтен тың дерек тауып, бірде алыс қыырларга сапар шегіп, мазасыз бір күйге түседі де жүреді. Ауызекі әңгіме тиегін ағытса, білмейтіні жоқтың өзі.

Белгілі сыншы, академик Мұхаметжан Қаратаев Қазақстан Жазушылар одагының бір пленумында жасаган баянда-масында: «Жақсы шыгарма жазу үшін өмірге жақсы араласу керек. Бұл багытта жазушы Қалмұқан Исабаевтың ізденісі үлгі», – деген екен. Бұл пікірден өзіміз де хабардармыз. Ол – Қалекеңнің комбайнерлер өмірінен пъеса жазу үшін арнайы курстан өтіп, комбайнер мамандығымен екі маусым егін орагына қатысып жазған «Десант» атты пъесасының Республика Мәдениет министрлігінің сыйлығын алғаны және сахнага қойылғаны. Ал академиктің айта алмаган үлгілерін таратып, түсіндіріп беру үшін бүгіндері сексенге келіп отырган Қалекене 8 сұрақ қойдық.

– Қалеке, сіздің «Карабала», «Бақытты сәттер» және басқа шыгармаларыңыз арқылы Ұлы Отан соғысына дейінгі өміріңізben біршама таныспыз. Тагы да бір шыгармаңызда «1943 жылдың қаңтар айында комиссариат әскерге шақырып, есейгенімді есіме салды» деп жазыпсыз. Алайда әскери училищеде оқығаныңызды айтпайсыз. Сонда офицерлік сатының алгаашқы баспалдагына қай үақытта көтеріліп жүрсіз?

– Оу баста 9 сынныңтық білімім болған соң, Семейде қоныс тепкен Тамбов жаяу әскер училищесіне бағытталғанмын. Алайда бойы 147 сантиметр, салмағы 42 килограмм қортықтан болашақта қандай айбынды офицердің шығуы мүмкін? Жа-



рамадым. Содан кейін Самарқанд қаласындағы атқыштар полкіне жіберген. Содан келесі 1944 жылдың шілде айының бір күні тұнде «дабылмен» тұрғызып, ұзын составқа тиеп, Молдавия жеріне алып келсін. Мұнда Кишинев деген Кеңес қаласы мен Яссы деген Румын қаласы аралығында фашистік Германияның 30 дивизиясы қоршауға алынғанын естігенбіз. Енді Кеңес командованиеі осы қоршауды жоймақ екен. Соған тың құш ретінде біз де келіппіз ғой.

Иә, Яссы – Кишинев операциясы екі айда біздің жеңісімізben аяқталды. Румыния соғыстан шығып қана қойған жоқ, Герман фашизмінің өзіне соғыс жарияладап, біздің қатарымызда соғысатын болды. Мәселе осылай шешілгеннен кейін бұл елдің жерімен жаяу жүріп, Венгрия шекарасына да жеттік.

Венгрия – фашистік Германияның ең соңғы сыйбайласы. Оның басшыларының не ойлағанын кім білсін, бізге қарсы бар жанын сала соғысты. Дегенмен, шабуылдан барамыз... Бірде он жақ, сол жақтағы көршілеріміз кезекті шабуылға көтеріліп жатқанда, біздің командиріміздің үні шықпай қалды. «Бұған не болды?» деп сырт жағыма қарағаным сол еді, взводымыздың командирі, жиырма жасар кіші лейтенант орыс жігіті көтеріле беріп, шалқасынан түсті. Осы кезде есіме Жарғының «Командирдің өліп не жарапланғанын бірінші көрген солдат команданы қолға алу керек» деген қағидасы түсіп, мен «Взвод, слушай мою команду! Встать! Вперед!» деп айқай салайын. Сол бетіммен взводты басқарып кеттім.

Қай елде болсын, солдатты дайындаудан гөрі офицерді дайындау әрі қымбатқа түсіп, әрі ұзақ уақыт алады ғой. Жә, соғыста қатардан шығатындардың көбі – взвод, рота командирлері. Міне, осы қатардағы офицерлер бізге жетіспейді екен. Сондықтан да соғыста ерлік көрсеткен солдаттарға да кіші лейтенант атағын бергенін хабарлап, пагон ұсынды, құттықтады. Старшина мосқал орыс жігіті, уақытша орналасқан үйіне апарып, маған ине-жіп беріп, пагонымды ши-нельге тігіп отырғанымда жанымда ақылын айтып отыр. «Сен жастайыңнан офицер болдың. Осы соғыстан аман шықсаң, түбі генерал боласың. Ал сенің қалай аман шығуыңың жолын мен



айтайын. Взводындағы ана Гусаров қайда, шабуыл кезінде соның артында жүр!» деп енгезердей солдатты атады. Міне, менің офицер атағын алған алғашқы училищем осы. Содан бері атақ қосыла берді, мен есейе бердім, ақыры полковник...

– *Германияның бір қаласында комендант болдыңыз гой?*

– Оған дейін әлі төрт жылдан астам уақыт бар. Бұл уақытта Түркістан әскери округіне қарайтын Керки қаласындағы бір полктес взвод командирі болдым. 1945 жылы Германияға жеңіспен барған офицерлер сонда тұрып қалған, үш жылдан кейін соларды Одақтағы офицерлермен ауыстыру шаруасы жүрді. Осы әуенмен 1948 жылдың күздінде Шығыс зонадағы Вурцен қаласынан қоныс тепкен 20-механикаландырылған полкке бір офицердің орнына бара қалайын. Содан келесі жылы Германияда екі мемлекет жасалды – ФРГ және ГДР. Енді мені екі мемлекет арасындағы шекараның Варта деген бақылау пунктіне кезекші офицер етіп тағайындастын. Міндетім – шекараның осы тұсында болып жататын осы оқиғаларды жақын горизондарға хабарлап тұру. Менің бұл қызметімді қарапайым халық тілінде комендант деп атады. Содан 1952 жылы босап, Ильменау қаласына қалай комендант болып тағайындалғанымның егжей-тегжейін «Берлин «Абайштрассе» («Қаганат», 2002 жыл) кітабымда жазғанмын.

Жол-жөнекей айта кетейін, Ильменау гербінде латынның «г» әрпі бар. Бұл – Гёте деген сөз. Яғни, Ильменау – Гёте қаласы деп аталады. Ұлы Абай бізге «Қараңғы тұнде тау қалғып» деп аударып берген өлеңін Гёте осы қалада жазған екен. 1979 жылы Ильменауга 25 жылдан кейін қайта барғанымда Гётенің немісше өлеңі жазылған жерге Абай аудармасын мәрмәр тақтаға жазғызып, апарып қою мүмкіндігі туды. Неміс достарымыз Қазақстаннан барған бұл сыйды үлкен ризашылықпен қабылдады. Тақтамен бірге Абай өлеңінін магнитті таспасы да тапсырылған музейге. Неміс достарымыз содан былай музейге келген шетел делегаттарын Абай өнімен қарсы алғып, шығарып салуды дәстүрге айналдырыпты.

Ал Берлиннің бір көшесіне Абай атының қалай қойылғанын да жоғарыда көрсетілген кітаптан оқысыз.

— Өзүндөң жаңылардың көрсеткіші. Сіз 1954 жылдан күрдінде жеке жөн босаған бетініңде ғимаратыга келіп, «Социалитеттік Қазакстан» газеті редакциясының кызыметкі түргансызды. Бұрынғы газет-журналдар бетінде ештегенің де жариялады, мәрхем түркестанда, журналисттің ғимаратының және жок. Сол кездең Қазакстан Конторашының Орталық Комитеттің оны жаһарының орденинен қорынған көзі ілгіт жируге?

— Олін атаган жылы ГЦР жерінде аудандық комендатурасы да жабылыш, елте қайту сөті тусти. XX ғасырдың бірінші жартысында Германия тарихи оқынушылардың тоғызыдан аймагы болды. Содан көшможистер ала келіш, қазіргі «Жұлдыз» журналына әнгіме, шөбеллітер жариялады бастайын. Бір күш «СК»-дан әнгіме жазыши беруім жөнінде сурау тусти. Орындалым, «Елбайның ашыны» деген әнгімелем аға газет бетінде шынта жесін... Мине, осы әнгіме шағын аға газеттің тек бетін ғана емес, есігін де ашты....

— Сіз Ертіс — Қардағанжының қалыптылысының жартиясынан шығыптыңыз. Гидротехникалық тамағанғандаңың жері, Бұрынғылайсанра крандардың ойлен бардыныңыз?

— Жалпы, 1961 жыл мем үшінға еле жаңылстік жыл болды. Сол жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін сырттай сөзіп бітіргендім. Нәді балага еке, енді кітапша автор болдыым. Қазақстан Жазуыштар одағының ишшешілікке еттім.

Оскерге жақтай алғысамы, оның қалыпта 12 жыл турағаннан кейін азаматтық сөмірдің қырсырын төрөш біле көймештілдім. Ал жазуыштың жаңыға түсінгендер кейін не жақарымдың белгілей жүргендеймде, Рылым академиясының шреңделеніп, академик К. Себебекова жолынға сөті туспіш... Яғни, қалай құрлыксынша қалыпта ойын жағдай бол кісі салсын. Ал бұл кеңдесудің жеден басталып, қалай өткесін 1989 жылы «Жалпы» баспастыңан шындықтан «Бақыттың сөттер» кітабында жазғаюмын.

— Бізден бүрін сіздің жол өстіндеңде жаңушины реттінде тишишты. Өткен ақындардың 90-жылдарының шекс көзінде Сіз Себебек сапар шегін, содан бізден ғазеттіңізге ғасет жариялғанынз. Сол сапарыныңда не сабет болғашың бол?

- Назарбай Әбділханұлының партия комитеті 1965 жылы Ермак каласының органның, партия қаржысына, кала аттас каншылар атаманының ескертуішін койған болатын. 1986 жылы Желтоксан оқиғасынан руқы көтерілген жастар енді сол ескертуішті алу меселесін көтерсін.

«Алай», «Азат» шарғияттары мен «Аттан» қозғалысының мүшеслері көмеге шығыш. «Ермак ескертуіші алынысын» ұранын көтереді. Осы уақытта оянган Сібірлік казачество мен жергілікті орыс шовинистері шығыш, «Ермак ескертуіші атынбасының» деш наурагалы. Текетірең алты жылға сосылды. Кай жағының болғын саны жылдан емес, аллаш есе түссін. Егер үрей жаһадашы, сол үшкіншінде үлттаралық қақтығыстырылған буржүстіктердің турауда тұрғанда. Сол уақыттағы үкімет басында оғырғандар осы тұсташ «Ешарылугы» мүмкін үлттаралық жаңажал бетінде жайтару амалдарын ындеурумен болады. Ел жаққа караң үнемі елемендең тұратын есімнен де маза кетті. Кайтиенде де мем бір шарғана баруға тәсіті болғады. Алайда от қандай шара екенін білмейді. Бір күні сол шара табылғандай болды. Сібірдің төрт қаласының үшіншеге жалғаштырылған 1992 жылдың 400 жыл болады екен. Осы тұста маған «Нете сол қалалар екімшілігіне Ермак ескертуішінің замын тұрған жерінен алтын кетуді айтпаска, не болмаса, бізің республика үкіметіне «Сіздің жағста замын тұрған Ермак ескертуішінің замын жерінен көю үшін бізге сыйылсаңдар» деген отишиш айғырлабантай» деген ой келді. Үкіметтің осы мәселе төсөйретінде оның жаңайынде отырғандағы жағдайы соньша, жерінде үсіншінен көлесі күнің ақ жағушам аспын. Нұржекен - Президенттің үкіметіне «Сібірге осы таписармашек Ісабаевтың езіш жиберіндер» дегенді. Бардың Ана төрт қалда екімдердің бірде-бірі ескертуіштің аның ысындастырылған болып көрді. Деге де 1992 жылдың 15 наурызында ескертуіштің тұрғырдан тайтырылғаны. Мұның қандай болғатыны мен көмі жағдайларын уақыттаңда.

Ендігі көзекте қала атын озгерту тұрды. «Ермак» ашаудың бірлеш касиқшаша атаумен ауыстырыла салы сөйле күнделеген бірнеше ашарыш солғыноруын мүмкін. Соңынғанда да мем қалаша. Потапов атын қолодын үсвіттейтін. Сол күндері - 1992 жылдарын мамыр айының аяқ кезінде мемі деңгүлітірға. Потаповдің жағдайында

таныстыра тусу үшін Ермак қалалық кеңесі сессиясына шақырды. Бардым. Сессия болатын екі қабат еңсөлі үйдің есігінің алдында оң жақта «Алаш», «Азат», «Аттан» партиялары атынан «Қала атауынан «Ермак» алынсын!» деген ұран көтеріп, қазақ жігіттері тұр, сол қол жағында «Қала атауынан Ермак аты алынбасын!» деген ұран көтерген Сібір казачествоның әкілдері мен жергілікті шовинистер тұр. Екі жақ та қандарын ішіне тартып алған, сүп-сүр. «Айт!» десен біріне-бірі лап қоюып, кеңірдектеріне қол салуға бар қаһарлы жүрт. Қала атауы жабық дауыспен шешілу керек екен. Сол үшін бюллетенінің қазақша жағына «Ақсу» деген атау жазылып қойыпты. Ал орысша атауы жағы ашық. Егер мен Потаниннің атын қоюды жеткілікті дәлелдей алсам, сол жазылады, ал дәлелдей алмасам, Ермак аты қалады. Онда дала тыныштықтан да айырылады. Потанин жөнінде 40 минуттай сейледім. Сұрақтарға жауап бердім... Менің қуанышыма қарай 50 депутаттың (5-6-сы гана қазақ) көпшілігі бюллетенінің орыс жағына Потанин атының жазылуына қол көтерсін. Осымен менің міндетім аяқталды. Сессияға УАЗ машинасымен келгенмін. Кетіп бара жатқанымда тәбеме тас борасын. Павлодарға зытып бердік. Келесі күні білсем, депутаттар қалаға «Ақсу» атын қоюды қолдапты. Ал кеше қазақ жағы «Ана жазушы қала атауынан бір орыстың атын алып, басқа орыспен ауыстырып барады» деп, казачество жағы «Қала атауынан Ермак атауын алдырып бара жатыр» деп мені тас боран астына алыпты...

— Екібастұз көмірін ашқан қазақты да тапқан Сіз деген сөз бар?

— Біздің жақтың орыс, қазағының аузында «Екібастұз көмірін Пішенбайдың Қосымы тапқан» деген сөз бар. Екібастұз қаласының бір көшесіне соның атын қою мәселесін көтергенімде, Павлодар обкомының насиҳат бойынша хатшысы Бариков (Ермакқа ескерткіш қойып журген де осы) «Патшаның әлдекәндай бір саясатына қарсы шыққаны үшін сottалып келген Бородин деген инженер Ақмоладан этаппен Павлодарға айдалып келе жатқан, жолшыбай Екібастұздың бір көшесіне соның атын қою жөнінде шешім дайындалып



жатыр. Ал сенің Қосым жөніндегі мәліметің жалған ақпар» десін. Мен шегінбедім. XIX ғасырдың соңғы жартысында Сібір қалаларында шығып тұрған ескі журналдарды параптайды. Нәтижесінде сол кезде даладан кен іздеген орыс, француз, ағылшын инженерлері Қосым жөнінде пікірлер айтқан екен. Оның үстіне Киев архивінен Екібастұздың көмірін Қосымның ашқаны жөніндегі нақты мәлімдеме де шыға келсін. 15 жылдың ішінде тапқан осы деректерімнің басын қосып Бариковтың алдына қояйын. Ол құжаттармен танысып алғаннан кейін «Ал, не айтқың келеді?» деді. «Бородин деген инженер жоқ. Ана көшени Пішенбаев атына қою керек» дедім. «Енді ол композитор Бородин атындағы кеше болады» деді. Мен «Осы айтқандарыңызды «Крокодил» журналына жарияладап жіберсем ше?» дегенімде, Бариковтың зәресі ұшып кетті.

Іә, ақыры 1977 жылы Екібастұз қаласының бір көшесіне Қосым Пішенбаев аты, орталығына 1994 жылы, Қосымның туғанына 150 жыл толуы атап өтілген жылы ескерткіші қойылды.

– Сізді кейде туган өлкенің тірі шежірешісі деп ойлад қоям. Еліміздің тарихы жөніндегі пікіріңізді сан естігенбіз...

– Халқымыз басынан өткен тарихқа езімнің де үцілген кезім болған. Дәлел – «Шоң би» трилогиясы. Осы бидің өмірін зерттеп жүргенде қызық деректерге кездескенім бар. Ресей үкіметі 1822 жылы қазақ даласын билеудің жарғысын шығарады. Сол бойынша Орта жұз округтерге бөлінеді де, әр округ басына тек төрелерден ғана (Шыңғыс хан ұрпақтарынан) сайланған аға сұлтандар ғана отыруға тиісті болады. Яғни, елді басқару ісіне қара қазақтарды жолатпайды. Кеңес Одағы тұсында ел партияның Орталық Комитеті, Министрлер Кеңесі және Жоғарғы Кеңес арқылы басқарылды ғой. Бұлардың басында негізінен орыс, армян, ұйғырлар сияқты басқа ұлт өкілдері отырды. Десек те, там-тұмдап қазақтан тағайындалғандар да болды. Алайда мұндайлар халыққа жетекшілік етуден гөрі жоғарыдан келген нұсқауларды мұлтіксіз орындал тұратын Мәскеу прорабтары міндетін атқарушылар ғана болды. Яғни, бұл жылдарда да қазаққа билік тимеді. Десе де, 1822 жылғы

жарты баптарын бұздырып аға сұлтан болған бір карапайым қазак табылды. Ол – Шон би еді.

Қазақ елінің 8 ғасыр бойы, ұлы Абайша айтқанда, «өз қолында ырқы болмай» келді. Оның, әсіресе, соңғы 70 жылдан астам уақытында Кенес Одағының тұсында, негізінен, КПСС және орыс тарихы насиҳатталды. Қабанбай жөнінде хабары мұз болмады. Міне, аспаннан түскендей тәуелсіздік келді. Енді хандар мен төрелер тарихын қаузай бастадық.

Ал қазақ тарихы әлі жоқ.

– 1975 жылды қанал құрылышы аяқталды. Осыған байланысты құрылыш тресі Орталық Комитет алдына наградага ұсынылған құрылышшылар тізімін қояды. Карап отырса, тізімде Исабаев жүр. Орталық Комитеттегілер «Бұл қандай міндет атқарды?» дейді. Қанал өкілі «Ешқандай да міндет атқарған жоқ, құрылыш барысын зерттеумен гана жүрді» дейді. Орталық Комитеттегілер «Сонда сіздер көрінген көк аттыны наградага ұсына бересіздер ме?» деген екен. Сонда қанал өкілі «Бұл кісі 101-ші құрылыштың бүзгиздібы» дейді. Орталық Комитеттегілер «Сонда сіздер құрылыштың бүзганы үшін наградага ұсынасыздар ма?» деп бағстырмалады...

Десе де Сіз Қазақстан Жазушылар одагында құрылышшылармен біртізімде Енбек Қызыл Туорденімен наградталған жалғыз жазушы болдыңыз. Осы фактіге, жалпы өзініздің қанал құрылышында не істегеніңіз жөнінде түсінік берे кетсөніз?

– Иә, ол тізімді трест атынан партком хатшысы Попов деген әкелген болатын. Орталық Комитетте болған әңгімені өзіміе айтқаны бар. Қаналды аралап, дерек жинал жүретімін. Соның арқасында құрылыш барысынан бір кітап жазышын... Сайын далада жүрген құрылышқа кім келе берсін, әсіресе участке инженерлерінің көбі практиканнтар болды. Яғни, тікелей құрылыш жүргізілетін жобаны оқи алмайтындар. Осындай шалалықтың бір фактісін 101-ші құрылыштан көрдім.

Бұл өзі қаналда авариялық жағдай туыш қалғанда өзекті жауыш тастанайтын қакпа – өте күрделі құрылыш еді. Жобада бұл құрылыштың жоғарғы деңгейі қанал түбімен бірдей, яғни «00» сантиметр болу керек деп көрсетілген. Жобаның



санасы да нашар екен. Сандары өшкен. Әрен көрінеді, мысалы, участке инженері алғы 00 сантиметр табалдырыкты 66 сантиметр деп ұтып, канал түбінен соңшама биік қылыш құйып койыпты. Участкелік инженердің ісінің шалалығын айттып, біраз керілдесіп алуға дейін бардык. Мен оған «Мына құрылышын ертең канал жұмыс істегендегі оның өзегіндегі рак ісігіндей болып тұрады. Өйткені сен су жолына көлденең бөтет жасап койғансын» деймін. Ақыры инженер ісінің бұрыстығын түсініп, «Бас инженер осы құрылышты тез аяқтау үшін аша сұрауга Мәскеуте кетті, енді кайтеміз?» деп участке инженері өзіме жабысты. Мен оған «Осы табалдырыкты тез бұзсак, согұрлым ертең құрылыш та тез аяқталады» дедім. Ол менің тілімді алды.

Бұл өзі құрылышта үлкен сез болды. Мен де тәүір-ақ сез естідім. «Құрылышта бір жазушы зиянкестік жасалты» деген дақпырт жетіп, Мәскеуден арнайы комиссия да келді. Толын жатқан сезлің тобықтай түйіні: комиссия «Жазушы мына құрылышты бұздырып ертерек істеген. Ал мына катені канал толық біткеннен кейін көргенде, оны бұзып, қайта салу ете киынға түседі екен» деген корытынды шығарсын. Осылай жазушы Қалмуқан Исабай бір құрылышты бұзғызу арқылы наградага ұсынылды.

– Әңгіменізге рахмет, тойыңыз тойга үлесін!

*«Қазақ әдебиеті» газеті.
2005 жыл*

ҚАЗАҚ ҚАРА СӨЗІНІҢ ДАРАБОЗЫ

«Шынайы жазушы әдебиетке өз тағдырымен келеді»

— Сіздің «Қазығұрт» баспасынан 12 томдық таңдамалық шығарықта шықты. Ондағы шығармалардың дегені қылышынан қан тамып түрган Совет цензурасының заманында жазылды. Сараптау барысында бүгінгі оқырманның талабына дөп келмей, жинаққа ене алмай қалған шығармаларыңыз болды ма?

— «Қазығұрт» баспасынан шыққан бұл 12 томдығым шығармашылық белестегі үлкен бір табысым болды. Шынын айтқанда, бұл томдықтарды шығару оңайға түскен жоқ. Қемектеседі деп сенген үкімет бір тыын да қаржы бөлмеді. Біреуге сенген күн күн емес екенін осы жолы қатты сезінгендеймін. Томдықтарды шығару барысында қатты қиналғанымда, «Осының бәрі маған не үшін керек?» деп бәрінен бас тартпақ болып та оқталдым. Дегенмен, әдебиетті қадірлейтіндер, көркем сөздің киесін түсінетіндер бар еken. Солардың жанашырлығымен барлық қындықты жеңіп шықтым. Тіпті, томдықтарға алдын ала тапсырыс беріп, қаржыларын баспаның есепшотына аударып, жүгіріп жүрген жанашыр оқырмандарымды көргенде, төбем кекке екі елі жетпей қалды. Оларға рахмет, әрине! Ел бар еken...

Осындай тілеулес жүртшылықтың арқасында 12 томдық екі жылға созылып, 2004-2005 жылдары жарыққа шықты. Жақындаған осы томдықтардың соңғы кітабы жарық көрді. Қазіргі өлшеммен алғанда, тараалымы да жаман емес, 3000 дана! Көп томдық үшін бұл жақсы көрсеткіш.

Айтып өтейін, томдықтарға негізінен елге танылған кесек шығармаларымды енгіздім, 10 роман, 5 повесть, ондаған өңгімелерім бар. Оның алғашқы он бір кітабына таза прозалық дүниелерімді кіргіздім, ал он екінші том естеліктер, мақа-



лалар, ой-толғамдарымнан тұрады. Менің жазғандарымның көпшілігі, өздеріңіз айтқандай, кеңес дәуірде, советтердің қылышынан қан тамып тұрган кезде жазылған дүниелер.

Әйтсе де, «Соңғы көш», «Тағдыр», «Атамекен» атты роман-дарым қайта басылғанда пәлендей өзгеріске үшыраған жоқ. Тек «Соңғы көштің» бірінші томында 1932 жылғы ашаршылықты суреттеген тарау бар еді, ол кезінде қырағы цензурадан өтпей қалған болатын. Соны қайта кіргіздім.

Мен өзі жұрт жабыла мақтай беретін 60-жылдардың түлегімін. Осы кезеңде әдебиетке үлкен талантты топ келіп қосылды. Негізінен олар алдындағы аға буын өкілдері сияқты емес, ой-жүйесі бөлек, ұстанымы үлтжанды жаңа буын өкілдері еді. 37-нің зұлматтарын басынан кешпеген, соғысты қөрмеген, 52-нің мүштегіне ілінбеген бұлар алдыңғы үрпаққа қараганда батылырақ, асаулау, дүбірлі болды. Әдебиетке жаңа өріс әкеп қости. Тіпті, сол уақыттағы әбден қалыптасып үлгерген социалистік реализм қағидаларынан шығып кетіп отырды. Өйткені уақыттың мүмкіндігі солай еді. 60-жылдағылар осы мүмкіндікті сәтті пайдаланды. Осындай таланттар туғызыған уақытта келгенім үшін мен ез тағдырыма ризамын. Бақыттымын.

Дегенмен, менің жазу машиғым, мәнерімде әріптестеріме қараганда ез ерекшелігі болды. Таратып айтсам, шынайы жазушы әдебиетке ез өміrbаянымен, ез тағдырымен, ез тақырыбымен келеді ғой. Қолына қалам ұстаған кісі ретінде мен де осы қағиданы аттап кеткенім жоқ. Сонда не ерекшелік дейсіз ғой? Менің өміrbаянымен біршама таныс адам біледі, өзім Қытайда – Шыңжаңда дүниеге келген қазақпын. Сол жақтағы қазақтардың көшпелі өміrlерін (ең соңғы деуге болар) ез көзімізben көріп ержеттік. Міне, осы көшті мен әдебиетке өкелдім деп ойлаймын. Былайша айтқанда, қазақ диаспорасы жайындағы тақырыпты әдебиетке енгізген, соның іргетасын калаған қаламгер ретінде танылдым. Әдебиет сыншылары болсын, жазушылар болсын, маган басқаны қимаса да, осы ерекшелігімді мойындайды. Оған да шүкіршілік!

Шынына келсек, бұл өзі қын болды. Маған дейін ешкім қозғамаган, түрен түспеген тақырып еді. Қын болған соң да «Соңғы көшті» жазғанда мүмкіндігінше шындықты, ақиқи болмысты бұрмаламай, барды бардай, жоқты жоқтай жеткізуге тырыстым. Төңкерістер дәуірінде ұлттың рухани дүниесі, идеология көп өзгеріске ұшырады ғой, бұдан бәрінен бұрын тарих-шылар мен әдебиетшілер көп қағажу көреді. Тіпті, тоқырауға ұшырап қалатын кездері де болады. Олардың жазғандары жаңа дәуірге үйлеспей, оқылмай, мазаққа ұшырап қалады. Бір тәуірі, өз басым осындай оқылмайтын немесе жазғандары түкке тұрмай құресінге лақтырылатын дүниелерден аман екенмін. Осы шығармамды неге жаздым деп өкінетіндей кітабым жоқ екен...

— Сіз 1962 жылы қазақтың ұлы көшіне мұрындық болып, сонау Шығыс Түркістанда жатқан қалың елді өзінің атажұртына қарай көшіріп, қондыруға үлкен үлес қостыңыз. Осы көш туралы «Соңғы көш» атты тамаша роман жазып, қазақ прозасына қомақты олжа салдыңыз. Бізге осы жайында әңгімелеп берсеңіз?

— «Бір жамандықтың бір жақсылығы болады» деп бұрынғылар қалай тауып айтқан десеңізші! Алдымен мен Қазақстанға 1956 жылы оқуға келгенмін. Сосын екі алып елдің (ол кезде ЕСРО және Қытай) арасына салқын сызат түсіп, қайта шақыртып әкетті. Ол жақта мені басымнан сипай қойған жоқ, сүргінге айдады. Сүргінде 4 жылымды өткіздім. Сөйтіп, атажұртқа 1962 жылы қайта оралдым. Төрт жыл сүргінде жүру, былайша қарағанда, босқа өткен уақыт секілді. Шығармашыл адам үшін үлкен шығын, әрине. Бірақ, есесіне, ол жақтан үлкен олжамен оралдым. Олжа деп отырғаным — «Соңғы көш» атты екі томдық кітабымның материалдарын жинап, зерттеп, зерделеп қайттым. Егер елге қайта бармасам, әлгіндей қысымға ұшырамасам, «Соңғы көш» жазылар ма еді, жазылмас па еді?.. Бұл — бір. Екінші бір жеңісім — өткен ғасырда, 1962 жылы атажұртқа бет алған көштің бүйдасын ұстап келгендігім. Әрине, көшке жетекшілік жасаған адамдар көп болды. Алайда сол көшкө дем беруші, яғни идеологі өзім болғанымды мақтан тұтамын. Неге идеологі? Түсіндірейін.



Ол кезде Мәскеудің ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып, атқа мініп тұрған тұсы. Қазақстан өз бетінше ештеңе де шеше алмайды. Біз жүздеген адамдардың қолы қойылған ондаған хаттар жазып, оны түп-тұра Кремльге жіберіп отырдық. Хрушевтің атына, Ворошиловтың атына, кейде олардың көшірмесін Қонаевқа салатынбыз. Осы хаттардың бәрін мен өз қолыммен жазып, жіберіп отырдым. Өйткені мен Алматыда оқыған адаммын, кириллицаны жақсы білемін, орысша да сауатым жетеді. Сондықтан маған жүртшылық қатты сенетін. Оның үстіне танылып қалған жас жазушы деген атағым бар. Таңғаларлығы, бізге қолма-қол жауап келіп отырды. Қайдан десеңізші! Кремльден! Сол бізге сенім үялатты. Сонымен, 1962 жылы 10 сәуірде көш басталып кетті. Бұл көш бар болғаны 20 күнге ғана созылды. Айтқандай көш те келді, Совет жағы Тарбағатайдың төрт жерінен бір-бір шақырым қашықтықта шекараны ашып таstadtы. Сонда негізінен Шәуешек қаласы мен осы аттас аудан, Шагантогай мен Дөрбілжін ауданынан барлығы 200 мыңдай адам өтіп үлгерді. Алайда Қытай жағынан қатаң ультиматум қойылыш, мамырдың 1-і күні шекара қайта жабылды. Қаншама қандастарымыз өтүге үлгере алмай қапыда қалды. Дегенмен, мұның өзі үлкен шаруа болды ғой деп ойлаймын.

Биыл осы көштің өткеніне 44 жыл толып отыр. Кітаптaryмы, жазған дүниелерінді есепке алмағанда, осы көштің басы-қасында жүргенімді өзімнің ұлт алдындағы азаматтық қызметімнің шыңы деп есептеймін. Тағдыр маған осындай бір миссияны орындауды мандайыма жазған болу керек, мен сол сенімді абыраймен атқарып шыққаныма ризамын. Оның соны өздерінізге белгілі «Соңғы көш» романына ұласты. «Соңғы көш» қалай жазылды, негізгі кейіпкерлері кім деген мәселеге тоқталмай-ақ қояйын. Себебі ол туралы көп жазылды, айтылды. Онымен оқырмандарым жақын таныс. Бұл жөнінде «Соңғы көш» қалай жазылды?» деген мақаламда да егжей-тегжейлі айтылған.

Ескерте өтетін бір нәрсе, «Соңғы көш» деп тақырып таңдағанда, мен жай әншейін көшіп келе жатқан көшті емес, одан

гөрі ауқымдырақ мағынада, яғни көшпелілердің соңғы түяғы деген ұғымда жеткізгім келді. «Соңғы көш» деп тақырып тандағанда да осы ұғымды негізгі ұстанымға алдым. Дерекке сүйенсек, жалпы көшпелілердің көші үш мың ба, әлде бес мың ба жылға созылған той. Соның ең соңғы түяғы секілді мағынада... Былайша айтқанда, көшпелілердің ең соңғы батыры, ең соңғы баһадүрі, ең соңғы аруы, ең соңғы көш көріністері, керек десеңіз, ең соңғы ұрысын да суреттеп, көрсеткім келді. Біле білсеңіз, бұл типтер мен кейіпкерлер галереясы күні өртең тарихқа айналады. Тарихтың беті аударылайын деп тұрған уақыттың характерін, қоғам мінезін қағаз бетіне сол күйінде түсіргім келді. Оның үстіне бұл кітап сол көштің тірі күесі ретінде құнды той деп ойлаймын.

«Отанын іздейтін қазақ қалмай қала ма деп қауіптенемін»

— Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері алыс-жақын шетелдегі қандас бауырларымыз өзінің ежелгі атажұрттына бет тұздеді. Жана-тармагай, қауырт көшип келіп жатпаса да, көш сорабы үзілген жоқ. Сіз дәл осы мәселе туралы талай рет дабыл қагып, баспасөз бетінде ой-толғамдарыңызды ашық айтып келесіз. Әйтсе де, осы бір өзекті мәселе әлі де өз шешімін тапқан жоқ. Мұның себебі неде деп білесіз?

— Рас айтасыз, сол көш әлі тоқтаған жоқ, жүріп жатыр. Тәуелсіздік алғаннан кейін, 90-жылдардың басында қайта жанданды. Тіпті, бұл жолы географиялық көлемі ұлғайды. Тек Қытай ғана емес, Монголиядан, Өзбекстаннан, Ресейден, сонау қияндағы Түркиядан қандас бауырларымыз ат басын атамекенге тіреп жатыр. Бұған тәубе деуіміз керек. Шындығында, бұрын хабарсыз екенбіз, 5 миллион қазақ сырт жерде өмір сүреді екен. Бұл — халықтың үштен бірі деген сөз, өте сирек кездесетін жағдай. Өзім бір кезде көш бастап келген адам ретінде бүгінгі еліміздегі көші-қон мәселесіне әрқашан назар аударып отырамын. Көңілім толмаған жағдайларды ашық айтып, талай мақалалар жаздым. Мысалы, «Қазақ әлі қоныстанып біткен



жоқ» деген сүни дүнием жоғарыда біраз дұрбелең салды. Одан басқалары да бей-жай қалдырыған жоқ.

Осы жерде бір мәселе, қазақтың басындағы трагедиялық жағдайлар халық санының аздығынан болып жатыр деп сеніммен айта аламын. Қазақтың саны кем дегенде 80 пайызды құрасыншы, не болар екен?! Қазіргі проблемаға айналып жүрген көптеген мәселелер өздігінен-ақ шешілтер еді. Тіл мәселесі, дін мәселесі зәрезап ауруға айналмас еді. Мәселен, осы күні халықтың санын 20 миллионға жеткіземіз деп ұрандатып жатырмыз. Осылай ұрандатып аламыз да, балаларымызды шетелге сатуға арланбаймыз. Логика қайда? Бұл – бір. Екіншіден, табиғи өсім қанша жақсарды дегенмен, баяулап қалғанын мойындайық. Бірақ оның да үлесі бар екені рас. Меніңше, осы демографиялық өсімге өзіндік үлес қосып, қарқын беретін бір тетік – жат жүртта жүрген қандастарымызды елге өкелу болса керек. Соңдықтан демографиялық дүниеге байланысты үкіметтің ұстанып отырған саясаты шын болса, көші-қон қарқынын арттыру қажет. Олардың халық санының көбеюіне өз үлестерін қосатынына сенімдімін.

Бірді айтып, бірге кетемін. Қыншылықты, қысымды, тепкіні көп көрген халық шыдамды, қайсар, төзімді, білімді келеді. Қазіргі қазақ тап осындай жайтты басынан кешіріп отыр. Ендігі бір мәселе, негізгі көштің көзі қай жерде, осыны анықтап алу керек. Менің ойымша, көш көздері үштөрт елде ғана. Айталық, Қытайда 1,5 миллион қазақ бар, Монголияда 150 мындей, Өзбекстанда 1,5 миллион, Ресейде 1 миллионнан астам. Міне, көштің көздері осылар. Жуық арада сарқылмайтын, таусылмайтын көштер. Алайда, көш қозғала қалған жағдайда, оларды лайықты қарсы алуға біздің еліміз дайын ба? Күмәнім бар. Мұның, әрине, объективті және субъективті себептерінен айналып өте алмаймыз. Қарап отырсаңыз, бүгінге дейін көштің көнілдегідей журмеуін оған бөлінетін квотаның аздығынан көріп келдік. Осы жайтты шешетін кез келді. Еліміздің экономикасы қарқындалап дамып, тұрғындардың жағдайы көп жақсарып қалды.

Оның үстіне бізде Ұлттық қор деген қорымыз жұмыс істейді. Откенде осы қордың басшысы «Біздің Ұлттық қорда 8 миллиард доллар қаржы бар» деп сәйлеп жатыр. Меніңше, осы қордағы қаражаттың біразын көші-қонға бөлсек дұрыс болар еді. Ұлттық қордың қаржысын ұлттың басын қосуға жұмсамағанда, қайда жұмсаймыз?! Ең игілікті жұмыс сол емес пе?! Біздің байлықтың пайдасын шетелдегі қандастарымыз да көрсін. Бұған олардың толық моральдық құқы бар ғой деп ой-лаймын.

Былтыр Президенттің кандидатурасын ұсынып тұрып мынадай пікір айтып едім: «Мәскеу бір күнде салынған емес» дейтін орыстарда жақсы тіркес бар. Сол секілді Астана қаласы да бір немесе бес жылда түрғызылмайды. Ол салына береді. Осы қалаға құйылып жатқан қаржының тым болмаса ұштен бірін көші-қонға бұрса, нұр үстіне нұр болар еді. Көші-қон біздің жайбасарлығымызды күтіп жатпайды. Өйткені қазір ұлттардың оянған кезі. Мысалы, Қытайда қазақ мектептері бірінен соң бірі жабылып жатыр. Ең сорақысы, оны ұялмай-қызармай, кәдімгідей айтып істейді. Енді бір жиырма жылдан кейін ол жақта Отаның іздейтін қазақ қалмай қала ма деп қауіптенемін. Өзбекстан мен Ресейде де осындай жағдай деп естімін. Қазірше тілін, елін білетін, атажұртын аңсайтын үрпақ бар кезде көшіріп алу – кезек күттірмейтін мәселе. Экономикамызды жөнде алайық, сосын көшіріп аламыз ғой деу дұрыс емес. Мемлекеттің ең негізгі ресурсы – адам екенін бір сөт те естен шыгаруға болмайды. Өсіресе, біз секілді алыш жері бар, кішкентай елі бар мемлекетке...

Шынын айту керек, осыған біздің ықыласымыз өте төмен. Мұны артық жұмыс, орынсыз шығын деп түсінетін шенеуніктер бар. Бұл мәселенің мәнісін терең түсінбегендіктен. Сосын осы мәселеге жауапты адамдардың жауапсыздығынан квотаға бөлінген ақша тиісті адамына жетпей, жолда адасып жатады. Тіпті, өз пайдасына пайдаланып кеткен жағдайлар да кездескен. Неге екенін, әйтеуір, аталған Агенттіктің маңында көші-қонның не екенін хабарсыз, не жаны ашымайтын, пайдакүнем біреулер отырады. Біздіңше, оның басшысы тағайын-

далғанда, қасына осы жайттан хабары бар, терең ұғынатын үлтжанды азаматтарды қосса дұрыс болар еді-ау деп ойлаймын. Сонда оралмандарға аса зиян келмес еді. Мұның артында үлкен үлттық саясат жатқанын ескере бермейді біреулер.

– Қадірлі Қабеке, Сіз Қазақстандагы қазақ әдебиеті ғана емес, алыс-жұық шетелдегі қазақ әдебиетін де жетік білептін білікті тұлғасыз. Шыңжан қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірегейі, аса талантты жазушы Қажығұмар Шабданұлының тағдыры мен оның шыгармашылығы жайлыш мұндагы оқырмандарды хабардар еттіңіз. Осы тақырыпты әрі қарай қаузасаңыз. Біз білмейтін тағы қандай талантты ақын-жазушылар бар? Жалпы, Шыңжандағы қазақ жазушыларының бүгінгі жай-күйі қандай?

– Жазушылар одағында Шетелдердегі қазақ әдебиеті деген кеңес бар. Мен сол кеңестің төрағасымын. Сондықтан келіп-кетіп жатқан қаламгерлерді қадағалап отырамын. Өздеріңде белгілі, тәуелсіздік алғаннан кейін шет жақта жүрген көптеген ақын-жазушылар қайтып оралды. Шама-шарқынша еңбектеніп жатыр. Олардың ішінде Жақсылық Сәмитұлы, Жәркен Бөдеш, Оразанбай Егеубаев, тағы басқаларды атауға болады. Ал енді талантты бір шоғыры атамекенге жете алмай арманда өтті. Мәселен, Рахметолла Әпшешұлы, Мақатан Шәріпханұлы, тағы басқалар... Міне, сондай жанның бірі әрі бірегейі – Шыңжандағы қазақ әдебиетінің класигі Қажығұмар Шабданұлы. Бұл кісі ұзақ жыл тұрмеде, тар қапаста жатты. Сізге айтсам, бастан-аяқ қырық жыл бойы тұрмеде отырган адам өте сирек. Ол қазір 80 жасқа келген ақсақал. Осы сексен жастың тен жартысын тұрмеде өткізген. Шәуешек қаласында тұрады. Аман-есен жүріп жатыр. Былтыр осында Жазушылар одағы бас болып, ол кісінің 80 жылдық мерейтойын атап өттік. Өзі жоқ, туыстары, Қажығұмарды білетіндер мен көзін көргендер қатысты. Көптеген естеліктер айтылды, соның қарсанында ғана Дүниежүзі қазактары қауымдастығының демеушілігімен оның «Пана» романы мен алты кітаптан тұратын «Қылмыс» романының бірінші томы жарық көрген болатын.

Айтып өтейін, осы «Қылмыстың» 3 томы бостандыкта жургенде жазылса, қалған 3 томы тар түрмеде дүниеге келген. Роман оқиғасы шамамен 50 жылдық тарихты қамтиды. Қытайда Тарым дайтін жер бар, Қашқариядағы Тарым өзенінің бойындағы атақты шөл. Қажығұмар Шабданұлы, міне, осында түрмеде жатты. Мынау қазақтар «итжеккен» деп атайдын Сібірде – азап болса, Тарымда – тозак. Өйткені 50 градус атап ыстықта өмір сурған кім-кімге де оңай емес. Әсіресе еркін қанатты қазақ үшін...

«Жазушы – әркімге ұнағысы кеп тұратын бойжеткен қызы емес»

– Қабеке, қазақтың прозасын қандай сүйіп оқысаңыз, поэзиясын да сондай сүйіп оқып келесіз. Құстың қос қанатындағы әдебиеттің осы бір егіз жанрына бірдей қапысыз қалам тартқан жазушысыз. Заман өзгерді, уақыт талабы өзгерді, оқырман ойы мұлде жаңғырды. Осы орайда қазіргі қазақ ақындарының аяқ алышына көнілініз тола ма? Оларда ізденіс байқала ма, байқалса, қай түстан байқалады?

– Білесіз бе, мен соңғы кезде қызық нәрсені аңғарамын. Қаншама мемлекетте қазақ диаспорасы болса, соншама әдебиет бар деп айтуға болмайды. Соңан соң әдебиеттің болуы санға да байланысты емес. Мәселен, Қытай қазақтарында әдебиет бар. Ол – талассыз. Сосын бар болғаны 150 мың қазағы бар Монголияда да әдебиет біршама жоғары деңгейде. Есесіне, 1 миллионнан астам қазақ өмір сүретін Ресейде әдебиет мұлдем жоқ, үлкен өнер де жоқ. Өзбекстанда там-тұмдап қана деуге болады. Меніңше, әдебиет үлт түрған жерде тумайды, әдебиет үлттың үйыған жерінде пайда болады. Үйитқы дегеніміз не? Сол жерде мектеп болу керек, ана тілінде үрпақ тәрбиелеу керек, дәстүрлі қаймағы бұзылмау керек, ақыр соны біршама тығыз қоныстанып отыруы керек. Осы секілді әдебиеттің өмір сүруінің көптеген себептері бар. Осындай үйитқысы бар жerde әдебиет туады. Ал Түркияда 20-25 мың қазақ тұрады деп жүрміз. Бірақ ол жерден үлкен әдебиет туады деп үміттенудің керегі жоқ.

Бир өнгімекің ойынан кейін тұр. 1988 жылдың Новемврида Қазақстан мәдениеті мен әдебиеттің онкүніндегі етті. Қаршылаған қаламгерлер, өнер жүлдүздары, зиялды қауым екілдері қатысты. Бәлініп-бәлініп алыш облыстарды арадады. Біздің топ Днепр-ді бойлап, Черкасск қаласына аялдаш, соңда жүртшылықпен кездесу өткізді. Кездесудің ең бір шырқау шегіне жеткендегі бір мектептің директоры былай сұрақ койды: «Сіздерде 800 мың біздің қандастарымыз бар деп естіміз. Оған қуанымыз. Өсіресе халық санаты кезінде бір қарал, марқайып қаламыз. Вірақ нешеме жуз қаламтерлердің ішінде бірде-бір украин жоқтырып біздің қарнымызды аштырып отыр. Неге бұлай? Соңда Сіздің елде тұратын україндар әдебиетті қойған ба?» деді. Мундан тосын сұрақты ешкім күтпеген болу керек, зал құлаққа үрән таңадай тым-тырыс қалды. Бұл аудың үнсіздік біразға созылып, тіпті віл батпандастып жіберді. Топ жетекшісі ретінде маган жауап беруге тура келді. «Україндар – талантты халық. Україн үлтисан шыққан біздे жақсы хатшылар бар. Совхоз директорлары, колхоз төрагалары бар. Талантты инженерлер бар. Үяттысы сол, бірде-бір украин жазушысы жоқ. Жазушының жоқ болатыны – украин тілінде дәріс беретін бірде-бір мектен жоқ. Тілдік орта болмаса, украин әдебиеті қайdan пайда болады? Рас, бірлі-жарым қолына қалам үстағандар бар, олардың өздері орыстілінде жазады» дедім. Олартусінді. Тусінгендіктен болар, қатты өкініш белдірді. Шетелдерде тұратын қазақтар да солай, үйиткисы жоқ болса, ол жерде әдебиет те, өнер де ту-майды.

Енді қазақ әдебиетінің болашағы қандай, кейінгі толқыннан кімдерден үміт күтесіз дегенде, қағірті жастарды қада-талап, узбей оқып жүрмін деп өтірік айта алмаймын. Әйттеур, әдебиеттің бар екеніне сенемін. Өсіресе тұлпар мінезді жанр – поэзияның қадамы сүйсіндіреді. «Қазақ әдебиетіндегі» «Жас қалам» қосымшасынан ара-тұра болса да жылт еткен жақсы шығармаларды көріп, қуанып қаламын. Форма жағынан болсын, мазмұн жағынан болсын, ішкі нірім, ширіру, мінез – бөрі орнықты. Прозага келгенде бұлай деп ауыз толтырып айта алмаймыз. «Мынау қайтеді-ей?!» дегізетін ешкімді көріп отырғам

жөк. Презаға қарағанда поэзияның аяқ алысы алымдырақ се-
кілді. Ал Аскар Алтай, Нұргали Ораз, Роза Мұқанова, Жү-
сінбек Корғасбек – бұлар қалыптасып калған жазушылар той. Оларды жастардың арасына қосуға аузым бармай түр. Елуді алқымдаған жігіттер қашанғы жас болып жүреді? Олар жаса-
мыс жазушы болды. Сондыктан мениң көзіме ешкім түспей жүр-
дегендеге, 40-қа жетпегендеге туралты айтып отырмын. Қазіргі
жана типтерді әдебиетке әкелетін, міне, осы жастар болу ке-
рек. Меніңше, олар да атқа мінетін күн жақын шығар деген
умітім бар.

– Қабеке. *Сіз Шығыс Қазақстан облысындағы бірнеше ауданнның Құрметті азаматысыз. Сіз 70 жасқа келіп жат-
канда ол жақтағы ағайындар да қуанып жатқан болар. Ел жаңқа барып, аунап-қунап қайту ойыныңда бар ма?*

– Бұл сұраптарына былай жауап берейін. Маған «Құтты

конысының қай жерде?» десе, алдымен Алматыны атар едім. Себебі сонау 1956 жылдан бері өзімді алматылық санаймын. Алдымен оқуға келдік. Араға біраз уақыт салып осы арман қа-
ла – Алматыға қайта оралдық. Осы оқиғаға. Кудай қаласа, биыл
елу жыл толады екен. Арғы беттегі төрт жылдық сүргінді есеп-
темегендеге, негізінен осындамын. Осында үйлі-баранды болдым.
Балаларым да осы қалада дүниеге келді. Шығармаларымның
негізгі арқауы да осы қалада жазылды. Сондыктан, егер мен
70 жылдығымды атап етуге ниет етіп жатсан, ол қуанышмы-
ды алдымен Алматы жүртшылығымен белісемін. Жазушы-
лар одагы, қала әкімдігі бар. мениң шығармашылық кешімді
өткізуғе қолдау көрсетеді той деген сенімдемін. Ал атажүртим,
менің кіндік қаным тамған жер – Тарбағатай.

Меніңше, әркімнің арқа сүйейтін бір тауы болуы керек.
Менің тауым – Тарбағатай. Айтпақшы, Тарбағатайдың
ескі аты – Барқытбел. Мен Барқытбелдің күнгейінде дүниеге
келішпін. Осы таудың теріскейі мен күнгей жағындағы үш
ауданның да Құрметті азаматымын. Олар – Тарбағатай, Аягез
және Үржар – Мақаншы аудандары. Менің жазған шығар-
маларымның дені осы еңірдің табиғатын суреттеуге арналған.
Меселен, «Дарабоз» романын жазылым. Дарабоз – Қабанбай



батырга халыктын берген лакап аты той. Онын үрпактары осы уақытка дейін осы жерде тұрып келеді. «Прометей алауы» деген романымның басты кейіпкері Актайлақ билің де үрпактары осы енірде. Бұлардың бәрі менің шығармаларымның алтын арқауы ретінде қалады. Айтайын дегенім, егер ел жақтың жұртшылығы 70-ке келгенімді ескеріп, «Келініз, кездесу откізейік» деп шақырып жатса, ел алдында есеп беріп қайту – көнілде жүрген нәрсе. Қалай десек те, 70-ке күнде келе бермейміз той...

– Сүйегі асыл бұрынғы ата-бабаларымыз 70-ке келдік еken
деп омарлып отбасында отырматы. Ат үстінде желдей
есіп жүріп, бар-жогын адақтап өмір кешкен еken. Қасиетті
қаламның қанатын талдырмай, шалғысын өрткө шалдыр-
май. Сіз дө сол жасқа келіпсіз. Бұл заманда адамға сүйенгеннен
гөрі, қаламға сүйенген сенімді еken. Осындайда ұлы Абайдың
мына бір жыр жолдары сійга орлады:

*Сенбе жүртқа тирса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне құлық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шыгар,
Ақылын мен енбегін еki жақтап.*

– Жетпіс деген оңай жас емес, әрине. Өмірдің аңы-тұшысын көріп жүріш, бұл жасқа қалай жеткенімізді де ангармай қалыптың. Дегенмен, өз басым негізгі дүниелерімді бойымда күш-қуатым барда жазып тастанғаным дән ризамын. Бұл жаста бүйтіп тастанымын, ейтіп тастанымын дән үәде беру киын. Бұлай істесем күшірлік болар еді. Қаламым колдан түскен күні тіршілік те тоқтайды деп білемін. Осы уақытка дейін қанлай абырай-атакқа жетсем, соның бөрі осы кара қаламның арқасы. Соңғы кезде публицистикаға көбірек бет бурыш журмін. Біреулер «Осы сенін публицистикада не шаруад бар? Керкем дүниенді жазып жүре бермейсің бе, жоғары жаңқа ұнамай қалуын мүмкін той» деп ділімөрсіді. Оған мен «Жазушы – әркімге ұнағысы келіп тұратын бойжеткен қыз емес той» деймін. Солай емес ше??

— «Қазақ әдебиетінің» оқырмандары атынан Сізді 70-ке келген мерейтойынызбен құттықтай отырып, қайсар да үшқыр қаламыңыздың үшін мүқалмасын деген тілек айтқышыңыз келеді. Маңызды да магыналы әңгіменің үшін рахмет!

Сұхбат Болат ШАРАХЫМБАЙМЕҢ бірге дайындалған.

«Қазақ әдебиеті» газеті,

2006 жыл



ӨТКЕЛДЕР МЕН ӨТКЕНДЕР

Қогам және мемлекет қайраткері, көрнекті ақын Кәкімбек Салықов – ұзақ жылдардан бергі аға досым. Өлең өлкесінің жезқанатты жезкиігі, аяулы азamat, айтулы тұлғамен кездесуге, жүздесуге асығып жүретінім жасырын емес. Саналы гүмырын халықтың ұлы болып өткізіп келеді Кәкімбек аға.

*Жезкиік гүмыйр...
 Желерсің-дагы өтерсің,
 Өтерсің анық...
 Парызың елге өтмелсін.
 Бір қазақ сендей ұлтының ұлы болсын да,
 Бір ақын сендей өлеңнің жүргін көтерсін, –*

деп жыр арнағаным да бар еді. Қазақстан Жазушылар одағының 70 жылдық мерейтойына қатынасуга Астанадан келген Кәкімбек Салықовты өмірінің өткелдері мен өткендері жайлы, қогам мен тіршілік жайлы сыр-сұхбатқа шақырдық.

– Сіздің Кеңес Одагы ыдыраар алдында КСРО Жогарғы Кеңесінің Экология жөніндегі комитетін басқарып жүрген халық депутаты болғаныңыз белгілі. Қогамдық жұмыстар мен ақындық жолының елге келіп, зейнеткерлікке шыққаннан кейін де кем соққан жоқ, ал мемлекеттік қызметкө, не толып жатқан саяси күрескерліктің қызыуына түспегеніңіз қалай?

– «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда, жүрегім жалын атқан сөз дайында» деп Қасым Аманжолов ағамыз айтқандай, бастаң кешкен өткелдер мен елмен бірге кешкен уақығаларды өзіме айтқызғаныңызға рахмет, әйтпесе бұл сұраққа сыртынан әркім өз бағдарынша жауап беретінін айдан анықтусінемін.

Кеңес Одағы ыдырап кеткеннен кейін Мәскеудегі аса биік лауазымды кісілер жаман қызмет ұсынған жоқ. Өсірепе бұрынғы КСРО-ның бірінші вице-премьері болған Виталий Догужиев экологияға байланысты орынбасары ретінде жаңа құрылған үлкен корпорацияға шақырды, бүгінгі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеуде де, елде де тұғыры биік мемлекеттік қызметтерді ұсынды, осы күндегі Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Тайыр Мансұров мырза да Мәскеудегі сол кезде өзі ұйымдастырған кәсіпкерлік мекемесінің мәдениет жағын басқаруды атады. Мен бұл азаматтардың бәріне де алғыс айтып, елге оралып, Алматыда қызмет істеу, ақындық жолымды жандандыру жағын ойлайтынимды алға тарттым. Алматыға келгеннен кейін көптеген жылдар жан аямай атсалысып жүрген Арас апатының алдын алу мәселесіне Нұрсұлтан Әбішұлының ұсынысымен қызмет істедім. Арас проблемалары жөніндегі Үлттық комиссияның бас сарапшысы болып, қолымнан келгенше, бұрынғы Одақтық келісімдер мен шешімдер құлдырап кеткен соң, Арас апатына қарсы тұрар жаңа жоба, бағдарламаларын жасауға қызу қатынастым. 1995 жылдан бастап Халықаралық Қ.И. Сәтбаев қорының президенті болып сайландым да, ұлы ғалымның туғанына 100 жыл толатын мерейтойды өткізуге атсалыстым. Қай қияда жүрсем де ана сүтімен дарып, бойға сіңген ақындықтан қол үзбедім.

Шөліркеген далама
Жаңбырлы үлт болар ма ем,
Піскен кезде мол егін
Диқан болып орар ма ем, –

деп те елді аңсағыш болдым. Өйткені 1975 жылы Жезқазған облыстық партия комитетінің екінші хатшылығынан СОКП Орталық Комитетінің инспекторы болып тағайындалдым. Бес жыл өткеннен кейін Қазақстанның бұрынғы басшысы Д. Конаевқа арнайы келіп, талай рет елге сұрансам да орайы болмады. Ақыры он жылдай сол «Үлкен үйде» қызмет істеп, бес



жылдай Қарақалпақ Автономиялы Республикасында облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқардым. Осы жылдар қаншама ауыр тисе де, бауыр елге барымды аямадым. Қазақстаннан келемін деген небір қазақ, небір орысты апармадым, сол елдің азаматтарын көтеріп, тәрбиелеуге бар күшімді жұмсадым.

Қарақалпақстанда өткен жылдар мені эколог етті. Өзініз айтқандай, Халық депутаттарының алғашқы съезінде Жоғарғы Кеңестің Экология жөніндегі комитетінің төрағасы бол сыйланып, Чернобыль, Арап, Семей полигоны мәселелеріне қызу кірістім. Өлемдік экологиялық форумдарда ел жыртысын жыртуға бірталай уақытымды арнадым, көптеген елдерде болдым. Міне, Арап апаты, одан кейін Каспий теңізінің тасуы жайлы мәселелермен айналысуды азаматтық парызымдай санағым. Егер Сәкен, Мағжан, Қасымдар тірі журсе, солайқастан қалмас еді. Классик жазушы ағамыз Әбдіжәміл Нұрпейісов, ақының ақынымыз Мұхтар Шаханов, еліміздің әйгілі арыстарының бірі – Еңбек Ери, марқұм Еркін Әуелбековтер де барынша атсалысты гой. Арап апатының барша мәселелері әлі де шешіліп болған жоқ, ол жүргімнің бір шетінде беріш болып жатыр. Ол – үлкен сөз, бөлек әңгіме.

Сұрағыңыздың тағы бір бөлігі менің көптеген партиялар мен қозғалыстардың біріне қатыспауды жайлы ғой. Ол рас. Өмір жолым кеншіліктен басталса да, партияның солдаты болып қайда бармадым. Ал тұған елім тәуелсіздік алып, Коммунистік партияның тағдырымды басқаруынан есен-сau құтылған соң, қалған өмірімді ақындық жолына арнал өтуді арман еттім. Біле білсек, қоғамдық жұмыстың ең үлкені – ақындық. Ақындық деген – ел алдындағы зор жауапкершілік, оны ақтай алсақ та бұл жалғанға жайдан-жай келмеген болар едік.

– Меніңше, осы айтқандарыңыздыabyrojmen орындана келесіз. Сіздің ақындық жолыңыз «Кенши ақын», «Жезқиік ақын» деген цлкен атақ, даңқ әкелді. «Жезқиіктің» дүбірі қандай еді, сол ұстанымыңызben жүре бермей, эпикалық күрделі дүниелер – «Тәттімбет», «Дала», «Ақын Тайжан», «Қаныш

жолы» атты көптеген поэмалар жазып, сонеттер мен әзілдер жинағызызды да үсындыңыз. Осы көп тақырыптылық шашырандылықта үшіншілдік ма? Оған қоса аудармаларыңыз да бір төбе.

– Бұл үлкен де күрделі сұрақ. Баяғыда лирикалық өлеңдерімнің арасына «Лифтегі сұлу» секілді әзілдерімді қосқанымда, Жазушылар одағында поэзия секциясын басқарап отырган бұл күнгі ақының Қадыр Мырзалиев «Сіз жақсы лирик болып қалыптасып келесіз, әзілдерді жаңа жинақтарыңызға көп кіргізбей, жинай беріңіз, соңыра пенсияға шыққанда бәрін жинап, бір кітап етерсіз» дегені бар еді. Мен ақылды інімнің ескертпесін орындалап, әзілдерді жинай беруші едім, соның нәтижесінде «Көңілді күлкі қыздырар» деген әзілдер жинағым жарық көрді. Ал поэма жазуға жасымнан машықтанып кеттім де, лирикалық өлеңдер төңірегін де кеңейтіп, сонеттерге 1970 жылдардың аяғында кірістім.

Бұл жерде мен қазақ поэзиясында сонеттер неге жоқ деген сұраққа жауап ретінде өз поэзиямыздың ұлттық өресін кеңейткім келді. Сонеттен тізген алғашқы гүлтәждерімді Мәскеуге келген академиктер Евней Бекетов пен Зейнолла Қабдолловқа оқығанымда, олар қуанышпен құптаап еді. Бұл еңбектерімді бөлек «Сонеттер» атты жинағыма кіргізгенім рас. Құрделі тақырыптағы «Тәттімбет» секілді поэмалар өмірдің үлкен белесі ғой, көптеген шағын поэмаларым да бар. Шынболат Ділдебаевтай дарынды ақын інімнің арқасында «Дала» атты поэмам саҳнада ширек ғасыр өмір сүрді. 60 композитор 500-ге тарта өлеңдеріме өн шығарған екен, лирикалық өлеңдерім үшін бұл зор бақыт қой. Өмірім қаншалықты сан түрлі жағдайда өтсе, өлеңім де сол дүниенің жаңғырығы емес пе, «шашырандылықтан» сақтасын, бірақ қай жүйедегі өлеңдер болса да, адам жанын жалықтырmas рухани азық болып туса құба-құп емес пе.

Сан салалы поэзияның, көптеген желілеріне қармақ салсам, ол-дағы ұлттық поэзиямыздың даму тағдырын кеңірек ойлағаным. Аудармамен де көп шұғылданамын, ол да үлкен һем нақтылыс сабак қой. Ал біздің ақындық кредитомыздың басты

мәселесі – қоғам өміріне жіті қатынасып, оған жүрек тілімен жауап беру деп түсінемін. Екінші бір үлкен мәселе – Ж. Шаяхметов, Ж. Жанғозин, Е. Бекетов, Н. Тілендиев, Ф. Кәрібжанов, М. Бейсебаев, Б. Әшімов, М. Сағдиев, Е. Әуелбековтер туралы очерктер, естеліктер жазсам, бұл да қоғамдық жұмыстың күрделі түрі ғой. Ол асыл азаматтардың әрқайсысы туралы әділ баға бере алсақ, ол да жас үрпақ үшін үлкен сабак емес пе.

«Шашырандылық» жайында Медеу Сәрсеке досым да ескертпе жасап еді. Оның айтқанындай, Үкілі Ыбырай, Ақын Тайжан, Молдахмет Тырбиев, Садық Асатов сияқты ақындардың еңбектерін жинап, кітап етіп шығаруға көп уақыт бөлгенім рас. Досым үшін ол уақыттың ысырабы болып көрінсе, өзім үшін азаматтық парызым болып қуантады. Олардың өз еңбектерін жарықта шығарғаннан кейін, өздері жайлы өз туындыларым жарық көрді. Бұл жұмысты Қаныш Сәтбаев, Шоқан Уәлиханов, Мағжан Жұмабаев жайлы да жүргізіп келемін, ол да жанымның жақсы көрген талпынысы. Жезқазғанның ги-ратты азаматтары жайлы кітабым, әрине, өте көп уақытымды алды, ал жезқазғандық бауырларымның қуанышын немен өлшерсің? Сондықтан осындай да «шашырандылыққа» жол беремін. Тақырып үлкен, сауал терен, әзірше жауабым осылай тәмамдалмақ.

— Сіз туралы сөз болғанда, Кремльдегі өткен он жылдыңыз жайлы, Генсектер жайлы өмірдің қыры мен сырын естігіміз келеді. Оған не дер едіңіз?

— Бұл сұрағыңыз – асығыс жауапты көтермейтін ауыр сұрақ. Өжеттігіңіз қызықтырып отыр. Сіздің орныңызда болсам, мен де өткір-өткір сұрақтарды төгілтер едім. Жауап үшін кем деңгендеге жеке повесть, не үлкен очерк жазуым керек, дұрысында, бұл тақырып ойланып жазар мемуарлық кітабымның зор бөлшегі деп түсінемін. Ал «Генсектер» деген соң ат-тонымды ала қашудан да аулақпын, құрғақ қасық ауыз жыртады деген ғой, сірсек тоқтату да жөн болмас.

Орталық Партия Комитетіндегі инспекторлық жұмыс бөлімдер мен секторлардың қызметтеріне үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Біз төртеу болдық, ол ұжымның парторғі едім.

Бізді тікелей Орталық Комитеттің хатшысы И.В. Капитонов басқарды, одан кейін Е.К. Лигачевтың қолына көштік.

Иван Васильевич өте инабатты, салмақты да сабырлы, мәселеге өте терең қарайтын адам-тын. Біздің жұмыс – шынында да Генсектерге тікелей шығатын тексерістерді тындыру, қаулы-қарапларды дайындау. Өсіреле үлкен адамдарға арыздар көп болатын, оларды мұқият қарап, шешім дайындау – біздің жауапты ісіміз.

Бүкіл Одаққа қатысы бар екі күрделі жұмыспен И.В. Капитонов екеуміз Генсегіміз Л.И. Брежневте болдық. Бірінде елдің экономикалық дағдарыстан шығу жолдарының қысқаша бағдарламасы, екінші жолда еліміздің экономикасын дұрыс жолға қою талабын партияның конференциясы қарасын де-ген ұсыныс еді. Екеуінде де жолымыз болмады. Генсек бастығымның аты мен әкесінің атын атап қиналған жоқ. «Ты, Капитонов, стоишь на не неправильном пути, страна идет верным путем, давай непугай. Пока я Генсек, этого не будет, вопросы задавай на съезде партии. Зачем в такие дела впутываешь моего земляка из Казахстана» деп салды.

Леонид Ильичпен басқа да кездесулер болды. Өсіреле Қазақстанның бір үлкен тойына келгенімізде көп жақын тартып кетіп еді, сол ілтипаты өз ағама ұнамай қалды ма, кім білсін?. Генсектің тікелей тапсырмаларын да өзге жолдастармен бірге орындал жүруші едім, сол кездегі ұқыптылығым ұнаса кепрек. Қенседе көп отырып қалғандарға қарағанда, әрине, біздің қызу енбек қайнаған жерден келуіміз көп себін тигізді. Бірақ айтқанымыздың бәрін іске асыргызыбайтын. «Жағың түскенше жамандық көрме» деп беретін қазақтың батасын үққан-ау, жамбасы жерге тигенше тақтан түспей өтті ғой, жарықтық.

Ю.В. Андропов мұлдем ерекше кісі еді. ЦК-та кеш келіп, ерте кетті. Тәртіп мәселесін қолға алғанын біреулер келемеж де етеді, ол – әділетсіздік. Ол кісі не істеу керек екенін барлық республикалардан 3-5 адамнан жинап, ел ақсақалдарымен ақылдасты. Міне, сол кездесуді дайындау үстінде құрылған топта болып, жетекшінің орынбасары болып бекідім. Маған Қазақстан мен Орта Азия республикаларының зиялыштарын



карсы алу, дайындау, шығарып салу, траптан түсіп, ұшар ұшақтарына мінгенше бірге болу жүктелді. Сонда «Сіздер аппараттың білікті іскерлерісіздер, сол іскерліктеріңіз бен білімдеріңізді жұмсап, съездерде сөйлейтін делегаттардың сөздерін жазып беру тәжірибелеріңіз түбірімен жоғалсын, әркім өз ақыл-кеңесін берсін, маған сіздердің емес, олардың таза, шыншыл ақылдары керек, – деді. – Сіздердің ақылдарыңызды күнде тыңдал жүрмін ғой» деп бір күлдірді.

Ол жиын «Партия ардагерлерімен кездесу» деп аталып, 1983 жылдың тамыз айында өтті. Шынында да, Генсек пен ел зиялыштарының, партия ардагерлерінің әңгімелері шұрайлы шындықтың бетін ашардай таза күйінде өтті. Нәтижесінде Генсек бізге разы болып, арнайы сағат тапсырып, бір айлық жалақын мөлшерінде ақшалай сыйлық бергізіп, шала байып қалдық. Бекзадалығы мен жинақылығы табиғи үйлесім тапқан үлкен тұлға екен. Ол кісі тым болмаса енді бес жыл тұрса, елде әділет жолы басталып, басқаша жағдайлар дүниеге келуі мүмкін еді. Етек алып кетіп, елді шіріте бастаған былық-шылықпен күресе бастағаны ақиқат.

Черненконың Генсек болуы үлкен елдің айықпас сырқатының басталуы еді. Төрінен көрі жақын болып әрек жүргендеге әлемнің бір тұтқасын ұстап тұрған империяны басқаруга кірісу партияның әбден тозғанының белгісі болды демей не тұжырымға келмекпіз? Бір рет қана қызмет бабымен кездестім. Бір танауы мен екі құлағына мақта тығып қойған екен, жаным ашып, шошып кеттім, құлайын деп тұрған ауру пілдей бол көрінген үлкен елді аяп кеттім.

Михаил Горбачев жайлары жазарым да, айтарым да аз емес. Бірақ ол кісі туралы Е.К. Лигачев ақсақал «ол сатқын» деп тұра айтты. Соны оқығанда, Горбачев алған Нобель сыйлығы есіме түсті.

Бұл – өте курделі кезең еді. Кеңес Одағының тұңғыш Президенті, Жоғарғы Кеңестің тәралқасын да басқарды. Сол тәралқаға Р. Фамзатов, Ш. Айтматов және мен мүше болдық. Мәжілістерде талай айтыс-тартыстар болып жатады. Сол талқыласу мен салғыласуға Шыңғыс ағамыз белсенді

қатынасатын, өзімнің де шақарлығым аз емес, үндемей қалған жерім жоқ болатын. Бір күні дачамыз қатарлас болғандықтан жиі кездесулерді пайдаланып, «Расул аға, Сіз неге үндемейсіз, кейде бір сүйеніш табамын ба деп, көптен дос болған соң сізге қараймын, міз бақпайсыз, ал Айтматов болса бірде қоштап, бірде тоқтау айтып жатады» дегенімде, «Ай, Какимбек, мой брат, бұл Горбачев пен Айтматовтың әңгімелері ұнамайды, осылар Одақты құлатады» деді. Ұлылығына күмәнім жоқ еді, мына сөзінен кейін ол кісіге тиісуімді қойдым. Тағы да Расул ағамен бір кездесуім өлең болып кетті.

Құшақ жайып ізетпен бағалайтын,
«Расул аға, ассалаумағалайкүм!
Саулық қалай? – дедім мен сабыр сақтап, –
Емханада нең бар көп жағалайтын?»

Қатты ойланды,
Қыздырды ма сұрақ бой,
Кезі күлді,
Сыбырлады-ау зиятты ой.
«Мына сырқат мемлекетте, – деді ол, –
Сау жүрудің өзі маган ұят қой».

Міне, Фамзатов, ол сырқат мемлекетте сау жүргуге үялатын. Ал өзімді Қарақалпақстанда атақты ақын Ибраһим Юсуповты қатты қорғап, нық қолғабыс жасағаным үшін қатты сыйлайтын. «Ақынға ақын – дос» дегенді берік анттай сақтадың деуші еді.

Адамзаттың абзалы Расул ағамыздың айтқаны айнымай дәл түсті, сырқат мемлекет құлады. Горбачевтің өзі де сұлап түсті.

Хрущевті екі рет алыстан көрдім. Студент кезімде, Сталин өлгенде жастық шақтың өжет күшінің арқасында қоштасуға қатынастым. Ол үшін күндізгі сағат төрттен түлгі төртке дейін, яғни «Колонналы залда» жатқан өлі жүзін көргенше тыным таппадым. Міне, Генсектер деген сұрағынызға қысқаша айтарым әзірше осы ғана.



— Елімізді көп жылдар басқарған қазақтың біртуар ұлы Д.А. Қонаев жайлы сыпайы гана айтып өттіңіз. Кеңірек тоқталсаңыздырыс болар еді. Сіз сыртта көп жүріп қалдыңыз, елде сан түрлі «сымызыз телефон» сүлдірлап жатты, қызметтің мен Сізге көнілі қалған жері жоқ па еді?

— Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты Димаш аға деп кеттік. Өз өмірі жайлы өзі де жақсы жазды, өзгелер де жақсы жазып жүр. Көп жыл бір жерде отыру да компартияның кезіндегі әдет, негізгі арманы дүрыс болғанымен, күнделікті өмірінде құлдырау жүріп жатты ғой, ол сырқаттан ағамыз да сау болған жоқ. Мен жас едім және партияның төменгі де, ең жоғары құрылымында жүргенде де Димекеңнің Саяси Бюроға мушелігі ол кісіге шаң жүқтірмайтын, мақтан ететінбіз. Өз өмірімде Димекеңе алғыс айтып, аға дегеннен басқа ешқандай өзара ұнамсыз сез болмайтын.

Ең алғашқы көргенім студент кезімде еді. Ол кісі Фылым академиясының президенті болып сайланғаннан кейін Мәскеудегі түсті металл және алтын институтында оқып журген біздермен кездесті. Қаныш аға да кездесу өткізген болатын. Академик пен Фылым кандидатының арасындағы айырмашылықты студенттер көп айтты. Мен жиынға кештеу келгендіктен ешқандай әңгімеге қатыспай үнсіз қалдым, көкейімде ол жолы айта қаларлықтай пікір тумады. Әйтеуір, тегін кісі таз болмас дегендей, әрі мамандығы кенші болған соң, өзі осы институттың түлегі болғандықтан да ішім жылы тартқаны рас еді. Сол үмітім ақталды да, мен институтты бітірген 1955 жылдың қаңтарында ол кісі Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін атқаратын.

Уранға байланысты мамандығы бар жас инженерлер болғандықтан біздерді шетелге жіберуге үйғарды. Бір досым Германияға бірге кетейік деп шақырды, бір досым Қырғызстанға бармаққа азғырды. Мен біріне де көнбей, Мәскеуге іссапармен келген Д.А. Қонаевтың қабылдауында болып, Жезқазғанға жолдама алдым. Бұл жолы Димекеңнің кішінен көп жолдама алдым. Бұл жолы Димекеңнің кішінен көп жолдама алдым. Бұл жолы Димекеңнің кішінен көп жолдама алдым. Одан кейін Жезқазған кен-металлургия комбинаты партия комитетінің

хатшысы қызметін атқарып жүргенде Орталық Партия Комитетінің Бірінші хатшысы кезінде жақсы кездесу, сұхбаттасудың сәті түсті. Әсіреке баяғыда сабак берген профессорларды, оқытушыларды еске алғанда, сол институтты кешеғана бітірген мен үшін көптеген есімдерді, олардың мінез-құлқын, өздеріне тән дәстүрлерін үлкен кісінің ұмытпағаны таңғалдырыды. Одан кейін Жезқазған партия комитетінің екінші хатшысы ретінде талай кездестім. Менің Мәскеуге қызметке алыныума ол кісінің қатысы болды деп есептеймін, оның себептерін талдау көп уақыт алар еді, қысқа ғана келелі мәселелерге тоқталсам жән болар еді.

Мәскеуде жүрген кезімде Олжастың «Азия»-сының талқыға түскен кезінде бір рет дұрыстап сөйлесіп, өзінше кен түсінік беріп, О. Сүлейменовті талқылаған кезде қорғаудың тәсіл, тәртібін сөз етті. Мен Олжасты өзім де жақсы көруші едім, елдің бірінші басшысының ақынды жақтағанына қуанып, айтқанындай, өзім қатынасқан жиындарда істің әділетіне көшердей пікір білдіріп жүрдім. Әсіреке Е.К. Лигачев Орталық Партия Комитетіне хатшы болғанда менімен Олжас жайлы әңгімелесті, пікірімді барлады. Содан кейін Олжастың қолда бар еңбектерін оқып шығып, қайтарып беруге сұрады. Біз ол кісіні Егор Кузьмич дейтінбіз. Бір жұмадан кейін кітаптарымды қайтарып берді де, «Вы правы, никакой он не националист, просто особо одаренный человек многим, которого понять парою бывает трудно» деді. Содан кейін Олжас туралы бөтен сөз тоқталды.

Димекен екінші бір мәселеде ақылдасқаны ардақты классик жазушымыз Илияс Есенберлиннің «Көшпенділері» Лениндік сыйлыққа ұсынылған кезде-тін. Димекен бұл мәселеғе атсалысқаны рас, бірақ ондай күрделі істе Орталық Партия Комитетінің майталман, ақсақал хатшысы Михаил Сусловтың айтқаны болатын, ол өзгеге ырық бере қоймайтын. «Грузин жазушысы Н. Думбадзенің романы – күнделікті өмір көрінісі, ал қазақ жазушысынің тарих, оған Мемлекеттік сыйлық та жетеді» деді.

Секретариаттағы талқылаудан шыққаннан кейін Димекен «Илияс менің досым болса да маған көнбейді. Ағаңыз фой, сіз

ретін тауып, Ілекеңмен ақылдастып қайтыңыз. Сөйтіп ағаңызды Мемлекеттік сыйлықта көндіріңіз» деді. Мен мақұл көрдім. Бірақ Ілияс ағамыз, қаншама бір-бірімізді жақсы көрсек те, менің айтқаным да, Орталық Комитеттің әдебиет, мәдениет бөліміндегі сыйластық жағдайында өткен әңгімелерде де «Лениндік сыйлықты бермесендер, Мемлекеттік сыйлығына рахмет» деп бір айтқанынан қайтпады. Жазушылар одағында болған үлкен әңгімеде де сол қалпында қарысты да қалды. Мен телефонмен звондал, Димекеңе бәрін айтқанымда, ол кісі «Әне, біліп айтқан екенмін, ол нағыз көкбөрі, айтқанынан қайтпайды. Мен Мәскеуге жүрерде өзімен сөйлесіп, «Әй, Ілеке, Лениндікті бермесе, Мемлекеттікті шаптай аласың» деп едім. Сонда Ілияс «Балығы болмаса, бақасының керегі жоқ, қазақ бақаны жемейді» деді. Ағанды көндір дегенім сол ғой» деп құлді. «Солай, Хаке, ол әйтпесе Ілияс бола ма?!» деп әңгімені тоқтатып еді. Бірде «Димеке, осы Хаке дегеніңіз маған артықтау ғой, атымды атағаныңыз жөн» дегенімде, «Хаке, Сіз төрде отырысыз. Әлі жассыз, үлкендігіңізге үміт зор» деп шығарып салып, өз төртібінше сөйлесе беретін. Үлкендердің ол да үлкен мінезділіктерінен шығар. Қаныш ағамыз өзінен кейінгілермен сөйлескенде «батырым» деп бастаушы еді. Үлкендердің кішілерге ілтипаты сабақ аларлық керемет қой.

Димекеңе өкпем жоқ, ол кісі кейінгі кезде маңайдағы қоршаган ортаның азғырындысында болған шығар, жасы да үлгайды ғой, әйтеуір ел жаққа жақыннатудан жасқанды. Елдегі «гу-гуді» де білемін, ол жөнсіз алыпқашпа сөздер, ал нағыз деректі дүниелерді артынан кеңірек жазармын.

Маған әлемде екі елдің бұрынғы бірінші басшыларын сыйлау дәстүрі ұнады. Біреуі – Америка, олар барлық бұрынғы президенттеріне тепе-тен құрмет көрсетеді. Екіншісі – Тәжікстан, онда Орталық Партия Комитеттерінің бірінші хатшыларына бірдей құрмет көрсетіп, зираттағы ескерткіштеріне шейін бір деңгейде зор құрметпен ұсталды.

Жұмабай Шаяхметов жөнінде керегар пікірлердің еш қисыны жоқ. Мен Мәскеуде қызмет істеп жүргенде Қазақстанда он үш жыл Министрлер Кеңесінің төрағасы болған ардақты

ағамыз, қазақтың асыл перзенті Нұртас Ондасыновпен дәмдес, сыйлас болдым. Соңда ол кісі «Жұмекен қөсем еді ғой, Омбы жақтан Қазақстанның бір шетінен ғана кіріп, төріне шыққан кісі осал емес. Тек қана уақыт өте ауыр еді» дейтін. Меніңше, бәрінің де үлкен еңбектерімен қатар, қызмет бабындағы олқылықтары бар, бірақ әрқайсысы өз хал-қадірінше басқарды. Біреулер Шаяхметов пен Сталин сыйлас болды десе, енді біздің кездегі достарымыз Брежнев пен Қонаевтың достығын алға тартады. Осының бірінде де бөтен сөз жоқ. Ел басқарған ұлы ағаларымыз да кең кіслер. Әрқайсысы өз дәуірінің ірі тұлғалары бола білді. Соңдықтан оларды бір дәрежеде қадір тұту жөн. Димекен жайында айтар сөз көп, ал тоқетері, сыйластығымыз үзілмеді.

— Қаламгердің бүгінгі хал-ахуалы жайлы пікірінізді білсек. Қазақ қогамында руханиятқа байланысты қозқарас өз дәрежесінде деп айта алар ма едіңіз?..

— Қаламгердің хал-ахуалы дегеніміз — бүкіл қазақ әдебиетінің кешкен күні емес пе. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы тығырық бүкіл елге ауыр тигенде, жазушы қауымға да оңай соқпады. Соңғы жылдары, әсіресе Иманғали Тасмагамбетов, Мұхтар Құл-Мұхаммед мырзалардың кешегі бірі үкімет төрінде, бірі министр болғанда жасаған қамқорлық ყықпалдары жазушылардың еңселерін бірсызырығы көтеріп тастады. Бірақ өлі де мәселе ойдағыдай шешіліп тұрған жоқ. Қаламақы деген айтуға ғана, негізінен «демеуші» тауып, кітаптың шығару керек. Шыққан кітаптың да санын баспалар бір мыңдан асырмайды. Ал ол қай қазаққа жетеді? Ауыл деген кітап оқудан қалып отыр. Мәселенің насырға шабуы тек қана ақындардың, не болмаса барша жазушылардың ахуалын өмірдің құлдыратуында емес, елге кітап, газет-журналдар арзан бағамен молдап жетпесе, оқушыдан мүлдем айырыламыз, әне, соңда рухани ұлттық ыдыраудың үлкен кеселі туады. Міне, осы апattан сақтанбасақ, тілімізден де айырыламыз. Менің қорқатыным осы.

Бұрын баспадан кітабың шығу зор қуаныш әкелетін, әрі рухани, әрі ақшалай жарып қаламыз, ал қазір одан қалдық.

Мемлекеттік тіліміз жөнінде тиісті шаралар қолданылып, бірсыдырғы әрекеттер жасалып жатыр, депутаттар да бұл мәселеге білек сыбанып кірісті, ал ауылға кітап арзан бағамен қашан жететіні белгісіз. Арзандатып та көбейтіп, ел қолына қалай жеткіземіз, кітаптың беделін қалай көтереміз, гәп осында. Жаңа кітап шықса, ел үдерес жұмысын оқитын, оқығанын ойына тоқып қана қоймай, пікірлерін баспасөз бетінде жеткізбеуші ме еді. Оның бәрі қайда қалды.

Тоталитаризмді ондырмай сынаған жөн, ал кеңестік дәүрдің өз идеологиясы үшін құресте кітапты зор құрал еткенін ескеріп, тәуелсіздікке жеткен еліміздің бүгінгі басшылары бұл істі қолға алулары керек деп білемін. «Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел» дегендей, кітаптың тиражы мен қаламақы мәселелері дұрыс шешілмей, жазушылардың хал ахуалдары түзеле қоймас, тілі ашылса да қолы мен жолы әлі ашылмай түр.

Жазушылар одағына келсек, мен бұл жолы көп пікір айтпас едім. Себебі 70 жылдық тойымызда біраз ойлар айтылды. Одақтың бұл құрамы, өсіресе, Абай, Жамбыл, Сәкен, Магжан, Сәбит, Фабит тойларын жоғары дәрежеде өткізуге зор атсалысты. Басқа да, өсіресе, жасы үлгайған жазушыларға демеу беріп, қуанышын бөлісіп, өлім-жітімін бірге көтерісүде одақтағы жігіттер жандарын салып жүр.

Жазушылар одағы – бүкіл Қазақстан жазушыларына ортақ құрылым, қасиетті төр. Ендеше, бұл одақ та елорда – Астанадан орын алғып, Алматыда үлкен бөлімшесін қалдыру керек деп білемін. Осы мәселе шешілсе, Астана еліміздің тек қана саяси, экономикалық, әкімдік басқарудың ордасы болмай, бүкіл ұлттымыздың рухани ордасы ретінде беделі арта түсер еді. Бұл жағынан қарағанда, мәдениетті өркендету жолында Астанада қыруар жұмыс істеліп жатыр. Ал әдебиетке келсек, олай деп айта алмаймыз. Үкімет те бұл мәселеде Жазушылар одағына деген құрметтерін үзбеуші еді, ал қазір Алматыда қалған қасиетті мекемені құрметтеу жолы табылмай жатқан секілді ме, әлде одақтағы жігіттердің өздерінің кеткісі келмей ме, не десек те қазақтың ұлы шаңырақтарының бірі – Жазу-

шылар одағын Астанаға әкелсек, көптеген жұмыстар жаңаша күйге түсіп, бүгінгі таңдағы келелі мәселелерді ел басындағы азаматтармен бірге шешер едік.

Жазушылар одағы Астанаға көшіп келсе, Алматыдағы қазіргі отырған тамаша ғимаратты одақтың үлкен бөлімшесі жайлап, оған қоса бұл байлықты барлық ақын-жазушылар тағзым ететін мұражай ретінде құрметтеп ұстау керек. Бұл үй біздің ақын-жазушылардың бас мешітіндей орында қала бермек, ал жұмыстағылардың Астанаға аттанғаны ләзім. Екіншіден, Алматыда жазушылардың қаламгерлік көңіл құсын қүйқылжытар төрі ретінде демалыс орыны болса, оған Жазушылар одағының бұрынғы тау жақтағы үйі дес келмей ме. Қазіргі жағдайда ел алдында тұрған келелі мәселелерге жүйелі ат қосу – жазушылардың басты міндеті, бұл міндетті ел алдында абыраймен орындалмаса, одақтың да ғұмыры ұзақ болмайды. Олай болмасын десек, елордаға жиылып, Елбасына, үкіметімізге қосылып, халқымызға қажырлы еңбек етейік деген көкейкесті сөзімді аяқтағым келеді.

– *Кәкімбек аға, Сіз сөз арасында ретін тауып, қазақтың ұлы галымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жайында пікір білдіріп қалдыңыз. Медеу Сәрсеке Қанекең жайлы Мәскеудегі «ЖЗЛ»-дан шыққан тамаша кітабын жаңартып, ұлгайтып шыгарды. Сіздің «Даналыққа тагзым» атты кітабыңыз да поэзия тілімен ұлы галымның бейнесін сомдаган еken. Осы тақырып қемеліне жетті деп білесіз бе, әлде Халықаралық К.И. Сәтбаев қорының президентті ретінде айтарыңыз бар ма?*

– «Кешегі тоталитарлық заманда саяси құғынға ұшырап, атылып кеткен Мағжан, Сәкен, Илияс, Бейімбет, Ораз, Тұрар секілді дарабоздардың тағдыры баршаға мәлім, ал Қаныш қалай аман қалды?» деген сұраққа әлі де түбегейлі, нақтылы жауап керек. Бүкіл Сәтбаев әулеті де құғындалды, үш ағасы репрессияға ұшырап, ең ауыр жазаға ұшырады. Кезінде өзін де ұлттыл деген лақаппен жұмыстан алып тастанады, бірақ бағы жанып, Қазақстан Фылым академиясының президенттігіне қайта оралды.



Ұлы адамның бір ұлымығы – өзін, елінің атағын, ұлы еңбегін қорғай біліп, тұғырдан таймай өтуінде зор кереметтік бар. Қанекең – жүз жылда да оралмас энциклопедист, қайсар азамат, аса білікті ғалым, керемет ұйымдастырушы, үлкен әдебиетші, қазақ музыкасының білгірі, тамаша жазушы, аса көрнекті публицист қой. Қаныш ағаның өмірбаяны өте құрделі және байдың баласы, әкесі діндар, ағалары саяси репрессияның құрбандары болғандықтан өзі де үнемі үркү мен қорқуда болды, сондықтан өз анасы Әлима жайлы деректерді жаңа-жаңа айқындалп келеміз. Бұл да жабық қалған құпия. Оның себебі, Әлиманың әкесі Иса қажы еді. Баянауылдағы Иса қажының тұқымдарының таласын енді ғана айқындалп қалғандаймыз. Ал қасында жүріп Қанекеңнің іс-әрекеттеріне қарсы болған Қарсақбайдың директоры Гүлий жайлы да оқушы қауым аз біледі.

Қаныш тақырыбы – аласапыран заман жайлы үлкен сыр. Оны әлі толықтыра түсіп, көркем сөзben келістіре ашып беру – болашақтың ісі. «Сәтбаевтану» сабағын техникалық жогары оқу орындарында жүргізудің әрекеті жасалып жатыр. Құдайға шүкір, құралақан емеспіз. Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетті, Жезқазған, Павлодар университеттерінің күшімен бұл жұмыс баянды түрде журмек.

Ал Қаныш ағаның ғылыми еңбектерін зерттеу, кеңінен тарату жағы әлі кемшін халде жатыр. 100 жылдық тойына қарсы сегіз томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Геологиялық мамандықтағы бауырларымыз бұл мәселені қолдарына дұрыстап алмай отыр. Ғылымның тәжірибеге ұласқан нақтылығын көздеғен Сәтбаевтың заманы туып отыр, әттең, сол кереметті ғылыми түрғыдан ашып беру жайы ақсап жатыр. Қанекеңнің өз тілімен айтсақ, «түяқтары тасқа шыдамай тасырқап қалды». Бұл мәселелерді қозғағаным, Қаныш ағаның ғылымы мен өмірі – шексіз дүние, ол өлмес тақырып. Жуырда Сәтбаевтың студент кезінде шығарған «Алгебрасын» Еуразия университетінің ғалымдары қолымызға тигізеді. Бұл еңбектің де маңызы мен мәнісі әлі сөз бола жатар деп сенемін.

Мен бұл мәселелерді Халықаралық К.И. Сәтбаев қорының президенті ретінде айтып отырған жоқпын. Асыл ағаның қызы М.К. Сәтбаеваның сұрауымен қордың банктерге есеп-қисабын осыдан екі жыл бұрын жапқанбыз. Қазір қоғамдық дәрежедеғана ақысыз-пұлсыз жұмыс істеп жатырмыз. Ол – асыл дананың аруағын сыйлаганымыз. Өмір болса, әлі де Қанекең жайлышты айттарымыз баршылық. 1999 жылғы Қаныш ағаның 100 жылдығына арналған мүшәйраны өткізуғе Қадыр Мырзалиев бастаған сарапшылар зор көмек көрсетті. Өмірімнің жиырмаша жылында Сәтбаевшыл ғұмырды Жезқазғанда шексерем, көз жұмылып кеткенше Қанекенді, оның өuletі мен үрпақтарын жырлап өтермін деп ойлаймын. «Абай, Шоқан, Мұхтар, Қаныш – төрт баған» дегенім де бар еді. Үлттын ұлы тұғырының бірі деп Қанекемді әлі де жырлай бермекпін. Медеу досым да, басқа қаламгерлер де қарап жатпас деп сөт тілеймін.

«Қазақ әдебиеті» газеті.
2005 жыл

Мен бұл мәселелерді Халықаралық К.И. Сәтбаев қорының президенті ретінде айтып отырған жоқпын. Асыл ағаның қызы М.К. Сәтбаеваның сұрауымен қордың банктерге есеп-қисабын осыдан екі жыл бұрын жапқанбыз. Қазір қоғамдық дәрежедеғана ақысыз-пұлсыз жұмыс істеп жатырмыз. Ол – асыл дананың аруағын сыйлаганымыз. 1999 жылғы Қаныш ағаның 100 жылдығына арналған мүшәйраны өткізуғе Қадыр Мырзалиев бастаған сарапшылар зор көмек көрсетті. Өмірімнің жиырмаша жылында Сәтбаевшыл ғұмырды Жезқазғанда шексерем, көз жұмылып кеткенше Қанекенді, оның өuletі мен үрпақтарын жырлап өтермін деп ойлаймын. «Абай, Шоқан, Мұхтар, Қаныш – төрт баған» дегенім де бар еді. Үлттын ұлы тұғырының бірі деп Қанекемді әлі де жырлай бермекпін. Медеу досым да, басқа қаламгерлер де қарап жатпас деп сөт тілеймін.

СҮРМЕРГЕН ТАРТҚАН ЖЕБЕДЕЙ

(*Қадыр Мырза-Әлидің «Ақырзаманы» туралы*)

Поэзия – көркемдік көрігінде шындалған, сынғыры сұлу, сырды тылсым сез өнері. Ол – өмір құбылыстарын танып-білудегі қуатты құрал, ой мен сезімнің тамырын тереңге салған бағаналы бәйтерек. Поэзия – көңілдің толқыны, жүректің лұпілі. Ол тек өлең, жыр емес, өсемдік, сұлулық деген де мағынаны білдіруі тегін емес.

Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері Қадыр Мырза-Әлидің «Қазығұрт» баспасынан оқырманға жол тартаған 12 томдық еңбегінің 9-кітабы «Ақырзаман» деп аталыпты. Қасиетті қазақ жырының қадірлі парақтарына айналған Қадыр ақын музасы қайталанбас қалпымен айшығы мен өрнегін, машығы мен мәнерін қалың ел, қара орманның таразы талғамына салғалы қашан! Сонау «Ақ отау», «Ой орманы», «Бұлбұл бағынан» бастап, әр өлең, әр жинақ сайын оқырманына олжа салып келе жатқан ойшыл ақынның поэзия парасаты, өлең өресі жолында төккен маңдай теріне, ұлан-ғайыр еңбегіне үлтynың ұлы мен қызы қырық жылдың бедерінде күө болып келеді. Сонау Сарыарқаның сағым ойнаған даласында жүріп:

*Бабамыздың шоқ басқан табанымен,
Бірдей екен жақсысы жаманымен:
Бір жаманы – тынымсыз көше берген,
Бір жақсысы – қимаган даланы кең... –*

деп таңдайы тақылдаған қарадомалақтың бірі өзіміз едік. Меніңше, Қадыр – өлең-жырдың азабын арқалаудай-ақ арқалап, өлең-жырдың бақытын көрудей-ақ көрген ақын. Енді ойласам, сонау бір жылдары қазақтың байтақ даласы Қадыр

жырымен тыныстап, Қадыр болып жырлап тұрғандай екен-ау.

«Ақырзаман» жинағына ақынның соңғы он жыл бедерінде жазылған дастандары топтастырылыпты. Қоғамдық формацияның ауысуы кезіндегі келенсіздіктер, дағдарыстар, әлеуметтік қайшылықтар, жан дүниедегі өзгерістер, ғасыр айрығындағы ғадауаттар – бәрі-бәрі философиялық пайым мен ақындық шырқау шабыттың қосындысы болып кестелі жыр тілінде өрнектелген. «Еңіреп туған ер едім» деп Махамбет айтпақшы, елімнің бүгінгі мұңы мен зарын Қадыр ақын айтпағанда, кім айтады?!

Осы жинақта «Ел сөлемі» деп аталатын, Елбасына хат іспетті өлең бар.

*Tіршілік-тірлік өкінішпенен өтпесін!
Төзімді деген туыстың шығып кетті есі.
Сізге айтпағанда, айтады Ел кімге арызын?
Сізге айтпағанда, айтады кімге өкпесін?! –*

деп түйгynша түйіліп, абызша толғанған ақын салиқалы ой, салмақты сырдың жібек жіпперін сәтімен суыртпақтайды. Сабырының сабасын сарқымай-ақ, қазақи болмыспен жүртynың көңіл пернесін тап басып, өлеңін елші етеді. Осы жерде Жұсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» пікіріндегі: «...Күшті ақын – әлеуметінің тіл қамшысы, сайламаса да табиғатымен сайланып шығарылған уәкілі, мұңын, за-рын айтқызатын елшісі. Өз әлеуетін, өз табын ілгері сүйреуге, көтермелеге, демеуге күшті ақындардың өсері тиген, әлі де тимекші», – деген орамды ойлары еріксіз ойға оралады.

Содан да өрісі байтақ, ажары айқын, құлашы қарымды ақын өлеміне бойлай еніп, тылсымы мен тереціне үңіліп, пікір айтуға мақала көлемі аздық етер еді. Ақын өзі өмір сүріп отырған алағай да бұлагай күндердің соқтықпалы, соқпақты, тар жол, тайғақ кешулі кезеңдерінің жақпарлы да қыртысты құпияларының сырына үңіледі. Оның лирикалық менін қазақтың қаласы мен даласындағы қандастары қалтқысыз қабылдайды. Қадыр өлемі – сонысымен де өсем, Қадыр жы-



рының көші сонысымен де көрікті, көлікті. «Өткелдер» даста-
нында зардың запыранын төгіп, ақын тұтас бір дәуір картина-
сын көз алдыңа әкеледі. Заманның шер-толғауы секілді бұл
еңбек:

*Кетті жанып бір кездे жангандары,
Сталиндік құжаттар – жалған бәрі!
Елу жылдың ар жагы еңіс-еңіс,
Үзік-үзік немесе қалғандары... –*

деп басталады екен де, өзі ес білген жарты ғасырдың жүрек
лүпілін тамыршыдай тап басып, кардиограммасын шабыттың
шалқарында тербел, шағаладай шарқ үрган сезім өуенін
аспандатып, асқақтатып, қайсарлықтан жырлар легі түзіледі
екен. Оларды оқи отырып, шындық шыңырауынан зәмзәм
сіміргендей әсер аласың. Кешегі қан кешкен зұлмат соғыстың
аңы зардаптары, көздің кермек жасы, жалған үран жетегіндегі
жылдар, ақыретке оранған Арал, сырқат Семей, алапес Абы-
ралы... бәрі-бәрі көз алдыңда қапысыз қалпында елес береді.
Ақиқаттың ақ кебінін киген елес.

*Перзенттерін жанына жинап даала,
Шыбын жанын біз үшін қинапты ана.
Өте шықты зымырап жетпіс бес жыл –
Когам үшін жетпіс бес минут қана! –*

дейді Қадыр аға. «Қогам үшін жетпіс бес минут қана...» Сол
уақыттың қияметі мен қиянаты, тауқыметі мен қасіреті қазақ
ұлты үшін жетпіс бес ғасырға татыр-ау!

«Ақырзаман» жинағына енген шығармалардың бәрі сю-
жетсіз поэмаларға жатады. Әдебиет теориясына жүгінсек, сю-
жетті, сюжетсіз дегеніміздің өзі ауызша ғана тұжырым, олай
айтуға ғылыми тиянақ, негіз жоқ. Айырмашылығына келсек,
сюжетті деген поэмада ақынның айтар идеясы, ойы нақты пер-
сонаждар арқылы беріледі де, ал сюжетсіз деген поэмаларға сол
оқиға, сол идея ақынның өз сезімі мен лирикалық геройдың

ой-сезімі арқылы беріледі. Олай болса, Қадыр Мырза-Әлидің бұл кітабы публицистикалық поэмалардан құралған. Бұл жанрдың бір ерекшелігі, табиғатына тән сипаты, ақын қоғам өмірімен аттас бір дәуірді сөз етеді.

Орыс ақындары В. Маяковский көптеген шығармаларында, А. Твардовский «Бір қыырдан бір қыыр», В. Луговский «Фасыр ортасы» поэмаларында сюжетсіз поэмаларымен-ақ тұтас бір дәуір бейнесін көз алдыңа әкелетіні рас. Лирико-публицистикалық поэмалардың алғашқы нұсқалары өткен фасыр басында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары арқылы қазақ әдебиетінде алғаш көрініс бергенін әдебиет зерттеушілері айтып жүр.

«Ақырзаман» жинағында Қадыр ақын осы үрдісті оралымды образ, тың екпінмен жаңаша жалғайды. Осы кітаптағы «Махаббат» дастаны да шоқтығы бөлек дүние. Адамзат баласына тән асыл сезімді аяламаған, оны жыр етпеген ақын ілгерілікейінде жоқ шығар. Қадыр аға мұнда да тың өріс тапқан.

*...Болмақ емес ешқашан соңы кештің,
Мүң тәңізі – Махаббат,
Соны кештім...
Неге сүйдім?
Білмеймін!
Не үшін сүйдім?!
Айта алмаймын...
Неліктен өліп-өштім?*

Иә, махаббат – жұмбақ та ұлы сезім. Ол тылсым қалпымен қасиетті, қадірлі. Оның қадіріне жеткендер ғана бақыттың бесігінде тербеледі. Қадыр ақын өз сезімін селдетіп, оқырманға ақтарыла сыр айту арқылы тіл кестесіне тән эпитет метафора, басқа да суреттеу, бейнелеу құралдарын орынды пайдалана отырып, жаңынды жақсылыққа бастайды, сезімінді сергітер эстетикалық ләzzатқа бөлейді.

Ақынның «Пайғамбар жасы», «Дерт» поэмалары – оның ішкі толғаныстарынан туған дүниелер. «Пайғамбардың жасы-

на келгендердің бәрі бірдей пайғамбар бола алмайды», – дейді Қадыр ақын. Абыз ойдың астарынан өсемдік, жақсылық, ізгілік атаулыға құштар көңілдің күйін естігендей боласың. Ақын, қоғам, өмір, әлеумет жайлышты осы жырлар бір-бірімен ерекше гармония тауып, парасат биігінен сөз алады.

...*Tіrlіk тыныш болмайды дау барында:*
От басында,
Бақшада,
Бауларында.
Өте қызын ауруға,
Ауру жанга,
Жүрген жоқ-ау жетісін сауларың да.

«Дерт» дастанындағы осы сияқты шумақтардың әлеуметтік жүргі ауыр. Бірде күйіншті, бірде сүйіншті құйқылжыған көңіл ауаны оқырманды да ой орманының нұнына бастайды. Қайраудағы ұстараның жүзіндегі мың құбылған сезімді бастан кешесін.

Жаңа дәуір де жыл мезгілі сияқты. Ол өз үнін естірте, өз демін сездіре, соны леп, тың нышандарын таратада келеді.

«Ақырзаман» жинағындағы «Заман-ай», «Бес жыл өткен соң», «Парламент», «Күдік», «Көкейтесті» поэмалары – бір-бірінің ажарын аша түсетін, үндес, қанаттас, қапталдас дүниелер. В. Белинскийдің сезімен айтсақ: «Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні». Қадыр Мырза-Әлидің жоғарыда аталған поэмаларының қай-қайсында да жұртыймыздың жүрек лүпілі, қан тамырының солқылы бар. Тұрасын айтсам, осы дастандардың тақырыбы бөлек-бөлек болғанымен, зерделі оқырманның көңіліне, санасына ажырамайтын тұтас қалпында сіңіп жататын қасиеті, сиқыры бар. Бұл дастандарда Төуелсіздік алған елдің талайлы тағдыры, өтпелі кезеңнің өксіктері, халқымыздың көрген азабы мен тозағы, қасіреті мен қайғысы, қуанышы мен көз жасы бар.

Қадыр ақынның:

*Бағзы біреу болмаса жасық қанды,
Бостандықта барлық ел асыққан-ды.
Сол бостандық көп күткен ойда-жоқта
Түскен кезде аспаннан...
Сасып қалдық! –*

деп жырлауынан шындықтың шырайын көргендейміз. Енді бірде ақын:

*Есімізді шыгарды енді біздің
Қогам менен қогамның өліарасы... –*

деп қапысыз ой толғайды. Сүрмерген тартқан жебедей шешен түйіндеулер кім-кімнің де көңіл ондығына дәп тиіп жатады.

Расында, бүгінгілердің маңдайына тағдыр қоғам мен қоғамның, ғасыр мен ғасырдың өліара мезгілінде ғұмыр кешуді жазған. Тарихтың тас кітабы үшін таяқ тастам уақыт көрінетін осы он жыл үміт пен құдіктің, ақ пен қараның, қаранды мен жарықтың, жұмақ пен тамұқтың сәт сайын итжығыс түсер шағы сияқты болып көңіл көмбесінде қалды. Сол сезімдердің шарпысызы Қадыр жырының айдынына ақ желкенін көтерген.

Ендеше, «Ақырзаман» – Қадыр ақынның бүгінгі күнмен болашаққа жазып кеткен хаты деуге татырлық енбек.

*Мен халықтың мұңымын,
Жай сырымын,
Жай сырымын,
Шынында бай сырымын.
Қолдан шығып барады келер үрпақ,
Қайсыбірін айтайын,
Қайсыбірін?!*

Ақын жұртының ертеңіне, үрпағының болашағына алаңдаулы. Қандай жолмен болсын, тек нан табудың жолына түскен «жаңа қазақ» ұлтына ұлағат болып, келешектің ке-



сегесін көгерте ме? Сұрақ пен сауалға толы өліара мезгілдің бар көрінісі осы жырларда.

«Ғадаут ғасыры» поэмасы да құлашын кеңге салған, кең тынысты шығарма. Ұлт тағдыры, үрпақ ертеңіне адамзат баласының арман-тілегін жұптастыра жырлаған ақынның тарлан ашқан тұсындағы бұл да бір табысы екенін айтқан абзal. Зұлмат заман, ғадаут ғасырдың сайқал болмысын жыр еткен ақын бұл ірі шығармасын:

*Той болып кел,
Келешек, ұлан-асыр!
Қалдырайын жазып мен далама сыр.
Зәлім гасыр,
Бәріне мәлім гасыр,
Саган тартып тұмасын жаңа гасыр! –*

деп заңғар ойдың түйінін түйеді. Адамзатқа ортақ ақ тілекten туған, ақжарма сырға ақжолтай тілек қостық.

Қадыр Мырза-Әлидің бұл жинағы – ар мен намыстан туған шығарма. Абайша айтсақ, «сәулесі бар жігіттер бір ойланар» дейтіндей салмақты сыр, салиқалы сезімнің парасат биігінен жыр болып мөлдіреген мезеті.

*«Қазақ әдебиеті» газеті.
2001 жыл*

МАРФУФА

Ақындық – өнер ме, дерпті, серт пе? Осы сауал тіршіліктің түйінсіз сәттері секілді талай-талай мазалаған. Шалқыған, шамырқанған шақта, дүбірлі дүниенің дуниауи ойларының бәрінен ада болған кезінде ақындық өнердің тылсым құдірет екенін жан-жүргімен сезінеді адам. «Ынталы жүрек сезген сөз бар тамырды қуалар», – дейді дана Абай. Қай кезде де шын ақын – уақыттың перзенті, шындықтың шырақшысы, ардың айнасы. Сондай сиректердің қатарына қазақ өлеңінің көшкеруеніне аққудай аяулы, бұлақтай таза, дүлдүлдей дүбірлі жырларымен келіп қосылғанына жарты ғасырдың жүзі болған Марфуга Айтхожаны елі, жүрты өлдекашан-ақ қосқан.

Оның сағынышы мен мұңы, жүргегінің дүрсілі мен сезімінің сыңғыры халқын көзайым етіп, көңіліндегі көрікті ойына айналды. Ақындықтың аламанына атын қосқалы бері мөреден тосқан оқырманына олжа салып, уақыттың бүрқасындарында да өзінен де, өлеңінен де көз жаздырмай келе жатқан шабытты шайыр – қазақтың Марфугасы.

Осы мезгіл аралығында дараланып, сараланып, өлеңін өз перзентіне, ақындықтың айдынына айналды. «Марфуга – жыр айдынының аққуы» деген қанатты үғым қалыптастырды қабыргалы қазақ жүртына. Аққудан да, айдыннан да, менінше, ақын Марфуга Айтхожа деген есім еліне елеулі, халқына қалаулы. Осы есімді өз басым Жаңаарқаның жазық жонында жүріп балдәуреннің бүгінде сағынышқа айналған бір әдемі күндерінде естігеммін. Содан бері отыз жылдан астам уақыт өтсе де:

...Бұлдырай ма,
Сагым қуып қаша ма,
Төбе-төбе оқшырайған тас оба.

Жаугершілік келіп қалды мұндалап,
Сонда ерге сүйеу болған Босага.

Кездерінде малы түгел,
Бас аман.
Бұл маңайда той-думандар жасаган.
Келін түсіп,
Қызың үзатып,
Күйеу кеп –
Сан қызыққа күә болған Босагам, –

деп басталатын асқақ ноталы, ашық дауысты тамаша өлеңді әлі күнге дейін жатқа айтамын. Сәби сезім, бала көнілдің қабылдауы періште жебеген бір тамаша қасиет пе деп қаламын кейде. Содан бері де ақынның тұнық жырларының тұнбасынан үрлеп ішіп, үр сезімге талай кенелгенімді несіне жасырайын.

Марфуга – тағдырылы да тамырлы өнердің, өзегіде түсер өзекті ой иесі. Кей-кейде ақындық тағдырға қатысты әңгімені Батыс пен Шығыстан таратып айттуға әуеспіз. Шығармашылық адамының жан сарайына, ғұмырбаянына, өмірінің өткендері мен көктемдеріне, өткелдеріне бір үçліп алмай, ол жайлы, шығармашылығы жайлы жарытып пікір айта қоям деу де бос әурешілік. Себебі ақын не жазса да өзі туралы жазады. Құлжада туып, шекара асып, ұстараның жүзіндей мың құбылған талайлы да талайсыз тіршіліктің кермегін де аз татпаған Марфуганы асқақтатқан да, аспандатқан да қасиетіңен айналайын қазақтың қара өлеңі. Алғаусыз сейлем, ақтарыла сыр айтып, Алаш жұртын өлеңдетіп, өлеңдетіп қойған ақындық құдірет иесі өткеніне де, көктеміне де риза пейілмен қарайды.

«...Аға буынның сәт сапарымен бір жылдың ішінде менің өлеңдерім республикалық басылымдарда жарық көріп шықты. «Жас қанат», «Жырға сапар» сияқты ұжымдық топтамаларға да жырларым еніп, халыққа солай танылдық. Сол кездегі «Жұлдыз» журналының редакторы Қайнекей Жармағамбетовтің де көп шарапаты тиді. Жұмағали Сайн мені университетте оқып жүргенімде «Қазақ әдебиеті» газетіне

жұмысқа алды. Мұхамеджан Қаратаев шығармашылығым жөнінде мақалалар жазды. Дмитрий Снегин орысша шыққан жинақтарым жөнінде айтты. Сырбай Мәуленов «Өлең еңбек», Faфу Қайырбеков «Жапырақтар жауғанда» деген керемет мақалалар жазды. Бәрі де керемет ақындар еді, шеттерінен ақкөңіл, пейілдері таза болатын. Жұмекен, Тұманбай, Шәміл, Қайраттардың арасына жұмысқа барғанымда, олар әдемі қыз келді деп емес, ақын келді деп қарсы алыш, қуанды...» – деп еске алады сол бір күндерін, алыста қалған арманшыл шағын Марфуга ақын бүгінде.

Ақынның тұңғыш жинағы «Балқұрақ» 1962 жылы жарық көріпті. Алғашқы жырларының санатындағы «Самырсын» – өлеңсүйер қауыммен қауыштырған қанатты дүниелерінің бірі.

*O, тәкаппар, тәңір шыңдар,
Сал қарагай, самырсындар.
Ұшып келген Алатаудың
Қарлыгашын танырсыңдар!*

*O, сиқыр тау, ертек емен,
Жастық – жалын, өртенем мен.
Мен бір титтей жырши күсың,
Жүрек күйін шерте келген.*

*Сылаң қаққан сырлы өзендер,
Сагым қүшқан нұр белендер.
Сырнай самал, қырмызы гүл,
Саган қалай құр келем мен?*

*Аққу бүлттар үлпілдеген,
Үрке көшип жүрсің неден?
Тау да, тас та, самырсын да
Сөйлем жатыр бір тілменен.*

*O, тәкаппар, тәңір шыңдар,
Сал қарагай, самырсындар.*

Ушып келген Алатаудың
Қарлығашын танырсыңдар!

Өлең бе? Өлең! Өлең болғанда – ақынның арман-мақсаты, жүргегінің лұпілі, көңілінің күмбірі тоғысып, ақтарыла салған «сыңғырлап өңкей келісім...» (Абай), жүлдзызды жыр.

Жырдың да тағдыры болады. Поэзиясы алуан сырымен, мөлдір мінезімен өзіне ғана үқсайтын ақындықтың ақжарма ауылышын ақ орда тіге алған ақын – бақытты ақын. Тапталған таныс шырдың шаңын шығаруға асықпай, соныдан соқлақ іздел, оқырманың өзімен сырлас, мұндас ете алған ақынның, «жүрек қүйін шерте келген титтей жыршы құстың» сезім өлді құштарлық, ғашықтық сияқты ғаламат қасиеттерге жол тартып, киелі сөз өнерінің қадіріне жеткізеді. Мазасыз дүниенің мазасын қашырып, талай түнді өлдилеген ақын-ананың қаламынан туған «Шыңдағы жазу», «Жастық шақ», «Ақкуым менің», «Қаракөз-Айым», «Баянжүрек», «Көзімнің қарасы», «Қыран жеткен», «Жапырақ сілкінген кеш», «Аққу жүрек», «Алатаудың ақ батасы» сияқты жыр жинақтары өлең деп атлатын ғажайыптың көркіне көрік қосып, «Алатаудың үшып келген қарлығашын тәңір шыңдардың» басына шығарды. Қазақтың бүгінгі таңдағы көрнекті ақындарының бірі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Марфуға Айтхожа ақындықтың азабын ғана емес, еңбегінің жемісін, мәуесін теріп отырған шағында.

Сырлы да нұрлы, назды да сазды поэзия жанкүйерін тауып, оқырманның мойнын бүрғызбай қоймайды екен. Көрікті жыр көргені бардан туады. Әсірсе қазақ ақыны үшін бұл – бұлжымауға тиіс қағида. Мейір мен пейілге шөліркеп тұрған мына заманда жаның жаситын, жанарың жәудірейтін шақтар аз ба?

Марфуға ақын – жусанның жұпарын жұтып, бұлбұлдың даусын естіп, арғымақтың дүбіріне қосылып, сонау бала күнінен-ақ уызына жарып өскен суреткөр. Сол кездің көңілінің күнделігінде жазылып, жүргегінің түкпірінде тербелген толқындары жыр болып, өлең болып өрнек тауып жатса,

қаракөз жұртын қуанышқа кенелтер түс та сол. Ақынның жан-жүрек, қиял-ой, сезім иірімдерінің шырқау биік, шабытты кезеңіндегі сағынышы, аптыққан ақ бұлақтай армандары, күйініші мен сүйініші – бәрі-бәрі өлең болып мәлдірей қалады. Сағыныш атты ұлы сезімнің бағасын бір ақын Марфугадай-ақ білсін! Ел айырылған кезде де, аруана жұрттың арманын тек ақындар айтатын болған.

Теренді тербел шығар текті өлең қашанда құдіретті. Марфуга ақын жырларын оқы отырып, тағдырдың тарам жолдарының үстінде келе жатып сағыныштың самалына желпінгендей өсерде боласын.

*...Қайран, Талқы таулары-ай!
Биік неткен!
Халқымның құтысының ба үйіп-төккен.
Шуақты шыңдарыңа шыгар мені,
Арман жоқ алауыңа қүйіп кетсем!*

*Қайран, Талқы таулары-ай!
Биік неткен!
Әніңді тыңдамап ем үйип көптен.
Шертши бір күй-кеудеңді құмбірлетіп,
Фажап емес нөсердей қүйіп кетсем.*

*Қайран, Талқы таулары-ай!
Биік неткен!
Самалың сипап жатыр, сүйіп беттен.
Білмейтін қадіріңді балаң кезде,
Кешір, сендей сұлуды қыып кетсем...*

Ағынан ақтарылған ақынның сағынышы бөлек, мұны ерек. Екі жүйе, екі ел, екі ғасырдың өліарасында өлең өрген ақынның өрекпіген көңіл күйінің бір сөті сияқты жоғарыдағы жолдардың жаныңды, сезімінді бір дір еткізбей кетуі мүмкін емес.

Талқы тауларына сағынышын ұқілеп, сырын ақтарған ақын өлеңінің астарында талапайға түскен жұрттың тағдыры

бар. Ал мұндай жырды сол тағдырдың кермегін ел-жұртымен бірге тартқан адам ғана жаза алады. Ақын да сол қасиетті халқының бір бөлшегі екенін сезінесің. Сағынышты сезімге елжірейсің, егілесің. Жалған пафос, жалаң дидактикадан ада өлеңінің шынайылығы ақ қайнардан зәмзәм сімірткендей күй кештіреді. Марфуға ақын поэзиясы жарыққа ұмтылған, жарқын сөулеге құштар өлеңдерден түзіледі. Оның жұртына аса қадірлі, аса жақын болуы да содан.

Расул Гамзатов: «Тақырып – қазына толы сандық. Сөз – осы сандықтың кілті. Базбір әдебиетшілер бір тақырыпты толық меңгермей жатып, екінші бір тақырыпқа ұмтылады. Яғни, олар сандықтың қақпағын ашып, бет жағындағы шуберектерді қопсытады да, келесіге қарай асығады. Сандық иесі, егер заттарды бірінен соң бірін ұқыптылықпен ала бастаса, оның түбіндегі нағыз асылдар салынған қобдиша шығады», – дейді.

Тақырыптық жағынан саралағанда Марфуға Айтхожа жырлары әр алуан. Олардың түйісетін, тоғысатын нұктесі бар. Ол – адамдарды, ел мен жерді сүюден туған аңсарлы жырдың жайлauraуы. Махабbat пен шапағат, сұлулық пен ұлылық, күйініш пен сүйініш, пейіл мен мейір – бәрі осында.

Марфуға ақын – әсершіл де көреген. Шабыттың шалқарындағы шаңқай түсіне енді жеткендей. Өмірінің әр беті, әр парагы өлеңнен тұрады. Қай жинағында да сөз моншағын тізіп, мәлдір сезімнің інжу-маржанын сүзеді. Әсіреле Тәңіртау, Талқы, Сайрамтау сияқты ел мен жер тақырыптарына келгенде өрімдей өріліп, сылаң сыр, сұлу сезімге құрылған жырлары таңғы тамшыдай қалпымен төгіліп түседі.

*Ұмтылумен өтетін асуларға,
 Ешбір кінә қоймаңдар ақындарға.
 Сыр алдырмай тағдырмен күреседі,
 Өлең дейтін бойында асыл барда.*

*Тұн асырып басынан,
 Күн асырып,
 Тереңдерге бойлайды құлаш ұрып...*

¤ ¤ ¤

Арыстанның аузында жүреді ақын
Өлең үшін алысып, сірә, тұнық.

Көрік берген көктемдей атырапқа,
Данышпан да өтеді,
Ақымақ та...
Сәл нәрсеге жүдейтін, саргаятын
Ақын жаны үқсайды жапыраққа...

Кейінгі жырларының бірінде осылайша тебіреніпті ақын. Гажабы мен азабы бірдей сөз өнерінің шын иесі өз тағдырын ешқашан ешбір баққа да, такқа да айырбастамайды. Жаны жапырақтай діріл қағып тұрса да, шын ақын – ерлік пен өрліктің, парасат пен тектіліктің иесі. Марфуга ақын да – өмір бойы күресумен, шарқ үрумен, ұмтылумен, самғаумен биіктеп бара жатқан қайсар шабыт иесі. Оның болмысынан сұлұлықпен қоса тәкаппарлық та, даналық та, балалық та табылады.

Қазақтың ғажайып ақыны Гафу аға Қайырбеков Марфуга ақынның «Жапырақтар сілкінген кеш» өлеңдер жинағына жазған пікірінде: «Өмірде ақынның көп болғаны жақсы. Әрине, шын шабытты ақын болса және өрнек кестесі, үн-дауысы әр алуан болса. Өйткені ақындық – өулиелер туысы, періштелер жолдасы. Ол – киелі, иелі құдірет перзенті. Олардың жаратылышы жай адамдардан мұлде басқаша. Бұл бір аспандарғы құс пен жердегі адам арасындағы жалғасқан көпір. Ақындықты әулие тұтпау – бейшаралықтың белгісі», – депті.

Сондай періштемен жолдас, өулиемен туыс ақын – Марфуга. Оның есімімен де, өнерімен де халқы қанаттанып қалады. Ел десе елеңдеп тұратын ақын қазақтың ауыл-ауылышына өзінің Марфугасы болып кеткелі қашан. Қішісін «бауырымдап», жасы үлкенді «женешелеп», әнін шырқап, жырын төгілтіп, өзілін айтып мерейленіп, шабыттанған шақтарын сапарлас болған сәттерде талай көрдім.

Ұлы ақын Қасым Аманжоловтың Қарқаралыдағы тоқсан жылдық тойында ғарышкер Тоқтар батыр: «Ағаларым айып етпесін, мынау шеке мен жамbastы мені ғарыштан жырмен

шашу шашып тосын алған Марфуға әпкеме ұсынамын», — дегені. «Еркек тұрғанда...» деп күбірді күшеткендер де болмай қалған жоқ. Тоқтар батыр неге шатыссын, Faғу ағам айтқандай, «әулиелер туысын, періштелер жолдасын» таныған да. Ақынның бақыт бесігінде тербелген бір сәтін сонда көрген едім.

Ақын Марфуға Айтхожа – жиырмадан аса жыр жинақтарының авторы. Оның өлеңдері 40-тан астам алыс-жақын шетел тілдеріне аударылып, өлеңдеріне көптеген сырт жұрт композиторлары ән шығарған. Мәселен: Болгария, Украина, Ресей, Қарақалпақ, Қытай, Монголия және басқалары. Ақынның «Бір уыс топырақ» деген өлеңіне жазылған романсы Ресей еліне мәлім. Тағы да Монголия композиторы жазған «Тұған жерін аңсамайтын жан бар ма?» қатарлы әндер Монголияда тұратын қазақ бауырларымыздың сүйікті әніне айналды.

Марфуға Айтхожа кезінде еліміздің атынан талай-талай әдебиет пен өнердің үлкен кеңес, құрылтайларына қатысқан. Ақынның жеті жинағы орысша шықты. Соның төртеуі Мәскеуде: «Утверждение» (1974), «Струна степей» (1978) – «Молодая гвардия», «Летние росы» (1981) – «Советский писатель», «Украшение коня» (1985) – «Художественная литература» баспаларынан шықты. Бұдан басқа да көптеген шетел антологияларында топ-топ өлең-жырлары жарық көрді. Мұның сыртында 1985 жылы «Огонек» журналының лауреаты атанса, 1986 жылы «Молодая гвардия» журналының жүлдегері болды. 1988 жылы Қытай Халық Республикасының «Халық» баспасынан «Сарыныш сазы» атты қолемді жинағы жарық көрді.

Ақынның шығармалары жайлы Қазақстанның халық жазушысы Әбділда Тәжібаев, академик Мұхамеджан Қаратасев, Мемлекеттік сыйлықтын лауреаты Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Тұрсынбек Қекішев, Faғу Қайырбеков, Дмитрий Снегин, Олжас Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықов, Әбіраш Жәмішов және басқа да ақын-жазушылардың құнды пікірлері жарияланды.

Бұдан сырт, орыс қаламгерлері Ю. Суровцев, Т. Кузовлева, Т. Белова (Т. Бек), В. Турбина, С. Михалков, А. Межиров ақын

шығармаларын жоғары бағалады. Болгарияның «Литературен фронт» газетіндегі Яйко Димовтың және осы елдің «Дружба» журналындағы С. Хинкованың аса жылы сезімге толы мақаласы қазақтың ақын қызының есімін алыстарға жайды.

Тәуелсіздік жылдары еліміз еңсесін тіктеп, ес жия бастаған кезең ақынның арманына астасып, тағы да қайың-жырдың жапырақтарын дүр сілкінті. Ақынның арманы ел бақытына ұласса – ұлы арман болғаны.

Қазақ қоғамының өркендеген, өрістеген қадамдарын кейінгі уақытта көрікті ой, көркем тілмен өрнектеп жүрген ақын «Алатаудың ақ батасы» атты жыр жинағын шығарған. Кең тынысты эпикалық жанрда да нәзік лирикалық іірімдерді жібектей үлбірететін қасиетін осы жинаққа енген «Алатаудың ақ батасы», «Абылай хан даңғылы», «Сағыныш» поэмаларынан аңғардық. Елінің жоғын жоқтап, мұнын мұндармаса ақын бола ма? Марфуға ақынға тән қасиет – ол мына жаратылыстың көлеңкесінен гөрі күнгейін, қарасынан гөрі ағын, жасығынан гөрі жасылын көбірек көретін сыңайлыш.

*Ауылым көшіп келеді таудан асып,
Таудың қызы, тауда өскен, тауга гашық.
Қатар өскен кешегі қайран құрбы
Көшкен жүрттa көз жазып,
Қалды адасып...*

*Ауылым көшіп келеді,
Ауылым көшіп.
Алақыйн тағдырың дауылын кешіп.
Туган елін армандал,
Өткендерді,
Сағынышын тербереген –
Жаным бесік!*

Айдыннан аққу ұшырған қазақтың Марфуғасы туралы сөз айту – сұлулық әлемімен сырласу деген ұғым. Жылдардың жетегі, күндердің керуені, ел-жүрті ақын қызының жетпіске қимаса да, сол биікке көтеріліп қалыпты Мәкең бүгін.



Шын ақын – мәңгі әдемі, мәңгі жас. «Қарындасымның тоқыған кестесіндей, анамыздың сырған сырмағының оюын-дай өрнекті өлеңнің құдіреті орныңызды төрден сайласын, Марфуға ақын!» дегіміз келген еді бүгін. Бұл – мерейлі жыр иесінің мереитойындағы әріптес бауырының өзекжарды ниеті ғана.

*«Егемен Қазақстан» газеті.
2006 жыл*



«МЕН ДЕ ЖУРМИН ТУФАН ЖЕРГЕ НҮР ШАШЫП...»

(Ақын Дүйсенбек Қанатбаевпен сыр-сұхбат)

— Дүйсеке, біздің өзара сұхбатымызды таяуда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Жиырмасының гасыр жырлайды» атты қазақ поэзиясының антологиясында берілген топтама өлеңдеріңіз жайынан бастагалы отырмын. Шынымды айтсам, осы жарияланымды қуана қабыл алдым. «Тырнақалды туындыларынан-ақ өлеңдері өрнектілікке, сөздері суреткерлікке бейімдігін танытқан Дүйсенбек Қанатбаев жырлары ойының нақтылығымен, образдарының нақыштылығымен назар аудартпай қоймайды. Жалпы, өмірде де, өнерде де өңмендеуді білмейтін бұл ақынның өлеңдеріне таба қалған теңеуін тықпаламай тұра алмайтын сырапшылдық, бар бояуды баттастырып жаға беретін әлем-жәлемдік жат» деген байыптама көбіміздің көкейіміздегіні дәл тапқандай...

— Бұл мен үшін де күтпеген оқиға болды. «Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде» (Төлеген) көңілімді бір көтеріп тастады. Менің ешбір әрекетімсіз-ақ «Егемендегі» жігіттердің елегендеріне дән риза болдым.

— Көкейімде көп болған соң айтар жай,
Қуаныштан соның бәрін айта алмай,
Мен де тұрмын туган жерге нұр шашып,
Көп жүлдышызың арасынан байқалмай, —

деп өзі жазғандай, XX гасырдағы қазақ жырының шүпірлеген аспанында Алматаудың аясына сонау Түрікменнің төрінен келіп қосылған асыл ақынның Дүйсенбек Қанатбаев жүлдышы да жарқырап көрінеріне күмәніңіз болмасын» деп сеніммен айттылған газет тұжырымына қалай қарайсыз?

– Жалпы, көркем әдебиетті халық асықпай, ұқыппен оқиды, ұзақ уақыт бойына сініреді. Алғашқы нөсердің көбіне алдамшы болуы ықтимал. «Әсірекұзыл тез оңады». Поэзияда сыртқы жылтырақтан гөрі, қапысыз сіңген қанық бояу, түңғиық ой қымбат. Сондықтан классикалық шығармаларды оқырман бір емес, бірнеше рет оқиды, қайталап оқыған сайын өз көңіл күйіне сай жаңа әсерге бөлениеді. Оны өмірлік серігіне айналдырады. Бірте-бірте ол шығарманы, не сол авторды бүкіл халық бір ғана оқырман сынды жұмыла оқуға кіріседі, бірақ бұл бірер жылда бола қоятын құбылыс емес, тіпті оның тым ұзаққа кешігуі де мүмкін. «Үмітсіз – сайтан» дейді, менің де сайтан болғым келмейді. Болашақтан үмітің болмаса, қолға қалам алудың қажеті қанша?

– Лермонтовтың ақын жайлы: «...покупает небо звуки, он даром славы не берет» дегені еске түсіп отыр. Сіздің әдебиетке араласа бастаганыңызга да талай жылдардың жүзі болды емес пе?

– Мен поэзияға кешігіп келгендердің қатарына жатпаймын. Менің өлеңдерім елдің құлағына ерте жетті. Республикалық басылымдарда 1961 жылдан шыға бастады. 1968 жылы СССР Жазушылар одағына қабылданып, оның ең жас мүшелерінің бірі болдым.

– Дәл осы жерде заңды сурақ туады. Ақындық тағдыр мен адами тағдырдың байланысы қандай? Әлсіздік жеке басындызга қандай әсер етті? Жалпы, ақынга атақ-даңқтың керегі бар ма?

– Ақынның деген тым ауыр сөзді мен әрқашан абайлап айтамын. Киелі ұғымды қолжаулық қылуға болмайды. Қазақта өлең жазбайтын адам жоқ деп, осы бір қасиетті ұғымды тым қарабайырландырып алдық. Қазір жүрт та атағы мен шатағы бар қаламгерлерді ғана біледі. Бұл – өте қауіпті нышан. Соның салдарынан өзіне даңқ іздегендер құр дақыптық әуес. Оның оңай жолы – әпотаж, орынсыз байбалам. Халықтың пайдасын айтқан бол, өзінің айласын асыру.

Ақындық тағдыр мен адами тағдырдың өзара байланысы, оның жеке басындағы көрінісі дегенге келер болсам, мен бұны бір ғана ұғым деп түсінемін.

Түркмен жерінде туғанымның өзі мен үшін ерекше фактор. Мен онсыз сағыныш сазын сарнатпас едім. Тіпті, жетінші сыныптан кейін медицина училищесін орыс тілінде бітіріп, түркмендер обасында (ауылында) дәрігер болғанымның өзі мен үшін олжа. Ол болмаса «Дутар сазы» топтамасын жазар ма едім? Мақтымқұлы жырларын аудара алар ма едім? Адам анатомиясы мен физиологиясына негізделген ғалам болмысын, өмір құпиясын, табигат тылсымын терең түсіне алар ма едім? Егер мен қазақ университетінде курсас достарым: Үмбетбай Уайдин, Қедірбек Үәлиев, Әнес Сараев, Төлен Әбдіков, Ахат Жақсыбаев, Қажығали Мұхаметқалиев, Бексұлтан Нұржекеев, Адам Мекебаев, Төлен Қаупынбаев, Жарылқасын Нұсқабаев, Төлеген Жанаев, Шоқан Әлімбаев (аузыма түскендерін ғана атадым) сынды өңшең талантты жастардың ортасына түспесем, Зейнолла Қабдолов сынды ұстаздарымнан әдебиет теориясын үйреніп, сез шырайын шамаламасам – дәл осы құдайға шүкір қалпыма жете алар ма едім? Айтулы-айтулы жиындарды былай қойғанда, «Қаламгер» барындағы жиындардың өзі бір дәурен еді ғой! Егер мен жастайымнан телевидение, баспа, киностудия, радио сынды мекемелерде жұмыс істеп, қызмет бабымен ойды-қырды араламасам, халық өмірінің тамырын баса білмесем, ең зиялы ақсақалдардан бастап, ең дарынды жастардың әрбірімен қарым-қатынаста болмасам – мен бүгінгі айтып жүргендерімнің бірін айта алар ма едім?..

– Өңгіменің тиегі енді ағытылып келе жатқандай, Дүй секе, қогам мен ақын арасындағы қарым-қатынасқа деген көз-қарасыңызды білдіре отырсаңыз?

– Ақын – өзі өмір сүріп отырған қоғамның мүшесі. Оның оны мен солын, дұрысы мен бұрысын аса сергек сезінуге, дер уақытында үн қосып отыруға және ол үні өте әділ, өмірлі шығуға тиіс. Барлық ұлы ақындар сөйткен. Алайда, ұлы ақындар солай істеген екен, мен де белсенділік көрсетейінші деп әбігерге түсуге болмайды. Объективті, субъективті себептерді саралай білген жөн. Бұл ақындық ерлікті жоққа шығарайын дегендік емес. Халық тағдыры, жалпы адам-зат тағдыры қылдың үстінде түрғанда, қандай да болмасын қимылды жеті рет өлшеп, бір рет кескен дұрыс.

— Қаламгер ретінде сіздің қолтаңбаңыз кеңестік дәуірде қалыптасты. Қалай болған күнде де, Сіз сол кездің жырышысынан. Енді, міне, елге егемендік келді. Оның үстінен мемлекетіміз нарық экономикасына көшті. Екі түрлі қогам, екі түрлі жүйенің арасалмазын қалай түсінесіз, ақын ретінде өзіңізді қалай сезініп жүрсіз?

— Қай қогамда да, қай жүйеде де ақынның міндеті біреу. Ол – нағыз поэзия тудыру. Халықтың жоғын жоқтайтын, ба-рын базарлайтын, керек кезде намысқа шақыратын, керек кезде байыпқа бастайтын. Қазір тәуелсіз әдебиет дегенді жи айтып жүрміз. Бұғаңгі әдебиетіміздің етек-жеңін жинау үшін ол да керек шығар. Әйтпесе азаттық, бостандық, тәуелсіздік мәселелері атам заманнан тек қазақ қана емес, дүние жүзінің барша халықтары әдебиетінің ең көкейкесті тақырыбы болған. Әлі де бола бермек. Тіпті, империялық державалардың бірі – Ресей әдебиетінің өзі орыс халқының бас бостандығын көздейтін шығармалардан тұрады. Жаһандану кезеңінде де оның бәсекесімейтіні анық. Сондықтан кеңес кезеңінің әдебиетіне де тым құдікпен емес, асқан ұқыппен қараған жөн. Ол да бір айсберг. Әлі күнге дейін біз оның мұхит үстіндегі сегізден бір бөлшегін ғана көріп жүрміз. Қалғаны теренде. Кешегі түс-палдағанымызды енді өйгілеуіміз керек.

— Демек, әдебиеттанушы галымдар мен сыншилардың ал-дында үлкен міндет түр демексіз гой?

— Бұл – айтпасақ та белгілі пәтута. Оларды да түсінуге болады. Қөл-көсір макулатураның ішінен керектісін таба білу – онай шаруа емес. Үлкен ізденисті, талмай еңбектенуді қажет етеді.

— «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда» деп Қасымайтпақшы, тәуелсіздік тақырыбына үн қосқанмын деп айта аласыз ба?

— Ол – менің өлеңдерімнің негізгі арқауы. Бедірейіп бетке үрып тұрмаса да, ойланған жанның жетесіне жетіп, жандүниссіне ақ жауынның асықпай сіңетін мөлдірі сынды оқырмандарға әсер ете білген өлеңдер менде аз болған жоқ. Құлаққа сәл оғаштау естілгенімен, бұл шындық. Енді алпыс-тан асқанда айтпағанда, оны қашан айтам?

— «Сөзіңді біреу сөйлесе, аузын қышып бара ма?» деген...

— Өзің сұрағасын айтып отырғаным-дағы, енді маған адам ретінде мақтағанның да, даттағанның да керегі болмай қалған секілді. Бірақ поэзиям үшін керек. Оның болашағы әлі алда болуға тиіс қой... Менің ойымша.

— Әңгіменің арнасы ауытқып бара жатқан сияқты, тәуелсіздік тақырыбына оралайық. Әлгі айтқаныңызга бірер дәлел келтіре аласыз ба?

— Менің алғашқы өлеңдерімнің бірі – «Адыраспан». Оны жүрт жақсы біледі. «Адай күйін» жиырма жасымда жаздым. Төлен мен Шоқан куө, осы бір асқақ өлең қас қағым сөтте туды. Оның ішіндегі:

Бұл өлде өнір ме еken таңы атпаған,
Зенбірек оқ атады жалақтаған.
Бәрін де кеудесімен итереді
Садақты адам!
Серпіл, бахшы, ұрыс барда тұрыс жоқ.
...Дутар болмай тіл-жағына сүйенген,
Неге ғана жаралмадым қылыш бол?! –

деген секілді жолдардың арғы ауанын байқаған редактордың еткір қайшысынан «Бұл қазақ емес, түрікмендер жайлы өлең ғой» деп құтылып кеткен кездер де болды.

— «Қызыл, саган айтам, келінім, сен тыңда» дегеннің реті гой. Шынында да, сонау жылдарда өз тыңдармандарына қысқа қайырган «Дутар сазының» дауылпаз үні құлагымыздан кете қойған жоқ.

...Қансырасаң – намысынұды тірек ет,
Ақ алмаспен жат жүрегін іреп өт.
Не бол қалды, жер күштың ба, ант атқыр,
Көтер басты, отырма олай жүрелеп!

Бұдан-дағы түл болғаным көп жақсы,
Көкірегімді бабауратпай кел, бахшы,

Еркек болып жаудан қоргай алмадың,
Енді әйел бол туган жерге төк жасты... -

сияқты жолдар оңайлықпен ұмытыла қоймас. Азаткер жырлардың багы енді ашылды гой, солай емес пе?

- Қайдам... Әр кезеңнің өз кедергісі болады екен. Қазір сөз дөвальвациясы жаппай етек алды. Эпидемия. Сөздің қадірі кетті. Грофомандардың құдайы берді. Оқырмандар адасты. Тіпті, поэзиядан туңіліп те үлгерген шығар. Жалпы, біз тәрбие құралдарымызды қолдан шығарып алдық.

- Сыншылардың, ғалымдардың барынша қайрат көрсетемін түсө осы гой...

- Қазіргі сыншылар, егер олар бар болса, «астындағы атын алты ай іздеген» алаңғасар жоқшыға ұқсайды. Немесе өтірік дақпыртқа ереді, өзіндік пікірлері жоқ. Аты шығып кеткен бірер қаламгерлердің айналасынан ұзап шыға алмайды. Қалтасы қалындардың сөзін сөйлейді. Мен бір мүшәйраға күйінгенімде былай дегенім бар:

Келмейді елге жамандық
бірі өсте бірінсіз,
Енбейді елге надандық
бірі өсте бірінсіз.
«Толыспаған Толстой»,
«шала Шекспирлердің»
Көтереді шашбауын
«Белинский білімсіз».

Сол рас. Бірақ мен тек сыншыларды ғана айыптағалы отырғаным жоқ... Кінө бәрімізде. «Сен салар да, мен саларға» түсіп, қас дүшпан халтурщиктерді басымызға шығарып алдық. Жаппай күрес ашудың орнына. Меценаттарымыз да, негізінен, әлі нағыз өркениетке лайық прогрессивтік жол таба қойған жоқ.

- Дүйсеке, сіз діндарсыз ба?

- Ғалым, ойлашы, қазір дінсізбін деп кім айта қояды? Мен қатарлы адамдардың діндарлығы күні кеше коммунист болғанымыз секілді алданыш қана.

— Неге олай дейсіз?

— Өйткені менің замандастарым, қалай десек те, кеңес дәүірінде туып, есейіп, адам боп, азамат боп қалыптасты. Біздің менталитетіміз оқайлықпен өзгере қоятын менталитет емес. Қандай да болмасын дінді, сенімді, саяси ілімді, тіпті демократияны бір күнде, бір сағаттың ішінде қабылдау өте қыын. Осылардың қай-қайсысына да түбекейлі, біржола берілу қыын, кім болсаң да, көзінді әбден жеткізуің керек, шын жүрекпен сенуің керек. Ең бастысы, өзінді алдамауың шарт. Өйткені сен мынау ғаламның ең саналы бөлшегісің, істеген ісіңдің дұрыс-бұрысына ең әуелі арыңың алдында өзің жауап беруге міндеттісің.

Намазға есті жығылса –
Маңдайын жарық қылады.
Намазға есер жығылса –
Маңдайын жарып тынады.

Сен маңдайыңды жарық қыласың ба, жоқ, маңдайыңды жарып тынасың ба, бәріне құмар пәруәдігер деуім де сондықтан.

— Қазақ радиосынан ұзақ жылдардан бері тирады түрдегі сіздің «Сыр сандық» атты авторлық бағдарламаңыз беріліп келеді. Осы жайында не айтар едіңіз?

— Фалым, айналайын, маған өсіреле осы сұрағың ұнап отыр. Ертелі-кеш біреу болмаса біреу осы жайында сөз қозғар-ау деп үміттенуші едім. Ықыласыңа рахмет! Бірақ радио жайлар менің ой-толғамым дәп қазіргі әңгімеміздің ауқымына сияқташып ма екен? Ойларымның бірін айтып, бірін айтпай қойсам, біртүрлі обал болатын сияқты. Мен зейнеткерлікке шыққанда Қазақ радиосының қазіргі басшысы Нұрлан Өнербаевтың былай дегені бар: «Тындармандарымыз ертең «Сыр сандық» қайда?» десе, «Дүйсекең қартайып қалды, сөйлей алмайды, үйінде жатыр дейін бе?» «Ойбай, қартайды дей көрме, әлі де бабындарын» деппін сасқаннан... «Ендеше, «Сыр сандықты» өшірмейік!» деді үзілді-кесілді.

— Демек, радио жайлары басыбайлы әңгіме қозғаган дұрыс дейсіз гой, оның да бір реті келер. Дүйсеке, енді сұхбаттың

соңғы жағында қойылатын дәстүрлі сұрақ: шыгармашылық жоспарының қандай?

– Айтпақшы, мен «Қазақстан» үлттық телеарнасынан «Ұмытпаңдар мені» деген хабарлар тізбегін жүргізе бастадым. Түбегейлі мақсатым азаттықты арман етіп кеткен азаматтарымыздың рухына бас ию, үлгі-өнеге туту.

– «Сыр сандықты» әлсірептін алмайсыз ба?

– Жоқ, керісінше, тамаша тандем, өсем альянс болуға тиіс.

– Сонда өлеңіздің халі не болмақ?

– Фалым, мен өлеңді тоғытып жаза беретін адам емеспін. Өлеңнің өзі келгенде ғана жазам. Сол сәтте өзімді ақын сезінem. Ондай бақыт құдайдың құтты күні бола бермейді. Басқа уақыттың бәрінде де мен қарапайым еңбеккермін. Бірақ, шынымды айтар болсам, әр хабарды дайындаған сайын, көркем шығарма тудырғандай қиналадам. Оны тек өзім ғана білемін. Аманхан деген ақын інімнің бұдан талай жылдар бұрын, радиода істеп жүрген кезімде, аса көнілді отырып, абайсызда маган былай деп қалғаны бар:

Бір тыңдасам ағамды,
Диктор ма деп қаламын.
Бір тыңдасам ағамды,
Доктор ма деп қаламын...
Бәріне де хақы мол,
Ең өуелі ақын ол.

Аманханның осы қалжыны өзіме ұнайды. Көп сөйлеп кеттім бе? Қысқасы, «Жазушы» баспасынан жуық арада «Арыстардың мен де бір жалғасымын» деген жыр кітабым жарық көрмек. Онда соңғы 10-15 жылда жазылған өлеңдерім іріктелген. Жинақ «Елбасымыздан ең жасымызға дейін» деген программалық өлеңмен ашылады. Лирикалық кейіпкер, яғни жиындық образ – төуелсіздікті сақтап қалуға бел байлаап, басын тіккен тұрлаулы құрескөр, тағдырлы тұлға.

– Дүйсага, әңгіменізге көп-көп рахмет!

– Өзіңде де...

«Қазақ әдебиеті» газеті.
2004 жыл

КЕҢІСТІК КӨК, КЕРБЕЗ КӨЛ...

Кеңшілік ақын – соғыстан соң туған үрпақ өкілі. Өзі өмір сүрген уақыттың қасіреті мен қайғысы.

Қазақ жырының керуен-көшіне көрік берген аса талантты ақын Кеңшілік Мырзабековтің жақындаған «Атамұра» баспасы арқылы оқырман қолына тиғен «Мениң мұңым – махаббат» атты жыр жинағын оқығанда кең тынысты кемел өлеңмен қайта табысып, тұма бастаудың тұнығын сіміргендей күй кештім. Тарлан ақын су жорғадай тайпалған шағында таскөз тағдырдың оғы тиіп көзден кетсе де, көнілде қалыпты, мәңгілік ғұмырының басталғанына да жылдардың жүзі ауыпты.

*...Көп менің жүрген жолдарым,
Кеңістік көк іздел, кербез көл іздел.
Мен – қарлығаш!
Қайда үшпадым, қайда қонбадым
Бауырыма басқан балапан
Талмайтын жем іздел...*

Ақынның қарлығаш жыры кеңістік көгінде шарқ ұрып, кербез көлдің айдынында жүзгелі қашан. Ол көл де, кеңістік те қазақтың қара өлеңінен қасиет-кие таныған қаракөздердің патша көнілінде.

Кеңшілік поэзиясында сырмактың оюы, текеметтің түріндей соны өрнек, қанық бояу көп. Сонау 1972 жылы жарық көрген «Іңкәр дүние» атты тұңғыш жыр жинағымен-ақ елін елеңдеткен ерен ақынның ізгілік, тазалық, адалдық атаулыға іңкәр жүргегінің лұпілін сезбеу мүмкін емес еді. Әсіресе «Анар» деп аталатын өлең – алғаусыз айтар сырымен, табиғи тұтастығымен сезімнің сері пернелерін тан басып, жанынды бірде күйдіріп, бірде ысыта алатын қазақы өлең, аймандағы жыр.

¤ ¤ ¤

*Бар ма екен сениң есіңде
Балқаймақ құндер шайқаусыз?
Бұлтыып бір зат төсіңде,
Бұлығыып өсті байқаусыз.*

Осылай басталатын өлең тілге де, ой-сезімге де селкеу түсірмей, ғажап орындалған. Небір тосын теңеу үлттық бояумен астасып, өлеңнің бағын жандырып, сөздің ажарын ашқан. Әр жолын оқыған сайын ақынның тіл шурайына сонша жетіктігіне, сөз қолданыстағы ерекшеліктеріне тәнті боласың. Бұл – оның кез келген өлеңіне шырай кіргізіп, рең берер қасиеттер.

Осы өлеңнен:

...Құрақтай қаулап қолаң шаш;

*...Томардан түскен шоққа ұқсан,
Томсарып көзің жангана;*

*...Екінді құлап еңкүге,
Елгезек самал елпілден;*

*...Көденің түбі қараңдан,
Кіреуке тартты нарт іңір.
Жалқыаяқ, жалқын талауран,
Жұасып жатты жалқы қыр...*

Санаңа бірде кірігіп кететін сәтті теңеу, тәтті жолдар өлең сөздің бекзат болмысын айқындаиды. «Томардан түскен шоққа ұқсан көзің жанды» деген жалғыз жолдың өзі қай-қайдағынды қозғап, сонау алышта... тым алышта қалған бал дәуреніңді кез алдыңа әкеліп, сағыныш сазы болып сарнайды екен. Томардан ұшқан шоқтың жел үрлегенде жайнап жанганаын, екіндінің еңкүге құлаған кезін, нарт іңір кіреуке тартқанда көденің түбі қараңдағанын көзбен көріп, көңілге түйіп, киіз туырлықты үйде ескен қыр баласымыз. Мәселе онда емес, мәселе – осы суреттерді Кеңшілікше көре білуде.

Сол өлеңді:

*...Одан соң қанша жыл өттi,
Аулыңа талай бардым да,
Сәбiңдi көрдiм алдыңда.
Аңқитып төсiңдi шiтiн,
Разы бол сонда отырдың
Айымыз басқа – тағдырга, –*

деп түйеді ақын. Қыз тесінде «булығып өскен байқаусыз бір зат» жылдар жылжыған соң Ананың төсі болып иіп тұрған бақытты кезді көресің. Лирикалық кейіпкермен бірге бұлғынып, бірге қуанамыз. Осы бір шағын өлеңнің өзінде адам баласына тән үлкен ойды мензейді ақын.

Жырқұмар жүрттың жанына қашаннан да жақын осы өлеңде адалдық та, өкініш те, мұң да бар. Қеңшілік ақын «журегінің түбіне кір жасырмай» айта алған айтар сөзін. Осы санатта «Шалғында», «Апа, сен ерте қартайма», тағы басқа өлеңдерді айтуға болар еді. Мұның бәрі – ақынның алғашқы жыр жинағына енген дүниелер. Бұдан Қеңшіліктің қазақтың қасиетті жырына шекірт боп имене енбей, бірден өз сөзін айтып, өз әлемін аша келгенін пайымдаймыз. Жалпы, Қеңшілік Мырзабеков шығармашылығы – байыпты да байсалды мінезді, зерделеп, зерттеп оқуды қажет ететін құбылыс. Ақын жырлары – шынайы да шыншыл, табиғи да сыршыл.

Қеңшілік ақынның өлеңі санаңа сәуле сіміртіп, сұлу саз, әдемі ырғағымен жанынды тербейді. Әуезді үндестік әр дыбыс пен үйлесім тауып, әсем ән тыңдағандай өсер етеді.

*Түбіт бөкебай
Тартқан ботам-ай,
Өзің ботадай,
Көзің боталай
Маган қараушы ең,
Мейірім нұрына
Шөлдеп қаталай...*

*Түбіт бөкебай
Тұсті-ау басыңнан.
Дәурен ботадай
Үшты-ау басыңнан.
Кеттің жат жүртқа,
Құшты-ау қосылған.
Сен де алыстан,
Мен де алыстан,
Құштар басылған...*

Сезімді аялар аяулы жыр. Екі-үш шумақ жырға өкініш, сағыныш, мұң сияқты адам жанындағы асыл қасиеті, киелі сезімдердің барлығы сыйып кеткен. Сол асылдардың бәрі түбіт бөкебайға оранып тұрғандай өсер аласың. Әдебиет теориясында аллитерация, ассонанс деп аталатын үндестік пен үйлесім – ақын жырларына тән қасиеттердің бір қыры.

Ақын өлеңдеріндегі ақша-төкпелік өлең табиғатының тамырын тереңнен тартады.

*Екі-үш үй көшті ме екен Дүбірдегі,
Екі ши өсті ме екен түбірлері?
Егілтіп егде қырды жатыр ма екен
Етene ескі мекен іңірлері?;*

немесе:

*Қарагым, біздің баста да
Қарлығаш дәурен көп түрмас.
Қанатсыз қалсақ, масқара,
Қанаты барлар жақтырмас.*

*Көнбей-ақ желдің иіне,
Қонбай-ақ жапан түздерге,
Үшайық, байтақ дүние
Жеткізер болса біздерге...*

Тағы бір жырдан үзінді:

*Кімде жоқ дейсің бұл арман,
Менде де болды бір арман,
Сенде де болды бір арман,
Аңы ішек болып шұбалған,
Аңы көліміз суалған.
Аңқамыз кепкен құндерде,
Ашыған көже секілді
Арылтып еді құмардан.
Арқамыз қозып жүргенде,
Алқамыз сөзін бергенде
Табысып едік дуаннан...*

Кеңшілік поэзиясының келісті керімсалы ояу көкіректерді әлі талай желпиді. Жоғарыдағы жолдардан жыр-жүректің лұпілі дүниенің дүбірі мен дүріліне ұласып, сағыныштың сырлы ырғағы болып сыңсып, арманыңның айдынында аққулар ән салғандай арда бір күйге кенелерің ақиқат.

«Менің мұңым – махабbat» жинағын оқи отырып, ақынның мұңын танып, сырын тыңдайсың. Ол мұң – шынайылығыңа шырай кіргізер, санаңа серік, сезіміңе серт болар ұлы қасиеттерден құралып, махабbat тілінде сөйлейді, өлеңдегі өмір-шеш өрнектердің өлмес ғұмыр кешеріне сенесің. Сене отырып, «ақыл айтқыш ақындар», тақылдаған тақпақ пен үйқы шақыраптар үйқастардың жанкуйерлерді жалықтыра бастағанын мойында масқа лаж қалмайды. Ал Кеңшілік ақын жырларының шеберлікпен сомдалған табиғи болмысы шыңыраудан шыққандай шыншылдығына сендіреді.

Ақын – қашанда ел рухының шырақшысы, өзі өмір сүрген уақыт жүрегінің кардиограммасы. Солай десек те, ақын шығармашылығы ұраншылдық пен марапат мадақ жырлардан ада. Бұл қасиет – талант тазалығын айқындал, оны талайлардан оқ бойы оқшаулап көрсететіндей. Тасмаңдай тағдырдың таразысы ақын сөзінің салмағын сонысымен арттырып түрған шығар.

*Біңгай да ыңгай, ыңгай ән,
Сусыган қызыл құмдай ән.
Сагынган кездे саргайып,
Бойыңды басқан мұндаидай ән.*

*Бүйіргын белдің шебіндей,
Бүйірган пәлен мың бояу.
Бүйігы көңіл еміндей,
Бұлыққан сезім жүрді ояу...*

Жыр да, сыр да, мұң да киелі бір нұрға шомылып алғандай. Ақын шеберлігі арқылы өмірдің мың сан бояуы мен құбылыстары өлең болып өрекпі төгіледі. «Бұлыққан сезімнің ояулығы» – сол өлең өмірінің ұзактығына кепіл.

Кеңшілік ақын – соғыстан соң туған үрпақ өкілі. Өзі өмір сүрген уақыттың қасіреті мен қайғысы, мұңы мен шері – оның өлеңдері мен балладаларында бояуы қанық суреттерімен, сол кездің өрнегін өріп, нәшін айқындар динамикасымен, жан жүйенде додаға салар драматизмімен тұтас бір өлемді көз алдыңа әкелер уақыттың қан тамырының бүлкілі. Осындағы орамды ойға жетелер дүниелердің санатында жинақтағы «Төлеутайдың төрт қызы», «Кешу», «Жолда», «Өбубекір турали элегия», «Боз бие немесе тың көтерілген жыл», «Ақ көйлек» сияқты жүлдзызды жырларын атар едім.

Бұл өлең-балладаларының қай-қайсысында да тұтас бір буынның тағдыры бар, санаңа қорғасындағы жүк артар салмағы бар, жамиғатқа айттар – Кеңшілік ақынға тән мінез, ширыққан сезім, шымыр ойдың қоспасы секілді таланттың жемісі мәуелеп түр.

«Төлеутайдың төрт қызының» жемісі – соғыстан соңғы қазақ ауылының кез келгенінде кездесетін картина. Отрып қалған төрт қыздың тағдыры, майдан кешіп келген Төкеценің харakterі арқылы өрілстін өлең сол жылдардың тыныстіршілігімен қоса, бейнетқор қазақ ауылының қарекет-тірлігін кез алдыңнан өткізеді. Төлеутайдың қыздары бірінен соң бірі майданнан «жарымжан» бол оралған азаматтарға «қашып»



кетіп жатады. Алғашқы қызы кеткенде «сүйегіне таңба салған шолақ немені жалғыз оқпен жаусатпақ» ниеттегі Төкең құс мылтығын алыш тұра жүгіреді. «Ауыл сырты – Ақсай жаққа жүгірді Бұқіл ауыл оның соңынан...» Қаймағы бұзылмаган қазақ ауылы. Төкеңе басу айтқан ел-жүртпен бірге сен де құйзелесің, соғыс атаулыға лағынет айтасың. Ақ пен қараның, құнгей мен көлеңкенің алмасқаны сияқты, қайғы мен қуаныш поэзияның параллель сызықтары арқылы санаңа сөуле себеді.

*...Келер жылы қүйеуімен келді Үлдай,
Қолдарында үлдары бар балғындаидай.
«Сүйегіне таңба салған» қызының
Сүйіп ұлын Төкең мейірін қандырыды-ай.*

Талай ақтабан-шұбырындыны бастан кешкен біздің халық осылай есіп-әнген. Қазақ ушін үрім-бұтағының жапырақ жайғанынан үлкен бақыт жоқ. Тарихтағы кез келген қателік қыршындардың қаны боп ағып, қара орман елдің көз жасы боп та-мады. «Төлеутайдың төрт қызы» қарапайым ғана жыр болып көрінгенімен, осындай ойдың орманына сұңгітеді екен.

«Боз бие немесе тың көтерілген жыл» – көтерер жүгі аса ауыр, бүгін тоқырау жылдары деп атап жүрген кезеңдің көзіне сол кездің өзінде топырақ шашқан жыр. Партияның тың игеру секілді саяси науқанының астарында тұтас бір халықтың қасірет-қайғысы барлығын меңзейтін шығарма бұл. Ол «Боз бие» арқылы беріліп, керемет көркемдік шешім тапқан. Қеншілік поэзиясы жайлы әнгіме қозгалғанда, кім-кімнің де осы жырға соқпай кетпейтінің сырьы сонда болса керек.

*Нагашы ауылымның арасы бізден бір-ақ қыр,
Қозы-лагымыз қосылған шүйгін қырат бұл.
Тың жыртқан жылы төбенің түбіт көдесін
Тарап әкетті тарақ табауды трактор, –*

деп басталатын өлең – «қырдың көдесін бір мезгіл қажап келмесе иімейтін жануардың жасанды жасыл алқапты жат көріп,

көденің аңы дәмін аңсайтыны» жайлыш психологиялық жыр. Боз биеге көденің аңы дәмін іздеткен ақын сол арқылы аңы шындықтың бетін айқара ашады:

*Тұн құшагында тұнеріп жатты байтақ қыр,
Боз бие басын сүлесоқ қана шайқап түр.
Астары мынау аударылып қалған тың жерге
Аңы көденің шықпай қалғанын байқап түр...*

Тың емес, «көде шықпай қалған, астары аударылып қалған жер». Империяның қылышынан қан тамып түрған кезде бұлай айту үшін ақын болудың өзі аз сияқты көрінеп рас.

Осы өлең туралы ақынның өзі өмірінің соңғы кезінде жазылған естелігінде былай дейді: «..Мен бесіктен белім жаңа гана шығып, әдебиетке әлі толық келіп үлгермеген кезімде «Боз бие немесе тың жыртқан жыл» деген дүние жаздым. Осы өленді он сегіз жыл жариялата алмай жүріп жүріп, 1985 жылы ақын Иранбек Оразбаев «Жазушы» баспасында менің жинағыма редактор болған кезде әрең-әрең шығардым.

Ал қазір тыңның экологиясы туралы айтып жатырмыз.

...Сол проблеманы жиырма жыл бұрын бала ақын кезімде жазыппын. Бірақ дер кезінде бастыра алмадым. Міне, әдебиеттегі тоқырау деген осы».

Ақын естелігіндегі осы жолдарды оқығанда, «Қазақ қоғамы тоқырау жылдарына ескерткіш қоятын болса, астына өленің жоғарыдағы келтірілген соңғы шумағын жазып, көздері болталап қырдың кермек көдесін аңсаған боз биені бейнелесе, шіркін!» деген ой ұшқыны жылт етті. «Боз бие» – сөз жоқ, болмысы бөлек, дүлдүл дүние.

«Менің мұңым – махабbat» жинағына ақынның «Сарызек сағыныш», «ФЗО-ға кеткен жеңешем», «Віржан сал, Қоянды жәрменекесі», «Иманжүсіп» секілді поэмалары еніпті.

Бұл шығармалардан ақынның аламанда қолтығын сөге шабатын жүйріктей эпикалық кен құлашын аңғарар едік. Ол кібіртіксіз еркін көследі. Оқиға желісін ширықтырып, баяндау мәнерін шымыр сомдай алады. Ақын поэмаларындағы

Біржан, Иманжұсіп образдары ақиқатына сендерер, рухы биік, жүлдзызы жоғары сомдалған.

*Базары жәрменекенің әнге айналып,
Жан-жақтан Біржанды ізден,
жауды-ай халық.
Атагы Қояндының осы күзде
Әкетті Біржан әнін шалгайга алып.*

Екі ғасыр өларасындағы дақпырты ат шаптырымнан да алысқа кеткен Қоянды жәрменекесінің дүбір-дүрмегін көз алдыңа келтіре жырлаған ақын Біржан сал бейнесі арқылы өшпес өнердің құдіреті мен мәңгілігін айқара ашып көрсетті.

«Иманжұсіп» поэмасы – тақырыптық жағынан үлкен жүк көтеріп тұрған, өрлік пен ерліктің ескерткіші секілді шоқтыны биік туынды. Тас түрмеге таққа бола түспеген, «ешқашанда аққа қара жақпаған, жәбір жасап жоққа жала жаппаған» ақын образы айшықты тіл, тартысқа толы оқиғалардың өрілуі арқылы көркем шешім тапқан. Кеңшілік ақын кейіпкерінің болмыс-бітімін, ішкі дуниесін ашуға аса шебер.

*...Басына салдыым бүркіт,
алдыым түлкі,
Қыран ба?..
Құс болғанмен әркімдікі.
Талайлар айып-жала жапқанымен,
Кісенін сала алмады тағдыр-құллы.*

*...Өкілі сегіз болыс жұз қаралы,
Төле би төрде отырган сызданады.
Сескенбей ештеңеден Иманжұсіп
Сотта түр –
Қараөткелдің мұзбалагы.*

Азаттық аңсаған ақынның өжет болмысы, жан сарайындағы қақтығыстар шығарманың өн бойында сөтті өріліп, сол



заманның қан тамырымен бірге соғып тұр. Оқиға баяндауғана емес, монологтар, диалогтар арқылы желі тартып, ақын кібіртіксіз еркін көсілген.

Қазақ өлеңі туралы сөз болғанда, Қеңшілік Мырзабеков есімі аталмай қалмақ емес.

Оның шығармаларынан тек өзіне тән мінезді көресің. Қеңшілік жыры – талайлы да тағдырлы жыр. Оның поэзиясында сан түрлі қанық бояу бар.

Қеңшілік Мырзабеков – ұлт ақыны дәрежесіне көтеріле алған талант. «Менің мұңым – махабbat» жинағын оқи отырып, ойға түйген тобықтай түйініміз осы.

«Қазақ әдебиеті» газеті.

2004 жыл

БАЛАМЕН ДЕ, АҒАМЕН ДЕ СЫРЛАСҚАН

Қайран да біздің ағалар!..

Мен бүгін Қабекең жайлы, қазақ өлеңінің қанатты тұлғасы, әйгілі «Баянауыл вальсі», «Қайдасындар, достарым?» секілді өн мәтіндерінің авторы Қабдықәрім Үйдірысов жайлы сөз айттар алдында сәлғана лирикалық шегініс жасағым келіп түр.

Құдай Керекуге қанша ұлы перзент берсе, соны көтеріп тұрап соншалық кең жүрек берген екен. Қанша қызындық берсе, сонша мықты иық беріпті. Қанша сұлулық берсе, сонша сұңғылалық, қанша ұлылық берсе, сонша ұлағаттылық берген екен-ау!

Қазақ даласының күретамыры – ерке Ертіс, қалың қазақтың өзі секілді қарағайлы ормандар мен қайынды тоғайлар, ақ маңдайын күнге төсеп жатқан алтын далам – Сарыарқам, көздің жасындей Жасыбай, сайын далада сағымдай көлбек жатқан Сабындықөл мен Торайғыр, басымдағы бағымдай Баянауыл. Құшағымызға сыймас осы ұлан-ғайыр байтақ өлкे өз құрсағына қанша ұлыны сыйдырды!

Дала данагәйі Бұқар жырау мен әулие Мәшіүр Жүсіп, Жаяу Мұса мен Иса, Естай мен Иманжүсіп, Сәбит Дөнентаев пен Жүсіпбек, Сұлтанмахмұттар, Дихан аға мен Қалижан Бекхожин, Зейін Шашкин мен Қабдықәрім Үйдірысов секілді қазақ мәдениеті мен әдебиетінің қабырғалы тұлғаларын тудырған өлкे – киелі Керекудің орны бір бөлек.

Бұл бабалар мен ағалардың атын текке атағаным жоқ. Осы тұлғалардың қай-қайсысының болсын өмірі «тар жол, тайғақ кешулі», мекнаты мен азабы атан түйе көтермestей зілмауыр еди. Қайсысы болса да, өз жеке басынды мұңын емес, ұлт қайғысы мен қасіретін жырлады, мұңын мұндады, жоғын жоқтады, сол қанды жолдан оралмады, сол қанды қолдан құтылмады. Қазақ хандығының қаралы жылдарынан бастап,



кешегі сталиндік репрессияның қанды кешуінен өтті. Бұл зобалаң Қабдықәрім Үйдірысовты да айналып өткен жоқ.

Көз алдарыңызға «Ер болсаң, Ежовтай бол елімдегі» деп, кеңестік насихатшыл өлеңді саңқылдаш жатқа оқып тұрған сегіз-тоғыз жастағы жеткіншекті елестетіңдерші. Алайда, тыңдарман оны ықыласпен қабылдаудың орнына, көздерін төмен салып, күрсіне берді. Бұл жағдайға таңырқаған жас баланың жаңына келіп әлдебір қария: «Балам, сенің әкеңнің түбіне жеткен Ежов қой бұл...» – дейді. Жас бала – Қабекең еді. Сол сөз арқылы өзегін өртеп жіберген дерт – әке қасіреті болашақ ақынның азаматтық позициясын қалыптастыруды.

Қабдықәрім Үйдірысов өз естелігінде 1937 жылдың қыркүйек айының 17-жүлдэзында, күн құланиектеніп көтерілген тұста әкесін «үш әріп» «халық жауы» деп алғып кеткенін айтады. Сол қанды 1937 жылдан бастап Қабекең «халық жауының» баласы», «биографиясы келіспеген адам» секілді қара күйелі атауларды жон арқасымен сезініп, жол бойына көтеріп жүрді. Өмір бойына!.. Кейін «Қош бол, қош бол, ойналмаған, тойланбаған балалық!» деп жырлауы да соның куәсі еді.

Қазақтың қасіреті Қабекеңнің өзегінен өтті. Осы қайғы Қабдықәрім Үйдірысовтың кейін жазған «Әке жолы» атты репрессия жайлы даңқты поэмасының арқауы болды. Осы поэма оны ақын ретінде халыққа танытты.

Содан сәл ертерек, ауылда «өлеңші бала», «әнші бала» атапын жүрген Қабекең қазақ әдебиеті аталатын үлкен әлемнің белді өкілі Қабдықәрім Үйдірысов боларын, әділетсіздіктің құрбаны болған Үйдірыстың есімін данққа бөлерін, жетінші сыныпты енді бітірген шағында ауыл ағаларының қалауымен ауылсоветтің хатшысы болған жасөспірім кейін мемлекеттік наградалармен марапатталарын, Павлодар облыстық кеңесі атқару комитетінде қызмет қыларын, республикалық «Қазақстан пионері» газетінде белім менгерушісі, «Қазақ әдебиетінде» жауапты хатшы, Қазақстан Жазушылар одагының хатшысы, Қазақ мемлекеттік Кітап палатасының директоры, «Жалын» баспасының директоры қызметтерін атқарапын білді ме екен?!

Қабдықерім Ыдырысовтың өлең дүниесіне енші салуына мұрындық болған, «Аласа адам айлалы деген бізде мақал бар, Қіріп келсем бұл үйге, өңшең қара тапалдар» деп өлең жазатын, ел ішінде «Қарамолда» атанған Иманқұл атасының және өзге де ауыл қарияларының ықылымнан тартқан әңгімелерін ыждағатпен тыңдал жүрген жас бала ертең өзі де жас жеткіншектерге арналған «Өмір гүлі», «Саяхатта», «Ол кезде он үште едік», «Үйелмелі-сүйелмелі», «Жасырынбақ», «Әрқашан күн сөнбесін», «Аршында, балақай» секілді жинақтардың, «Әке жолы» поэмасы, «Шуақты күндер», «Жарқын жағалау», «Армысың, Арабстан!», «Жолыққан жолдар: жылдар жырлары», «Киял көзі қиянда», «Қимас дәурен», «Қайдасыңдар, достарым?» секілді жыр кітаптарының, «Ойнайық та ойлайық» пьесасы мен «Ел жатса да, Ерекем жатпайды» әңгімелер жинағының авторы боларын, чех жазушысы Ян Дрданың «Май күндерінде» повесін, О. Гончардың «Қоңырау» романын, Гарсия Лорканың «Қасіретті қайындар», И. Куприяновтың «Въетнам жұлдызы» пьесаларын, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, К.Л. Хетагуров, Н. Хикмет, М. Луконин секілді өлем классиктерін қазақша сөйлөтерін сезді ме екен?!

Ол жағы бізге беймәлім. Бізге мәлімі – оның өке аманатына адалдығы мен ана культін дәріптегені. Қабекеңнің өмір жолы мен шығармашылығына қарап отырып, оның өке мен ана бейнесінен Отан мен ұлт образын сомдап шыққанын көреміз. Әкеге деген мәңгілік басылмаған сағыныш, жастай жесір қалып, үш жетімегінің екеуінен айырылып, Қабдықерімді жеткізген Жекен анамызға деген құрмет – ақынның барлық шығармашылығының өзегі, қала берді, оны балалар әдебиетінің тұнық бастауында тұрған ақынға айналып, балаларға арналған, тілі орамды да ойнақы жырларды жазуына да осы жағдай – өз тағдыры алыш келді деп ойлаймыз.

«Әнші бала» атаниш жүрген шағында Керекуде өткен ән до-дасына қатысып, «Аққұмның» өуенінс салып, соғыстан сіссең басылған елдің бейбітшілікке деген құштарлығын жырлаған жас Қабекең жүлделі екінші орынды иеленіп, жүлдесіне әйелдің туфлиін алады. Енді сол кездегі елдің жағдайы соған



ғана жетіп түр ғой. Сонда Қабекең: «Есесіне анамды қандай қуанттым!» – деп шаттаныпты. Өмір бойына, жанында жүрген жандарға: «Анамды ренжіте көрмеңіздерші», – деп өтінеді екен. Өзінің көзі кеткенше Ананы – Ана бейнесіндегі Отанды сүйіп өтті.

*Анашым-ау, анашым,
Неге жүдеп баrasың?
Жүдемтім бе мен сени,
Үрлеп жүрек жарасын?*

*...Қарамай шаштың ағына,
Көрік бол мениң бағыма,
Балаларыңың бағына,
Күлші, ана, күлші тағы да! –*

деп жырлаған Қабекең анынан 16 жыл бұрын дүние салды.

Қазақ өлеңінің қабырғалы өкілі Қабдықәрім Ұдырысұлының жарқын бейнесі, баладай таза көңілі, әкедей қамқор кіслік тұлғасы жадымыдан өшкен жоқ. Өшпек емес. Кезінде Жұбан Молдағалиевтің Қабекенді «Баламен де, атамен де сырласа білетін ақын» деп, Қалижан Бекхожин «Қабдықәрімнің алғашқы жырларымен сырласа байқасақ, жетімдікті сезінсе де, «өмірге өкпелемеген, өкінбекен», алдынан зор үміт күткен жастың алғашқы көгершін жырларына қанат берген де сол өр сенім» деп, ал Сырбай Мәуленовтің «Аршаның шипалы қасиеті де Қабдықәрімнің қан тамырында бар еді. Онымен бір кездескен адамның өзі жылы құлқісіне, жұмсақ сезіне, өсем өніне мейірленіп, рахаттанып қалар еді» деп бағалауы – үлкен әдебиеттің, ұлт әдебиетінің бағалауы деп білуіміз керек.

Қайран да біздің ағалар!..

2013 жыл.
Кереку

«ТАҢБАСЫН» ҚАЛДЫРҒАН СУРЕТКЕР

Біз – Жайық Бектүровтай болмысы бөлек тұлғаны көзбен көріп, өнегесін алған үрпақтыз. Азаматтық табиғатына сыват түсірмей өмірден өткен бауырмал ағамыздың өзінен кейінгілерге деген қамқорлығы да, көnlі де ерекше еді. Өмір жолында тағдырлары түйіскен адамдардың барлығы да осынау бір абзал ағаның адамгершілігін жоғары бағалайды.

Елі үшін аянбай еңбек еткен, ғибратты ғұмыр кешкен сол ағамыздың өмір жолына қысқаша барлау жасасақ, ол кісі өліара кезеңге екі рет тап болды. Бірінші – Патша өкіметінің тақтан түсіп, Қеңес өкіметінің құрылуы болса, екінші – сол өкіметтің ыдырап, Қазақ елінің тәуелсіздік алуы еді.

Қытайда «Өліара кезеңде өмір сүр» деген қарғыс бар. Қоғамдағы түрлі формациялардың алмасуы шығармашылық тоқырау мен сан қылыштардың соқтырады. Бұл – өз кезегінде тұтас бір ұлттың рухани дағдарысы. Бірақ Жайық ағамыздың ішкі түйісін ерекше болғаны анық. Ол өз бастауынан адаспады. Жалған дүниеде жаңылмады. Қеңес өкіметі құлаған соң, көп классик жазушымыздың шығармалары бүгінгінін кебіне келмей, кешегінің белгісі болып қана қалды. Ал Жайық Бектүровтың діттегені осы шақта да құнды һәм қызықты. Оның романдары мен поэмаларында қызыл империяның қылмысы өшкөреленген. Ол Қеңес өкіметінің құрылғаны мен құлағанын өз көзімен көрді. Сол жылдарды жазды. Жырлады. Тарихын танығысы келген жас үрпақ Жайықтан келіп сусында, кешегі күннен өнеге алары хак. Жайық неге бұлай десеніз, оның өуелде қалыптасқан тұсына ой жүгіртіңіз. Алаштың біртуар арыс үлдары Сәкен, Бейімбеттердің көзін көрді. Сол ұлттың тұлғалардың үстанымын бойға сіңірді.

Ұлт зияллыларының қасында жүргені үшін Жайық жазасыз қалған жоқ. Сталиннің жандайшап жендеттері қолдарынан

келгенді жасап бақты. Көргені қара қапас, қара түн. Ағаларына ілесіп Алаш деп атқа қонғанын кешпеді. 1942 жылдың басында №105 кавалерия дивизиясының «Қызыл семсер» атты газетінің редакторы болып жұмыс істеп жүргенінде НКВД тұтқынға алды. Сонынан 10 жылға бас бостандығынан айрылып, Свердловск облысындағы Ивделлагқа айдалды.

Жайық ағамызды жазушы еткен тағдыры. Оның ғұмырының өзі бірнеше томдық романға арқау боларлық. Сталин лагерінде өткізген жылдары мен лагерь өмірі тура-лы, тексті үлдарымызды жойған геноцид жөніндегі романын Жайық Бектұров 1940 жылдан бері жаза бастаған болатын. Осы шығарма 1989 жылы жарыққа әрең шықты. Бұл кітап үш бөлімнен тұратын «Төгілген ар» романы еді. Осы кітапты оқи отырып, қазақ халқының қасіретін, мұнын көресіз. Отаршыл империяның озбырлығын, Кеңес өкіметінің қазақ халқына қылған қастығын байқайсыз. Біз тілге тиек етіп отырған жа-зушы осының бәрін басынан кешірді. Жығылса да жасымады, құласа да құлазымады. Ол кісінің темірдей төзімі, қайындағ беріктігі тұрасында Манаш Қозыбаев ағамыз: «Сіз ғажайып та-лант иесісіз. Сіз өз ісіңізден, өнеріңізден ләzzат алып, шабыт-танатын жансыз. Сіз ел адамысыз. Жасыңыздан шыныққан үрпақ өкілісіз. Зейнетті де, бейнетті де көп көрдіңіз. Зейнеттен тасымадыңыз. Бейнеттен жасымадыңыз», – деген еді. Манаш ағамыздың «Сіз ел адамысыз. Жасыңыздан шыныққан үрпақ өкілісіз» деген сөзінен Жайық ағамызды Алаш зиялышының бірі деп танитының байқаймыз. Иә, шынымен де Жәкең ел ада-мы. Әлихан, Ахметтермен мақсат-мұраты бір тұлға.

Жайық ағамызға Тәңір сыйлаған бір ерекше қасиет бар. Ол – қанша жыл өтсе де, болған оқиғаны күні түрмак, сағатына дейін есте сақтайтын зердесі. Бектұровтың өзге қатар-ластарынан басым тұсы осы. Басынан өткен небір зұлмат жыл-дарды романына арқау еткенде оқиға ерісін өмірдің өзінен суыртпақтаған. Айна-қатесіз көшірген. Сондықтан да оның шығармалары шынайылығымен құнды. «Таңба» аталатын туындысы – жазушының өз тағдыры.



Бұл шыгарма турасында Тұрсынбек Кәкішев ағамыз: «Жайық Бектүровтың «Таңба» атты романының журналдық нұсқасын оқығанда, сталиндік зұлымдықтардың бәрін ба-сынан өткеріп, азаматтық қалпын сақтап қайтқан Тұрлыбек есімді табанды да жанды кейіпкердің қазақ әдебиетіне кел-гендігіне қуәлік беремін және қазақ прозасында кезеңдік міндетті ғана емес, жеке адамға табынушылық заманындағы озбырлық пен ожарлықтың, қиянат пен зорлықтың, аярлық пен арамзалақтың, жағымпаздық пен жауыздықтың қандай болғанын «көзге көрсетіп, қолға ұстаратын» көркем туынды келді деп есептеймін», – деп баға берген. Мұндағы басты кейіпкер Тұрлыбек – Жайықтың өзі. Оның көрген мекненетін осы туындыны оқи отырып сараптап, безбенге тартып көрініз. Жәкең 10 жылдық мерзімін өтегеннен кейін де талай қуғын мен сүргінді көрді. Қызыл жағалының жаққан жаласы ел төуелсіздік алғанша соңынан ала күшікше шәуілден, еріп жүрді.

Жайық ағамыздың Алаш зияллыларын ақтауға қосқан үлесі зор. Қазақстанға жеткен жариялышылықтың алғашқы сөтінде «Қазақ әдебиеті» газетіне «Ағалардың жазығы не еді?» деген мақаласын жариялады. Мұнда Қенес Әкіметін орнатқан, оның шаңырағына алғашқы уықты қадаған азаматтар Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Ораз Жандосов, Әбілқайыр Доссов, Жанайдар Садуақасов, Қабылбек Сармолдаев, Нығмет Сырғабеков, Нығмет Нұрмаков сынды көптеген ағалардың тибратты өмірінен, толымды ой-пікірлерінен мәнді көріністер жасап, көпшілікке ой салды.

1988 жылы «Жалын» журналының екі санында (№3, 4) «Сәкеннің соңғы сәттері» аталатын деректі хикаясы жарияланды. Баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен естеліктерінде кеңестік дәуірдің айқын бейнесі бар. Шәкірім өліміне байланысты «Ақып мен арамза» поэмасын жазды. Жәкеңнің шыгармаларын оқи отырып, ұлт зияллыларының прототиптерін тап басып танисыз. Сонымен қатар, жазықсыз жапа шеккендерді қызығыштай қорыған азаматтығына тәнті



боласыз. Себебі аумалы-тәкпелі заманда сталиндік репрессия құрбандарының атын атаудың өзі қауіпті болатын.

Жәкең – өзіндік жазу стилін қалыптастырган, өзінің позициясын танытқан жазушы. Талай жас өркенге үлгі, өнеге болды. Жәкеңді өзіне үстаз санайтындардың бірі – белгілі қаламгер Әзілхан Нұршайықов. Ол үстазына жазған бір хатында: «Сіз менің үнсіз үстаздарымның бірісіз ғой. Ал мен сіздің көкейдегі ой, көмейдегі сөзіңді айтқызыбай үфуга үмтүлып, талантты шәкіртіңіз болуға тырысқандардың бірімін. Үстаздың үмітін ақтау оңай жүк емес. Ақтадым ба, жоқ па, оны білмеймін. Бірақ үстаз өнегесін орындауға үнемі тырысқаным хақ, әлі де тырбана берерім аян...» – деген екен.

Жәкеңдің туындыларымен танысқанда көзben емес, құлақпен қабылдағандай өсер аласыз. Құдды біреу келіп құлағынызға сыйырлап, әңгімелеп беріп отырған секілді. Оқығаныңды ойға тоқуға, қорытуға жеңіл келетін жайы бар. Мұндай әңгімешілдік стиль Әзілхан Нұршайықовта да бар екенін көзіқарақты оқырман білер. Әзілхан ағамыздың Жәкеңді үстаз тұтуының да себебі осында жатса керек.

Жәкеңдің Ивделлагтағы өмірі мен сол жылдары басынан кешкен тауқыметтері оның «Этап», «Сібірде» поэмасында, «Ыстық карцерде», «Тайгадағы қысқы суық карцерде» өлеңдерінде және тағы да басқа шығармаларында суреттелген. Қазақ КСР НКВД-сының Алматы қаласындағы түрмесінде Жайық Бектүровтың қандай азап тартқаны туралы газет-журнал беттерінде жарияланған мақалалардан оқып-білуғе болады. Бұрынғы республика прокуроры F. Төлегеновтің «Парасат» журналында жарық көрген хабарламасында, 1990 жылғы 2 қарашада «Казахстанская правда» газетінде жарияланған Қазақстан прокуратурасы аппаратының қызметкері A. Жевляковтің «Агентурное дело» националистов» деген соттық очеркінде, сондай-ақ Мәскеуде шыққан «Берия: конец карьеры» деген кітапта Жәкеңдің азапты жылдары жазылған.

Сөз соңында Жәкеңдің үлт үшін қызмет еткен үлгі тұлғалардың бірі екенін айта кетуіміз керек. Жазушының 100 жылдық мерейтойына орай оны үлкен тауды кеңірек қолға алған

жөн. Жалпы, кез келген тұлғаны насихаттағанда оның басты қағидасы – ұлылықты ұлықтау, тұлғаны тұғырына қондыру.

Жайық – қазақтың ұлы, қазақтың Жайығы! Ел үшін езгіні көрді, еңсесі түскен жоқ. Халқы үшін қамауда болды, қары сынған жоқ. Жайықтың аты Алаш тарихында алтын әріптермен жазылары сөзсіз.

СӘКЕН СОҚПАҒЫ

«Алуан-алуан жүйрік бар, өліне қарай шабады» дейтін қатидаға сүйенсек, қатарластарының арасында Сәкен Иманасовтың қалам сілтесі көп торының ортасында төбеліндей, көп қайқаңың қатарында төбесіндей боп бірден көзге түседі. Жас ақындарға тән еліктеу-солықтау салқынынан ерте арылған ақын небір дұмді білек дүлдүлдер бағын сынап жүрген жыр көкпарына белі берік бесті ат мініп келгендей арындалап қосылған еді.

Оның сол жылдары күнделікті баспасөзде топ-тобымен жарияланған жырларынан қазақ өлеңінің басты шарты – техникаға тастан тиянақтылық пен ой-сезімге құрылған нәзіктікі берік үстанғанын байқауға болатын. Оқырманға айттар ой түсініктірек болу үшін шумақты бітеу күйінде жібере бермей, қажет жерінде тармақты сындырып отыру да сол кезде енген тәсіл еді. Ақынның қара өлеңінің қалыптасқан үш буынды үйқасын қанағат етпей, ішкі үйқастандарымен оны бесеуге дейін жеткізген жаңашыл іздениңде сол қалыптасу кезеңінде бой көрсеткені анық.

Сәкен ағамыз – өзінің қаламdas інісі Жарасқан айтқандай, «соғыс көрген әкелерден жаралып, соғыс көрген аналарды емген» буынның өкілі. Сәкен өмірбаяны – соғыстан соң тұгандардың өмірбаяны. Ауық-ауық оралып соғып отырар тақырыбы да сол – соғыстан соңғы өмір тақырыбы. Оның өз дәүірінің ұлы, өз уақытының үні болып төмендегіше тебіренуі де содан.

*Мен сөйлеймін!
Бұрын да сөйлеп келгем,
Ұрпақ бар ма біздердей бейнет көрген.
Жалаң аяқ, жалаң бас жер айдадық,
Жел гүйледеп жамаулы көйлектерден.*

❖ ❖ ❖

Бәрін көрдік...
Желіне дейін бүрқақ,
Көрмесек, тек көрмедік ойын-құлқі-ақ.
Мезгіл өзі ертерек сомдал алған
Біздің үрпақ – соғыстан кейінгі үрпақ, –

дейді ақын бір өлеңінде.

Соғысқа дейін дүниеге келген буын Қадыр, Тұманбай, Жұмекендердің жырларына арқау болған елдің ауыр күй, азапты тіршілігі соғыстан соң туғандардың да талайына бұйырған тақырып болғандығын байқаймыз. Қаршадайынан қараңғы таңнан тұрып, қара өгіздің басын жетелеген қара баланың жүргегіне байланған шемен уақыты жете келе шерменде жыр бол төгілгеніне таңдана қоймайтынымыз да содан. «Жалаңаяқ, жалаң бас жер айдаған жыртық жейделі» бала тағдыры – сол дәуірдегі барша қазақ баласының тағдыры. Жекенің мысалы жалпыға жалғасқан жерде (немесе керісінше) типтендіру деген төтен тәсілдің бой көтеретіні өлгінде келтірген егіз шумақтан анық аңғарылып тұр.

Сәкен – өмірде өзі қандай сырбаз болса, өлеңді де сондай сұлу сезіммен өрнектейтін талғампаз ақын. Абай айтқан «махаббатсыз дүние бос» деген күй кімдердің басынан өтпеген?! Ақындар да осы бір текті сезімінің тұнық бастаудың айналып өтпегені белгілі. Бірақ бірі елесіне есінеп, емеурінмен жазса, екіншісі оның шарпыған отына шырпыдай өртеніп, қоламтасын қопара жазатыны белгілі. Сәкен ақынның екінші топқа жататынына күмән жоқ. Оның аппақ қызыдың образын жасаған бірталай өлеңдері шынайы өмірден сыр тартқан сұлу сәттердің сәулесіндей өсер етеді. Жырдағы шарпысқан сезім мен шалдықсан тәзімнің қосамжар қимылы біресе аңқаң кеүіп жеткен шәrbəтінді ерніне тигізе бере алып кеткендей, біресе төбене төңкере жұтып, мейірінді қандырғандай күй кештіреді.

Жалпы, Иманасов ақынның интимдік иірімдері жеке әңгіменің тақырыбына лайық дер едік.

Сәкен Иманасов – сезім сілкінісі мен жан жүйе жүлкіншисиңін ақыны. Ол үшін көңілді қозғап кеткен сәл құбылыс,

лұп еткен самалдай сөл серпілістің өзі – тың тақырып, жаңа жыр. Әбден жаттанды, жауыр болған үрдістерді қайта езгілеуден ештеңе шықпасын біletін шайыр қай өлеңінде де үтқыр ой мен тапқыр тұжырымға табан тіреуді тапжылmas темірқазығына айналдырған.

Айтулы ақынымыздың артында қалған жауһар жырларын қайта бір ақтара отырып, аға жүргегін тебірентпеген тақырып кемде-кем екенін байқаймыз. Оның өлеңдерінде адам жанының небір нәзік пернелерін жаңылмай басып, бірсесе сыңғыры мол сырға, бірсесе күніренісі мол мұнға батыратын сәттермен қатар, атақонысының даласы мен қаласын, данасы мен баласын, тарихы мен тағылымын, салты мен салауатын сан қырынан толғаган тұстар мол ұшырасады. Және осының бәрі – Сәкен ақынның көзімен ғана көріп, Сәкен ақынның көnlімен түйген ойлар, бейнесі анық, бояуы қанық дүниелер. Шеберліктің шеңберіне салған кезде тақырыптың ұсақ-түйегі болмайтынын ақын өлеңін абайлай оқығанда, аңғара тоқығанда ғана түсіне бастайсың.

Ілгеріде айтып өткеніміздей, Сәкен ақын – буыныңды балқытып, көnlінді шалқытар лирикалық өлеңдермен қатар ел рухын, ер еңсесін көтерер азаматтық-патриоттық тақырыптағы туындыларымен де ерекшеленер қалам иесі. Қашанда жалған пафос, жадағай ұраннан аулақ жүретін ақын табиғаты мұнда да шынайылықты шырақ етіп, бұра тартуға мұрша қалдырмаған.

Сәкен Иманасов шығармашылығының тағы бір қыры – лағып айтпай, қағып айтатыны. Қауып сөйлемей, тауып сөйлейтіні. Екінің бірінде бүйыра бермейтін мұндай қасиет – үнемі ой үстінде жүретін, тақырыбының түйінін тереңнен тартып, тебіреніспен күн кешетін ақындармен ғана еншілес екені мәлім. Егер осы тұжырымға ден қойсақ, онда Сәкен ақынды буыныңды бу шалғандай балқытар лириктігімен қатар, философиялық өлеңнің де өнімді өкілі деуге негіз бар. Бұл да әлгі «қарама-қарсылықтың күресі мен бірлігінен» туатын құбылыс. Ойшыл ақын болу үшін әйгілі ғалым ашқан әлгі заңның кемінде бірер «бабы» шеке тамырындей бұлқілден тұруы керек-ақ.

Айта кетер бір жәйт – ақынның сөздік қорының бай да шүрайлы екендігі. Қайсыбір қалам иелері тіл байлығын кітап оқу арқылы толықтырса, бұл кісі үлт тілінің шүрайына узынан жарығандығын анық байқатады. Содан да болар, шабыттың Шалқұйрығын шүлғыта мінген сәтте небір қызың қылталардан қиналмай қарғытып, құрделі үйқастардан кібіртіктемей орғытып, толқыған селдей, көлкіген көлдей ағыл-тегіл төгілетіні бар. Жүре пайда болмай, туа пайда болған ақындық мінез осындай болса керек-ті.

Мінез демекші, Сәкен ақынның ет пен сүйектен жараган пенде ретіндегі болмыс-бітімі де бөлекше болатын. Өмірде өзі бір бөлек, сөзі бір бөлек жүретін әріптеріміздің талайымен түк болмағандай жүріп жатырмыз ғой. Тазалық пен туралықты қорғауға келгенде «Платон достың» да бет-жүзіне қарамайтын нағыз Аристотель-қазақ осы ағамыз еді десек, еш артық емес. Әділетке ара түспесе қарадай мазасы кететін ақын, көптеген өлеңдерінде төл табиғатынан хабар беретініндей, шындықтан бұра тартам дейтіндерге бүйдасын да сипатпайтын асау мінездің иесі еді. Екі сөйлеуді еп көрмейтін, нарыз «не бел кетеді, не белбеу кетедінің» өзі болатын.

Тағы бір қызық жері – шығармаларында, әдейілеп болмаса да, өз болмысын өзі бейнелеп кеткен кісіңіз де осы ағамыз дер едік. Оның жан сарайының қақпасын айқара ашып, ақтарыла жазатын таза табиғаты қай шығармасында да «менмұндалап» тұратынына байланысты айтылып жатқан сөз бұл. Лирикалық геройдың «мені» өмірдегі «менмен» біте қайнасып кеткенде осылай болмақ.

Сәкен Иманасовтың шығармашылық тәжірибесінен қанаттас інілері – біздер үйренген игіліктер аз емес. Өлең техникасындағы мергендік, ой жүйесіндегі тапқырлық, сезім дүниесіндегі шынайылық – хас шеберден қуана қабылдаған қазынамыз. Әсіресе ақын ағаның ішкі үйқасты магнит тартқан майда металдай түйдек-түйдегімен қолдануы көп әріптеріміздің қызығушылығын туғызғаны анық.

Замандасты Асқар Сүлейменов айтқандай, «поэзия элемінде өз Менделеев таблицасын» қалыптастырыған өр мінезді ақын-



ның, міне, екінші, мәңгілік ғұмыры да басталды. Өлең-жырларын кейінгі үрпақтың жаттап өсетіндігі және күмәнсіз. Осыны болжағандай, қайтыс болғанына жыл толмай жатып, 75 жылдығына орайластыра өткізілген ұлықтау іс-шараларын Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық және Алакөл ауданы әкімдіктерімен бірлесе жоспарлаған еді. Онда жазба ақындар мүшәйрасын, мектеп оқушылары арасында Сәкен оқуларын өткізу секілді шаралар қамтылды. Ақын оқыған Үшарал қаласындағы Абай атындағы орта мектепте мұражай ашылды. Осының барлығы Сәкен Иманасовтың есімін мәңгілік есте қалдыру мақсатында болашақта өткізіліп тұратын игі шаралардың бастауы ғана деп түсінгеніміз жөн. Себебі артында өлмес мұра қалдырған ақын есімі ел жадынан шықпайды деп сенеміз.

ҚАЗЫНАЛЫ ЕДІ ҚАЖЕКЕН...

Орқашар баурайындағы бұлақтардан басталып, Тарбагатайдың сілем-сілемінен құлап ағып, Алакөлге құйып жатушы еді Еміл. Қазір жылап ағады. Атамекенге орала алмаған үл секілді. Қайран Еміл, ескі жұрт...

Сол Емілдің жағасындағы шалғынды даладан шұрқыраған қалын жылқы жер қайыстырып суатқа құлап бара жатқандай елестей береді...

Қазақтың қабырғалы перзенті, үлкен ақыны, этнограф Қажытай Ілиясұлын соңғы сапарға аттандырғанымызға да, міне, біршама уақыт өтіпті.

*Жалыным барып-барып сөнер мейлі,
Сонда да өзегімді өнер жейді.
Әттең-ай, өкінішім шашымнан көп,
Ер жігіт тіршілікте не көрмейді?!*

*Уа, дарига, жалған-ай!
Дүние сенен де өтер, менен де өтер,
Әуенім аққуды да елеңдетеर.
Тақ пен бақ, жиган-терген жолда қалып,
Өн мен күй, кейінгіге өлең жетер, –*

деп Қажекенің өзі өксігі мен өкінішін есіне алғандай кейіпте, көз алдымызда мұнарланып барып, таудан асып кеткендей көрінеді.

Ақынның Кеңсайдағы қабіртасына қашалып жазылған осы өннің соңғы шумақтары біраз уақыт ойымыздан кетпеді. Кейін ойлап қарасам, Қажекенің көрмеген қорлығы, кешпеген азабы жоқ екен-ау! Неге екені белгісіз, Қажекенді ойласам, Емілге ентелеп құлаған қалың жылқы көз алдыма келеді. Сол



жылқының артында, тоқымын жерге төсеп, ерін басына жастанып, Қажекең шынтақтап жатып алғып, ыңылдал мына бір әнге салатын секілді:

*Тағдыр құсы жазған мекен маңдайга,
Тарбагатай шырқап салар ән қайдада?
Самалыңнан жүпар исі аңқиды,
Таңқурайдың дәмі келіп таңдайга.*

*Туган жерім,
Құзырыңа,
Кызығыңа
Табындым.
Төсіңде өскен
Бала күнді,
Самалыңды сағындым.*

*Ойга батып аракідік көз жүмсам,
Елестейді қызыл изен, боз жусан.
Түсірем бе бәз қалпыңды, қаз-қалпыңды қагазга,
Өмір бақи өлең ойлап, сөз құсам...*

Ән жаңғырып, Емілдің ерке толқындарымен ілесе ағып, бірсесе қиқулап көтерілген құстардың қанатынан мамырлап қазақ даласына төгіліп, бірсесе үялшақ қыздың жанарындай жеткен тұсынан үркіп ұшып, қайыра әуелеп, қайыра құлдилап, жылқы соңындағы жетім құлынның бауырына тығылып, енді бірде жер бауырлап барып жусан мен изеннің жел қозғаган басына қонып, дір-дір етіп тұратындей. Сол өуенге елтіген мына тіршілік бір сәтке сілтідей тынып, қайыра даурығып, азан да қазан болардай.

Іә, менің көнілімдегі Қажытай Илиясұлы өлген жоқ. Ол өзінің өмір бойы жырлаған Еміліне оралды. Құн құланиектеніп Тарбагатайдан көтерілген сәтте, құн салып тұрып, шетсіз-шексіз, ұлан-ғайыр далаға қарап тұратындей. Алдындағы мын жылқының әрбірінің түрі мен түсін нақ айырып, «казактын

тариҳы – жылқының тариҳы, жылқының тариҳы – қазақтың тариҳы» деп күбірлейтіндегі көрінеді. Қажекең Тарбағатай бауырында әлі күнге жылқы бағып жүргендей елестейді. Бір шоқының үстіне шығып алыш:

*Сәріден қолда құс қырындалап,
Сақалын тараиды мұнар бұлт.
Қарт жанын тартауды құрулап,
Бойдагы аңшылық, құмарлық.*

*Астында жарапт, тоқ бүйір,
Бектерге тартты тік қыстақтан.
Болса да бет алды көп шиыр,
Таниды-ау тың ізді тісқаққан!..*

*Жөнелді бір сәтте қүйгитын,
Көз жазып шыжымды бүркіттен.
Қараймын жаныма күй бітіп,
Қылпына нүктедей бір түрткен!.. –*

деп жырлап тұрғандай.

Осы жылқы жайы, атбөгілік, саятшылық турасындағы әңгімелер бізді етene жақындастыруды. Кез бола қалса, жылқы жайын айтушы еді. Менің де жастығым жылқы айдал өтті. Kicі сейлесем десе өр нәрсенің басын шалар әңгіме көп қой, алайда Қажекеңнің қозғар тақырыбы ерекше еді. Бір сәт бұл тымырсық қаладан табиғатқа кетіп, түпкі тамырымызға оралып, көніл жасартып алушы едік. «Шұбырған түйелі көш сағым ойнап, Түсімнен шықпай қойды-ау ауыл-аймақ», – деп өзі жырлайтындаі, ел жайлы, жер жайлы айтушы еді. Қөшпенді қазақтың қараша үйінде дүниеге келіп, тумысынан тұз көріп өскен, тау көріп өскен Қажекең ұсақ-түйек әңгімeden сөз ауылын аулақ қондырып отыратын. Kicіге ұнамды серілігі де бар-тын.

Жалпы, Қажытай Ілиясұлы жылқы мінезді жан еді. Болмыс-бітімі, таң асырылған тұлпардай кербез үстайтын тұр-

тұлғасы, дегдарлығы, кісі баласын алаламайтын ақеділ, ақжарма көңілі, қағілездігі мен қырағылығы, шамына тисе шырт ететін тік мінезділігі, ойын ірікпей айтатын оттылығы – бәрі-бәрі дала падишасы – жылқыға келетін.

Кейде Жазушылар одағының бір бұрышында бір топ жасты жиып алып, жастарды қыран-топан күлкіге батырып, өзі де соған мәз болып, қазақша, татарша, үйғырша, енді бірде қытай тілінде өлең оқып немесе өндеп тұрғанын көретінмін.

Шіркін, ол кісінің көңілі ғана емес, жүргегі де қартаймай кеткендей. Кеңестік және қытайлық саяси режимдерді ба-сынан өткеріп, оның кісіні жанынан түңілтер небір қитұрқы қулық-сұмдығын көріп, жүргегін шер, табанын шөңге тіліп, ел айырылғанда еңіреп, етегі жасқа толған осы ақынның бүтінгі азат заманың албырт жастарымен бірге өз Отанында, өз үйінде әзілдесіп тұрғаны көнілді неге толқытпасын?! Толқытқан.

Әзілді айтса, Қажекең айтсын дейтіндей жағдайы бар еді. Ел аузына ерте іліккен пародияларының жадында қалған тұсына шейін жатқа оқып беретін. Соның Абайшалап жазған бірі жинағында жүр екен.

*Өлең – соның нан-шайы, сөз – самасы,
Үрттап-шайқап төгетін өз баласы.
Тілге шөгір, жүрекке кірі тиin,
Ten-тегіс ығыры болды айналасы.*

*Бөтен оймен былғанса сөз арасы,
Түсінбей тойтыңдайды бейшарасы.
Қоқымнан қолақпандай том жасады
Жымпиган, жылппыңдаган бір парасы...*

*...«Таңдама», топтамасы, баттамасы
Өтпегенмен, өтеді тапқан асы.
Тартсаңыз таразыға, танысаңыз,
Шіркіннің ап-айқын гой ақ-қарасы...*

Мұнан бөлек, хатқа тұспеген қанша қазақы қалжыны бар еді. Ел естімеген бір әңгімелерді айтып, «Солай ма еді?» деп

таңырқасақ, соған кәдімгідей қоқиленыш қалатын. Қалжыңдан қаны қызып алған сөтте тілінің тікені гүлдей, сөзінің зәрі балдай көрініп кететін.

*Атыңды естігенде Еміл деген,
Елең ете қайғыдан женілденем.
Кепесем желдей есіп жер түбіне,
Отыз өлең арнар ем кемінде мен!*

*Соларды жазамын да көңілденем,
Алыста әзілдесіп өлімменен.
Жөңкіл бері, жөргекті жуған өзен,
Алатының көп әлі сенің менен! –*

деп жырлапты бір өлеңінде. «Алыста әзілдесіп өлімменен» деген Қажекең онсыз да ауыр тағдырын ауырлатпауға ұмтылатын, жүздессең – жылы жымышп, кездессең – көркем сөйлеуге тырысып жүретін. Емілге «алатының көп» деген ақыннан елдің алары көп еді. Біздің аларымыз көп еді. Қеудесі қазынаға тұнған жан еді ғой. Ер кеткен соң елдің өкінері қыын. Еміл...

...Сол Емілдің жағасындағы шалғынды даладан шүрқыраған қалың жылқы жер қайыстырып суатқа құлап бара жатқандай елестей береді... Құлағыма алыстан талықсып Қажекеңнің даусы жететіндей...

АҚЫН ЕСЕНҚҰЛ ЖАҚЫПБЕКОВПЕН ҚОШТАСУ СӨЗ

Ақын өлді!..

Шын ақын өлді!..

Жетісүздің аспанында жап-жарық жұлдыз ағып өтті!..

Ол – Есенқұл Жақыпбеков өмірінің жұлдызы еді, алайда өлеңінің емес! Жамбыл мен Сүйінбайдың елі, еңсенді көтер, Есенқұл Жақыпбековтің өзі кеткенмен, көзайым көзі қалды, көгершін сөзі қалды.

Есенқұлды момын көрдік, ол – момындығы емес, қоңырлығы еді. Бойын жасырган тұлпардай, өзін-өзі іштей сақтағаны еken.

Елде қалды дедік, ол – елде қалғандығы емес, елге жақын болғандығы еді. Өз үмітінен бұрын ел үмітін ақтағаны еken.

Ештеңеге ұмтылмайды дедік, ол – ұмтылмайтындығының белгісі еken ғой...

*Жанының мұңын шерте жүргенін білсек те,
Жай басып жүріп, ерте кетерін кім білген?!*
Жақсы қундерді көркем еткенін білсек те,
Жан-өзгемізді өртеп өтерін кім білген?!

Теректей басы тенселген, терең бір ойлар еңсерген Есаға, тамырың – тереңде қалды, тағдырың – биіктеге қалды! Сен сүйген қазақ – сені де сүйеді! Сен жырлаған Алаш – сені жырлайды!

Өткен жұмада ғана, Сейдағаңың – Сейдахмет Бердіқұловтың еске алу кешінде жүздесіп, алда келе жатқан 60 жылдығын атап өту жайлы сөйлескен едік. Сонда тағы сол қоңырлығына салып, «уақыты келгенде көрерміз» деп еді. Уақыты біз күткеннен бұрын келерін білдік пе сонда?..

Есенқұл Жақыпбековтің қаламынан туған «Бастау», «Ағымнан жарыламын», «Біз екеуміз», «Біздің елдің жігіттері»,

«Есіл дүниег-ай!», «Бұл жаз да өтер», «Тау басында кәрі қар», «Сарғайған сары терезе» сынды жып кітаптары – талай жас үрпактың жастығының астында жатары анық. Оның лирикасы – жапыраққа тұнған тамшыдай мәлдір, жанарға тұнған жа-стай аяулы. Ебіден ескен желдей елең еткізер, жүрек түкпіріне терен өткізер, сұлудың жүзіндей, сайғақтың ізіндей тұп-тұнық дүние. Оның эпикасы – осы далада туған баһадүрлердің екпініңдей ерең қуатты, сермелген семсердей, серпілген тұяқтай, зау биіктен құлдилаған қыран қанатындағы отты еді.

Басың – төрде,

Бағың – елде, Есаға!

Бақұл болыңыз! Рухыңыз пейіш төрінде шалқысын!

ТАЛАНТ – ТАҒДЫРЫҢНЫң ТАМЫРЫ

(Қаламгер Несілбек Дәүтайұлымен сұхбат)

— Сіз бен біздің тағдырымында көп үқсастық бар. Тұлым шашты алдырмай жатып тай үйреттік, бозбала кезден боздатып көкпар тарттық... Е, сосын да ауылдан шыққандарды жылқы мінезді демей ме...

— Былай гой, Фалым. Қай мінезді айтсын, қай қылышымызды сөз етсін, қай қасиетімізді түгендерсін, қай кемшілігімізді жілке тісін, мен әйтеуір өзімнен ауылды көремін. Біз әуелі ауыл мінездіміз гой. Мен Дулат Исабековтің «Ақырамаштан наурызға дейін», Тынымбай Нұрмажанбетовтің кез келген әңгімесін, сосын марқұм Қалдарбек Найманбаевтың «Бей-геторысын» қайтадан оқығым келеді де тұрады. Оқысам, аулыма барып келгендегі, ауылдағы баяғы аталар мен ашаларды, агалар-женғелерді көргендегі жүрек елжіреп, бауыр езілгендегі күй кешемін.

Ауыл – қазақ қаламгерлерінің тағдыры. Әдебиетте классика деген үғым бар гой. Құдайға шукір, қазір бізде «классик» көп. Ақын-жазушы ретінде танылғандар, танылуға таяп калғандарды былай қойғанда, газеттерді жағалап, мақалалар сүйкеп, оқта-текте төрт-бес шумак өлеңдерін жариялада жүргендегі де, «Мен осы, байқасам, классик екенмін гой» деп көкіп отырады. Не сонда классика деген? Білмейді.

Классика – меніңше, адам, үлт тағдырынан туатын ақықат. Соның көркем көрінісі, терен танымы. Егер Э. Хемингуэй «Шал мен теңізді» жазса, теңіз – оның және үлттың тағдыры. Шығармада сол тағдыр, адамның сол тағдырындағы өмір ушін жан алып, жан беретін, тілмен айтып жеткізуі қын ұлы курсесі жатыр. Ауыл да біз ушін сол сияқты. Мұны қаперге алмай, турлі іздермен эксперимент жасап қоямыз. Бірақ табиғи жүректі қолдан жасаған жүрекпен алмастыру қын. Бұған

қарап жаңа түр, тың мазмұн, бөлек ой айтпа деуге де болмайды. Экспериментке Оралхан Бекеев, Марат Қабанбаев бармады дей аламыз ба? Алайда осы бір талантты қаламгерлер ездерінің сол саналы әрекетінде оның шегіне жете алды ма?

Бұл – үлкен сұрақ.

– *Сөйтін, Сіз қазақ ауыл мінезді дейсіз...*

– Солай ойлаймын. Қайсыбір жылы Шерағаң – Шерхан Мұртазаның менің туған ауылым Иірсуға барғаны бар. Қенен атама күйеу бала болған жылы ғой. Қордай ауданының әкімі Құрманғали Уәлі екеуміз Шерағанды Қененнің Иірсу дағы үйінің орнына апаратық дедік. Кезінде Қененді ізделеп келіп, Жамбыл тәтем де түстенген Иірсу бұл. Кейін, Хрушевтің кезінде шағын шаруашылықтар іріленіп, жұрт бір орталыққа көшірілген соң, Иірсу иесіз қалған. Бары – үйлердің тегістеліп кеткен орындары. Бірді-екілі қыстау...

– *Сіздің «Аққөгершін» повесінізде бұл өзі кеңінен әңгіме болмай ма, жүрт ата-бабасынан бермен қарай мұра болып келе жатқан мекенді тастап кете алмай, әбден қиналады ғой. Сіз сол шыгармаңызда тоталитарлық жүйенің қазақы менталиметте түкірмейтін өктемдігін астарлап айттыңыз.*

– Сол Иірсуға Шерағанды бастап келдік. Иірсу – тау бектеріне жақын, басы кең, аяғы тарлауыт жыраны бойлап, ирелендей ағатын жіңішке өзен. Соның жағасында 60-70 тұтін от жаққан. Қенекенің үйі ауыл ортасындағы оймақтай үлпа саздың жиегіндегі қызыл тәбешіктің үстінде болатын. Соның орнына Мұртазаны отырғызбаймыз ба, «Әй, қайын атамың орнына шығып кеткен жоқпын ба?» дейді Шерағаңың көзі алайып.

Ол өзенде біраз бойлап жүріп, айнала төңірекке көз салып, көбіне өзімен-өзі болды. Батысқа қарай әйгілі Ойжайлауға шығар қасқа жол жатты қасқайып. Оңтүстікке қарай – Қордай асуының сілемдері, сонау, сонау төменде – кезінде қырғызыдың «Манас» жырында «Қордайыңа жол салдым, Қөлқопаңа қол салдым» дейтін ойпаң, солтүстігі – Аңырақай даласына асатын Құлжабасы, Құшоқы таулары, шығысы – Алматыға жетелеп әкететін ұшы-қиыры жоқ ми жазық. «Бұл ми жазық қайсыбір

дәүірде Қобы аталатын» дейтін Кенекең. Неге қобы? Қобы деген не сөз? Соны сұрамаппзы.

Шерағаң бәрін сұрап түр. Тұс ауа жазушының туған ауылы Жуалыға жүріп кеттік. Екеуміздің езу жидырмай, алма-кезек айтатын әңгімелің көп болушы еді, бұжолы шалың үнсіз. Жол ортадан ауғанда «Шераға, үндемейсіз ғой...» дедім. «Ойлап келем...» деді ол. «Нені?...». «Иірсууды». «Қай тұрғыда?». «Тәнірі оны бекер иір-иір етіп жаратпаған. Сендер соған үқсайсындар. Сендерде әрі жайлышты, әрі сұрапты бір иірімдер бар».

Ары қарай індектені: «Жойқын асығыс өзендерді көп көрдім. Біздің Жуалыда, мысалы, Теріс дейтін өзен бар. Ағысы басқа өзендерге қарсы, тауға қарай. Ал Иірсу өзені сондай бір нәзік. Иірім-иірім. Дәл бір бұралып басып бара жатқан қырғи мүше келіншек іспеттес... Мандайы – көз үшінан тау асатын қасқа жол, етегі кең жазира... Кенекең әндері... Кененнің әндері асқақ та шексіз кең, сан иірім... Ыргақтың тыныстың, саздың тіл жеткізіп айтуы қыын кейбір өспет өуезінің бөлектігі арғы-бергі жампоздардың ешқайсысында кездеспейді. Әйтеуір бір ғажап кінәздейдік бар. Кеше орталықтарың – Кенен ауылышында көшелерге көз салсам, екі үйдің бірінен осы бір сымбаттың сипатын аңғардым. Жаңа салып жатқан немесе жаңартылып жатқан тұрғын үйлер, боялған қора-қопсылар, аулалардың оқтай тұзу қақпалары мен қоршаулары... Қазақстанның қанша жерін араладық, қаншама ауылдың ана тұс, мына тұсынан қаңырап жатқанын көрдік қой. Ал мұнда... Сірә, бүгінгі Кенен ауылышың кешегі атамекені – Иірсуда тұрмыстың мәдениеті о баста болған. Ол оның барлық өмір салаларын қамтыған. Құнқөрісін де, өнерін де... Кенен әндерінің алабетендігі – осы мәдениетте... Кез келгеннің тынысы жете бермейтін самғау өуез, жұғарақпанды кілт тыйылмай, иірім-иірім болып кете беретін сұлу саз, кінәз ырғақ. Асқақ оқшау. Дара. Дәл Иірсу өңірі өзен бойлап өрілген көш сияқты, ауыл іспеттес ана...»

– *Білгенге мәдениет деген табиғаттың өзі ғой. Одан кім нені қалай үйреніп, кім оны қалай бойына сіңіре алады? Бір ауылга барсаң – гүлжазира, дәл соған іргелес түрган ауылга бас сүқсан – дауыл үрлен кеткендей.*

— Аузы жеңіл ағайындардың «дауыл үрудың» өлеуметтік себебін білмей, ауылды қараң қалдырып жататыны көп. Соның ішінде біздің біраз әріптестеріміз де бар. Ауылдың ақиқатын айтамыз деп отырып, сол өзі жіпке тізіп өкелген кемкетіктің ішінде адасып кетеді. Ең жаманы, оның «акиқаты» барлық ауылға тән болып шығады. Ал бұл — соның жалғызы жоқтаушысы. Үкімет тасбауыр, әкім-қаралар безбүйрек... Ал осылай деп жүрген ақын-жазушылар қашан, қай кезде өз ауылның барып жыртығын бүтіндеді? Кімін іздең, кімін қойды? Таудан құбыр тартып, жерден су шығарып берді ме? Егінің себісіп, жерін жыртысты ма? Ауылны сел қаптап, қар басып қалса, халің қалай деді ме? Қай жесірін жебеп, қай жетімін жетеледі? Құздеу бармағаны қанша, қыстау көрмегені қанша?

Ауыл — өзірше ұлт тұрмысының, оның менталитетінің, халықтық ойлау, пайымдау, армандау, қиялдау, сондай-ақ азап-шерінің тағдыры энциклопедиясы. Пейіл-ниеті, мақсат-мұддесінің бәрі осыдан өріп шығады. Психологиялық өзгерісі де. Қалаға он жеті жасында кеткен, содан ауылнина оқта-текте соғатын қаламгер қанша талантты болса да, өзінің бастанқы табиғи тағдырынан айырылып қалғандықтан ауыл, оның адамдары жайлы ақиқат шығарма немесе мақала жаза алмайды.

— *Нәке, анау Жюль Верн өмірі теңізді көрмесе де, теңіз асты әлемін көрмегет суреттеп өлмес шығармалар жазған гой.*

— Дұрыс айтасың. Онікі — ұлы түйсік, таланты тудырган ғажайып қиял. Ауыл теңіздің асты емес, қазақ қаламгерлері Жюль Верн емес қой.

— *Сіз осы көп жазушыда тағдыр жоқ дегенді меңゼп отырысыз. Мениң де сезетінім — көптеген әріптестерімізде, соның ішінде дарындыларында көрмегет идея бар, ақиқаты жоқ. Қай жагынан келіп қараса да, өзі өскен баяғы ауыл мен қазіргі ауылдың нақты шындығын көре алмайтын сияқты. Егер біз нысанамызды не тек қара, не тек ақ күйінде гана көретін болсақ, сол өзіміз жанымыз ашип отырган атамекенге за-лал келтіреміз. Мәселен, ауылда «Жоқ деген түбі жоқ болып қалады» деген кредит бар... Бінсанқа, қанагатқа арқа сүйейді.*



Шыдам, төзім онікі. Қара су ішсе де күліп отырып ішуіне мүмкіндік бер. Тынышын алма. Құлагын елеңдепте. Көңілін бұзба.

– Әлгі Аңырақайдың даласында қой бағып жүрген бозбала кезіміз ғой. 1968-1969 жылдары алапат қыс болмады ма. Қой қырылып жатыр. Ақ қар, кек мұз белуардан. Қарға адым аттап баса алмайсың. Сондай қүннің бірінде әскери тягач пен бір топ адам сау етті. Орталарында қара тұлыш киген нән қара. Аудандық атқару комитетінің председателі екен. «Қане, халдарың қалай?» деді жағалай тұрган қойшыларға. «Халдің несін сұрайсың?.. – деп Мешітқұл қария шырт түкірді. – Білмеймісің, одан да өзің бізге не әкелдің, соны айт. Шебің, жемің бар ма қалтаңда? Болмаса керегің не бізге?..»

Мұны есіме алыш отырганым, бүгінгі саяси ойында ауылдың көңіл күйімен ойнап, оны бетке ұстап, оның күл-қоқысын біресе Президенттің іргесіне, біресе Үкіметтің есігінің алдына, қалған-құтқанын әкімдердің, басқа да мемлекет қызметшілерінің біресе алдына, біресе артына сүйреп апарушылар біраз бар. Саяси айтыс – саясаттың сарбаздарына керек те шығар. Ал олар өз амбицияларына не себепті ауылды қыстырады? Ауыл саясаттың қол добы емес қой. Ауылшыл екенсің, өзің оған не бердің? Беретінің бар ма? Қорсет. Әкел. Қазір ауызға сенетін жұрт қой. Ал Президент өзінің соңғы Жолдауында бергенін айтты, беретінін көрсетті.

– Біз, осы қаламгерлер халық пен биліктің арасындағы қай ақиқатты айта алмай жүрміз?..

– Бәрін түгел тізіп айтудың қажеті бар ма және ол мүмкін бе? Дулат ағамыз таяуда теледидардан өте дұрыс айтты: Президент – Айсберг. Ол мұхитқа шөгіп тұр. Ол өзін түгел көрсетпейді, өзін түгел көре алмайсың.

Халық барын көрсетеді, барын айтады, бірақ соларын мән-маңызымен жеткізіп айта алмайды. Қаламгер осы, міне, шындықты өркениетті ой, жан тазалығы, рухтың мықтылығымен айта алмай өүре. Құр данғазалық. Таяуда Мұхаң – Мұхтар Мағауин маган «Байқайсың ба, осы бізде ентікпелер мен едіренбайлар көп, бір қызығы, халық соларды тыңдауға

құмар, әрі әлгі әртіскештерге иланып қалады» деген сүмдышқа ақиқатты айтты. Шынында да, жаман таңғаласың. Біреу екі иығын жұлып шыға келсе, «Міне, азамат!» десіп, аузымыз аңқайып қалады. Шын мәнінде, оның бос бөшке, құр кеуек, әр жерде өулекіленіп шыға келетін әңгібай екенін пайымдай алмаймыз. Бұларға әр аймақтағы қalamгерлігі көркемөнерпаздар үйірмесінің көшеден келіп қосылып жататын мүшелерінің деңгейіндегі әңгіртаяқтарды қос...

— *Нәке, сіз билікті қолдайсыз ба?*

— Мен мемлекеттік жүйенің ғасырлар бойы қалыптасқан классикалық ұлгісін қолдаймын. Халық өздігінен жол таба алмайды. Оған жол көрсетуші, бағыт беруші, оны қорғап сақтаудың жолын білетін, басқа елдермен жақсы арақатынастың дипломатиясын терең менгерген, сезімі ұлттық, көзқарасы жалпыадамзаттық адамдардың билік деп аталатын саяси жүйесін керек. Ол бізде қазір бар ма? Бар. Ондай барды неге қолдамау керек?

— *Сіздің қатарларыңыз немесе үш-төрт жас айырмашылығы бар замандастарыңыз БАҚ, түрлі әдеби мекеме немесе әдеби басылымдарда қазір бірінші басшы. Өзіңіз «Жамбыл» журналын басқарып отырысыз. Екі сұрагым бар, біріншісі – жаңағы сіздің көзқарасыңыз сіздің қатарларыңызға да тиесілі ме, әлде?..*

— Оны олардың әрқайсысының өзінен сұрау керек шығар. Өз басым кешегі бас редакторлар Шерхан Мұртаза, Камал Смайлолов ағаларды өнеге тұтам. Әдебиет пен өнер қайраткерлері өкілдерінің Президентпен соңғы кездесуін көзіңе елестетші. Ұлттық мұдде, сұраныстарын Елбасы ешкімнен артық білмесе, кем білмейтінін, Елбасының бүл бағытта осы отыргандардың барлығынан да он-жұз есе артық жұмыс істеп жатқанын пайымдай алдық па? Тың пікір, соны ой айтуда болатын ба еді? Әрине, болатын еді. Бірақ Н. Назарбаевтың арқасындағы онсыз да ауыр жүккө толы қанарага тағы да зілбатпан жүкті салдырлатып сала беру қажет пе?! Кезегін күтпеген шаруа кезекте тұрған шаруаны басып-жаншып тастамай ма?



Сосын, меніңше, Президент әдебиет пен өнер қайраткерлері өкілдерін қабылдағанда, рухани интеллектуалдан Құдайдың құтты құні айтылып жатқан проблемаларды қайталауын емес, интеллектуалды саясаттың бағасын білгісі келеді. Өркениет әне. Жаһанданудың төбесі көрінді. Ұлы көш соған дайын ба? Ұлт соған лайықты ма? Міне, әңгіме.

Жалпы, редактор ма, жоқ, қатардағы қызметкер ме, шын қаламгерге бәрінен азаттығы қымбат. Қаламгердің жәнсіз иіліп-бүгілгені – қасиетінің кеткені. Түптеп келгенде, кімнен неге үркү керек? Көп болса қызметінді бересің. Қаламыңды тартып алар Құдайдан басқа құдірет жоқ қой. Мәселе кез келген қаламгердің қоғамына дейтін азаматтық асқан белсенділігі мен қайраткерлік қасиетінде. Осы түрғыда мен Смағұл Елубаевқа әрдайым разы болып жүремін. Ол Прагада 10 жыл турып қалды да, біраз уақыт бас қоса алмай жүрдік. Тағуда телефонмен едөүір әңгімелесіп, сол әңгімеде, сосын «Жас Алаш» газетіндегі сұхбатынан байқаганым, Смағұл сол баяғы үлттық мүдденің азаматтық әуенінен еш айнымаған. Өзгеріс – ол бүгін әлемдік мәдени өркениеттің интеллектуалы. Ал интеллект қалам ұстап жүргендердің бәрінде бірдей бар ма? Жазушыны қоғамдық мүддемен қосақтал жіберетін – осы ақыл-ес. Мархабат Байғұттың ауыл адамдары жайлы әңгімелерінен мен соны байқаймын. Ол – тағдыры бар жазушы. Сол тағдырының тамырын басып сөйлей алады. Тапырандамайды, тасымайды, ауылдарды жылы жауын аралап өткен соң жайлап есіп тұратын жұмсақ самал іспетті. Мархабаттың жан дүниесінен осы еседі. Оның шығармалары – оның өзі.

Анна Каренина, мәселен, Толстойдың өзі еді ғой. Анна Ка-ренинамен орыс қоғамының, өзінің тағдырын ұлы жазушы еніреп жазды. Интеллектуал жазушы басқаша бола алмайды. Интеллектуал жазушы халықты интеллектіге жетелейді. Амал не, қазір кімнің шын ақын-жазушы екенін ажыратып алу қын. Оған жазгерлер дейтін бір өзіне-өзі сөзсіз жазушы мерез құбылыстар қосылды. Не жазып, не қойып жүргендерін өздері де білмейді. Өйтіп-бүйтіп өлең-сөлең құрастыра алады, бір тарауы мақала іспеттес, бір тарауы мемуар тақылеттес, келесіci

суреттемеге үқсас, ар жағы очеркке келіңкірейтін бірдеңелерді шимайлайды. Жө, бұларды қойшы. Тајуда «Қазақстан жазушылары – XXI ғасыр» деген анықтамалық шықты гой. Қане, шыныңды айтшы, осы қалың кітапты қатты сығып жіберсе, шын мәнінде қанша ақын-жазушы қалады?

– *Кемінде 400-i ағып кетеді гой.*

– Сонда замандық есі дұрыс көркем шығарма бермесе, өмір бойы жалғыз рет те қоғамдық белсенділік танытпаса, жаңағы ағып кететіндер «Анықтаманың» ішінде қалқайып негып жүр? Оқырманды қайдам, ақын-жазушылардың өздері «Осы кім еді?» деп оларды бір-бірінен сұрап жүр гой.

Қызық жері, енді ондайлар мерейтойшыл. Ол ушін, әрине, ауылға шапқылайды. Әрине, әуелі облыс, аудан басшыларына сөзі өтетін дуалы ауыз іздейді. Табады. Дуалы ауыз, анау жылап-еңіреп босағасына жатып алған соң, амалсыз телефонның трубкасын көтереді. Ар жақтағы зарлайды: «Пәленше-екем-ау, о кім еді біз естімеген?». «Ойбай, сұмдық ақын! Одақтың мүшесі!». Енді ауылда біреуге көл-кесір, біреуге «жетім қыздың» тойы жасалып жатады. Қасиетті қайран ауыл соның бәрін көтереді үнсіз. Әлгі «керемет ақын», «тамаша жазушы» өзі іспеттестерден тұратын «бір ротамен» келіп іshedі-жейді, шапаның киеді, атын мінеді. Дәмелері одан зор еді. «Бір мәшине әперуге жарамады, әй, бұл біздің ауыл (аудан, облысты қосып айтады) ел емес» дегенді де талай естідік. Ел емес... Сонда оның өзі кім? Өз ауылын өзі бір темір-терсек ушін ел емес деуі – о кісепірдің тағдырын жоғалтқаны емей не??!

– *Сіз осы үш жұз ғылыми үнемі қарсысыз. Қазақ деген жалғыз атауга ғана ден қоюды айтып жүресіз. Ал былайғы жүрттың, соның ішінде қаламгерлердің де кейбір ақсақал-көксакалы, бала-шагасы рұлық белгі бойынша ой оздырып жатыны өтірік емес.*

– Қасиетті қайран ауылда дәл осы пәле жоқ. Руын әркім-ак біледі. Өлі-тіріде ағайын туыстығын жасайды. Бірақ ешкімді аяқтан шалып, шетке қақпайды. Менің елу жылдан астам өмірім Қордайда өтті. Ал сонда, Қызылсай деген ауылда 40 үй қаңылалар тұратынын мұнда білдім.

Алғаш жаза бастағанда «Ойбай, ол анау, ар жағындағы мынау, бер жатындағы өзің...» деген пыш-пышты мен де естідім.

Бер жағындағы «өзім» – мысалы, Шерағаңа оның қолында әрқиңи билік тұрғанда алдына бір рет те барып көрмеппін. Алғашқы кітабымның жарық көруіне ықпал еткен – марқұм Қалдарбек Найманбаев. Одан Әбіш Кекілбаевтың, Фариза Оңғарсынованың жылы қабағын, түзу пейілін көрдім. Марал Ысқақбаев алғашқы кітабыма «Қазақ әдебиеті» газетінде көлдей мақала (ол кезде жаңа жазып жүргендерді бұлай жарылқамайтын) жазды. Қабдеш Жұмаділов пен Сәкен Иманасов кезінде «Жалын» аталатын журналдан романымнан үзінділер оқып, арқамнан қақты. Мұхтар Мағаун әңгімелерінді қоя тұр деп, «Жұлдыз» журналында романымды басты. Әбдіжәміл Нұрпейісов осы жылдың басында мені Тараздағы қызымет орнынан әдейі таптырып алып, «Көк көйлекті келіншек» дейтін әңгімемді әр жолы бойынша талдаپ берді. «Слова – определяют мысли» дейтін И. Эренбургтің сөзін есіме салды. Ұлықбек Есдәулетпен мына өзің кездескен жерде «Нәке, жазғандарынды алып кел» деп тұрасындар. Қатарларымнан Нұрлан Оразалин барымды санап, жоғымды түгендереп журеді. Мереке Құлкеновтің де қашанда құшағы ашық. Есенғали Раушанов, Мейірхан Ақдәулетов, Жұмабай Шаштайұлы, Қөсемәлі Сәттібайұлы деген азаматтардың пейілі тіптен ыстық. Рахымжан Отарбаев шығармашылығым туралы кезінде арнайы үлкен мақала жазды. Құрдасым Бақыт Сарбалаев бір кездегі «Лениншіл жас» газетінде бейге алған «Ақкөгершін» повесімді алғаш рет талдаған. Елен Әлімжан деген Таразда тұратын жазуши-драматург ағамындың бағасын өздерің жарияладындар.

Рұлық белгі бойынша осының барлығы әр атаның баласы емес пе? Әр атаның осы бір алды классик, соңы талантты азаматтары маған не себепті соншалық ыстық ықыластарын білдіреді? Сонша асып кеткен таланттымын ба? Мәселе менің өзімнің ешқашан ешкімді бөліп-жармайтындығымда. Менің Кенен ауылым мені солай тәрбиелеген.

Мен кешегі Кененге арнайы сәлем беру үшін Мұхтар Әуезов, Шыңғыс Айтматов сияқты талай-талай алыштар келген ауылда өстім. Сол ауылға қазақ халқындағы саяси ірі тарихи тұлға Д. Қонаевтан бастап келген мемлекет қайраткерлерін көзбен көріп, сөздерін құлағым шалып ержеттім. Мен ең соңғы шайқасы Қордайда болған қазақтың соңғы қанаарман ханы



Кенесарының ұлт азаттығы үшін жан пида еткен ұлы ерлігіне тәнті болып, оған мақтанып, әрі намысына өртеніп ес жиып, етек жаптым. Жамбыл тәтенді исі қазақ әлпештеп жүзге, Кенен атаңды тоқсанға жеткізді. Ұлы жұз емес, исі қазақ! Иси қазақсыз біздің кез келгеніміздің, түгелдей алғанда, ұлттың ұшпаққа жетуі негайбыл. Иси қазақ билігін де, ел-жұрттың да бірдей алып қарап, бірдей құрметтеп, бірдей қолдан, сүйейтін сөт туды. Иси қазақтың XX ғасырының рухани әлемі берген екі ерен тұлға – ұлы Абай мен заңгар Олжасының жасампаздығын жаһанға жайып отыратын кезеңі мынау. Біздеңі бүгінгі кейір «ғұламалардың» тұлғатануда «атамның сақалын тарап едім, мұртын басып едім, қолына су құйып едіммен» шаруасы бітептін бәлдір-батпақтарын ысырып тастап, жаңа көзқарастарды алға шығаратын мезгіл келді. Сонымен бірге әкелеріміздің, атабабаларымыздың, өзіміздің ауылтаным дейтін тағдырымызга атай, ақылды қарайтын шақ бүгін. Ауылды қараң қалдыруды қою керек. Ауыл қараң қалмайды, жекелеген адамдардың қалуы басқа әңгіме. Ауылдың проблемасы – сол жалпы, сөзсіз кезегімен туып отыратын сұраным. Өмір барда сұраным туа береді. Бірінен кейін екіншісі, екіншісінен кейін үшіншісі... Олай етпесе даму жоқ.

– Осы жерде тек бір нәрсені ескеру қажет сияқты. Қазір гой, Құдайга шукір, ауыл-ауылда төрт түлкітің қарасы молайды. Біраз адамға ата-бабасына бітпеген мал біте бастады. Енді осыны қандай жағдайда да аман сақтау мәселесіне біздің бауырлар соңшалық ден қоя бермейтін сияқты. Биыл, мысалы, Жамбыл облысына қар өте қалың түсті гой. Біз білетін ақпарат бойынша талайдың малы қырылған...

– Ата-бабаның «Бай – бір жұттық» дейтіні рас. Мәселен, Сарысу ауданында бір азаматтың мың қойы қырылып қалыпты. Жем-шебінің жоқтығынан. Ішің аши ма? Ашиды. Неге қамданбаған дейсін бе? Дейсін.

Осы күзде мені университетте бірге оқыған, қазір сол аудандағы әкімияттың ішкі саясат департаментінде қызмет істейтін Жамалбек деген азамат іздең келіп еді. Сонда ол қазір ауданың жеке секторындағы қой басы кеңес заманы кезіндегі жетті деген. Енді қарашы. Өлім-жітім жалғыз әлгі азаматта ма? Ендеشه, жем-шөп дайында дейтін сөзсіз



қажеттілікті айналып өте беруге болмайды ғой. Енбегің зая – ең жаман нәрсе.

– *Қазірауыл мен қала тұргындарының психологиясы бітісін кетті дейтін әңгіме көп. Өз басым соган сене бермеймін. Сірә, сыртқы форма – киім киіс, жүріс-тұрысқа қарап айтатын болуымыз керек осы.*

– Ұлы психолог Зигмунд Фрейд адам психологиясына қунделікті тіршілік ету дағдысы үлкен әсер ететінін айтады. Ауылдың тірлігі мен қаланың тірлігі қандай жағдайда, қалай бір ырғаққа, бір сипатқа түседі? Әрқайсының өз ерекшелігі бар. Біз сыртқы форманы емес, ауыл мен қала тұргындарының саналық жаңару бірдейлігін іздеуіміз керек. Әрине, саналық жаңару процесіне қала әлдеқайда оңтайлы. Прогрестің қолда бар материалдық базасы осында ғой. Ал ауыл үшін рухани-материалдық база – білгенге, жазушының шығармасы. Ауылым, ауылым десең, сен оның жерін жыртып, егінін сеуіп бермейсің, құбырын тартпайсың, айлығын, зейнетақысын көбейте алмайсың, малын қайырыспайсың, жетім-жесірін, кембағалын материалдық тұргыдан желеп-же бер ниетің баяғыдан жоқ. Ендеше, қалатыны – оның саналық жаңаруына, еркениетке ұмтылышына, дүниетанымның кеңеюіне, эстетикалық талғамының тереңдеуіне қызмет ететін сөзі көркем, ойы құдіретті шығарманды жеткіз.

Жалпы, ауылдың психологиялық өзгерісін тек алдан іздей беруге болмайды. Психологиялық өзгеріске өткен шақтың тағылымы да қызмет етеді. Мұхтар Мағаун айтады: «Біздің бала кезімізде ауылда «Жұлдыз» журналын б-ақ адам алатын. Соны бір-бірінен сұрап алып, кезекпен барлық тұтін оқып шығратын» деп. Сол дағды ауылымызға дәл бүгін ауадай қажет.

– *Әңгіменізге рахмет.*

«Қазақ әдебиеті» газеті.

2005 жыл

АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМ, АРДА ӨЛЕН...

Ақынды ашу – тылсым бір әлемді ашумен бірдей дүние. Бұлттардай көшкен, құндей күркіреген, асау толқындары арнаға сыймай жағалауды ұрган ақын шығармашылығы туралы сез қозғаудың өзі қыынның қыыны ма деп қалам кейде. Кейде бала, кейде дана, ал кейде дәруіш бейнесіндегі ақын атты жаратылысты шебер Құдай қалайша қыннан қиынин тауып сомдады екен? Ақ дүниеге ақын болып келіп, жыр болып ағылып, ақ шуаққа шомылып, керуен-құннің легінде өз Тағдырын өзі жасай білу – сиректің сирегінің еншісінде.

Онсыз да ақынды адам еместей көретін мына қогам кімді аялап, қай жыршыны төрге оздырып, күнгейінде күміс ерлі тұлпарын сайлап отыр дейсіз. Алқалы тоptың алдына шығып сез бастаған ақын – Ақын. Әсіресе замананың запыранын ішіп, зар құсатын қазақ ақынның басынан қара бұлт қашан сейіліп еді? Уақыттың дырау қамшысы – солақайлықтың сойылы, батыраштың балтасы болып ақынның қақ маңдайына тиуі зандағылыш сияқты қабылданады бізде.

Қазақтың қара өлеңінде қара нардай жүк теңдеп, мәңгілік-тің өлмес қүйін шертіп, бірде қобыз болып күніреніп, бірде көктем болып көгеріп, бірде көл болып тасып, бірде шөл болып қуарып жүріп азап арқалап, қызыл-жасыл дүниенің қызығына арбалып, шыжығына қүйіп келе жатқан бір ақын болса, ол – Иран-Ғайып. Оның ақындық өлемі, Абай атасы айтқандай, «сыңғырлап өңкей келісімнен» тұрмайды. Ол өз бойындағы адуын мінезді ақпа-төкпе ақындығы елге бірде жағып, бірде жақпай қалса да, қырық жыл бойы оқырманын көзайым етіп келе жатқан, тағдырмен тайталасқан қуатты құбыльыстың қыры мен сырын, болмысы мен бітімін көп жағдайда байыптай бермейтін сияқтымыз. Бажайлап, байыптамаған соң ақындық атты ғайып өнердің де құны құнарсызы, өгейсінген сез жетім.

«Болған соң адам қайтіп мен Бәріңе бірдей жағайын?..» Иран-Файып ақынның осы екі жолында сезімінің дірлі, жаңының жасыл жайлауы бар.

Жалпы, Иранбек ақынның құпия өлемімен осыдан отыз жылдан арырақта «Құпия ғашық» балладасы арқылы таныс болғанмын. Сол сюжеттің құрылымы тосындау көрінген. Қүзette тұрган солдатқа ғашық болып, сол жауынгердің қабірінің басына келіп өлеңін әбжылан туралы еken. Финалы, оқиғаның шарықтау шегіне келгендे айтатын ойы да бөлек:

*...Өлең, сен ерке еліксің далада өрген,
Мен болсам – қызықтаган бала мерген...
Адамға ғашық болған әбжыландаій,
Не өліп, не өлтіріп ала көрмен!..*

Содан бері де талай кек шығып, талай су ақты.

«Құпия ғашықты» жырлаған жас ақын Иранбек Оразбаев емес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лау-реаты, көрнекті ақын-драматург Иран-Файыптың алпыстың асқарына шыққандағы тойын қара орман жүрттың қаласы, даласы, баласы, данасы – бәрі қосылып тойлап жатыр. Иран-Файып Иран-Файып болу үшін де талай соқтықпалы, соқпақты соқпақтардан өтіп, тар жол, тайғақ кешулерді бастан өткерген. Құні кеше ақынның он үш томдық шығармаларының то-лық жинағы қолымызға тиді. Көлемді он үш том еңбегін оқырманның талғам таразысына ұсыну да оңай тірлік емес. Бұл – өлең атты өлкедегі үлкен жеңіс, айтулы оқиға.

Иран-Файып Мемлекеттік сыйлыққа қатарынан бірнеше рет ұсынылды. Соның бірінде мақала жазып: «Иран-Файыптың Мемлекеттік сыйлыққа емес, Мемлекеттік сыйлықтың Иран-Файыпқа қолы жетпей жүр», – деп ой айтқаным бар еді. Осыған сыйлық алғаннан бетер қуанып, Ирағанның өлең жазғаны бар.

Улы Гейне шығармашылық туралы айтқан бір сөзінде: «Өзіңе-әзің қатал бол. Суреткердің бірінші парызы сол», – деген еken. Иран-Файып та осы қағиданы берік ұстаған ақын. Өмірде де, өлеңде де алғаусыз сейлеп, ардың сөзін айтады.

Тандыры кепкен тақырға шөп шығушы ма еді? Әкесі Әбітайды Иранының ат жалын ертерек тартып мінгенін арман етті ме екен? Жасы алтыға толмай тұлпар сайлап, аламанға қосыпты. «Ешқашан бәйгенің алдынан келмелеп едім», – дейді Ирағаң. Келмесе келмеген шығар, әкесі жарықтық аламанға қосылған ұлының жүргегіне нұр, сезіміне сәуле сеуіп, намысын қайрап жібергенін сезді ме екен? Жыр бәйгеге жарау жүйрігін қосып тұрғанын білді ме екен? Осының бәрі тағдыр. Тағдырлы ақыннан тағдырлы өлең туады.

Қазақ жырындағы қабырғалы ақынның бірі Сырағаң – Сырбай Мәуленов Абай туралы мақаласында: «Таланттың кесек құйғандай бір тегіс бол шығатын қалпы жоқ. Әрбір таланттың өз таразысы бар. Әр таланттың табиғаты өр басқа. Бір-біріне ұқсамайды. Сондықтан басқа талант жөнінде барлығын байыбына жетіп, тап басып айттым дей алмайды. Бірде ол көк мұнармен көмкерілсе, бірде ол жаз жаңбырмен шайылады. Бірде ол аспанның ақ сөүлесіндей аппақ қардың нұрына шомылады», – деп әдемі айтқан. Ормандай оқырманына он уш том ұсынған ақынның шығармашылығына шағын мақалада талдау жасау мүмкін болмас та еді. Иран-Файып шығармашылығы – зерттеуді, зерделеуді қажет ететін еңбек. Иран-Файып ақын – өз қыры, сырьы, тылсымы көп тұлға.

Образды, эмоциялы құрылыш ақын өлеңдерін құбылысқа айналдырып, биік ноталы даусын жаңғырықтырып естірттейді. Оның зары мен мұны тіршілікпен егесіп, тәбе билердей кеңесіп, рухқа айналып кеткендей.

*Бекзатыма іңкәрмін,
Таусылғандай амалым.
Тұяғы едім тұлпардың,
Тобан қылдың, заманым.*

*Қолтығыма – үзенғі,
Қыр арқама ер батты.
Тікен шақты тіземді,
Қамши артты сорлатты.*

*Ата тектен айырдың,
Айғыр күнім ақта бол.
Қойша қүйіс қайырдың,
Багым да жоқ, бап та жоқ.*

*Зар шағымды көр мына,
Жақсы тұстей жогалдың –
Кісінеудің орнына
Ақыратын бол алдың!..*

Қазтуған, Доспамбет, Бұқарлардан жеткен рухтың жетімсіреген үні қайта жеткендей құлаққа. Құзеуден көшпей қалған жұрт сияқты уақыттың ызғары үрып, сұыққа тоңа бастаған кездегі жанның даусы, үрпақтың үні бұл.

Иран-Гайып поэзиясы түрлі бояулардан түзілген. Қарасы мен ағы, құнгейі мен көлеңкесі алмасып тұратын өмір сияқты ақын жырларының кейде қуантып, бірде мұңдайтып тұруы да кездейсоқтық емес. Суреткер қаламынан ақиқаттың алдаспанаңдай, сертке ұстаған семсердей, шынның жүзіндей өткір елең құйылып, зеренінде толқып жатса ғажап емес пе?! Ой сөулесі жарқырап тұрған ақынға әлеуметтік ортаның көлеңкесі де түспей қалмайды.

*Кете ме деп
Ел де –
Тегін,
Жер –
Тегін,
Қазақ мұңын –
Қайманаша шертемін...*

*...Тегін –
Билеп,
Теп-тегінге –
Тәстаніп,
Түгесіліп –*

*Бітпей қойды
Ертегің!*

*...Тегін!
Тегін
Бәрі –
Саған теп-тегін.
Сонша –
Қайырышы,
Бейшара еткенің...*

*...Бір есебі болар –
Хақтың...
Халықтың,
Көзінің жасы –
Құр төгіледі деп не едің?!*

Кінелай алмайсың. Ақынның жан сөзі сол. Айналадағы көріністі, болмысты жүрттан бұрын көріп, жан-жүрекпен сезінудің өзі азаптың азабы шығар. Әйттеуір, ақын – бақ пен сордың ортасындағы жаратылыс. Таразыға салсан, екіншісінің батпаны басып кетердей ме, қалай?

*Ауырма!
Ауыруга жоқ құқың, балам!
Сен ауырсаң, басыма мүң ораган.
Тұлпар-жырга тоқым гып тоздырайын,
Ауруыңды маган бер жұмарлаган.*

*Ауырма!
Ауыруга жоқ құқың, балам!
Сен ауырсаң, ауырап бүкіл галам!
Сен ауырсаң, күн сөніп, аспан жылап,
Жер шары бол кеуденде лүпіл қагам!.. –*

деп басталатын жыры бар еді Иран-Файыптың. Ауырып тұруға қимайтын ақынның ұлы Мұнарды қоктей қырқып кетті. «Күн

сөніп, аспан жылаған» күндерде Қаратаудай мұжіліп, қара нардай шөгіп барып, еңсе тіктеген де осы ақын. Елегізіп, егілді. Ақ қағаздың бетіне қара сиямен түскен зарға толы зар-толғаулар «ақынның тілін бір рет алмайтын» Жаратқан Иеге жалбарынумен аяқталатын. Жігерінің қайрағын жанып, шыдамының шарығын қайрап жүріп-ақ өлең деген киенің ғұмырына серік болғанын сезінудің өзі – Ақынның бағы.

Халықтың сөзін, ұлттың тағдырын сол деңгейде ойлайтын ақынғана айта алады. Иран-Ғайыпта да антологиялық сирек өлең жеткілікті. Соларды тізбелемей-ақ, соның бірін Сізбен бірге оқыық:

...Оқыранды белдеудегі арғымаң –
Отырды шал немересін алдына ап.
«Біссіміллә!» деді ақ кемпір ақырын,
Сырқат жеңген сүйектері саудырап.

Кемсөң қагып, кимешегін дұрыстап,
Төсегінен тұра берді жылыстап –
Шымылдықта шыдамына тұншықты,
Жас келіншек арқа-басы құрыстап.

Кәрі тәбет үре бере үні өшті –
Өшікен үнге ерен екпін ілесті –
Сыралғы әдем тыным бермей түтқага,
Қоңыр үйге ену үшін қүресті.

«Кім болды екен, – десті бәрі, – кешіккен?!»
Қара мақпал сусып түсті бесіктен –
Жалғыз көзді,
Сыңар аяқ,
Шолақ қол –
Жеңіс кіріп келе жатты есіктен!..

Бұл – Иран-Ғайыптың ертеректе жазған «Оралу» деп ататын өлеңі. Тілдің шұрайы жырға шырай кіргізіп, тұтас бір



уақыттың суреті болып көз алдыңа келеді. «Жалғыз көзді, сыңар аяқ, шолақ қол – жеңіс» сонау жылдары қазақтың әр босағасының есігінен енген.

Осыдан бес-алты жыл бұрын Түркі әлемі ақындарының Стамбул қаласында өткен фестиваліне қатысқаным бар. Сонда Шыңғыс Айтматовтың бір пікірі жадымда жазылып қалыпты. «Талантты ақынның өлеңі, мейлі, ол төрт-бес шумақтан-ақ тұрсын, тұтас бір халықтың, тұтас бір мезгілдің тарихын көз алдыңа әкеле алады. Тіпті, әлгі төрт-бес шумақ әпопеяның жүргін арқалауы бек мүмкін», – деп еді сонда ұлы суреткер.

Жоғарыдағы «Оралу» жырының әр жолында қазакы болмыс, ұлттық бояу, шымырқанған шындық бар. Төрт шумақтағы шал да, кемпір де, келіншек те, немере де кәдімгі Сіз бен біздің ауылдың адамдары сияқты. Өлеңнен сағыныштың самалы мұң боп есіп тұрғандай әсер аласың. Таныс, бейтаныс бейнерлер көз алдыңа көлбендейсесе, ол да ақындық қуаттың жемісі. Ақын жырларының динамикасы табиғат, Адам, өмір сияқты философиялық категориялардың иінін түсірмей, иін қандыру арқылы құрылады да, тұтас бір жанды образға айналады. Оған ақындық мінезді қоссаныз, Иран-Файып атты жыр әлемінің ақ бастауына тап боласыз. Бірде суып, бірде қатып, бірде мөлдірей қалатын сол тұманың ешкімге үқсамайтын өз дәмі бар. Сол бастаудың тұнығы мейірінді қандырып, шөлінді басады.

Ұлы Абай хақында жазған Иран-Файыптың «Пайғамбар» деп аталатын ой-толғамы бар. Оқырманмен сыр бөліскен ақынның: «Ақын – қашанда Ақын. Кешегінің ақыны, Бұғіннің ақыны, Ертеңнің ақыны деп ақынды уақыт таразысына салып бөлшектеу – білмestіктен шығады. Шын ақын – көріпкел. Ол – Кешенің де, Бұғіннің де, Ертеңнің де қамын ойлап, қасіретін шегетін ортақ жыршысы. Ақын үшін Уақыт – әрі биіктік, әрі кеңістік, әрі терендік...» – деп ой түйгені бар.

Иран-Файыптың өзі де осы үш өлшемнің тоғысқан жерінен үн қатуды о бастаң-ақ алдына мақсат етіп қойған секілді. Сол мақсаты мұқалмай, арманы аласармай, алпыстың асқарына аман жеткен ақын – Иран-Файып.

Өзі бүгінгі көңіл күйін былайша толғайды:

*Нең бар іске татыр?
Қатыр басты, батыр!
Шақырым-шақырым жақында –
Алпыс келе жатыр!*

*Топаланып оңай –
Опаланып самай:
Отырсам да, тұрсам да –
«Oh... Жаным-ай... Жан-ай!..»*

*Ішік түсіп Бұғім –
Қалмагандай түгім:
Бұрын – ашқөз Нәпсім
Мұлдем тоймайтүгын...*

*...Әлім-тірім – тылсым,
Бүйткен күнім құрсын!
Бары-жогын...Оллаңи,
Сезсем – Құдай ұрсын!*

*Алқын-жүлқын Пәле –
Келе жатыр... Әне...
«Алпыс деген – Тал түс!» –
Дегендерің, кәне?!*

Дүниенің тынышын алып, беймаза күй кешкен Ақынның көңіл күйі.

Иран-Файып еңбегі қазақ қауымына аян. Көрнекті ақын ғана емес, түрлі тақырыптағы бірнеше драмалық шығармалардың авторы. Кейіпкерлері – Шыңғыс хан мен Абайдан бастап Сіз берің бізге дейін. Ол шығармалар жайлар талай айтылған, айтылады да.

Алпыс асуға шыққан асау қанды ақын аға онсыз да мазасыз дүниенің мазасын алып жүргендей көрінеді. Бір-бірімен

ғұмыры қызылышпайтын жолдарға жалғыз көлікпен шығып
бара жатқандай елестейді.

Алпыс деген, Сіз айтқандай, «Алқын-жүлқын Пәле емес»,
аға!

Бері құтты болсын!

Бүгінгі айтар сөздің негізі осы.

«Жұлдыз» журналы.

2007 жыл

ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТЫП КЕЛЕДІ...

«Сол ағалар бар болса, биыл алпысқа толар еді ғой...» Кеше Иран-Файыптың тойында отырып осылай ойлағам. Өмір мынау, заман мынау. Кей-кейде қос қараышығының өзі бір-біріне қитарлана қарап түрғандай ма, қалай?..

Алаштың асау қанды ақынының бірі Дәуітәлі Стамбековті аға тұттым, тірлігінде қасына ерген сәттерім де аз болмады. Жасым отызға таянғанда үй-орманыммен қопарыла көшіп, Жезқазғаннан Алматыға тартқам.

«Әй, Фалымтай-ай, партия мектебі дейсің бе? Дегенмен, келгенің дұрыс болды. Өлеңдерінді жариялат, біреулер балағынан тартып жатса, маған айтарсың», – деді қызуқанды ақын менің Алматыға қоныс аудармақ ниетімді сезген соң. «Келін-балалар қиналып қалмасын, үйге келіп тұрындар», – деген сөзді де қадап айтты.

Жаны жомарт, рухы биік, кіслілігі үлкен, Ақтоғайдың арайын, Тораңғының тоғайын сүйіп өскен арлы ақын болатын. Файбат сөз айтпайтын. Жаны жарық нұрға толы еді. Балқаштан Абзал Бекенов, Қарқаралыдан Серік Ақсұңқарұлы, Жанаарқадан Төкен Әлжантегі, Жезқазғаннан Қасым Орынбетов сияқты қаламгерлердің Алматыдағы «штаб-пәтері» секілді еді Дәүкемнің шаңырағы.

Өзі жайлы жазған өлеңінің:

...Соттады мені қатындар,
Ақтады мені ақындар;

немесе:

Ақынның айтар сыры бар,
Кез емес еді ол жан күйттер.

❖ ❖ ❖

*Достарым менің – ұрылар,
Достарым менің – бандиттер, –*

дей келіп:

*Өлгөндер қайтып келеді,
Тірілер өле алмайды, –*

деп аяқталатыны жадымда жаңғырып отыр.

Фаризаны қастерледі, Мұқагалиды жанындай жақсы көрді.
Қасым ақынды кие тұтты.

– Әй, осы біздің Нұрлан әулие, – деді бірде.
– Қай Нұрлан?
– Оразалин ше?
– Өзі «Егеменнен» одакқа ауысып бара жатып, ұжымға ал-
тысын айтып, қоштасып болған соң «Дәуітәлі-ай, саған қын-
дау болып қалмаса жарады...» деп еді, айтқаны айдай келіп
түр.

Ерке ақынның сан еркелігін көтерген гой Нұрлан досы.

Өзі республиканың бас басылымын басқарып тұрғанда,
Дәуітәлінің айына бір шығатын экология бетіне жауапты
етіп қойыпты. Ноқтаға басы сыймайтын досын парасатымен
ауызызықтаған, қамқорлығын жасаған.

– Нұрлан азамат қой, – деп үнемі айтып өтті, жарықтық.
...1990 жыл. Желтоқсанның желтең күндерінің бірі. Абай
мен Ленин даңғылының қызылысқан жерінде Алматы Жоғарғы
партия мектебі бар. Кезекті лекциядан үзіліске шықсам,
Дәукең күтіп түр екен. Тұс өлетіне жақын мезгіл.

– Фалымтай, сені тосып...
Сәл шаршаңқы сияқты. Әрі қарай сауал қойғызууды жөн са-
намадым. Сабақтан сыйтылып шықтым. Устіндегі қара күртесі
мен қара шляпасы сәл күреңіткен жүзімен жарасым тауып
тұрғандай. Онсыз да үлкен жанары бетіңе тұра қарағанда, сыр
мен мұңға батырып жіберердей.

– «Алматы» мейрамханасының үстінен барайық, Дәуке!
– Әй, осы сенің айтқызбай билетінің жақсы.

Арада 10-15 минут өтпей, діттеген жерге троллейбуспен салып-ұрып жеттік.

— Кеше сәл болмай қалыптын, — деді Дәукең айғыр стаканмен қызыл шарапты тастап алған соң. — Енді аздал сыралатайық.

Екі саптыаяқ тобылғы торы сыраның алдымызға келгені сол еді. Темекінің тұманына тұншығып, сырахана іші араның үясындағы гүілдеп тұрған. Шеткерірек үстелден қарлығыңқы, құмыққан үн естілді:

...*Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде?..*

...*Қарағым-ау...*

Сәл ашылау басталған әннің бірінші жолын темекінің тұманы демде жұтып қоятын сыңайлы. Қарлығыңқы үн сол тұманмен ерегеске түскендей қайта-қайта «қарғамаулайды». Дәуітәлі ағам әлгі дыбыс шыққан жаққа жалт қарады. Масаң дауыс үш-төрт мәрте «қарғамайлап» саябыр тартқандай болған. Дауыс иесіне Дәукең қарагыштай береді. «Қарғамайлаған» сұлба көк тұманның арасынан арылып, бері қарай жүргендей болды. Үстіндегі көне тонның түте-түтесі шыққан, шалбары мыж-мыж, аяғына шұлықсыз жазғы шәркей іліп алыпты. Оң жағының шашы жоғары көтеріліп кеткен, үйпа-түйпа. «Сайтан су» сайқымазақ еткен, кір-қожалақ біреу.

— Құдай-ай, мынау Аманкелді ғой! Такси ұстап үйге тартайық, Фалымтай.

Дәукең дереу әлгі жігітті жетелеп біз тұрған үстелге өкелді. Ақсары жігіттің көздерінде мағына, тірлігінде мазмұн жоқтай көрінді маған.

— Өй, жынды, мына жүрісің не? Қөптен көрінбеп едің, қонақ боласың үйге, қазір «Қазақфильмге» тартамыз.

Аманкелдіде үн жоқ. Тіпті, Дәуітәлінің жыға танымай тұрғандай көрінді маған. Алдындағы сырадан бірер рет ұрттаған болды. Дәукеңнің манағы «сырқаты» демде жоқ болып кеткендей. Құдайдың құдіреті, шайқалған шарап та, тобылғы торы сыра да жайына қалды.



— Кеттік, кеттік, — дей береді дегбірсізденіп.

Үшеуміз көшеге шығып такси ұстадық. «Қазақфильмге» тартып келеміз. Әбден қажыған Аманкелді мызғып кеткендей болды.

— Ұйықтасын. Бес-он минут болса да, қазір бәрі жақсы болады. Бұл — қазақтың ұлы әншісі Аманкелді Сембин ғой, нағыз талант...

Дәукең ауыр күрсінді.

Енді мен де елең еттім. Ла-Скалада оқыған, итальян әншілік мектебінен дәріс алған опера әншісі Аманкелді Сембин жайлы билетіндерім бар еді. Аса көркем жігіттің суретін мектепте оқып жүргенде журнал мұқабасынан көріп тамсанғам. Арада біраз жыл өткенде осы жағдайда кездесем деп кім ойлапты онда?

Үйге келдік. Дәукең үйі үшінші қабатта.

— Фарида, қонақ келді, казан көтер, қазы-қартан бар сияқты еді, ас бәрін.

Алғашқыда сөл аңтарылып қалған женешем ас қамына кірісті.

— Аманкелді, сен ашыған көже іш, өзім жасағам. Сосын бір сағат ваннаға түсесің... Өйтуп-бүйткенше ас та даяр болады.

Дәукең сейлеп жүріп құйып берген бір шара көжені басына бір-ақ көтерді Аманкелді.

— Киімдерінді шеш, су ағызып қойдым. Сөл шаршап қалған ғой, қалпына келтіремін мұны. Сен асықпа, тура бір сағат жуын!

Дәуітәлі ағам балаша дегбірсізденіп кетті. Аманкелдінің барлық киімін жинап алып, даладағы қоқыс жәшігіне салып келді.

— Ішкиім, нәски дайында! — деп қояды женгейге. Өзі шалбар, жемпір өзірлеп әлек.

— Ағаң өзі әліне қарамай модный киінеді, қоңыр курткам, күздік етігім бар, кигіземін бәрін, Дәуітәлі Стамбековтің үйінен бұл жындыны Аманкелді Сембин етіп шығарамын.

Арада бие сауым уақыт өткенде жуынып-шайынған ұлы әнші буы бүркырап қасымызда отырды.



– Мынаны тартып жібер, – деді Дәукең, – қазір ас ішеміз. – Ақаңдан жұз грамм тартты өнші. – Енді тамам, ерекше жағдайдаған.

Ас келді. Қазы-қартаны жүқалап турап, пиязы мен бұрышы аралас сорпамен тұздықтап үшеуміз жеп отырмыз. Құрт езіп, сорпа берді Дәукең. Назары Аманкелдіде.

– Бұл езі біздің Ақтоғайдың жылқысының еті. Мына сорпадан тағы бір кесесін тарт! Барлық аурудың емі, – дейді Арқаның ақ самалындаған ақын.

Тамақ ішіп болған өнші бой-бой бол терлеп қоя берді. Дәукеңнің қонақ бөлмесіне жерге салынған жайлыш төсекке үшеуміз де біраз уақыт үнсіз жатып үйіктап кетіппіз. Оянсак, жеңгей де, балалар да бір шаруамен кеткен бе, үйде болмай шықты. Кешеден қалған сорпаны ішіп, қою күрең шайды сорпап тағы біраз уақыт өтті.

– Мен қазір қыырдақ қыырамын, – деді Дәукең. – Аманкелдіге бар өнерімді көрсетіп қалайын. Сен агаңмен ана жақта әңгімелесе түр.

Аманкелді ағам да кешегідей емес, жуынып, киінген, сәлпел қаны жүгіре бастағандай. Сонда да әңгімеге зауқы жоқтау. Ақсары реңіне жарасқан тұңғиық көздері қадалған нүктесін жутып қоятын сияқты.

Әне-міне дегенше Дәукеңнің қыырдағы да дайын болыпты. Бұы бүркүрап түр. Қашан, қайда жүріп үлгергенін білмеймін, үш литрлік банкімен сыра да әкеліп қойыпты.

– Енді мынадан бір-бір кесе тартамыз, сосын қыырдақтың әкесін көрістіреміз, – деді Дәукең. Солай еттік те.

Кешегідей емес, Аманкелдінің тәбеті тәуір. Майы мен еті аралас тағамды бізден қалыспай сүйсіне жеді.

– Аманкелді, сыраға қалайсың?

Дәукең досының бетіне барлай қарады.

– Ашыған көжек дұрыс-ау деймін, Дәуке!

Дәуітәлінің мәз болғанын көрсөн.

– Айттым ғой бәрі дұрыс болады деп!

Тамаққа тойған өнші ағам диванға барып, жастыққа базы тигені сол еді, қор ете қалсын. Үш-төрт сағат жайынан

ұйықтады-ау деймін. Ояна салып ашыған көже сұрады. Одан үлкен бір кесесін тартып алды да, жуынуға кірді. Тап кешегідей бір сағат болды-ау деймін. Жұынып, шайынып, шырайланып шықты.

– Бұгін күн сенбі, осында қонамыз, – деді Дәукең.

– Мен енді... – дей беріп едім:

– Әңгіме айтамыз, бұл өзі саған керек болады, – деп кесіп айтты ағам, жібергісі жоқ.

Сол түні екі ағамның ортасында жатып таңды көзбен атырып едік. Өнер, өлең, тағдыр, кіслік пен пенделік, бақастық пен адамдық жайлы кереғар ұғымдарды тілге тиек етіп, сырсандықтың пернесін басқандай ғажап бір күй кештік. Сол ағалармен өткізген екі түн, екі күн менің жадымда жаңғырады да тұрады.

– Үй осы, қысылма, кез келген уақытта келіп тұр, Аманкелді, – деді Дәукең сөл мұңайған кейіппен бізді аялдамаға шығарып салып тұрып. Ұлы әнші Аманкелді Сембин мұнтаздай таза қалпында досын бетінен бір сүйіп, автобусқа асығыс мініп еді сонда. Енді мені шығарып салмақ болып аялдамада тұрған Дәуітәлі ағам Аманкелді досы кеткен автобусты көзімен ұзатып салып, мұңлы бір күйге түскен. Не ойлады екен сонда?..

...Адуын ақын Дәуітәлі Стамбеков те, ғаламат әнші Аманкелді Сембин де фәниден бақыфа озған. Біреуі Ақтогайдың, екіншісі Сарысудың баласы ғана емес, алақанға салуга тұрарлық, Алаштың аққудай арманы бар аяулы ұлдары еді. Жұлдызы жарқырап тұрған ағаларым еді менің! Зиялымсып жүріп үрпаққа зиянкестік жасайтын куыс кеуделердің әнбес дауы өршіген сайын менің ойыма өнерім, өмірім деп өткен қос боздақ ағам түседі. Олардың бір-біріне деген жанашырлығының, достығының белгісіндей екі ағаммен бірге өткізген екі түн, екі күн түседі.

...Өткен аптада Маралтай екеуміз Балқашқа барып қайтық. Облыстық ақындар мүшәйрасына қазылық жасап. Қарағандыдан Ақсұңқардың Серігі келді. Дәуітәлінің ел-жүрті алдына, әкім-қараларға осы өңірде биыл күзде «Дәуітәлі күндерін» өткізуге ұсыныс жасадық.



Қазақтың ғажайып ақыны Дәуітәлі Стамбеков алпысқа келер еді биыл. Ұлы өнші Аманкелді Сембин досы да...

*Өлгендер қайтып келеді,
Тірілер өле алмайды...*

*«Кентавр» газеті.
2007 жыл*

«...ТАБИФАТҚА ӨЛЕҢ АЙНАЛАР»

Қасиетті Шыңғыстау мен киелі Қарқаралының арасында Берікқара атты тау бар. Біздің ұлы даланың маңдайына біткен таулар секілді бұл да мажар, бағзы тау. Тарбағатай сілемдерімен ұласып жатыр. Сонау палезой заманында қалыптасқан.

*Бір тау бар біздің елде – Берікқара,
Тұрады жақын жерден төніп қана.
Алыстан меммәндалап шақырады,
Дегендей құпиямды келіп қара.*

*Қызылжал – бір қойнаудан үн қатады,
Қызарып сол бір Жалға күн батады.
Қазақтың қара өлеңін, құлақ тоссан,
Ескен жел Қараөлеңнен тыңдатады.*

*Жабырқап біреуді іздең Жал тұрады,
Бір мезет көкірегіне ән тұнады.
Жазықта Ноха қажыға ас берілген,
Арқаның шертпе күйі тартылады.*

*Қалады сол жагымда Абыралы,
Аршадан әшекейін тағынады.
Үқсатсам сол тауларды киіз үйге,
Ақбік – ақ орданың шаңырагы.*

*Жалғызтау оң жагымда қарауытып,
Мәрәмік үшікан құсташ ән ағытып.
Қашагын кеңге жайып Берікқара,
Тұрады жылда мені дара құтіп...*

*Аймалап айналаңды самал келіп,
Ақ бұлттан кигізіпті далам бөрік.
Тау едің қасиетті, кие қонган,
Тәу еттім, Берікқара, саган келіп...*

Осы Берікқараның бауырында өскен Баукеңнің өлеңі бұл, Бауыржан Жақыптың.

Біздің дархан халықта өр өулиесіне бір-бір биік, әр ақынына бір-бір тау сыйлайтын (атын беретін, телитін) дәстүр бар емес пе еді. Сексенінші жылдары әдебиетке келген буынның ішінде серілігімен де, сергектігімен де, сыршылдығымен де өзі де бір биік Бауыржаннан аярым бар ма, баяғының шайырларынша шалқыма көңілмен осы тауды саған қидым дейін десем, бұл екеуінің тарихы тіпті арыда жатыр екен.

Бұрын Құран Кәрімде айтылып, кейін ғалымдар ашып, таудың да тамыры болатынын білдік. Бауыржан Жақып – сол Берікқараның тамырына берік байланып, түп-тұқиянымен бітісіп, тұтас болмысымен жымдастып кеткен ақын. Жоғарыдағы өлеңінің өзінен соны аңғаруға болады.

Берікқараның қызылқоңыр топырағы жүзіне қызылкүрең шырай беріп, селеулі беткейлерінен селдір шашына дейін аумай қалған. Есте жоқ ескі замандарда Берікқараның батыс бөлігі силур (палезой кезеңдері) жыныстарынан түзілсе, Бауыржанның болмысы сақ заманындағы салқам сезімдерден («садағындай боп сақтардың»), Берікқараның шығысы девон кезеңі жыныстарынан болса, Бауыржанның жаны Дешті Қыпшақтың дауылпаздығынан («жарқ етті наизагайларым, қыпшақтың қылышындағы боп»), Берікқараның енді бір беткейі ордовик кезеңі жыныстарынан болса, Бауыржанның табиғаты ортағасырлық түркілердің тектілігінен («Көктүріктің мәңгі тірі рухымын») туғандай. Ақынның Қызылқұмның жеріндегі «төрт мың жыл бұрын болған гуманоидтардан» бабасын ізден журуі де төрт жұз миллион жыл бұрынғы кезеңдерде қалыптасқан тауды сүйіп, тасын маңдайына басқандығынан да шығар.

Табиғат лирикасының талғампаз жыршысы Бауыржан Жақыптың түпкі дүниесі, түңғиық сыры – осы Берікқараның



бітімінен-дүр деп білеміз. Сол таудың тағдыры ақынға көшкендей, сол таудың зар-мұңын ақын арқалағандай, сол тауарқылы бүкіл қазақ даласын жырлайды, сол Берікқараның өзі болып үлан-ғайыр байтақ өлкені кезеді.

*Қылаң беріп қырды асқан мынау таңдар менікі,
Мынау өзен, мынау көл, мынау талдар менікі.
Ай мүйізі нұр шайқап, күн арқандар арқарлар,
Шыңдарына шыршалар шыгар таулар менікі.*

*Жасын жыры менікі, жаңбыр әні менікі,
Жагажайдың балауса балқурагы менікі.
Дөң маңдайлыш, тұма көз құба жазық менікі,
Жыра қазып жол ашқан тау бұлагы менікі.*

*Қызыл-жасыл гүлдері, шалғыны да менікі,
Адамдардың сан қылыш тағдыры да менікі.
Ақын болып туган соң, жырлау керек бәрін де,
Аспан асты, жер үсті –
Барлығы да менікі! («Ақын монологі») –*

деп таңбасынан танып, ен салып еншілейді де:

*...Шөкімдей ақ бұлт көрсөң көк жүзінен,
О, жүртүм, менің жырым деп ойлагын;*

немесе:

*Көкөрім шыбық көрсөң көктемеде,
Ойларым ол да менің бүршік атқан;*

яки:

*Уақытты шырқ үйірген қүйын көрсөң,
Ішінде сол қүйиңниң өлеңім бар;*

¤ ¤ ¤

...Көл көрсөң көз алмаган түнгі аспаннан,
Дүние, мені есіңе бір аларсың... («Элегия»);

болмаса:

Даламын – мен, созылған даламын – мен,
Баяу ескен самалмен аламын дем.
Көк жүзіне аударып көл көзімді,
Ойга батып кей кезде қаламын мен («Дала»);

тәғы да:

Таумын – мен, аспан төсін еркін емген,
Күйлерін биіктіктің шертіп, өрген.
Ешқашан аласармау – шыңдарымның
Алдында құдіреттің серті берген.

Тәкаппар түлгам осы төмендемес,
Сол түлгам тұтасымен өлеңге көш.
Шоламын қарауылдай кең даланы,
Қыраттар мен көргенді көрем демес («Тау»);

одан соң:

Аспанды демім шарпыған,
Бұлттын – мен көкте қалқыған.
Анага құштар сәбидей,
Жетем деп күнге талпынам («Бұлт»);

ары қарай:

Қынамын – мен, қынамын,
Койтасқа өрлеп шығамын.
Жабысып жартас басына,
Кайызғақтанып тұрамын, –

деп сол табиғаттың өзіне айналып (құдайым-ау, ең ақыры қынасына да), «мен – бір жалғыз сөүлемін жерден өнген», «мен – бір жалғыз тамшымын шөлдеп өлген» («Жалғыз»), «ұшып бара жатырмын құсқа айналып» («Ақмешіт») деп, табиғаттың өзі болып жырлайды. Жырлағанда, жағалауда тұрып жарқабақты ұрған толқындарға, етегінде тұрып, жел мен жаңбыр тоздырыған шындарға, саясында тұрып, жапырағын самал ойнатқан қайындарға қарап, сүйсініп жырлаушы ғана емес, сол жарқабақ болып, сол шың, сол жапырақ болып түйсініп жырлайды Бауыржан Жақып.

«Аспаны – ұлы суретші», «аспаны – фотограф» («Ақ нөсердің астында»), «күні – альпинист» («Жасыл әлем»), «қыраттары – батыр, гүлдері – орден», «тауы – қария», «бұлттары – бәдәүі», «айы – қайық» («Ертіске сыр»), «жанары – объектив, жүргегі – фотоаппарат», «ұшқан бұбұлдары – қарагайлардың әндереі» болатын ақынның мәңгі жас, мәңгі жасампаз сұлу әлемі сүйсіндірмей, сұқтандырмай қоймайды. Оның әлемінен енгің келеді, бірге ілесіп жүріп, үзеңгі жолдастықпен, үзілмес сыйластықпен сапар шеккің келеді.

Ол жырлағанда – дүние өзгеше. Ол жырлайтын «көк жота, қызыл адыр, күрең белі, тойған қозы секілді дөңдерімен» ат бауырымен шық кешіп кезгің келеді еken кең дүниені.

*Тербелін Оңтүстікті, Арқаны үнмен,
Қазақтың қоңыр қүйін тарта білген,
Алтайдан кең көсілген Атырауга,
Сүйемін кең даламды жан-тәніммен*
(«Менің далам»).

Осылай деген ақын «түйе таулары түрегеліп кетердей» байтақ даланы суреттегендеге, сағым көшкен сар дала сана түкпіріне шөге береді, шөге береді. Осы бір өлеңінің өзінде жусаны мен бетегесі, жыланшөп, түйетабан, жалбызы, құлқайыр, итошаған, киікоты, сүттіген, атқұлағы, ханқызы, қарақат, бұлдіргені, долана, жиде, мойылды, шиі, қамысы, терегі, үйенкісі, қайыңы, ыққыны, көкбедесі, шыршасы, аршасы, селеуі,

сасыры, қияғы, шытыры, тобылғысы, қызғалдағы, сарғалдағы, тораңғысы, қарағаны, жантагы, адыраспаны, кекіре, ерменқурай, мендуана, қырықбуын, шашыратқы, изені, айғыржұа, итмұрыны, сорасы, есекмия, дерменесі, ақ шеңгел, қара шеңгелі, рауғашы, қымыздығы, көүілі, бидайық, жыңғыл, мыңбас, жолжелкенін сыйдырып, сүйдіріп үлгереді. Енді бақсақ, сол даланы сүйдіріп, сол далага ғашық еткенде, тандансын, тамсансын демеген екен, толғансын, тозғанын көрсін, зарын естісін деген екен оның жүрегі. Бауыржан болып сол даланың әнін айтса, Берікқара болып зарын айтқан екен.

*Құлпырган құлан жазық, құмай белің,
Шыңғыстау, Абыралы, шурайлы едің.
«Сол багың қайда кеткен бастан үшіп,
Сол шагың қайда кеткен?!» – сұрайды елің...*

*Жазығың бұрынғыдай гүл тақпаган,
Төсіңді қайғы басып, мұң қаптаған.
Мен де енді өзің болып толғанайын,
Тозған жер, жүдеу өлкем, сырқат далам, –*

деп кешегі зұлмат жылдардың зардабын, долы қолдардың даланың алқымында қалған қанды ізін көрсетеді. Алдында тау болып жырлағанында тауға айналғандай күй кешсек, енді Дегелен қандай зарын айтқанда жауға айналғандай қуыстана бастайсын. Дегелен тауы былай деп жырлайды:

*...Ақша бұлт басымдагы сенсең еді,
Үлдарым – шоқыларым еңсели еді.
Тіл бітті бүгін маган, бәрін де айтам,
Ей, адам, сен сенбесең, жер сенеді.*

*Күлмін – мен, тау емеспін, үйіндімін,
Шертіліп жатыр соңғы қүйім бүгін.
Сан алуан дүниедегі таулар үшін
Көтеріп түрмұн тірлік қыындығын.*

Қекірегім, күл болсам, тола жара,
Қасымнан қоныс тепті «мола» жаңа.
Жүргегім соқпайды енді, демім бітті,
Ей, таулар, жиналыңдар жаназама!

Дегелен Әберікқараны жаназасына шақырғанда, ақын оқырманына оны қалай айтпасын?! Ескертпеде өзі де көрсеткеніндей, Дегелен тауының астында ядролық сынақтар нәтижесінде көп мөлшерде радиоактивті қалдықтар қоймасы қалыптасқан. Өз қуатын мындаған жылдар бойы жоғалтпайтын плутоний газы бір кездері жер үстіне жарып шығып, аса қауіпті апат болуы ықтимал екен.

*Өң жоқ, тұс жоқ ажарымды
Көз жасыммен сулап та алғам.
Тыңда бәрің азалы үнді,
Тогаймын мен құрап қалган.*

*Тіршіліктен кенде қалдым;
Тамыз көзден тұсті көп шық.
Ей, жүмбақ дерт, меңдеп алдың,
Құ тіземді құштым өксіп, –*

деген қураған тоғайдың соңғы сөзі сай-сүйегінді қалай сырқыратпасын?! Сұлулықтың артындағы ұқынсыздықты, ұқынсыздықтың артындағы өмір үшін күресті жырлайды.

*Мен – боз даламын!
Қоршалдым.
Дүмпүлерден тозды алағым.
Орыны тілім-тілім сорға айналып,
Сагынып жатыр көлім қаздар әнін.*

*Мен – боз даламын!
Жылайын десем, жасым жоқ,*

Тараійын десем, шашым жоқ.
Әлдекімдердің қолымен
Көкірегіме басылды от;

немесе:

*Құдайга жылап, табындыым:
«Қайтар, – деп, – титтей жүрнағын
қуатты ағынның».*
*Бітеліп қалған көздері ашылар ма еді,
Мен түс-түстан демейтін бұлақтарымның.
Айқайласам ба шыңғырып өктем,
Толар ма еді арнам тек сонда ындыны кепкен?!
(«Тартылған өзеннің мұңы»);*

немесе:

*Айдала – тозақ,
Айналам – азап,
«Құтқар!» – деп Айга жалындыым.
Мойнымда – қамыт,
Койнымда – тамқұ,
«Құтқар!» – деп Күнге табындыым.
Баладай өксіп жылаймын,
Қашанғы мен де шыдаймын?!
Жер шарын кезіп жүрейін,
Барамын қайда?
Молага барып түнейін... («Желдің жоқтауы»).*

Міне, осылай дала шаттығының симфониясы дала қаси-
ретінің реквиеміне айналады. Ақын соны айтады, соны жыр-
лайды.

Біз бұл мақалада Бауыржанның ғылым көкжиегіндегі же-
тістіктерін, атақ-абырой, марапат-мадақтарын сөз етуді мақсат
етпедік. Сол жетістіктерінің бәрі, түптеп келгенде, ақын жы-
рына қызмет ететіндей елестейді маған.

Бауыржан Жақып поэзиясы, оның табиғатты жырлаудағы лиризмі мен трагизмі, оның формалық, мазмұндық жаңашылдықтары, оның қазақ өлеңінде әже күльтін биік деңгейге көтергендігі, сан қылыш кезеңдер жыныстарынан туратын Берікқара секілді сан қырлы, сан қатпарлы Бауыржан Жақып болмысы, табиғаты жайлы әңгіме енді айталағы. Бауыржан Жақып кешіп келген елу жыл Берікқара тауы кешкен бес жүз миллион жылдай мазмұнды, мағыналы деп білеміз.

*Бауыржан Жақып,
Бауыр баласың,
Балаган жырды дауылга Қасым.
Жаныңды, жаным, жүрт қайдан ұқсын,
Ақындық дерптен ауырмагасын.*

*Сапарда сені сынап елеңдер,
Қасқа бұлақтар,
Құба белеңдер.
Шыңғыстан шыңға қанат қагады –
Қазаққа біткен қыран өлеңдер.*

*Өнерге іштей бекіп таласың,
Жететін жерге жетіп қаласың.
Агалар асқан асыл асумен
Ауыллыңа қарай кетіп барасың.*

*Ақынға Алла ақ гүмыйр берген,
Сорын да берген,
Шаттығын берген.
Естелік болып есілсін өлең –
Тіршіліктегі тәтті күндерден.*

*Аспаннан ақың,
Жауыннан жақұт,
Іздейсің білем дауылдан бақыт.
Ататын таңды аялап бүгін –
Жыр оқиыншы, Бауыржан Жақып!..*

ӨЛЕНДІ КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

«Анық ақынды арашалайық»

Өлең, әдебиет атаулыдан сөл мақұрымдау инженер досым бірде мынандай әңгіме айтты:

— Кеше бір үйде қонақта болдық. Отырыс сондай қызықты өтті. Оnda уш кісі, сосын бір ақын болды...

Бәлкім, ол осы сөзді ойланбай-ақ айтқан шығар. «Ақын кісі емес пе?» деген сұрақ көкейімде кептеліп қалды. Бірақ онсыз да жан дүниесі жүдеу әкімсінген мықтыға ақынның шынында құбылыжық болып көрініп мүмкін. Өмірде осыған үқсас жәйттерді жиі кездестіреміз. Бұған әлде ақын атын жамылған, көздері кілегейленіп, өзбуына өзі ісіп-кеуіп жүрген, шеттерінен «ұлы», мақтаншақ ақынсымақтар кінәлі ме? Әлде бар-жоғы 2-3 мың дана тиражбен шығып, дүкен серелерінде шаң базып тұрган, ішінде іліп алар бір шумағы жоқ сапасыз жыр жинақтары кінәлі ме? Бір ақиқаты – поэзияның жанкуйерлері жоғалған жоқ. Бірақ олардың сенімі сұыса, 2-3 мың тиражға да зар болып қалуымыз мүмкін-ау.

Рас, Сәкен Иманасов мақаласын ашынып жазған. Бірақ ашыла қоймаған. «Ендеше өз арбамызың әңгелегін дәңгелете алмай жүрген бізге белгілі бір нақты халтурщик, езбелердің атын атап, түсін түстеуден құдай сақтасын. Әуелі басқалар айтсын. Жаманатты болып неміз бар?»

Көрдіңіз бе, көбімізді осы пиғыл мендеп, қазақ өлеңінің көсегесін көгерпей, арамшөпті қаулатып жібергенімізге талай уақыт өтті. Әрине, ол кеселді індеть оңай емес.

Ақын – өрісі кең, өресі биік ойдың иесі. Өз елінің өмірбаянын да жазып, жасайтын солар. Ақындық деген біз үшін сұлулық пен нәзіктіктің, елдік пен ерліктің символындағы көрінеді.

Ендеше қазақ өлеңінің бағаналы бәйтеректерінің бірі, төкпе талант Гафу Қайырбеков ағаларымыз әдебиеттің «Әбулақаптарына» неге көңілжықпастық танытады? «Алуан-

алуан жүйрік бар, өліне қарай шабады» деген мақал халтурщик пен графомандарды қорғау үшін шыққан жоқ шығар. Талантсыз болса да «өлең», оған қоса арыз жазып жүрген «Әбулақаптардан» гөрі оқырманға қасиетті өлеңді өмірінің барометрі сияқты көретін, соның тауқыметін бір кісідей тартып, тапқанын пәтерақыға беріп жүрген Аманхан Әлімов, Әбубекір Қайрановтардың өлеңдері керек.

Сыңаржақ «сын» өлеңнің мереейін өсірейін деп жүрген жоқ, ақынның беделін өшірейін деп жүр. Осыдан біраз уақыт бұрын ортақол ақын Әбубекір Нілібаевтың республикалық үлкен газеттердің бірінің бетінде бүгінгі қазақ поэзиясының талантты өкілі Иранбек Оразбаевтың республиканың Мемлекеттік сыйлышына ұсынылған жинағынан бірде-бір жібі түзу жол таппай, жалпақ жүртқа жар салғаны нені көрсетеді? Бұдан кім үтып, кім үтылды? Құдайлышын айтсақ, Ә. Нілібаев Иранбек жырына тек «куйе» жағуды мақсат етіп қойғандай көрінеді оқырманға. Бірақ оқырман үшін Әбубекір – Әбубекір де, Иранбек – Иранбек. Бір қызығы, Иранбекті Әбубекірге, Жарасқанды Мыңбай Рәшевке «сойғызып» қойып, ауыздары дуалы ақсақал, аға ақындарымыз неге қарап отырады? Шындықтың жүзіне тұра қарап, жөнін айттар бірі жоқ па? Сөйте тұрып, биік мінбелерден, жасымыз бар, көріміз бар, «Әдебиет – ардың ісі» деп мақалдауға жүйрікпіз. Әдеби әлеуметтік әділеттілік іздейміз және.

Жарасқан, Қеңшілік, Иранбектердің қатарлары «тоқырау заманына тап болып тұншыққан буынбыз» дейді. Ал бүгінгі жас ақындар ше? Жариялышы қеліп, алдарынан ақ жол ашылып түр ма? Әрине, таланттыларын айтып отырмын. Аракідік болмаса, творчествосы талқыланып, бағасын алып жатқан оларды да көрмедік. Баспалар ондаған, жиырмалаған жас ақындардың өлеңдерін топтап, «коллективтік жинақ» дегенді тәжірибеге мықтап енгізді. Бұл не? Поэзиядағы арендалық-мердігерлік әдіс пе? Әлгі жинақтарда жүргендердің қайсысы ақын, қайсысы жолбике екенін оқырман түгіл, әйдік сыншыныздың айыра қоюы екіталай. Қазір әнебір жылдары шығатын ортақ белбеулі жеке-жеке «Тұңғыштарға» да зар болып жүрген жағымыз бар.



Біз астанадан алыста тұрамыз. Жазғанымызды оқып, пікір білдірер орта жоқ. Қазақстан Жазушылар одагының Қарағандыдағы облысаралық бөлімшесі жезқазғандықтарды үмитқалы қашан. Арыз жазбасақ та, тәнірге жалбарынып жүріп, бір баспатабақтай өлеңдерімнің 1988 жылы «Жалын» баспасынан шыққан жинаққа енгеніне шүкіршілік етіп отырмын. Жырымымыз жарамды болса бағасын алар, болмаса ауылда жүріп ешкіммен бет жыртысар жай жоқ. Мен мұны келесі кітабыма пайдасы тиер деген мысық тілеумен жазып отырған жоқпын. Ауылдағылардың жайы осындай болғанда, Алматыдағы менің ақын бауырларым, құрдас-достарымның ақжолтай болып жүргені шамалы.

Талантты жас ақын Әбубекір Қайрановтың:

...Ей, Алматы – астана,
Сен үқсама басқага.
Аталарды тастама,
Боталарды жасқама, –

деген өлең шумағынан өдебиет ауылына ат басын тіреген көп ақынның, жанарлары жаудырап жүрген талай талантты жігіттер мен қыздардың жайын үфуга болады. Олар сонда да ешқайда арызданбайды. Хал-қадарынша өлеңдетіп, оқырманды елеңдетіп, алдағы күндеріне сеніммен қарайды. Олардың ішінде де кездейсоқтары бар шығар. Ондайларды бүгін тезге салмасақ, ертең бой бермей кетуі мүмкін.

Поэзияны жүйрік поезға теңесек, оның вагондарына билетсіз де жармасатын тентектер жоқ емес. Ревизор мен жолсерік уақтылы тексерсе, оларға айып ақша төлетіп, кез келген станциядан түсіріп кетуге болады. Әйтпесе әлгі билетсіз қулар вагонның ауасын тарылтып, бірде тамбурға, бірде үшінші сәкіге тығылып, біраз жерге баруы мүмкін. Өлеңдегі жағдай да осыған үқсайтыны даусыз.

Бір кезде Маяковский: «Ей, аспан, қалпағыңды ал, мен келемін!» – деп құркіреп жыр оқығанда, біреулер ішек-сілесі қатқан болуы да мүмкін. Ол сонысымен поэзияға айналып, ғасырларға жол тартқан жоқ па? Енدهе, өлеңнің қорғаушысы – Уақыт та, ақынның қорғаушысы – Ар. Сөзімнің соңын мына бір жыр шумақтарыммен аяқтағанды дұрыс көрдім:

Неге осы мен әлсізбін, күйгелекпін,
Ұсынбайды оп-оңай сыйды ерек күн.
Жарықшагы қалғандай жүргегімде
Лермонтов пен Пушкинге тиген оқтың.

Қайғы болып бұл тағдыр талайлы үлга,
Жеткізбеген арманга, арайлыма.
Жен ішіне тығылған жұдырықтар
Басын жарған кезінде Абайдың да.

Сезімге ерік ақылың бермегенге,
Мақсаттауга не жетсін өрлегенге.
Құлагердің тасада жолын тосқан
Батыраштар әлі де өлмеген бе?..

Ей, жүргегім, жылама, бүлқын, егес.
Болып кетер бұл жалған бір күн елес.
Ілиясты, Сәкенді, Бейімбетті
Бәйіт айтып тірілту мүмкін емес.

Тереңінде тербелген галам әні,
Өлеңдері аққудай таранады.
Мұқагали марқұның жыр бәйгесін
Көзі тірі көкектер неге алады?

Көкірек ояу, сана сау, тірімін деп,
Мықтылардың жүрсін, дос, бірімін деп.
Шыңғыртып бір айтпасаң – шындық жетім,
Жалғандықça жанаспау – үлү міндем...

...Абзal іні, зиялы, тамаша ага,
Жабы міnez сендерге жараса ма?
Өлгендердің бағасын үрпақ берер,
Тірі ақынды, адамдар, арашала!

«Қазақ әдебиеті» газеті.
1989 жыл

БІР ӨЛЕНІМ БАР ЕДІ...



Дүние қарап тұрсам дара шыңдай,
Көзімнің ағы менен қарасындай.
Сездірмей арығанын тың жортатын
Алаш та аргымақтың баласындай...

Тағдыр боп таланына талайлының,
Аман бол,
Арғымақ жыл,
Арайлы күн.
Қарышта қазағымның даласында –
Шайнаған ауыздығын қара айғырым...

Дүние, құпиянды осы үқтыврдың,
Үстінен күн ағады жосып қырдың.
Шарт түйіп жал-құйрығын,
Аламанға –
Тұрқы ерек тұлпарымды қосып тұрмын...

АЙМАУЫТОВ ТОЙЫ

Құстардың өуеніндей қайтардағы,
Жайқалсан, жарық күннің, жайқал бағы.
Намысың нар шектірген қайта оянды,
Арысың, Аймауытов ай таңбалы!

Әуелде жаратқан соң дарынды ғып,
Алдыңнан тұрмайды екен бағың күліп.
Ұлтымда ұшар шындағы ұл сыйлаған,
Жұртында Дәндебайдың қалың Құлік...

Аптықпай салсаңыздар артқа назар,
Тағдырмен тасмандағы тартқан ажал.
Қазақпен қайта бүгін табысқандай
Күнікей, Ақбілек пен Қартқожалар.

Тапсырсаң ұрпағыңды бір құдайға,
Жандарың жаһаннамда шырқырай ма?
Бағыңа Жұсіпбектер тумағанда,
Қазақтың ұлты қайда,
Жұрты қайда?..

Көргенбіз басымыздан қайғы озғанын,
Қалмады қай қыырда қай боздағым?
Аймандағы Аймауытов бастап келді
Алаштың арда туған Айбоздарын.

Шындығың шықпай қалса шырайыңнан,
Сүмдығын көрген күннің құдай үрган.
Айналдым Аймауытов айдай тұлға,
Қазақы қара сөзден қыл айырған.

Қанатын кең дүниеге жайғанда азап,
Қайрағы қасиетіңдің қайралған шақ...
Ескерткіш құтты болсын, Ертіс-Баян,
Тойларың құтты болсын, қайран қазақ!..

АҚЫННЫҢ СОҢҒЫ ОЙЫ

Өртеніп, жанып барам, құйіп барам,
Ей, жүрек, соға тұршы, ұйықтама.
Аман бол, аппақ уыз, ақ зер өмір
Жолымды ортасынан түйықтаған.

Таңдардан алабұртқан өлең ізден,
Таулардан қарауытқан өлең ізден.
Атом ми жарылыш бір кететіндей,
Жүруші ем текті жыр мен мен егіз деп.

Өсектер жыбырлақтар ұға алмаған,
Ақын ем Махамбет деп ұрандаған.
Мені де дегеніне көндірмек пе
Сүм ажал тұлкі болып бұландаған?

Ей, ажал, білем саған көнерімді,
Жыミям, жасып өлер дегенің кім?
Мұрсағ бер, қинаң жатыр, қойылмап ед
Нұктесі соңғы жазған өлеңімнің...

Мен күнмін – шапағымның нұры қалсын,
Мен кіммін – оны кейін ұғынарсың.
Мен өлем, меніменен бірге туған
Қазақта бір қара өлең тірі қалсын...

1976 жыл

БИІКТІКТІ СҮЙЕМІН

(*Rasul Famzatovқа*)

Шапқан соң кім жек көрер көсілуді,
Ақберен тұлпар болсаң несі мінді?
Шіркін-ай, ақын жүрек Фамзат өкең
Қалайша тауып қойған есімінді.

Өзіңмен дүр сілкінді жыр әлемі,
Жырларың неткен ойлы, ғұлама еді.
Авардың тауларындай биіктігің,
Әманда тәнті етеді мына мені.

Көніл керек қашанда ақынға ояу,
Шаппасын тек, тау-ага, атың баяу.
...Әуезовке өзінді теңгерем де,
Олжасымды өзіңе жақын қоям.

Қырансың көз жіберген алыштарға,
Тұлпарсың баптап қосар жарыстарға...
Ел-жүртүң осы арқылы танысын деп
Табиғат сені берген Дағыстанға.

Биікке жігіт сендей құлаш үрсын,
Тозбайтын, мұқалмайтын бір асылсың.
Тек Фамзат Җадасаның ұлы емессің –
Әлемге мәшінүр болған Рас-ұлсың.

1973 жыл

ІҢКӨР КӨНЦІЛ

Көктемді толы сезімге,
Достар-ай, жырлап қалыңдар.
Арындаш жүрген кезіде,
Асқақтап айтар әнің бар.

Атқанда арай таң күліп,
Айналып қана кетер ме ек,
Жанында қалсын мәңгілік
Сөүір мен зауза мекендей.

Жарқылдаш жүріп жүздессек,
Жүрекке толар жылы ағыс.
Жауқазын өссе...
Біз де өсsek,
Жиһанға болар қуаныш.

Жаныңдан жауһар жыр есіп,
Сыр бағып тұрсақ ғаламнан.
Қарлығаштармен ілесіп,
Қалқыса көкте ақ арман.

Сендерді көріп жасарғам,
Жаныңдан тауып жарасым.
Ақ таңды сүймеу қашаннан –
Бақыттың білмеу бағасын.

Шуақты жан ғой демес пе ел,
Жігіт бол жүрсек көп-көрім.
...Көктемге ғашық еместер
Өмірge ғашық деп пе едің?!

1976 жыл

ДАЛА ЖЫРЫ

(Сергей Мнацаканяннан)

Қыстактарда тіршілік жоқ өлі де,
Малшы ауылдың қашқан бір кез дегбірі.
Әйел отыр жіп ііріп шәліге,
Құндеріне дайындалып ендігі.

Құла дүздің өз тілі бар қашаннан,
От пен тәңір әлімсақтан жебеген.
Тастарында заңдары бар қашалған
Соқпақтары, сурлеулері көнеден...

Шығыс осы
Шұғыласын таратқан,
Осы күнге аман жеткен кешеден.
Жапан дүзге жар болады Жаратқан,
Алшаң бассаң астаналық көшемен...

Шығыс осы
Арай сүйген дидарын,
Алқабында өмір жатыр жалғасып.
Өмір, бізді жұбаттың да қинаадың –
Армандардың жетегінде алға асып...

Фарыш алаң –
Бұл даланың тағы аты,
Түйелері сахарарада шұбырған.
Байқоңырдың таусылады тағаты
Ракетаның от демімен құбылған.



Тұтіндері түгесілмей тұрған жер,
Миллиондаған ат күшінің екпіні.
Зымырандар көкке бетін бұрған жер,
Кезің болса көру керек тек мұны.

Жаутандайды кең даланың жанары,
Қандай ыстық сол өлкенің құшагы.
Көздерінен кермек тамшы тамады,
Арманыңды ап уақыт бірге үшады...

СЫР

Өз-өзімді сезінгенмен құр аттай,
Бір сағыныш жүр ғой мені шыдатпай.
Аптығамын кенен жырдың еліне
Ақ далаға асыққан ақ бұлақтай.

Шалқар шабыт, сен әманда біргесің,
Армантауға бұрды бетін жыр көшім.
Саған-дағы,
Маған-дағы дос емес
Түсінбейтін ақпақұлақ сырды есіл.

Жолыға алмай оңайлықпен жыр-кенге,
Құндерімді жалғастырып түндерге.
Лаулай алмай,
Қаулай алмай қиналғам
Өзімді өзім ізден таппай жүргенде.

Кейде-кейде шалқар түстей нұрланып,
Кейде-қайда өз-өзіңнен үрланып,
Бір бозарып,
Бір қызыарып жүргенің,
Дүниенің қабағынан сыр бағып.

Жасқанбайтын кезде кейде жасқанған,
Дұшпанымды айыра алмай достардан.
Суық сөзден секем алып, сезінгем
Хатсыз пошта жәшігіндей бос қалған.

Содан кейін гүл-гүл жайнап реңім,
Ертең ерте ізден шығам жыр елін.
Қолға тұрмас сырғымалы сынаптай
Сағат сайын мың құбылған бұл өмір.

ЖӘЙРЕМ ЖЫРЛАРЫ

ШЕЖИРЕГЕ ҮҢІЛСЕК

«Болды ғой, – деп, – Байәділ қасиетті жер тегі...» –
Көнекөздер өткенін аңыз етіп шертеді.

Құлан жортқан құла дүз,
бабалардың көш жолы,
Откен шағы Жәйремнің – біздер үшін ертегі.

Суын ішіп Сарысудың,
киік жайлап қырларда,
Желмаясын желдірген Асанқайғы бұл маңға.
Қара аспанды кіреуке бұл торлаған кезінде,
Жауға аттанған қас батыр, күн төбеде тұрғанда.

Бұл даланың көп қой тым елге айтатын аңызы,
Құм беткейде тұлпарлар тұяғының бар ізі.
«Жайылымнан» шыққан-ау шебі шүйгін болған соң,
«Жәйрем» деген атаудың түп төркіні тәрізи.

Бұл даланың тынбаған тамылжыған әні де,
Касиетті құт мекен тамыр жайған әріге.
Керегетас, Үшқатын, Қужал, Арап, Бестөбе –
Бір-бір тарих, бір-бір сыр жер атауы бәрі де.

Бұл далада бабалар сан дәлелдеп елдігін,
Бұл далада батырлар сан көрсеткен ерлігін.
...Соның бәрін шежіре беттерінен оқисың,
Шын Жәйремді, о, достым, көрмек болсаң кел бүгін.

ЖӘЙРЕМ ТАҢЫ

Жәйрем қандай,
атқан онда таң қандай!
Тұра алмайсың тебіренбей, таңданбай.
Жер астының қазынасы бүйіғы,
Бір-ақ күнде аян болып қалғандай,

Ал, ақынам, таңмен тұр да таласып,
Ерлерді көр салып жатқан қалашық.
Ертектегі Ертөстік пен Толагай
Тап осында емес пе деп қаласың!

Бұл даланың енді ашылды сырды мын,
Аян етіп таңмен еңбек дүбірін.
Естігенде тұра алмайсың селт етпей
Экскаватор, крандардың гүрлін.

Жәйремдіктер бақыт әнін тыңдайды,
Әр ақ таңда еңбек күйі тынбайды.
Карьерден кен тиеген «БелАЗ»-дар
Бала-Жомарт жаққа қарай зырлайды.

Бұла таңмен қолына алып көп істі,
Жасампаздар іс тындырар келісті.
Жәйрем таңы – жай таң емес,
Нұрлы таң,
Сол таңменен нұрланады жер үсті

ЖҰМЫСШЫ ПОСЕЛКЕСІ

Арасы қырат-құмның,
Дей алман асыл жайлы.
Машина, трактордың
Ү-дуы басылмайды.

Вагон үй, барақ үйдің
Айшықты жүлдәздары.
Ізdemес дара күйді
Әр үлттың үл-қыздары.

Бұл маңда қала орнайды,
Арқаның жас еркесі.
Әзірше құбатәбел
Жұмысшы поселкесі.

ҮЛКЕН ЖӘЙРЕМ

Тұған дала, гүлден де жайна бүгін,
Сарыарқаның ырысты аймағы бүл.
Үлкен Жәйрем – қазақтың жаңа Алтайы,
Бұзылмаган жерінің каймағы кіл.

Байлығы сан жылдарға азық өлі,
Ол жайлыш талай жырлар жазылады.
Бүгінгі Жезқазганның жас еркесі,
Құт мекен, Үлкен Жәйрем қазыналы.

...Келер үрпақ, тарихтан сұра мұны,
Жаңғырық бол жылдардың тұrap үні.
Болашаққа адымдап бара жатыр
Жиырмасыншы ғасырдың бір алыбы.

1983 жыл

Ақын Абай 1983 жылдың 17 наурызунда
Алматы қаласында 17 жаста туған Еркесінің
жасау күнінде жазған. Абай 1983 жылдың 17 наурызунда
Алматы қаласында 17 жаста туған Еркесінің
жасау күнінде жазған.

МУХИТТАН ҮШҚАН КӨГЕРШИН

Немесе америкалық қыз
Саманта Смиттің рухымен сырласу

Жапырақ жаяр өндір еді Саманта,
Есімінді ел біледі, Саманта.
Огастудан жеткен жайсыз хабардан
Жылап калды жер жүрегі, Саманта.

Он үшінде өткермедің нелер сын,
Арман-талың жайқалсын да көгерсін.
Мұхит асып, менің туған еліме
Арғы беттен үшүп жеткен көгершін!

Көрдін бізден ортақ БАҚЫТ бар көлке,
Бөлмейтінін ер нәсілге, әр текке.,
...Мүмкін емес Самантаның өлуі...
«Келер жазда келем, – деген, – «Артекке».

Сені ойлаймын оранғанда тау сағым,
Аландаимын талып жетсе көусар үн.
...Кекжиектен қол бұлғайды Саманта,
Жаксылыққа жайып нәзік саусағын.

«Адам.
Адам – емес білсең жай атак,
Дүниені бакқа бөлең, сая тал...»
Деп тіл катар күн кітаптың әр жолы –
Советтердің Одағына саяхат.

Ой-хой, уакыт!
Жанарында толып нүр,
Адамзатты арманына жолыктыр.

Қаршадай қызы, кіп-кішкентай кеуденде
Үлкен жүрек тоқтаған жоқ, соғып тұр!

Самантаның қазақшасы – Ақбаян,
Жарқын ісі шүғылалы шаққа аян.
Өлеңіммен соға алмасам ескерткіш,
Қызыым болса, САМАНТА деп ат қоям!

САУСАҚСЫЗ ҚОЛДАР ЖЫРЛАЙДЫ

(*Ауган баласы Абдул Сабирдің тағдыры туралы*)

Он саусағы – империализм құрбаны,
Томар қолдың сырын дүние тыңдады.
Көздерінде сөздері жоқ музға ойнап,
Абдул Сабир жырлады.

Абдул Сабир – ауғандық ұл сымбатты,
Қанқұмарлар бар қызығын үрлаптты.
Көтеріліп мінбесіне мезгілдің,
Мұқыл қолдар адамдарша тіл қатты.

Танып отыр – дүшпаны кім, бауыр кім,
Ауған халқы арқалаған ауыр мұң.
Келе жатты ол – жайма-шуақ жаз айы,
Көшесінде туған шаһар Кабулдың.

Бұла тандар – бала көңіл құштары,
Тыныш қала жарқын әрі, сұсты әрі.
Жолда жатты автоқалам тым өсем,
Алмақ болып Абдул оны үстады.

Үстады да...
Есінде жоқ қалғаны,
Үшқаны да саусағы мен бармағы.
Бір білері – сол минадан кесілді
Қос қолы мен дәрігер болмақ арманы.

...Он бірдегі Абдул айтар сыр қандай,
Қолдары оның сөйлейді екен мұнданбай.
Сырты жылтыр дүниенің бөрінің
Іші сулу болмайды деп түрғандай.

Мәңгі үзілген мақсатты аңсан, жұдеген
Сол тағдарды ойлаймын да түнерем.
...Ей, жауыздар, адам атын жамылған,
Саясақсыз қол – сөздері жоқ ұлы өлең.

МЕН СОФЫСТЫ КӨРГЕМ ЖОҚ

(*Публицистикалық цикл*)

Отан үшін басын тігіп өлімге,
Он сегізде отқа оранды өрімдер.
Мен ту етіп көтерейін көгімде,
Тарих-ана, даңқ-тұғырдың төрін бер.

Боздақтарды бастау етіп өлеңге,
Жасын жырмен жеткізейін әлемге.
Басымды ием замандастар атынан,
Жүргегінде жанартайы бар ерге!

Жаужурек үл қалай тыныш табады,
Ел басына күн туғанда қаралы.
Халқым менің
Тұысқандық, бірліктің
Шын үлгісін көрсетуге жарады.

Ұран біреу:
«Отан үшін, ел үшін!»
Халқым менің
Күткен солай жеңісін.
Азаматтар ақиқатқа сеніпті,
Қыын күндер тарылмай-ақ өрісі.

Қырық бестің көктемінде қырмызы,
Жеңіс болып жарқыраған жұлдызы.
Бір еменнің қанат жайған бұтағы –
Ұлы Отанның ардақ тұтқан үл-қызы.

Ашық болса туған елдің нұр таңы,
Сендер жайллы жазылады жыр тағы.
Елдігімді ерлігімен паш еткен –
Революция сарбазының үрпағы!

СОФЫСҚА КІРГЕН СОЛДАТТАР

«Кыздарым менің көрікті,
Ұлдарым менің айбынды.
Сендерге бердім ерлікті
Қайыспай көтер қайғымды».

Деп Отан-Ана тіл қатты,
Ұландарына қымбатты.
Қан майдан солай біздерге
Қасірет әнін тындаатты.

«Сілімтіктерді тазалап,
Қайтамын бәрін жазалап».
Сұранып жатты соғысқа
Ашуға мінген азамат.

«Қорқауға тиген оқыста,
Көрсетем күшті атыста».
Жауынгер мінген эшелон
Түзеді бетін батьсқа.

Өлімге қарсы ерлікпен,
Сан сынағыңа көндіккен.
Қатарда тұрды ел үшін
Еңіреп туган ер біткен.

Отанның ұлы ардақтар,
Кез туды бүгін алға аттар.
Жүрекке түйіп жігерін,
Соғысқа кірді солдаттар.

ЖАУЫНГЕР ЖАЛФАСТЫҢ ЖАРЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ

(Сталинград майданынан)

«Аман ба, Құміс, аяулым,
Көңілінде жоқ па қаяу-мүң?
Дүшпанды көміп көріне,
Оралар біздің таяу күн.

Жағдайы қалай Әшімнің,
Артымда қалған асылдың.
Сендерден мені айырған,
Келмейді жауға бас үрғым.

Қамықпа, қалқам, курсінбе,
Жігерінді жүрт білсін де.
Әлі де Мизам үстага
Балғашы болып жүрсің бе?

Жауымды басам табанға,
Қызықтар үшін тоналған.
Мақсұттан басқа майданинан
Жігіттер бар ма оралған?

Кірбіңсіз болсын қабағың,
Женіспен әлі-ақ барамын.
Жауап хатында жазғайсың
Ауылдың барлық хабарын.

Аузын да басын қан қылып,
Жібердік естен тандырып.

Біз салған соңғы сойқанды
Құзғындар қалды мәңгіріп.

Достарым менің сүйінді,
Дүшпаным менің күйінді.
Шабуылға шыққан алаңда
Өлігі жаудың үйілді.

Фашистке алған мазамды,
Аудардым оқпен назарды.
Екі жұз құнгі қоршаудан
Сталинград тазарды.

Бой алдырмайтын күдікке,
Ерліктен ғана үміткер,
Қасымда Отан ұлдары –
Тасындей сайдың жігіттер.

Олармен біздің білек бір,
Олармен біздің жүрек бір.
Түріміз бөлек болғанмен,
Ойымыз ортақ, тілек бір.

Қарқыннан аян танбасым,
Тосады тағы алда сын.
Көріктім, Құміс, күт мені,
Жеңіспен жетер Жалғасың.

1943 жыл, 10 ақпан»

ҚЫРШЫНДАР

Жер салмағын жүрегімен көтерген,
Сендерді іздең өткен күнге жетем мен.
Өздеріңе өрнекті өлең арнасам,
Мендік парыз сонда ғана өтелген.

Жауап таппай отырмын сан сұраққа,
Ел жетерін білдіңдер-ау мұратқа.
Өлсең өлдің оққа тәсеп кеудені,
Дүшпаныңа бас имедін бірақ та.

Үшпай жатып көңілінің кептері,
Бітпей солған өмірінің көктемі.
Қыршындардың қандарымен жазылған
Бізге жеткен тарихнама беттері.

Жүрек отын жігерімен жандырып,
Ел біткенді ерлігімен таң қылышп,
Құзғын жауға қыран болып шүйілді
Шырқау көктен Гастелло мен Әбдіров.

Кездерің жоқ тар күндерде тайсалған,
Қыныңдықта қайыспаған қайсарлар.
Өлімдерің өмірлерге бергісіз,
Жиырмасында жанын қиған жайсаңдар!

Әр жүректің түкпірінде тұрсындар,
Сендер – мәңгі таусылмайтын жырсындар.
Үрпақпенен жасайсындар Даңқ болып,
Батырлықтың символындағы қыршындар!

ҚАЛИДАН «ҚАРА ҚАФАЗ» КЕЛГЕН КҮН

Ада боп ата арманы,
Соғыстың батты-ау салмағы.
Гитлершіл жауды сол күні
Бар ауыл болып қарғады.

Қалса деп аман бағыма,
Қалиын күткен сарыла,
Төртінші ұлдың қазасын
Естіді өке тағы да.

Ақ отау қалды қаңырап,
Шайқалды қара шаңырақ.
Тұяқбай қалды тұяқсыз,
Өз ана қалды аңырап.

«Арайлап атар бұла тан,
Тек аман болсын ұлы Отан!»
Жалғыз сез табу қын-ақ
Жылаған жанды жұбатар.

Кетірген жүрттың мазасын,
Ер берер жаудың жазасын.
Көтеріп тұрды бар ауыл
Қалидың сонда қазасын.

СМАЙЫЛДЫҢ ОМАРЫ

Сырың аз да құпияң көп біз білер,
Қасиетіңен айналайын, ізгі жер.
Бабаларын үрпақтары жыр етіп,
Асылдарын қастерлеген біздің ел.

Отан арын туғып ұстар жоғары,
Ер есімін ел ұмытқан жоқ әлі.
Соның бірі – азаматы Арқаның –
Қызыл құлақ Смайылдың Омары.

* * *

Жүйріктей қалып қойған кермесінде,
Жұртынан жігіттерін бөлмесін де.
Наз қалды ғашықтарда айтылмаған,
Саз қалды домбыраның пернесінде.

Жауынан беті қайтып көрмен еді,
Ер Омар беретұғын елге көрік.
Осы жол кіре алмады қан майданға
Қалғасын жасы құрғыр егделеніп.

«Жеріме от қоймақ бол желікті кім,
Еліммен еркінмін де еріктімін...» –
Омекең айтып отыр бұйымтайын,
Колхоздың кеңесіне келіп бүгін.

«Революция дабылын білесіңдер,
Шыныққан жаным соның күресінде.
Жұз төрт мың қаржы берем Женіс үшін,
Көрсін жау шалдың қосқан үлесін де».

Улгі алды ердің ісін халық көріп,
Болсын деп бастаманың арты көрік.
«Жұз тәрт мың» Омар берген кірді ұрысқа
Иманов атындағы танк болып.

Кезі жоқ оның жүрттан жырақ қонған,
Сүм соғыс тағы да бір сынақ болған.
Алғыс хат алды Омекен, бақытты еді,
Қолы бар Сталиннің, Главкомнан!

Омар боп от күндерден атың қалған,
Ақберен өлең сыйласп ақынға да,
Түгіскен топырағында тәмпешік бол
Жатырсың, бас иемін, батыр баба!

СОҒЫСТЫҢ СОНҒЫ ОҚТАРЫ

Атылды да соғыстың соңғы оқтары,
Арман елі тағы да алға аттады.
Той жасады Жеңіске арнап бәрі,
Елге қайтып жауҗүрек солдаттары.

Қайсар ұлдар барында бір ұғымы,
Отанымның аян боп ұлылығы.
Тоғызыныш май болып жеткен елге
Жеңіс күні,
Ұлыстың Ұлы күні!

«Арайланған ілесіп күн көшіне,
Жігіттер жетер еңбек жүлдесіне».
Лапылдал жыр оқыды ақын біткен
Шығып ап БЕЙБІТШІЛІК мінбесіне.

Үзбей жібін үміттің, жалғап тағы,
Арман елі аршындан алға аттады.
Атылмаған оқ қалды жүректерде,
Атылғанмен соғыстың соңғы оқтары!

* * *

Мен соғысты көргем жоқ, көп естідім,
Ол біз үшін үрейлі елес бүгін.
Мен атынан қорқамын, сезем оның
Балалардың ойыны еместігін.

Естігем жоқ қайғының қаралы әнін,
Арман шыны, жыр тауы қараганым.
Мен соғысты көргем жоқ, көрдім оның
Жер бетіне сап кеткен жараларын.

Мың сан арман жолдарын кесіп өткен,
Соғыс деген – сұр жылан есі кеткен.
Құрсағында сәбиді жетім етіп,
Он сегізде аруды жесір өткен.

Егіліп бір сыр айтар жан жүйесі,
«Қос жанарсыз тірліктің сәнді несі?»
Днепрден өтерде зағип болған,
Көп естігем ақ көкем әңгімесін.

Ашық таңда күнде той, күнде қызық,
Өсірейік үрпакты жырға емізіп.
Кімге таңсық ананың жоқтау үні,
Хиросима қайғысы кімге қызық?!

Соғыс деген сұр жылан құрсын әрі,
Биік ессін тірліктің гүл шынары.
Махаббатын, достығын айта берсін
Жүлдyz жанған жылдардың жыршылары.

1985 жыл

МАЗМУНЫ

Көне үннің көмейінен сабакталған жыр 3

ЖЫЛҚЫ ЖӨТЕЛГЕН ЖЫЛ...

Жылқы жөтелген жыл...	28
Андардың аруы еді ақбөкендер	30
Ажал аждаһасы	36
Аттыдан жаяу жүріп кегін алған.	44
Серілердің серісі – Серіз сері	54
Днепрдің тербетіп толқындары	67
Үрдіннің көрдім үр күнін.	74
«Әдебиет – ардың емес, ақшасы бардың ісіне айналып кетпесе екен...»	80
Алматыдан сөйлем тұрмыз!	89
«Тоқырау тоқмейілсуден басталады»	95
Әдебиет ешқашан біреудің талап қойып, тапсырма беруімен жасалмайды	104
Көктемнен көктем іздеген елдің ұлы	112

ТАЛАНТ – ТАҒДЫРЫҢНЫҢ ТАМЫРЫ

Ұлттың ұлы ақыны	123
Қазақ өлеңі қайда барады?	139
Сәкен Жүнісов жылы	158
Бозандагы бозторгай	162
Сексенге сегіз сауал	169
Қазақ қара сөзінің дарабозы	178
Өткелдер мен өткендер	191
Сүрмерген тартқан жебедей	207
Марфуга	214
«Мен де жүрмін туған жерге нұр шашып...»	224
Кеңістік көк, кербез көл...	232
Баламен де, ағамен де сырласқан	242
«Таңбасын» қалдырыған суреткер	246
Сәкен соқпағы	251
Қазыналы еді Қажекен...	256
Ақын Есенқұл Жақыпбековпен қоштасу сез	261
Талант – тағдырыңның тамыры	263

Ақындық әлем, арда өлең...	274
Өлгендер қайтып келеді...	283
«...Табиғатқа өлең айналар»	290
Өлеңді кім қорғайды?	299

БІР ӨЛЕҢІМ БАР ЕДІ...

Түркы ерек тұлпар қостым аламанға	305
Аймауытов тойы	307
Ақынның соңғы ойы	309
Биіктікті сүйемін.....	310
Іңкәр көңіл	311
Дала жыры	312
Сыр.....	314
<i>Жәйрем жырлары</i>	
Шежіреге үңілсек	315
Жәйрем таңы	316
Жұмысшы поселкесі	317
Улken Жәйрем	318
Мұхиттан үшқан көгершін	319
Саусақсыз қолдар жырлайды.....	321
Мен соғысты көргем жоқ.....	323
Соғысқа кірген солдаттар	325
Жауынгер Жалғастың жарына жазған хаты	326
Қыршындар	328
Қалидан «қара қағаз» келген күн	329
Смайылдың Омары	330
Соғыстың соңғы оқтары	332
«Мен соғысты көргем жоқ, көп естідім...»	333

Фалым Жайлыбай

ТАНДАМАЛЫ

Ушінші том

Эссе, ой-толғамдар, сұхбаттар және өлеңдер

Редакторы *Құат Құрмансеит*
Техникалық редакторы Эльмира Заманбек
Көркемдеуші редакторы *Женіс Қазанқапов*
Корректоры *Венера Файнұллина*
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуға 15.10.14 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Қағазы оффсеттік. Оффсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 21,0.
Тапсырыс №267. Таралымы 2000 дана.

ISBN 978-601-7568-48-1



9 786017 568481

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13